

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ 94 (574) «1991/...» :327

Қолжазба құқығында

ТУЛЕГЕНОВ ЕДИЛ МЕИРБЕКОВИЧ

Еуразиялық одақ идеясының Қазақстанда жүзеге асырылуы

07.00.03 – Жалпы тарих

Тарих ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының докторы,
профессор Жұмағұлов Қ.Т.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛІНУІ	
1.1 Еуразиялық идеясының зерттелінуінің теориялық методологиялық аспектілері	15
1.2 Еуразия идеясы мәселесінің категориялық қорлары	27
2 ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН	
2.1 Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ жөніндегі идеясы	48
2.2 Еуразиялық идеядан - еуразиялық интеграцияға	69
3 ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ - БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТЫҢ ДИАЛОГЫ	
3.1 Еуразиялық идеяның қазіргі заманғы күрделі үрдістермен астасуы	88
3.2 Еуразияшылдық идея және Қазақстанның геосаяси стратегиясының негізгі ұстанымы	112
ҚОРЫТЫНДЫ	132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	135

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АӨСШҚ	Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар ұйымы
ЕурАзЭҚ	Еуразиялық экономикалық қауымдастық
ЕАО	Еуразиялық одақ
ЕҚЫҰ	Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЕО	Еуропалық Одақ
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР ПМ	Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты
ҚР	Қазақстан Республикасы
ММУ	Мәскеу мемлекеттік университеті
НАТО	Солтүстік Атлантикалық Одақ
НАФТА	Солтүстік американдық еркін сауда аймағы
РФ	Ресей Федерациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ОШАЕА	Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы
ОАЭҚ	Ортаазиялық экономикалық қауымдастық
ҰҚШ	Ұжымдық Қауіпсіздік шарты
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация «Еуразияшылдық» идеяның түп тамырын, Кеңестік Одақтың ыдырауынан кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттер арасындағы байланысты қайта қалыптастыруда ұсынылған Еуразиялық одақ идеясының маңыздылығын зерттеуге арналған. Еуразиялық идеяның жүзеге асырылу үрдісі осы күнге дейін ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа деректер негізінде қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2010 ж. 5-6 шілдеде ЕурАзЭҚ-ың он жылдығына арналған мүше елдерінің Президенттері Астанада өткен жиналыста Еуразиялық құрлықта осы күнге дейін қол жеткізілген әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасап, келешектегі даму бағыттарын белгіледі. Онда Н.Ә. Назарбаев қазақстандық ұстанымды дәріптеп, ЕурАзЭҚ-тың кеңестіктегі саяси-экономикалық тұрақтылықтың кепілі екендігін, 1994 ж. ұсынылған идеяның қазіргі таңда жемісті нәтижелер мен Еуропа және Азия арасында тікелей интеграциялық негіздің қаланғанын атап өтті. Елбасыны қолдаған Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведев кеңестіктегі халықтардың бейбітшілік пен ынтымақ ішінде өмір сүруін жалғастыруы үшін тиісті шаралардың атқарылу қажеттілігіне тоқтап, Еуразиялық идеяның өз маңыздылығын жоғалтпағанын тілге тиек етті [1]. Дегенмен, Еуразиялық идеяның даму эволюциясы және ондағы Қазақстанның орны мен қызметіне әлі күнге дейін ғылыми баға берілмей келеді. Сондықтан бүгінгі таңда бұл тақырып өзектілігін арттыра түсті деуге толық негіз бар.

КСРО ыдырағаннан кейін жаңа халықаралық жүйе қалыптасып, оның орнына пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің келешегіне бірқатар саясаткерлер күмәндана қарады. Себебі, одақтың ыдырауымен жаңа бой көтерген мемлекеттердің алдында өздерін халықаралық деңгейде таныту және мойындату үшін сыртқы саяси-дипломатиялық байланыстарды құру, ядролық қаруды жою, шекараны анықтау, миграция, өзара тиімді шаруашылық мәселелерін шешу міндеттері тұрды. Бұған қарамастан посткеңестік ауқымда құрылған әрбір тәуелсіз мемлекет мәдени ерекшеліктері мен идеологиялық даму стратегиясына сай тұғырын негіздей білді. Тарихи өлшеммен қарағанда осы аз уақыт ішіндегі Қарабах мәселесі, шешімін таппай келе жатқан Преднистровье статусы, Тәжікстанда өткен азамат соғысы, Грузия мен абхаздар және осетиндер арасындағы соғыс, «түрлі-түсті» революциялар, жуырда Қырғызстанда өткен ұлтаралық т.б. мәселелер еуразиялық кеңестіктегі сауатты интеграцияның әлсіздігін көрсетіп келді. Бұл мәселелердің алдын-алу мақсатында стратегиялық маңызы зор ТМД, ШЫҰ, Орталық Азия одағы, т.б. іспетті ұйымдар мен одақтар әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жүзеге асырды. Алайда аталмыш ұйымдар мен одақтардың қолда бар бірігу әлеуетін толық көлемде орындауға мүмкіндік берді дей алмаймыз [2, 135 б.]. Оның өзіндік себептері бар, атап айтқанда, қабылданған бағдарламалардың толыққанды жүзеге асырылмауы, құрылған институттар жұмыстарының белгілі бір себептерге байланысты әлсіздігі мен сыртқы саяси факторлардың әсері.

Осыған байланысты, еуразиялық кеңестіктегі ең маңызды болып табылатын саяси тұрақтылық пен экономикалық даму қарқынын арттыру үшін жаңа формадағы интеграциялық одақ құру қажеттілігі туындаған. Сондықтан, «Еуразиялық Одақ» құру идеясы өміршең екендігін көрсетіп, барлық жаққа тиімді идея бола алады.

Алғаш рет Мәскеу мемлекеттік университеті оқытушы-профессорлар құрамының алдында «Еуразиялық одақ» құру идеясын ұсынған Н.Ә. Назарбаев, ТМД мемлекеттерінің әрқайсысының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, интеграциялық процестерді сатылы түрде жүзеге асыру қажеттілігін атап өткен. Мұндай одақ құру идеясы ежелден қанаттас жатқан халықтардың береке-бірлігін алдағы уақытта да сақтау мақсатынан туындаған. «Еуразиядағы тағдырлас халықтардың геосаяси бірігуі діни, мәдени және экономикалық жүйелерден үстем» екендігін кезінде Г. Вернадский де атаған [3].

Еуразиялық одақ ең алдымен бұрынғы біртұтас мемлекет құрамында болып бір-бірімен саяси-экономикалық және әлеуметтік жағынан жақын тұрған халықтардағы сол тарихи сабақтастығының игі жақтарын үзіп алмай қайта жалғастыру, оны одан әрі дамыту идеясы болып табылатыны сөзсіз. Сондықтан бұл идея өзгелер бұрмалауға тырысып жүргендей «бұрынғы одақты» аңсау емес, Еуразиялық одақтың басты мақсаты осы территориядағы елдердің интеграцияға деген қажеттіліктерін, оған жол ашып беріп тұрған мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Еуропалық Одақ үлгісіндегі өзара ынтымақтастықты арттыру. Еуразиялық одақ идеясы он жылдан астам уақыт өмір сүріп келеді, дегенмен идеяның толық жүзеге асырылуы болашақтың ісі ретінде қаралуда. Қазіргі қоғамдық пікір әлі де таңдау жасап, ортақ тұжырымға келмеген тұста осы мәселеге ғылыми тұрғыдан баға беріп, оның Қазақстанда жүзеге асырылу барысын тарихи ой елегінен өткізу қажет. Еуразиялық одақтың тиімділігін қоғамға жеткізу экономистер міндеті десек, ал Одақтың міндеті мен мақсатын түсіндіріп қоғамдық ой-пікірді қалыптастыру тарихшылар борышы. Біз зерттеп отырған мәселенің және өзіміздің алдымызда тұрған міндеттің өзектілігі осы айтылған ойлардан көрініс табады.

Зертеу жұмысының нысаны - Еуразияшылдық идеясының көрнекті өкілдерінің жарыққа шыққан еңбектері, ғылыми мақалалары және Еуразиялық одақ идеясының авторы Н.Ә. Назарбаевтың жазған еңбектері алынған.

Зерттеу жұмысының пәні - диссертация мазмұны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері бойынша көзқарастары және оның жалпы тарих ғылымында алатын орны.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Еуразиялық одақ жөнінде алғаш ұсыныс айтылып, оның мақсаты мен міндеттері анықталды. Одақ жобасы ТМД елдерінің басшыларына ұсынылған кезде бұл мәселе көптеген саясаткерлер мен ғалымдардың қызығушылығын арттырды. Сол кезде ТМД елдерінің басылымдарында 500-ге жуық мақалалар жарияланып, осы уақытқа дейін идеяны талқылау толастамауда [4, 139 б.]. Бүгінде саяси, қоғамдық және ғылыми басылым беттерінде Еуразиялық одақ идеясы тақырыбына арналған әр сала өкілдерінің ой-толғаныстары көптеп кездеседі. Осының негізінде

тақырыптың зерттелу деңгейін екі бағытқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, Еуразияшылдық идеясының алғашқы өкілдерінің еңбектері және екіншісі, 1994 жылы Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық одақ» идеясын ұсынғаннан кейін жарық көрген еңбектер.

XX ғасырдың 20-30 жылдары тарихи философиялық ағым ретінде өмірге келген орыс эмигранттарының Еуразияшылдық идеясы қалыптасқан кезден бастап бұл пікір қызу талқыға түсті. Осы мәселе жайында пайымдаулар әлеуметтік-философиялық, тарихи, саяси және аналитикалық еңбектерде жарық көрді. Сол жылдары Г.В. Вернадскийдің идеологияландырылған формадағы еуразияшылдық теориясын атаған жөн. Дегенмен, бастапқы кезінде оның теориясы ресейлік және еуразияшылдық ұстанымы тұрғысынан дәріптелген. Ол Ресей империясының отаршылдық саясатын жоққа шығарып, оның заңды географиялық сипаттағы үрдіс ретінде қарастырған. 1961 ж. жарық көрген Г.В. Вернаскийдің бір томдық «Ресей тарихы» еңбегінде ол «еуразияшылдықтың белгісіз әлеуметтік-тарихи көрінісі» ұғымы ретінде қабылдамай, идеяның логикалық географиялық дедукция екендігін алға тартады [5]. Алайда бұл пікірмен келісуге болады деген ойдан біз аулақпыз.

Еуразияшылдықты ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдар Н.А. Бердяев, Н.М. Карамзин, П. Чаадаев, А.А. Кизеветтер, П.Н. Миллюков, И.А. Ильин, Ф.А. Степун өз еңбектерінде идеяның мәселелерін талдап, теориялық негізін қалаған. Аталған ғалымдардың арасынан Н.А. Бердяев еуразияшылдардың көзқарастарындағы дүниетанымдық негіздерін анықтай отырып, «Еуразияшылдар ұлтшылдық түсінігінде реалистер де, ал адамзаттық түсінігінде номиналистер», - деп жазады [6].

Еуразия идеясының алғышарттары жайлы атақты орыс тарихшысы Н.М. Карамзин: «татар–монғол шапқыншылығы Ресей үшін жойқын апат болып қана қойған жоқ, сонымен қатар орыстардың орталықтандырылған қуатты мемлекетке айналуына да себепкер болды және орыс елі Шыңғыс ханның кейбір ел басқару үлгілерін де қабылдады» - деп, Шығыс пен Батыстың байланыстарын тарихтың терең қойнауынан алуды жөн көреді [7, 133 б.].

Еуразияшылдардың алғашқы еңбектері Кеңес Одағында да назардан тыс қалған жоқ. 1929 жылы Қызыл профессура институты «Марксизмнің жаңа сынына қарсы» жалпы тақырыппен шыққан еңбектердің жинағында жарияланған «Орыс эмигранттарының марксизмді сынауы» атты көлемді мақала тұтас еуразияшылдыққа арналып, ол «Еуропада болысып жүрген қалың тобыр ақ эмигранттардың неғұрлым оңшыл бөлігінің, сондай-ақ КСРО-дан қуылған неғұрлым кертартпа профессура бөлігінің» ағымы ретінде сипатталды [8, 3-19 бб.].

Ресейде еуразияшылдық мәселесі төңірегінде кең көлемдегі талқылаулар 1990 жылдары басталды. Ресейдің өткен, болашағы жайында еуразияшылдық концепциясының саяси және идеологиялық негізі «Иностранная литература», «Социально-политический журнал», «Вопросы философии» атты ғылыми басылымдарда пікірталастар түрінде өрбіді.

Қазіргі таңда еуразиялық жобаның жүзеге асу мәселесі жайында зеттеу жұмыстарымен айналысып жүрген ресейлік ғалымдар А.Г. Дугин [9],

Г.Д. Чесноков [10], А.С. Панарин [11], В.Я. Пашенколар [12] бұл идеяны қолдаушылардың қатарына жатады.

Еуразиялық идеяның Ресейдегі бүкіл өмір тұрпатына баламалығын негіздеуде белгілі ресейлік шығыстанушы М.Титаренко ресейлік мәдениетінің еуразиялық мәнін ашып көрсетіп, еуразиялық өркениет туралы ойын топшалайды. Бүгінде еуразиялық идеясының орыс халқына қаншалықты маңызды екенін үнемі көтеріп жүрген К. Мяломен, басқа да ресейлік ғалымдармен пікір таластыра келіп: «Бізге ұнаса да, ұнамаса да, әйтеуір орыс мәдениетінің еуразияшылдығы нақты шындық» - деп тұжырымын білдіреді [13, 24 б.].

XIX-XX ғасырларда ұлан-байтақ Ресей империясындағы мәдени және саяси процестердің ұйытқысы іспетті идеялардың бірі Еуразия концепциясы болғандығы даусыз. Тәуелсіз қазақ жерінде көрініс тапқан бұл өміршең идеяның әлеуметтік-философиялық мәні жайында Ә. Нысанбаев пен Ф. Сүлейменовтың пікірлері назар аудартады [14, 222 б.]. Т. Ғабитов Еуразиялық мәдениетті тек Батыс пен Шығыстың ортасындағы буферлік аймақ ретінде қарастыруды сыңаржақтылықтың бір түрі деп қарап, батыл сынады [15, 194 б.].

1990 ж. кейін тарих сахнасына қайта шыққан еуразияшылдық идеясы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған «Еуразиялық одақ» төңірегінде өрбіді. Бұл идея сол кездегі ең тосын оқиға ретінде бағаланғандығын айта кету қажет. Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық одақ» идеясы тұңғыш рет 1994 жылы жариялағаннан кейін, іле-шала идеяның көптеген қағидалары сол жылдың қыркүйек айында Алматыда өткен «Еуразия кеңістігі ықпалдастық мүмкіндіктері және олардың жүзеге асуы» атты ғылыми-практикалық конференцияда жан-жақты талқыға салынды. Оған ТМД елдерінің мемлекет басшылары, қоғам және саяси қайраткерлері, ғалымдар, БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияға қатысушылар өздері қабылдаған қорытынды құжатында Мемлекеттердің Еуразия одағы идеясын және басқа ықпалдастық жобаларын пайдалана отырып, ТМД ықпалдастық мүмкіндіктерін бекіте түсу жолында қадамдар жасау ұсынысын берілді. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысы ТМД мемлекеттері басшыларының Мәскеудегі кездесуінде «Еуразия одағы болуы керек» деген үндеу жолданды. Онда тәуелсіз мемлекеттердегі алпыстан астам ұжымдық қатысушылар атынан Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасын қолдау қажеттілігі айтылды [2, 99 б.]. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының бастамасымен ұйымдасқан «Жаңа келісімге» атты форум Еуразия одағын құруды толығымен қолдады. 1994 жылы 18 маусымда өткен «Еуразия қауымдастығы: әр алуандықтан туындайтын тұтастық» атты конференцияға бұрынғы посткеңестік елдерінен 30 партия мен 60-тан астам қоғамдық қозғалыстың өкілдері қатысты. Олар өз халықтарына, парламенттеріне, мемлекет басшыларына жолдаған үндеуінде: «Біз Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев жасақтаған «Еуразия Одағы» жобасын қолдаймыз және мемлекет басшыларын оған өз халықтары мүддесі тұрғысынан қарауға шақырамыз», - деп мәлімдеді [2, 99 б.].

Мәскеу қаласында шыққан «Евразийский Союз: идеи, практика, перспективы (1994 - 1997)» атты еңбектің авторлары соңғы жүз жылдықтың алғашқы жылдарында пайда болған «еуразияшылдық» идеясының шығу тарихын және осы идеяны қалыптастырғандардың негізгі мақсаттарының мәнін ашуға тырысқан. Онда ТМД елдерінің көрнекті саясаткерлерінің Еуразиялық одақ жобасы туралы айтылған ой-пікірлері қамтылып, Н.Ә. Назарбаевтың баспасөз тілшілеріне берген сұхбаттары, 1994-1997 жылдар аралығындағы Еуразиялық одақ жобасы жайында айтылған көзқарастары, оның қолдау табуы және оған қарсы айтылған сын-пікірлері, жобаның өміршеңдігі нақты дәлелдермен көрсетілген.

Еліміздің саяси және қоғам қайраткерлері де Еуразиялық одақ идеясы жайлы өз ойларын білдіруде шет қалған жоқ. Бұл идея жөнінде әсіресе Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі қызметін атқарған Қ. Тоқаев пен дипломат Т. Мансұровтың еңбектерінің орны ерекше. Қ. Тоқаевтың еңбектерінде мемлекетіміздің қазіргі заманғы геосаясаты және Қазақстанның сыртқы саясаттағы басымдықтары қарастырылады [16]. Ал тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен қарым-қатынасы жан-жақты қарастырылып, Еуразиялық одақ идеясының мақсаты мен міндеттері Т. Мансуров еңбектерінде айқындалып көрсетілген.

Г. Толмачевтің «Елбасы» атты еңбегінде Еуразиялық одақ жобасының ғылыми ортада толық қолдау тауып, оны айғақтайтын фактілерді мысалға келтірген [17]. О. Видованың «Н. Назарбаев портрет человека и политика» еңбегінде Еуразиялық одақ идеясының ТМД елдерінің арасында тұралап қалған мәселелерді шешуде бастамашы жол екендігін көрсетіледі [18].

Еуразиялық одақ идеясы ұсынылған соң еуразиялық кеңістік жайлы көптеген пікірталастар туындап, ТМД елдерінде еуразиялық орталықтар мен комитеттер ашылып, бұл идеяны насихаттау жолға қойылды. Осындай институттардың бірі Қазақстан Республикасы стратегиялық зерттеу институтының ғылыми басылымдары тәуелсіз Қазақстан Республикасының еуразиялық стратегиясы, Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық бастамасы, Қазақстанның Орталық Азия, Еуропа елдерімен қатынасына, еліміздің Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуіне ғылыми тұрғыда сараптаулар мен зерттеулер жүргізеді.

Қазіргі заман тарихында Батыс пен Шығыс қатынасы мәселесі Қазақстанның бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде біршама көрініс тапқан. Еуразия идеясы жайында профессор Қ.Т. Жұмағұлов бұл идеяның жүзеге асқанын сенімді түрде айта отырып, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуда бірқатар халықаралық ұйымдар жұмыс жасап отырғандығын зерттей келе Батыс пен Шығыс бір-бірін жақсы түсіне бастады деп өз ойын топшалайды [19]. Орталық Азия елдерінің интеграциялық мәселесін зерттеген К.Қ. Қожахметов Орталық Азия елдерінің интеграциясы аймақта тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға мүмкіндік туғызып, қысқа мерзім ішінде осы аймақтағы халықтардың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік беретінін терең ой елегінен өткізеді [20]. Сонымен қатар, осы мәселеде зерттеулер жүргізген ғалымдар К.Н. Макашева [21], Н. Мұқаметхан [22], К.Е.

Байзакова [23], Ж.У. Ибрашев [24], М.Ш. Губайдуллина [25], Ғ.Б. Жұматай [26] т.б. ғылыми мақалалары мен еңбектерінде «Еуразиялық одақ» идеясының қазіргі интеграциялық үрдістер барысындағы іске асырылу мәселелері, Орталық Азиядағы экономикалық ынтымақтастық пен халықаралық деңгейдегі ұйымдардың ықпалы жiтi қарастырылған.

Қазақстан тарихын шетел тарихнамасында қарастырып, ХХ ғ. басында Еуразиялық кеңестiктегi түрki халықтарының өзара ынтымақтастығы туралы, сондай-ақ патшалық Ресей мен КСРО құрылған алғашқы жылдарындағы саяси үрдістер жайлы К.Л. Есмағамбетов еңбектерде зерделенген [27]. Еуразиялық құрлықтағы, әсіресе Орталық Азия халықтарының өзара саяси-экономикалық ынтымақтастықты әрi қарай дамыту қажеттілігін М.Қ. Әбусейітова өз еңбектерінде айқындаған. Ол «Орталық Азия халықтарын біріктіре түсетін жаңа комплексті ұстаным қажет. Бірінші кезекте әлемді бұзуға бағытталған қақтығыстар мен аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікке нұқсан тигізетін мәселелерді Орталық Азия мемлекеттері біріге алдын алу қажет. Орталық Азиядағы ынтымақтың маңыздылығы өтпелі кезеңдегі қалыптасқан геосаяси жағдаймен, экономикалық, этникалық және мәдени-өркениеттік факторлармен байланысты» деген [28]. Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың маңыздылығы туралы және миграциялық мәселелерді жан-жақты зерттеген ғалымдардың арасында Г.М. Мендикұлованың еңбектерін атаған жөн [29].

Орталық Азия аумағының интеграциялық үрдістері туралы, Қазақстан мен Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан арасындағы экономикалық байланыстары, олардың өзара ынтымақтастық, сондай-ақ аймақтағы қауіпті әсерлерді зерттеген А. Арыстанованың [30], Р. Қалиеваның [31], С.К. Кушкумбаевтың [32], Л. Ерекешеваның [33], А. Матвееваның [34], жапондық ғалым Тосио Цунодзакинiң [35], өзбекстандық зерттеуші Б. Очиловтың [36] жұмыстарын жатқызуға болады. 2001 жылдан кейін АҚШ-тың Орталық Азия саясаты мен мұндағы интеграциялық үрдістер туралы, бұл аймақтың даму келешігіне болжамдар жасаған және посткеңестік ауқымда «Еуразиялық одақ» идеясының жүзеге асырылу барысын зерделеген ғалымдардың қатарында М. Лаумулиннің мақалалары құнды болып табылады [37].

Батыс пен Шығыстың ықпалдастығы жайлы мәселе Еуропа ғылымында да орын алады. Бұл зерттеулерде ғалымдардың Еуразия континентінде байланыстардың тарихи тамыры болған деген пікірлері айтылады. Әсіресе бұл жөнінде Тони Юдт [38], Петр Боровски [39], В. Вайденфельд [40] т.б. өз көзқарастарын жариялаған. Еуразия мәселесі жөніндегі сарапшы Мерлин Ларюэль еуразиялық идеясының мүмкіндіктері туралы пікірін білдіре отырып, қазақстандық еуразия идеясы - бұл Н.Ә. Назарбаев ұсынған мемлекеттік идеология екендігін атап көрсетеді [41, 21 б.].

Қазақстан мен ТМД елдері арасындағы интеграциялық байланыстарды жан-жақты зерттеген және тікелей осы тақырыпқа байланысты Б.Г. Шинтемирова докторлық диссертациясын қорғаған [42]. Жұмысын 1991-2005 ж.ж. аралығымен шектеген автор, «Еуразиялық одақ» идеясы туралы жаңа тұжырымдар мен тарапсыз пікірлерін білдіреді. Б.Г. Шинтемированың

пайымдауынша Одақ ресми құрылмағанымен, оның алғышарттары, мемлекетаралық келісімдер арқылы жүзеге асуда.

Бүгінгі таңда өзіне айрықша көңіл аудартып отырған Еуразиялық жоба жайында айтылған сын-пікірлер, ұсыныстар, оның даму болашағы жайлы мақалалар «Саясат», «Ақиқат», «Евразийское сообщество», «Мысль», «Евразия», «Қоғам және Дәуір», «Отан тарихы» журналдарында және «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Түркістан», «Казахстанская правда», «Известия», «Заман-Қазақстан» газеттері бетінде жарық көрді.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты - Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған «Еуразиялық одақ» идеясының мазмұнын ашып, бұл идеяның Қазақстанда жүзеге асырылу барысын сараптау және оның мемлекетаралық байланыстарда саяси тұрақтылықтың кепілі бола алатыны мен экономикалық пайдасы мол екенін дәлелдеу. Жұмыстың мазмұнын жан-жақты ашу үшін, алға қойылған мақсаттың негізінде төмендегі міндеттерді жүзеге асырылу көзделді:

- XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Еуразияшылдық идеяның пайда болу тарихына шолу жасау, еуразиялық идеясының зерттелінуінің теориялық-методологиялық аспектілерін анықтау;

- Еуразия идеясы мәселесінің категориялық қорларына тоқталып, идеяның жүзеге асырылу барысын айқындау;

- Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ идеясының негізгі мақсатын көрсету;

- Еуразиялық идеяның - еуразиялық интеграцияға ұласуын айқындау;

- Еуразиялық одақ идеясының Батыс пен Шығыстың диалогы ретінде қарастырып, Еуразиялық идеяның қазіргі заманғы күрделі үрдістермен астасуын көрсету;

- Еуразияшылдық идея және Қазақстанның геосаяси стратегиясының негізгі ұстанымдарын айқындау;

- Еуразиялық одақ идеясының жүзеге асуын теориялық және методологиялық негізде жан-жақты зерделеп, бұл идеяның еліміздің экономикалық дамуына тигізер пайдасын анықтау.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Еуразияшылдықтың рухани ағым және ерекше тарихи-философиялық мектеп ретінде дүниеге келуі эмигранттардың бірінші толқыны -орыс ойшылдарының қызметімен тығыз байланысты. Олардың тарихи, идеялық-философиялық бағыттағы теориялық ізденістері көп ұзамай өз жемісін бере бастады. Оның көш бастаушылары интеллектуалды ғалымдар - филолог, лингвист Н.С. Трубецкой, публицист П.П. Сувчинский, географ әрі экономист П.Н. Савицкий, заңгерлер В.Н. Ильин мен Н.Н. Алексеев, діндар-философ Г.В. Флоровский, тарихшылар М.М. Шахматов, Г.В. Вернадский, Л.П. Карсавин т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Өздерінің баспа қызметтерін еуразияшылдар 1920 жылы Софияда бастап, еуропалық мемлекеттердің астаналары - Прага, Париж, Берлинде белсенді қимылдарға көшті. Көп уақыт өтпей еуразияшылдардың орыс эмигранттары арасында әртүрлі қабылданып, бағаланған кітаптары жарық көрген [43, 92-93 бб.].

1923 жылы П.П. Сувчинский, П.Н. Савицкий және Н.С. Трубецкойлардың редакциялық басшылығымен «Евразийский временник» атты мерзімсіз басылым шыға бастады. Еуразияшылдар өз еңбектерін Берлин мен Парижде «Евразийский временник», Прагада «Евразийская хроноика» деген тақырыптық жинақтарды, ал 1920 жылдардың екінші жартысынан бастап Францияда «Евразия» атты газеттерін шығара бастады. Осылайша еуразияшылдар София, Прага, Берлин, Белград, Брюссель, Харвин және Париж қалаларында қозғалыс орталықтарын орналастырып, белсенді түрде бастап насихат қызметіне кірісті. Қозғалыстың өкілдері мен жақтастары еуразиялық ұйымды бекітіп, одан кейін саяси партияға айналуға талпыныс жасады [43, 93 б.].

Еуразияшылдарға Ф.М. Достоевский, Н.Я. Данилевский, Вл. Соловьев және К.Н. Леонтьевтің идеялары өз әсерін тигізді. Сонымен қатар, оларға белгілі бір мағынада Батыс ойшылдары, оның ішінде Батыс өркениетін сынап, Еуропаның әлемнен географиялық бөлінуі еш ақылға қонбайтындығын О. Шпенглер өз еңбегінде көрсеткен [44, 37 б.].

Ресейдің қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары ұлттық болмыстың далалық тыныс-тіршілігіне әрдайым бұра тартып, ерекше сезімталдығы үнемі байқатып отырған. Еуразияның географиялық әлеуметтік-тарихи сипаттамасы атақты Л.Н.Гумилевтің «Ритмы Евразий» және «Киевская Русь и Великая степь» атты еңбектерінде жан-жақты берілген. Этносаралық мәдениет өзара әсер мәселесіне қатысты Л.Н.Гумилевтің этногенез теориясында мәдениетті «кристалданған пассионарлық» деп атап, дәл осы өнер тұтастай халықтардың көршілермен сіңіп кетуден, асимилициядан және оның салдарына болатын қорлықтан сақтайды деген ойлары дерек ретінде пайдаланылды [45, 168].

Еуразияшылдық идеясының ХХ ғасырдың соңында Еуразиялық одақ идеясымен ұштасуында Н.Ә. Назарбаевтың жеке шығармалары дерек көзі болып табылады. Оның «Тарих тағылымдары және қазіргі заман», «Қалың елім қазағым», «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында» т.б. жұмыстары диссертацияның негізгі мазмұнын ашуда пайдалы болды.

Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ идеясын ұсынудағы негізгі мақсаты мен міндетін анықтауда «Тәуелсіздік белестері» атты еңбегінің орны ерекше. Бұл еңбегінде ТМД елдері қоғамдық өмірдің барлық салаларында - экономикада, саясатта, идеологияда, ұлтаралық қатынастарда терең дағдарысты бастан кешіп отырғандығы жан-жақты қарастырылған. Бүгінгі таңда осы проблемалардың бірде-біреуін, тіпті ең ірі мемлекеттің дербес күш-жігері арасында шешу мүкін емес. Осы тұрғада талқылау үшін «Еуразия одағы» деген атпен жаңа интеграциялық бірлесуді құру жөніндегі жоба ұсынылып, онда бірлесу принциптерінің тетіктеріне анықтама берілді.

Еуразиялық Одақ идеясының басты бағыты посткеңестік елдермен ең алдымен Ресей және Орталық Азия елдерімен интеграциялық байланыс құру болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағатының № 5 қорынан жұмыстың дерек көзі ретінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1991 жылғы 8-желтоқсан және 21 желтоқсан Алматы декларациясы негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін елдердің «Тарнзиттік тәртібі туралы» келісімі, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі елдердің

ғылыми-техникалық ынтымақтастығы туралы келісімі, және өзіндік ерекше мәні бар 1992 жылы Ташкентте қол қойылған «Ұжымдық қауіпсіздік» келісімдері, Қазақстан мен Ресей арасындағы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы» шарты, Қазақстан Республикасының Орталық Азия елдерімен әлеуметтік-экономикалық, сауда қатынастарына байланысты жасалған келісім шарттарының мәтіні ғылыми айналымға тартылды.

Дерек ретінде қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген мақалалар ғылыми айналымға тартылды. Басылымдар ретінде «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған декларациялар пайдаланылды.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері мен территориялық ауқымы. Еуразиялық одақ идеясы Кеңестік одақтың ыдырауымен, тәулсіздік алған мемлекеттердің арасында қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған идея болып табылады. «Еуразиялық одақ» идеясы КСРО ыдырағаннан кейін Н.Ә. Назарбаев тарапынан қайта жаңғырғандықтан 1991-2010 жылдар аралығы қамтылып, идея ұлттық мемлекеттілік ұстаным негізінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысының методологиялық негіздері мен әдістері. Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізін қалыптастыруда отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми жұмыстары негізге алынды. Ғылыми зерттеудің жалпы тарихи -тарихи салыстырмалық, тарихи жүйелік әдістер пайдаланылды. Ізденістің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудың әдістемесі ретінде, жоғарыда аталғандай салыстырмалы тәсіл таңдалды. Іргелі еңбектер мен зерттеулерді, деректерді ғылыми тұрғыда сараптауда нақты тарихи салыстырмалы, сыннан өткізу, талдау, жинақтау және қорыту әдістері қолданылды. Мұның өзі алынған мәліметтердің толықтығы мен шынайылық деңгейін анықтауға мұрындық болды. Диссертацияда тарихилық және объективтік принцип қатаң қадағаланды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. «Еуразиялық одақ» идеясының Қазақстанда жүзеге асырылу барысы, оның экономикалық пайдасы мен еуразиялық кеңестікте саяси тұрақтылықтың кепілі бола алатынын осы күнге дейін бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа деректер негізінде қарастырылды. Сонымен қатар батыс және ресейлік тарихнамасында бұл идеяның дәріптелуі сыни тұрғыдан талдау мен тарих ғылымының зерттеу әдістерінің негізінде сараптау басшылыққа алынып, төмендегі жаңалықтарға қол жеткізілді:

- Еуразияшылдық идеяның даму эволюциясына салыстырмалы талдау мен алғаш рет тұтас тарихнамалық шолу жасалды және бұл тақырыпты зерттеген ғалымдардың теориялық-әдістемелік негізіне ғылыми тұрғыдан баға берілді;

- Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасын Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналғанын бірқатар елдер мойындағаны белгілі. Осыған байланысты Қазақстанның аймақтық саясаты мен халықаралық беделі нақты деректер негізінде сарапталып, елімізде Еуразияшылдықтың идеялық бағыттан практикалық бағытқа бет бұрғандығы дәлелденді;

- Кеңес өкіметі жылдарында Батыс пен Азия арасындағы саяси-экономикалық ынтымақтастық жүйесі құлдырап, идеологияландырылған

бағытта дамыды. Жаңа мыңжылдық басталысымен екі континент арасында сауда маршруттары жандана түсті және жаңа формадағы экономикалық байланыстар қарқынын арттыруда. Осыған орай аймақтық интеграциядан Еуразиялық ынтымақтастық интеграцияның еліміз үшін маңызды екендігі жаңа деректер негізінде айқындалды;

- Қазақстан Республикасы Еуразиялық интеграциялық үдерістерінің сенімді жақтаушысы екені дәріптеліп, Еуразия құрлығының интеграциялық қағидалары мен бағыттарын негіздейтін құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға тартылды және ЕурАзЭҚ пен ЕҚЫҰ, АӨСШК, ШЫҰ, НАФТА арасындағы байланыстарда Қазақстанның орны мен қызметіне баға берілді;

- КСРО ыдырағаннан кейін екі бағытта дамып келген әлемнің бір полярлы жүйеге көшкендігі және экономикалық мұқтаждықтан туындаған аймақтық бірлестіктердің пайда болу тарихына тоқталып, Қазақстан Республикасының геосаяси ұстанымы мен стратегиясына ғылыми талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының қолданбалық маңызы. Диссертациялық зерттеу жұмысында жасалған тың тұжырымдар мен қорытындылар бүкіл әлем тарихы мен Қазақстан тарихына мол үлес қоса алады. Жұмыстағы құжаттық деректерді ТМД елдерінің қазіргі заман тарихын жазуда, зерттеуде, осы тақырыпқа қызығушылық танытып отырған көпшілік қауым назарына арналады. Сондықтан зерттеу жұмысының мазмұнын гуманитарлық колледждер мен жоғарғы оқу орындарында «Дүниежүзі тарихы», «Қазіргі заман тарихы», «Халықаралық қатынастар тарихы», «Қазақстан тарихы» саласы бойынша дәрістер оқуда, арнаулы курстар мен семинар сабақтарын жүргізуде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

- Еуразиялық аймақ ежелден континенталды транспорттық жолдарды дамытып, әлемдік сауданың орталығы болып есептеледі. Бұл идея өзінің мазмұндылығымен ерекшеленеді, тарихи тағдыры бір халықтардың өзара ынтымағын, геосаяси және геомәдени кеңістіктің ерекшелігін ескереді, белгілі бір дәрежеде Еуразиялық кеңістіктегі ішкі және сыртқы саяси тұрақтылық міндетін атқарады және қамтамасыз етеді. Бұл Қазақстан үшін маңызды болып табылатын Орталық Азия кеңестігінде саяси тұрақтылыққа кепілдік бере отырып, еліміздің экономикалық өсіміне сүбелі үлес қосады;

- XX ғасыр соңында пайда болған Еуразиялық одақ идеясы үкіметтік ойдан шығарылған қиял емес, ол жалпы еуразиялық халықтардың өзара байланысының көпғасырлық тәжірибе жиынтығы, объективті әлеуметтік тарихи ұғым болып табылады. Қазақстандық ұстаным негізінде қарастыратын болсақ, идея тұтастай жүзеге асқан жағдайда кеңестікте инфрақұрылым, тығыз экономикалық байланыстар жүйесі дамып, халықтардың әлеуметтік деңгейі жоғарылайды;

- Еуразиялық одақ -тең құқылы Тәуелсіз Мемлекеттердің одағы. Ол ортақ бірлескен әлеуеті бар әрбір қатысушы елдердің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. Еуразиялық одақ егемен мемлекеттердің кеңестік заманнан кейінгі кеңестікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті, әлеуметтік-

экономикалық жаңғыртуды нығайту мақсатымен бірлесу нысаны болып табылады;

- Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қоғамдастық мемлекеттері арасында әр алуан ауқымдағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі бастамалары іс жүзіне аса бастады. Елбасының Еуразиялық одақ құру жобасының ұсынуы, посткеңестік ыдыраудың салдарынан арылу үшін қажет шешуші бағдарларды айқын белгілеп берді және Еуразия елдерінің арасындағы қатынастарды жаңа деңгейге шығарды. Еуразиялық идея жалпыадамзаттық болуымен қатар жеке халықтардың да тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты;

- Еуразиялық одақ идеясын сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақты іске асуы халықтар бірлігінің интеграциясын жаңартуға, саяси, экономикалық, қорғаныс міндеттерін шешуге және лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың негізі тұжырымдамалары төрт халықаралық, екі республикалық ғылыми конференцияларда баяндалды. Сондай-ақ, жұмыстың мазмұны Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген журналдарда үш ғылыми мақала жарияланған.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, әрбір бөлім бөлінген екі тармақшадан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛІНУІ

1.1 Еуразиялық идеясының зерттелінуінің теориялық-методологиялық аспектілері

Ұлтымыздың тарихы Кеңес өкіметі жылдарында «қызыл империяның» идеологиялық құрсауында дамып келгені баршаға аян. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін тарих ғылымы саласында ұлт тарихын қайта ой елегінен өткізіп, объективті тарихты жазу қарқыны арта түсті. Осы орайда Қазақстанның әлемдік деңгейдегі орнын анықтау үшін, ұлттық-мемлекеттілік ұстаным негізіндегі жаңа тарихи концепциялар, теориялар мен әдістемелік зерттеулердің қажеті артты. Бүгінгі таңда мұндай еңбектер молынан жарияланды. Дегенмен, КСРО тарағаннан кейін жаңа формада пайда болған интеграциялық бірлестіктердің, қауымдастықтардың, достастықтардың, идеялардың т.б. мазмұнын аша түсетін концептуалды теориялық-әдістемелік зерттеулер әлі өзекті мәселелердің қатарына жатады. Аталған мәселелердің ішінде «Еуразияшылдық» идеяның орны ерекше. Себебі кезінде орыс эмигранттарының негіздеген бұл идея, қияли-эйфориялық, жүзеге аспайтын батысшыл капиталистердің жаңа түрдегі отарлық саясаты мен Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған идеологиялық күрес ретінде қарастырған. Алайда уақыт өте келе оның маңыздылығын Н.Ә. Назарбаев сезініп, посткеңестік ауқымдағы тағдырлас халықтардың ынтымақта өмір сүруді жалғастыру үшін осы идеяны күн тәртібіне қайта енгізіп, сүбелі еңбек етуде. Сондықтан бұл бөлімде «Еуразияшылдық» идеясының теориялық-әдістемелік зерттелуі мен тарихнамалық өзегі компаративті талдау негізінде қарастырылады.

XX ғасырдың соңғы он жылдығы әлемдік тарихта терең із қалдырды. Маңызды саяси оқиғалардың бірі Кеңес Одағының ыдырауы болды. Ғасыр соңындағы дүние жүзін дүр сілкіндірген осы оқиға кең байтақ Еуразия кеңістігіне және оның геосаяси жағдайына көптеген өзгерістер енгізді. Тоталитарлық принциптер арқылы коммунистік жүйенің билік етуіне негізделген империяның орнына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы тарихқа жаңа бір интеграциялық құрылымның келгенін айғақтады.

Қоғамдық ой ретінде «Еуразияшылдық» идеясы бүгінгі күнге дейін өзекті болып, мемлекет тарихының өткені мен болашағын саралаған сәтте, осы идеяға қайта оралып отыратыны анық. Бұл жайында орыс ойшылдары аз қалам тартқан емес және әр елдің заңғар жазушылары бұл жөнінде өз ойларын білдіріп, кейде бір-біріне кереғар да келіп жататын. ТМД-ның саясатшылары және мемлекет қайраткерлерінің сөздері мен құжаттарында бұл идея көрініс тауып отыр.

Еуразиялық идея «мәңгілік топтасқан мызғымас Одақтың ыдырайтынын күні ілгері сезінушілік ретінде қалықтағандай еді. Топтастыру деген байлап-матау мағынасындағы сөз. Ал күні өткен империяның қираған жұртында құрылған Одақтың өзі де қылышын жалаңдатқан мемлекеттік террордың күшімен ғана бірігіп тұра алатын еді. Мұхиттан мұхитқа дейін шетсіз-шексіз

жазық Еуразия тарихы заманының өнбойында қайсыбір біріктірушілік идеясынсыз болған емес, Еділ, Шыңғысхан, Ұлы Екатерина қалай болғанда да осы идеяны ұстанған [46, 37 б.]. Бұл идея қоғамдық мүдделер мен саяси пікірталастар алаңынан ешқашан ғайып болмай, Ресей қоғамының өтпелі кезеңдерінде, дағдарыс замандарында, елді одан әрі қалайша дамыту шешімі жайлы мәселе қойылғанда, әлеуметтік және саяси құрылымдардың түбегейлі өзгертуге қажеттілік туған сәтте өзіне ерекше назар аудартып, жаңаша мәнге ие болатын [47, 70 б.].

XX ғасырдың алғашқы жылдары пайда болып, Кеңес өкіметінің ызғарлы саясатының аясында мәнін жоғалтқан «Еуразияшылдық» идеясы осы ғасыр соңында қайта тарих сахнасына шыға бастады. Еуразияшылдық идеясы қалыптасуын үш тарихи кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алдымен XIX ғасырдың 70-ші жылдары (Н.В.Данилевский және т.б.), кейін XX ғасырдың 20-30-шы жылдары (еуразиялық идеяның жолын ұстаушы орыс эмигранттары) және XX ғасырдың соңында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев және осы идеяны қолдайтындардың қатары.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Орталық Азияны толықтай отарлап, өзінің әкімшілік жүйесін орната бастады. Осы сәтте Орталық Азияның, соның ішінде қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпы мен мәдениетін, этнографиясын зерттеуге кірісіп, көптеген еңбектерді дүниеге алып келді. Бұл еңбектердің барлығы империялық тұрғыдан жазылып, теориясы Ресей империясының үстемдігін дәріптеуге негізделген [48]. Империялық саясаттың негізгі мақсаты отарлаған аймақтардағы халықтарды өзіне сіңіру болғандықтан 1861 жылғы шаруалар реформасынан кейін Орталық Азияға жаппай орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты басталды. Бұл уақыт қолайлы даму жолында алға қойылған өте маңызды мәселелер, ұлттың мәні мен оның мәдениетінің ерекшелігін жойып, қоғамды реформалаудағы мақсат болып табылады. Ресейдің болашаққа сеніммен баруы жолында және бұл болашақтың бейнесі қалай болатындығын білу үшін орыс зиялылары өмірге бейімді және мықты негіз табуға әрекеттенді [49].

XX ғасырдың 20 жылдары «Еуразияшылдық» идеясының екінші кезеңі болып есептеледі. Бұл уақытта алпауыт елдердің ықпалдастық аймақтар үшін соғыс жүргізумен, Ресей империясының жаңа идеологиялық формаға көшіп, «большевиктік» саясатқа қарсы шыққандарды қуғынға ұшыратқан кезеңі болып есептеледі. Осы орайда дін адамдары, ақсүйектер, зиялылар ату жазасына кесілді немесе елден кетуге мәжбүр болды. Ал қоныс тепкен орыс эмигранттары барған елдерінде жаңа идеялық әлеуметтік-философиялық қозғалысын бастады. Осы қозғалыстардың негізін қалыптастырушылардың бірі князь Н.С.Трубецкой оның пайда болуын былай түсіндіреді: «Біз айтып жүрген «орыс мәдениетінің» кенеттен құлауының куәсі болдық. Мұндай тез күйреу көпшілікті таң қалдырды және бұл құбылыстың себебін анықтауда көпшілігін ойландырды» [50, 86 б.]. Діндар философ Г.В. Флоровский болса 1920-шы жылдары еуразияшылдарды: «Біз үшін бірінші және ең бастысы- тарихи трагизмнің көрінуі. Ал бұл көріністі көрмейтіндерге және көруді қаламайтындарға қарсы тұруымыз керек» деп сипаттап жазды [51, 37 б.].

Осылайша орыс эмигранттарының негізгі ойлары Ресей империясының қалыптасқан отарлық-империялық жүйені қалпында сақтап, «гүлденуге алып келетін жетекші жолды іздеу» топтасты. Бұл туралы 1954 ж. бастап Мюнхен қаласында бой көтерген Кеңес өкіметін зерттеу институты айналасында жиналған эмигрант зерттеушілер тілге тиек еткен [52]. Дж. Л. Блэк «Еуразияшылдықтың негізгі ұстанымы - православиенің Рим христиандығы мен исламға қарсы бағытталған күрес ретінде сипаттап, Ресейдің «варварлар өркениетін» өзіне тәуелді етудің бір формасы» деп білген [53]. Бұл оймен келісуге де болады, себебі, шын мәнінде батысқа мәжбүр қоныс аударған орыс эмигранттарының көп бөлігі қою православие рухына малынғандар еді. Олардың басым бөлігі «Еуразияшылдық» идеясын орыстық негізде жүзеге асыруға тырысқан.

Кеңестік әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қайта құру саясатына бет бұруының нәтижесінде «қызыл империя» құлады. Посткеңестік мұраға шешімін таппай келген ұлттық мәселе, егемендігін алған мемлекеттер арасындағы шекараны белгілеу мен түрлі сепаратистік ағымдардың қайшылықтары қалды. Осы орайда Беловежеде белгіленген Ресейдің кезекті ұстанымы «славян» блогы мен Орталық Азия мемлекеттерінің «түркілік» блогының қауіпі туындаған-ды. Дегенмен, Н.Ә. Назарбаевтің өнегелі саясатының арқасында Алматыда жаңа формадағы интеграциялық ТМД құрылды. Осыған қарамастан бастапқы кезде бұл достастық қажетті нәтижелерді бермеген соң, Н.Ә. Назарбаев «Еуразияшылдық» идеяны жандандыру қажеттілігіне жүгінді. Кеңестік империяның құлауымен тәуелсіздігін алған әрбір мемлекет өз алдына жеке даму жолын таңдаған сәтте, геостратегиялық маңызы бар немесе қандай да бір аумақтық мәселелерді шешкен кезде жалпы еуразиялық бірліктің тарихи іргетасы болатындығы ескерілгені дұрыс болар. Осы идея ұлттық мәдениеттердің даму маңыздылығын, әрбір халықтың ерекшелігін және бірегейлігін, олардың ұлттық идеясының ешкімге еліктемей дамуын ерекше атап өтеді [54, 470 б.].

Еуразия кеңістігінде, әсіресе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында қалыптасқан жағдай белгілі бір идеологиялық тұжырымға тапшылық бар екендігімен ерекшеленеді. Осы немесе басқа бір идея, ағым, көзқарастарды шынайы өмір мен ақылға сала отырып, олардың шығуының дәл тарихи контекстін белгілейді. Еуразия бірлестігі мәселесі С.С. Хоружий, А.В. Соболев, А. Игнатев, Л. Люкс, Ч. Галперин, Н. Рязановский және басқа да Ресей мен Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Жалпы, еуразияшылдық тақырыбының өзі сан алуан, шешілмеген жұмбағы көп, қыры мен сыры мол мәселе екенін ескеріп, оның өткені мен болашағына тарих призмасы арқылы үңілсек, зерттелетін жақтарының әлі де молдығы байқалады. Еуразияшылдық - қай жерде, қалайша пайда болды, ол неліктен өткеннің өміршең идеясына айналып, бүгінгі күні бұл идеяға неге қайта оралуда деген сұрақ туындайды [43, 89 б.]. «Еуразияшылдық» жалпы алғанда, іштей топтасу мен бірлік дегенді білдіреді. Алайда, осы бірліктің ішінде әрбір ұлт өзінің ерекшелігі мен салт-дәстүрін, тарихы мен болмысын жойып алмағаны маңызды. Қазақ даналығына сүйенсек, бірлік бар жерде тірлік те болады. Өз

мағынасы, өзінің табиғаты мен мәні жөнінде де ол солай болуы тиіс. Егер Батыстың ұраны: «Сыртқы дүниені танып, соның негізінде оны қайта өзгерт» десе, Шығыстың ұраны: «Өзіңді өзің танып, соның негізінде оны қайта өзгерт». Ал Еуразияның ұраны: «Ізгілік жасау немесе жақсылыққа, жарастыққа, парасаттылыққа ұмтылу». Ұлы Абайдың сөзімен айтсақ: «Адам бол!», рухани-адамгершілік жағынан жетілген, Шығыстың руханияты мен Батыстың озық технологиясын, білімін, ақыл-ойын бойына сіңіріп, екеуін ұштастырған толық адам бол! Еуразиялық идея Шығыс пен Батыс идеяларымен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бола тұра, оларға кереғарлық жасамайды, олармен бір қатарда айрықша тұрмайды. Керісінше, екі идеяны да жандандырып, мәдени-рухани жағынан біріктіреді, синтездейді. Ол дүниені жаңғырту мен адамды рухани жетілдіруді бір-бірінен алшақтатпайды, керісінше, жақындатады, толықтырады. Басқаша айтқанда, адамның материалдық-практикалық іс-әрекеті рухани-адамгершілік бастамасымен молығады; өз кезегінде адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуы дүниеден сырт қалуды емес, қайта ол нақтылы іс-әрекетті талап етеді [55].

Еуразиялық идея ежелден-ақ орыс мәдениетінің терең қойнауларында жатқан. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ол, орыс интеллигенциясы өкілдерінің бойында өзіндік бір еуразиялық дүниетаным туғызды. XIX ғасырдың басында болашақ еуразиялық құрылғылардың жекелеген қырларын көрсек, бірер ондаған жылдардан кейін олар бүтіндей бір болжамдар мен теорияларға ұласады. Олардың жалпылама мағынасы орыс адамдарының өздерін атауына, өздері кім екенін, тарихи тамырлары қандай екенін, мәдениеттерінің негізінде не жатқанын, мемлекеттілігінің шығу тегі қандай, орыс даласының ерекшелігі неде екенін түйсінуге, бүгінгісін сараптап, болашағын болжауға саяды. Еуразияшылдар славянофилдердің идеялық қорынан көп пайдаланып, әсіресе әдістемелік, батысшылдықты батыл мансұқтау тұрғысынан: «біз батысшылдықтың мәнін, яғни біздің мәдениетіміздің ерекшелігін және оның өмір сүруінің өзін теріске шығарушылықты үзілді-кесілді қабылдамаймыз» [56, 256-257 бб.]. Еуразиялық идея Батыс пен Шығыстың шектен шығушылығын жеңуге, сөйтіп бір жағынан, материалдық-практикалық, екінші жақтан, психикалық-рухани мәдениетті біріктіруге бағыттайды, олардың жақсы жақтарын тұтастандырады, синтездейді. Еуразияшылдық үлкен құбылыс «метафорасы» іспетті, ол адамның дүниеге түбірінен жаңа қатынасының, жаңа өркениеттік өмір формасының үшінші мыңжылдық талаптарына толық жауап берерлік жаңа тәсіл [57].

Еуразия территориясының географиялық ауқымы Шығыс пен Батыстан келіп, Беринг теңізінің жағасында түйсетін екі отаршыл толқынның жолында орналасқан. Еуразияның шекарасын анықтайтын болсақ ол бұрынғы Ресей империясының тарихи шекараларына ұқсас келеді. Сонымен қатар, Еуразияның кеңістік жағынан алғанда оның біртұтастығының өзі географиялық ерекшелігі бар. Еуразиялық барлық өзендер оңтүстікке немесе солтүстікке қарай ағады, далалық белдеу оны батыстан шығысқа қарай байланыстырады. Басқа бір жеке өзеннің бассейніндегі пайда болып, қалыптасқан мемлекет Еуразияны біріктіруші болып табылмайды. Тек қана иелігінде даласы бар жерлер ғана

бүкіл Еуразияның саяси, мәдени біріктірушісі бола алады [58, 14 б.]. Солтүстігі тундрамен, оңтүстік жағалауы тау жоталарымен шектелген Еуразия территориясы мұхитпен аз шектеседі. Мұның өзі Еуропаға тән теңіздік шаруашылыққа белсенді түрде араласпауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, екі жағында жатқан су кеңістігі, орасан зор аймағының болуы, табиғи байлығының молдығы Еуразияға экономикалық дербестігін, жеткілікті табиғат байлығы барлығын, оның өз алдына автономды «құрлық-теңіз» мемлекеті бола алатындығын әрдайым еске салып отырады. Еуразия құрлығының теңіздік алмасудан шектеулі болуы себепті, ол жеке бөлініп қалғандай көрінеді. Осы бір кемшіліктің орнын толтыру үшін, құрлық бүкіл материалдық өндірісінің құрылымын өзгертуге мәжбүр, соның нәтижесінде барлық территорияны өндірістік және ауылшаруашылық аудандарға бөлуге тура келеді. Кез келген жағдайда тек өзіне ғана сенуге тура келетіндіктен, ол өмірлік қажеттіліктерін өтеу үшін өз аймағында өндіріс орындарын ашуға тиіс. Дегенмен уақыттың өтуіне байланысты, барлық экономикалық, саяси жағдайларды еске отырып, таразыға салған «еуразия» географиялық жағынан алғанда екі құдіретті құрлықты емес, өзіне тек бұрынғы Ресей империясының территориясын місе тұта бастағаны білінеді [43, 90 б.].

Еуразияшылдардың «Еразийство. Опыт систематического изложения» аты еңбегінде Еуразия Еуропа мен Азияға ғана емес, ол ортадағы құрлық немесе Еуразия және екі шеткі аймақтағы әлем екенін сонымен қатар, Азиаттық және Еуропалық, яғни Еуразия құрлығымен Неман-Батыс Буг-Сан-Дунай өзендері сызығымен шекараласатын жерлерге «Еуразия» атауы берілген [59, 16 б.].

Географиялық мағынада Еуропа түсінгі батыс және шығыс Еуропаның жиынтығы ретінде мағынасыз және қисынсыз екендігін еуразияшылдардың ойларынан аңғаруға болады. Батысты алатын болсақ, географиялық жағынан жағалауларының дамуы өте бай, құрлықтың түбекке айналуы байқалады; ал шығыста тұтастай құрлықтық алқап, ол теңіз жағалауларынан бөлшектеніп, онымен көп қосылмайды; Батыста тау, жота, ойпаттар жердің негізгі бөлігін құраса, Шығыста негізінен жазықтық, тек қана шет жағынан таулармен шектескен. Бұл екі аймақтың климатына келер боласақ батыс теңіздік климат, жаз бен қыстың арасында аз ғана айырмашылық бар, шығыс климаты ыстық жаз, қысы қатты. Шындығында келгенде, еуразияшылдар «беломорказдық» деп атайтын шығыс-еуропалық жазық өзінің географиялық табиғаты жағынан батыс Еуропаға қарағанда шығысырақ жатқан Батыс Сібір және Түркістан жазықтарына жақындау. Аталмыш үш жазықтың өздерін бір-бірімен бөліп тұрған қыраттармен бірге (Орал таулары және Арал-Ертіс су айрығы) және оны шығыстан, оңтүстік-шығыстан және оңтүстіктен (орыс Қиыр Шығысының, Шығыс Сібірдің, Орталық Азияның, Парсының, Кавказдың, Кіші Азияның таулары) көмкерген таулармен ерекше бір әлемді көз алдына әкеледі, бұл өзінің батысы, сондай-ақ оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде жатқан елдерден географиялық жағына бөлек, бір тұтас әлем. Егер оның біріншісіне «Еуропа» екіншісіне «Азия» атын тілесек, онда ортадағы аралық әлемде «Еуразия» атын берген жөн. Ескі әлем жерлерінің негізгі алабынан бұрынғыдай екеу емес, үш материк бөліп алу еуразияшылдар үшін «жаңалық» емес, ол жөнінде ертеде

орыс географтары өз еңбектерінде айтып өткен. Еуразияшылдар бұл тұжырымдаманы шиеленістіріп жіберді және қайтадан «көрінген» материкке, яғни бұрынғыда ескі әлемнің барлық жерлерінің негізгі алабына, ескі «Еуропа» мен «Азияға» жататын жерлерге жаңа атау береді [60, 52-53 бб.].

«Еуразия», «еуразиялық кеңістік» терминдерінің тек құрлықтың ұғымын ғана білдірмейтіні белгілі. «Еуразияшылдықтың» географиялық және семантикалық шеңберлерін анықтар болсақ, бұл түсінік ұзына бойы жеті жарым мың шақырым болатын Алтай тауынан бастап Карпат тауына дейін созылып жатқан Ұлы даланы білдіреді. Ол өзіне үш аймақты енгізеді: Жоғарғы Азия (Алтай тауы, Тува, Моңғолия), Орталық Азия және Шығыс еуропалық жазықтық [61, 227 б.]. Сондықтан Еуразия ауқымына ену мен енбеу өзіндік тарихи қисынға сәйкес келетін мүдделерге байланысты. Сонымен қатар ол халықтардың діліндегі сұхбаттық қатынастарға бейімділікке де көп байланысты құбылыс болып табылады.

Еуразия - бұл тек географиялық ұғым емес, ол мәдени-өркениеттік бірегейлікке деген ұмтылысты да білдіреді. Еуразиялық кеңістікті баяғыдан осы жердің табиғи ландшафтына бейімделіп, шаруашылықтарын жүргізген халықтар - түркілер, моңғолдар, финугорлар және славяндар мекендеді. Соған сәйкес бұл жерде өзге өркениеттік бітімдерден өзгеше еуразиялық өркениет пен еуразиялық мәдениет, еуразиялық бірегейлік пен еуразиялық философия қалыптасты. Бұл мәдени-тарихи сабақтастық тарих ырғағының бойында қалыптасқан күдіретті империялардың құрылуынан аңғарылады. Қола дәуірінде бұл кеңістікті біртұтас «андрон мәдениетінің» өкілдері деген шартты атаумен белгілі тайпалар мекендегенін тарихшы-археологтар дәлелдеп отыр. Дәл осы кезден бастап, яғни біздің заманымызға дейінгі бір мыңжылдықтан бастап бұл территория көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген еуразиялық номадизмнің эпицентрі болды. Қозғалысы динамизммен, дәстүрі статизммен сипатталып, үш мың жыл бойы тұрақтылығын сақтаған бұл әлеуметтік-тарихи формацияны «дала өркениеті» деп атауға болар еді. Бұл уақыт ішінде атақты сақтар мен ғұн тайпалары, түркілер мен карлұқтар, қыпшақтар мен оғыздар, моңғолдар мен татарлар тарихқа өз қолтаңбаларын қалдырды. Олардың құрған Ғұн империясы, Түркі қағанаты, Оғыз қағанаты, Қыпшақ қағанаты, Алтын Орда сияқты мемлекеттері әлемдік тарихтың дамуына орасан зор ықпал етті. Кейінірек оларды Ресей империясы мен социалистік қағидаттарға негізделген Кеңес Одағы алмастырды [55].

Еуразияның ерекшелігін айқындайтын және орналасқан негізгі аймақтары орман және дала болып табылады. Экономикада бұл шаруашылықтың екі түрінің үйлесімділігін бейнелейді. Егін шаруашылығы және мал шаруашылығы әлеуметтік және рухани жағынан бұл қоғамдық ұйымның екі түрлі әдісі, екі өмір сүру салты - отырықшы және көшпелі, екі түрлі дүниетаным, екі діни жүйе, рухани құндылықты қамтиды. Яғни, орман да, дала да бір-бірінсіз өмір сүре алмайды, олар бір-бірін толықтырады, әрдайым зат алмасуды қажет етеді. Сонымен, Еуразия географиясы, оның территориясында екі мәдени әлемнің бірігуін алдын-ала болжап анықтады: түрлі, бір-біріне ұқсамайтын өзара қарама-қайшылықта болатын, алайда өзара байланыс үшін тағдыр және

табиғатпен ұштасады. Орыс халқы еуразиялық тарихқа тікелей егін шаруашылығы мәдениеттің негізін салушы ретінде танылды. Алайда, ол тек егінші халық ғана емес, сонымен бірге ағаш өнеркәсібі иесі, мал бағушы, қолөнерші және түрлі табиғи шаруашылық облыстар арасындағы делдал-халық, саудагер халық. Дәл осы сауданың ықпалымен орыс халқын өзінің тарихи өмірінің ролі біріктіруші орман мен сауда жолының даласымен байланысты екендігін көрсетеді. Ең алдымен негізгілері - Волга, Днепр бойынша, соңында Обь, Ертіс, Лена, Амур бойынша[4, 473-476 бб.].

Орыстардың шығысқа үздіксіз үдемелі қозғалысы бұл «империализм» де, жеке дара мемлекет қайраткерлерінің ұсақ саяси атақ құмарлығының нәтижесі де емес «бұл даму орнының жойылмайтын ішкі логикасы» [62, 104 б.].

Еуразия территориясында табиғи шекаралардың болмауы, тарихи түрде барлық халықтардың территориясын біріктіруді көздейді. Еуразияның бүкіл тарихы бірегей жалпы ортақ еуразиялық мемлекетті құрудағы жүйелі тізбектелген әрекет болып табылады. Бұл әрекеттер жан-жақты Еуразияның шығысы мен батысынан жүзеге асырылады. Скифтер, ғұндар, хазарлар, моңғолдар, словян-орыстар, кеңестік коммунистер дәл осы мақсатты көздеді.

Г.В. Вернадский еуразиялық кеңістіктің тарихи бірлігін жүйелі түрде мемлекеттердің немесе тайпалық бірлестіктердің шарықтаған шағына қарай төртке бөліп қарастырады: біріншісі, а) бірыңғай мемлекеттік (Сақ мемлекеті); б) мемлекет жүйесі (Сарматтар, готтар); екіншісі, а) бірыңғай мемлекеттік (Ғұн империясы); б) мемлекет жүйесі (Аварлар, Хазарлар, Кама бұлғарлары, Русь, Печенектер, Қыпшақтар); үшіншісі, а) бірыңғай мемлекеттік (Моңғол империясы); б) мемлекет жүйесі (Моңғол империясының ыдырауы: Алтын Орда, Шағатай, Литва, Русь, Казань, Қырғыз, Ойрат, Моңғол); төртіншісі, а) бірыңғай мемлекеттік (Ресей империясы, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы...?) [62, 105 б.]. Автордың пайымдауынша еуразиялық тарихи жүйесі КСРО-ның құрылуымен сұрау белгісімен аяқталады. Дегенмен, КСРО тарағанымен тәуелсіз мемлекеттер арасындағы өзара интеграциялық даму мәселесі бір-біріне саяси, экономикалық және мәдени жағынан тәуелді. Себебі «қызыл империяның» саясаты аясында жаңа «орыс» адамын жарату мақсаты тұрып, Орталық Азия халықтары мен орыс халқының мәдениеті бір-бірімен тығыз байланыста өткен. Сонымен, қатар сол заманғы аймақтық экономикалық тәуелділік терең тамырын жайып, тәуелсіздік алған соң ол бұзылды. Сондықтан, тарихи дамудың келесі жүйесін логикалық түрде алатын болсақ онда ол Еуразиялық одақ тәрізді бірлік болуы мүмкін. Бүгінгі күні өзге бірлестік немесе одақтармен салыстырғанда, еуразиялық этностарды біріктіру үшін ресейлік мәдениеттің салмақты әлеуеті бар екені жоққа шығара алмаймыз. Әдетте, саяси біріктірушілік астар берілетін өркениеттік парадигмадағыдай, Еуразия Ресейдің синонимі емес. Классикалық еуразияшылдықта да бұл мәдени типтің өзегіне христиандық православие қойылады да, тұрандық элемент кейінге ығыстырылады. Бұл идеяға кеңістіктік үш өлшем тарлық етеді, оған орман ландшафттары мен Ұлы даланы мекендеген халықтардың ғасырлар бойғы рухани тарихын бойына жасырған уақыт өлшемін де қосу керек. Осы

тұрғыдан алғанда ол тарихтың ырғағында қиюласқан әртүрлі халықтар мен төлтума мәдениеттердің біртұтас ошағы болып көрінеді.

Еуразия жер көлеміне, оның ауқымы, біртұтастығына және мәдениетіне алғашқы кездің өзінде-ақ үлкен мән берілген болатын. Еуразиялықтың мәнін түсінуде шекаралық категория маңызды. Бұл мәдениет отырықшы Еуропа өркениетін оған рухани жағынан жат келетін Ұлы Дала өркениетін айырып, бөлектеп тұратын өткелдің батыс жағында тұруымен бірге, нағыз христиандық бөліп тұратын конфессионалдық өткелдің шығыс жағында да тұрды. Ресей мемлекеті өзін бір заматта әлемнің орталығы сезінумен қатар, оның шет аймағы екенін естен шығармай, интеграцияға көбірек иек артқан болатын. Орыстың қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары далалық ұлттық тыныс-тіршілігіне әрдайым бұра тартып, ерекше қызығушылығы үнемі байқалып отырған. Еуразияның географиялық әлеуметтік-тарихи сипаттамасы атақты Л.Н. Гумилевтің «Ритмы Евразий» және «Киевская Русь и Великая степь» атты кітаптарында жан-жақты берілген [43, 90-91 бб.]. Этносаралық мәдениет өзара әсер мәселесіне қатысты Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясында мәдениетті «кристалданған пассионарлық» деп атап, дәл осы өнер тұтастай халықтардың көршілердің сіңіп кетуден, асимилициядан және оның салдарына болатын қорлықтан сақтайды деп есептеді [45, 198 б.].

Л.Н. Гумилевтің көзқарасын назар аударсақ, мәдени дәстүрді этностық дәстүрмен шытастырмау керек. Осылайша, еуразия туралы айтқанда, Л.Н. Гумилев континент туралы емес, оның орталығында қалыптасқан суперэтнос туралы айтады. Еуразия даласы өзінің тарихында үш мәрте бірігуді бастан өткерді. Алғаш Сары теңізден Қара теңізге дейінгі жерді қамтыған қағанат құрған түркілер, екінші Сібірден келген моңғолдар түркілердің орнын басты. Ал соңғы бірігуді толық ыдырау мен дезинтеграция кезеңінен кейін бастамасын Ресей өз қолына алды. Ресей осылайша, «Түркі қағанаты» мен «Моңғол ұлысының» «мұрагері» ретінде көрінді. Нәтижеде Ұлы Дала мен орыс орманы мәдени өзара коммуникацияға түсті [63, 310 б.].

Еуразияшылдықтың бастауының негізі өте ертеде қалыптасқандығы туралы олардың «Еуразиялық мәдени әлем алғаш рет біртұтас империя ретінде Шыңғысхан тұсында көрініс берді. Моңғолдар Еуразияның тарихи міндетін қалыптастып, саяси бірлік пен оның саяси құрылысының негізін алғаш рет қалады. Моңғол мемлекетінің ісін жалғастырушы Мәскеулік Русь болды. Еуразия материгінің мемлекеттік бірігуін Ресей империясы аяқтап, оны Еуропаның басқыншылығынан аман сақтап, күшті саяси дәстүрдің негізін қалады» деген пікірлерінен аңғаруға болады. [58, 380-381 бб.].

Еуразия идеясының негізін - Еуразиялық ұланғайыр кеңістіктің кемінде соңғы 2-3 мың жылдық тарихынан іздегеніміз дұрыс. Еуразиялық идеяның қайнар бастауларын 545-547 ж.ж. тарих сахынасына шыққан Бумын және Істемі хандар іргесін қалаған түркілердің қағанатынан көре білген лазым. Екіге бөлінгенше жүз жылға жуық бұл қағанат қазіргі Еуразияда салтанат құрып, өз гүлдену биігіне жеткен еді. Міне, нақ осы кезең -қазіргі «еуразиялық біртұтастық» сананың әлжуаз түрде болсада бесіктен шығып, қадам баса бастауының көрінісі. Еуразия кеңістігіндегі халықтардың алғашқы және соңғы

рет біріктірген сонау Қиыр Шығыстан Дунайға дейін созылған түркілер мемлекетінің мұрагерлері де әбден жетерліктей. Олар Еуразияның барлық мемлекеттері - Ресей, Түркия, Венгрия, Иран, Үндістан дегендей. Алайда «алғашқы ядронының» негізін Түрік қағанаты қалағаны ешбір күмән тудырмайды [64, 8 б.].

Еуразияшылдық ойдың алғаш пайда болуы ХХ ғасырдың алғашқы жылдары болып көрінгенімен бұған дейін өмір сүрген көптеген ойшыл, тарихшы, ақындарың еуразиялық ойлары болған. Достоевский мен Болктың еңбектерінде бұл жайында бұл жайында білуге болады. Достоевскийдің «Дневник писателя» атты күнделігінде орыстардың тек қана еуропалық емес, сонымен қатар, азиат та екендігі айтылса, Блок «Да, скифы мы, да, азиаты мы...» деп жырлаған болатын [43, 91 б.]. Осы негіздегі жырлар мен әуендерді заманның әр кезеңінде өмір сүрген ойшылдар мен ақындарын көптеп кездестіруге болады.

1905-1907 ж.ж. арасында Ресейдегі бірінші орыс төңкерісінің саяси оқиғалар толқыны елді дүрбелеңге салғаны белгілі. Бұл кезде Ресей империясы ұлттық апат пен құлдыраудың алдында тұрған болатын. Дегенмен Ресей империясы бұл оқиғадан, төнгелі тұрған апаттан аман қалып, бұл жолы Ресей тағы да кезекті бір сыннан өтті. Ғасыр басында болып өткен тарихи оқиғалар Ресей империясын қатты ойлантып, оны ой елегінен өткізіп, түйін түйіп, одан сабақ алуды қажет етті. Қандай да бір қозғалыс, ағым немесе идеялардың бірінші кезекте белгілі бір негізі, теориялық бастаулары мен тарихи себептері болатындығы және де олардың бір-бірімен біте қайнасып жататындығы аян. Еуразияшылдық идеясының қалыптасуына әсерін тигізген оқиғалар ретінде 1904-1905 ж.ж. орыс-жапон соғысы мен 1905-1907 ж.ж. аралығындағы бірінші орыс төңкерісін айтуға болады.

Еуразияшылдық идеясының дүниеге келуіне ықпалын тигізген негіздердің тағы бірі - «славянофильдер» болатын. Олар орыс өмірін батыстық болмыспен салыстырып саяси, экономикалық және мәдени ерекшелігіне, оның ұлттық негізіне баса көңіл аударды. Орыс мәдениетінің болмыс-бітімін анықтайтын славянофильдік идея өзінің кең мағынасында тарихи славянофильдікпен бірге қалыптаспаған. Ол Ресей рухани әлемі мен рухани дамуының құрамдас бөлігі ретінде бұрыннан белгілі болатын. Дәлірек айтқанда еуразияшылдық қозғалысының негізін салушылардың басым көпшілігі дәстүрлі орыс тарихи-философиясының, славянофильдіктің әсерімен құрылды. Дегенмен, осы екі ағым бір-біріне ұқсамайды, себебі, қай уақытта болмасын екеуінің арасындағы айырмашылық өте алшақ болып көрінеді. Еуразияшылдық шын мәнінде мәдени дүниетаным, ерекшелену түрі, яғни славянофильдіктің жаңа бір түрі деуге болады. Еуразияшылдық қозғалыстың туып, қалыптасуына жоғарыда атап өткен ойшыл, ақындармен қатар Ресей империясының азиаттық бөлігінде тұратын халықтардың өмірі мен тарихы жайлы жан-жақты баяндаған шығыстанушылардың да еңбектерінің ықпал мол болды [43, 91-92 бб.].

ХХ ғасыр басындағы қарама-қайшылықтарға толы екі оқиға, Ресейді қатты әлсіретті. Осы қиын уақытта елді жаңа серпілістерге бастайтын жаңа кезең, дүр сілкініске қажеттілігі қатты байқалды. Орыс қоғамының барлық болмыс-бітімі

жаңа бейнеге енудің қамына кірісті. Мұның өзі жан-жақты ойластырылған қоғамдық идея немесе модельді қалыптастырып, ол өз кезегінде қоғамның жаңа кезеңінің мәнін білдіру қажет еді. Ал өмірге енді жолдама алып келе жатқан идеядағы өзекті түсінік елдің қайта өрлеуін қамтамасыз ету болатын. Оның үш негізгі мағынасын бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, ғылыми мағынада қайта өрлеу, - тарихи-мәдени категория, бір сөзбен айтқанда, феномен; бұл жаңа мәдениет өзіне дейінгі мәдени дәуірдегі бір үлгіге шақ келіп, оның мұрасын меңгеріп, принцип, тағылым, түрлі сипаттарын қабыл алуы. Екіншіден, кәдімгі лексикалық мағынада қайта өрлеу -жаңадан қайталап туу немесе қалпына келу, көтерілу, мұның өзі өткендегі құлдырау, дағдарыс пен апаттан кейін болатын құбылыс. Үшіншіден, қайта өрлеу -көтерілу, тірілу, қызу бір дамудың синонимі ретінде түсіндіріледі. Еуразияшылдардың алдында тұрған міндет осы қайта өрлеуге тыңғылықты жоспар мен теориялық түр беріп, оның саяси міндеттерін дұрыс бағамдау болды [43, 92 б.].

1909 жылы Ресейдің либерал зиялылары елдің өткен тарихы жайында «Вехи» атты мақалалар жинағында алғаш рет пікір білдірді. Мақалда Ресейдің тарихи тағдыры жайлы мәселелер өткір айтылып, тағыда бір жаңа қоғамдық сілкіністі болдырмау қажет екендігі ескертілді, себебі, ол міндетті түрде мемлекеттің жойылуына әкеп соғады деп есептеді. Бұл жинақ орыс зиялы қауымының арасында қызу пікірталас тудырып, қоғамдық ой қалыптастыруға түрткі болды. Ресей үшін не қауіпті, ол қай жолмен қалайша жүру керек деген мәселедегі пікірталастар ХХ ғасырдың 20-шы жылдардың ортасына дейін жалғасты.Еуразияшылдықтың шығу, қалыптасу кезеңі жалпы эмигранциямен тығыз байланысты болғанымен, Ресейдегі 1917-1919 жылдар арлығындағы саяси оқиғаларды ой елегінен өткізу, одан шығар жолды іздеу еуразияшылдық идеяның бағытын анықтап берді. Орыс зиялыларының едәуір бөлігі 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінің қателіктері мен жетістіктерін мойындаудан бас тартып, Ресейдің болашағы жөнінде жаңа идеялар мен жолдар іздеген еді [43, 92 б.].

Классикалық еуразияшылдарды Ресей және оның тарихы, тағдыры қызықтырды. Ол барлық теориялық ізденістің объектісіне айналып, ал қалғандары Ресейге қамқорлық деген атпен теориялық ұғынудағы позиция ұстанды. Ресей-Еуразия концепциясы осының жемісі болып табылады. Еуразияшылдар славянофилдерге жатса да және кейбір мәселелерде пікірлері бір жерден шықпаса да олардың жолын жалғастырды. Бұл мәселеде олар толықтай батысқа қарсы бағыт ұстанады. Ресейдегі идеялық қозғалыстың батысқа қарсы жақтаушысы емес, славянофилдік қарама-қайшылықтағы Батысқа, Еуропаға қарсы бағытта болды. Олар өздерінің доктринасы туралы былай деп жазды: «Біз славяндық сезім үйлесіммен әлемдік маңызы бар орыстың ұлттық стихиясымен батыстық сезіммен Ресейдің экономика саласында мәдени қарапайымдылық және бұл қарапайымдылықты жою бағытын ұстанамыз» [65, 314 б.].

Еуразияшылдар еуроцентризмге және халықтардың барлығына мәдениетті үлгі ретінде қолдануға қарсы тұрды. Бұған өзінің қарсылығын білдіре отырып Н.С. Трубецкой өзінің Еуропа және адамзат» деп аталатын мақаласында бұл

туралы былай жазған еді: «Еуропалық мәдениет адамзат мәдениеті болып табылмайды. Бұл белгілі бір топтың тарихи жемісі болып саналады» [66, 172 б.]. Сонымен қатар Н.С. Трубецкой «Роман-герман әлемі өзінің мәдениетімен біздің қас жауымыз деген ойға үйренуіміз керек. Біздің зиялы қауымның сана сезімін әлі күнге дейін билеп алған батыстың қоғамдастық идеяларынан және көзқарастарын аяқ асты етіп, оларды аяусыз түрде биліктен аластатуымыз керек» - деп ашық түрде айтқан болатын [67, 59 б.].

Еуразиялық ойды қолдаушылар яғни, орыс эмигранттары 1917 жылдан кейінгі Ресейдің тарихи тағдырын талқыға салып, ой елегінен өткізуге ұмтылысының нәтижесі оларды 1920 жылдары шамасында газет-жорналдардың айналасына біріктіре бастады. Рухани ағым және ерекше тарихи-философиялық мектеп ретінде еуразияшылдықтың дүниеге келуі эмигранттардың - орыс ойшылдарының қызметімен тығыз байланысты. Олардың тарихи, идеялық-философиялық бағыттағы теориялық ізденістері көп ұзамай өз нәтижесін көрсете бастады. Бұның негізін қалаушылар интеллектуальды ғалымдар: филолог әрі лингвист Н.С. Трубецкой, публицист П.П. Сувчинский, географ әрі экономист П.Н. Савицкий, заңгерлер В.Н. Ильин мен Н.Н. Алексеев, діндар-философ Г.В. Флоровский, тарихшылар М.М. Шахматов, Г.В. Вернадский, Л.П. Карсавин және т.б. болатын [68, 6 б.].

Еуразияшылдардың баспа қызметтері 1920 жылы Софияда басталып, Батыс Еуропаның ірі қалалары - Прага, Париж, Берлинде белсенді қимылдарға көшті. Аз уақыт ішінде еуразияшылдардың орыс эмигранттары арасында әртүрлі қабылданып, бағаланған кітаптары шыға бастады. 1921 жылы София қаласында «Исход к Востоку. Утверждение евразийцев» және 1926 жылы Париж қаласынан «Евразийство. Опыт систематического изложения» деген алғашқы екі мақалалары осы қозғалыстың жоспары, мәтіні ретінде жарық көрді. 1923 жылы П.П. Сувчинский, П.Н. Савицкий және князь Н.С. Трубецкойдың редакциясымен мерзімсіз басылым «Евразийский временник» жарық көрді. Монографиялық еңбектер мен мақала жинақтарынан басқа, олар Берлин мен Парижде «Евразийский временник», Прагада «Евразийская хроноика» деген тақырыптық жинақтарды, ал 1920 жылдардың екінші жартысынан бастап Францияда «Евразия» атты газетті шығара бастады. Осылайша олар София, Прага, Берлин, Белград, Брюссель, Харвин және Париж қалаларында қозғалыс орталықтарын орналастырып, белсенді түрде бастап және лекциялық насихат қызметіне кірісті. Қозғалыстың өкілдері мен жақтастары еуразиялық ұйымды бекітіп, одан кейін саяси партияға айналуға талпыныс жасады. Еуразияшылдар алғаш таныла бастаған кезде оның тарихи тамырын қазбалап, табуға тырысқан бақылаушылар да болды. Еуразияшылдарды сынағандар оларды белгілі біреулерден қалған деп білді. Еуразияшылдықтың өз алдына жеке ағым ретіндегі мәні оның Ресей тарихи тағдырының мәселесін жинақы түрде қойғандығында болып табылады. Еуразияшылдық төңкеріс дәуірінің апат пен күрт өзгерістерге ұшырайтынын анық көрсетіп, тек саяси құрылыс емес, сондай-ақ төңкерістің алдындағы орыс қоғамының барлық мәдени түп негізінің де қирау мүмкін екендігін ескерткен еді. Осы идея жайлы: «Ол орыс ұлттық санасының орыс төңкерісіне

творчестволық тұрғыдан жауап беруге талаптану болып табылады» - деп жазды еуразияшылдықтың негізі идеологтарының бірі П.Н. Савицкий [43, 93 б.].

Батыста жүріп туған елдің ерекше тарихи миссиясы бар екендігін көрсетуге талпынған еуразияшылдардың пікірінше, эмиграция орыс мәдениетінің таралуы мен танытылуына, оның әлемдік деңгейге дейін өсіп, кеңейтуге күш-жігер жұмсайды деп білді. Осындай жағдайда қалыптасқан еуразияшылдықтың белгілі бір дәрежеде қуат беруші күш деуге болады. Себебі, бүкіл софиялық еуразияшылдар 1890 жылдардағы ұрпақтың өкілдері еді, олардың балалық шағы мен кәсіпқой болып қалыптасуы Ресейде өтті де, ес жинап, ақыл тоқтатқан шағында қудалауға ұшырады. Еуразияшылдар орыс төңкерісін өздеріне дейінгілердің қателігі деп есептеді. П. Струве, А. Кизеветтер, П. Бицилли, Н. Бердяевтар еуразияшылдық идеясына өте сақтықпен, сенімсіздікпен қарап, еуразияшылдықты сынаушылар қатарында болды [43, 93 б.].

Еуразияшылдық идеясы эмигранттар арасында үлкен беделге ие болды. 1917 жылғы төңкеріс пен Азамат соғысының қиыншылықтарын көргендер болашақтан жақсылық күнін күтіп, оған жеткізетін идеология қажет екендігін сезінген еді. Еуразияшылдар өздерінің бүкіл еңбектері мен әдебиеттерін эмиграциядағы жастарға арнады. [43, 93 б.].

Қорыта келгенде, XX ғасыр басында Ресей империясының қиын-қыстау заманындағы өтпелі кезеңінде мемлекеттің болашағы үшін эмигранттық зиялы қауымның арасында пайда болған «еуразияшылдық» идеясы нақты тарихи сипаттарға ие болған құбылыс деуімізге болады. Ғасыр басында пайда болған бұл идея алғашқа кездің өзінде орыс эмиграциясының арасында еуразияшылдардың көптеген мақалаларына қатты қызығушылық туып, маңайына көптеген жастарды біріктіре алды. Мұның себебі оларды толғандырған негізгі мәселе Ресейдің болашағы еді. Еуразия идеясы елдің қиын, қисынсыз өзгерісті дәуірінде қайта дамиды. Бұл идея жаңа ерекшеліктерді қалыптастырып, кең көлемді ақыл-ой, ақылдың ғылыми құрылымына ие, әлеуметтік-тарихи процестерді өз заманындағы шынайлықпен тарихи қалыпында түсініп, байқайтын адам санасында қалыптасады.

Еуразияшылық идеясы ұлттық мәдениеттің даму маңыздылығын, әрбір ұлт пен халықтың бірегей ерекшелігін, халық өміріндегі жеке жоғарғы ұлттық идеяның және дербес тамаша теңдесі жоқ дамудың рөлін атап көрсетеді. Еуразия дүниесіндегідей тарихи ерекшеліктерін түсіну еуразиялық ұқсастықтың қалыптасу өзгерісін ұғыну болып табылады. Жалпы Еуразиялық ұқсастыққа тек тарих пен мәдениетті зерттеумен өзін-өзі тану арқылы жетуге болады. Өзін-өзі тану адам не халыққа оның өмірдегі шынай орнын көрсетіп қана қоймайды сонымен бірге оған әлем ортасы еместігін тек өзін субъект ретінде тану емес аталғандардың ешбір орта не жоғары саты еместігін аңғартады. Еуразиялық ұқсастық немесе еуразиялық ұлтшылдық әлеуметтік психологиялық деңгейде Еуразия халқының бірлігін нығайта түсуге мүмкіндік береді.

Дегенмен XX ғасырдың басындағы еуразияшылдардың ойларының уақыты өтіп, оның кейбір тұжырымдары қазір сынға алынуда. Комунистік идеологияға

қарсы шығып, оның күйрейтінін дәлелдей білген еуразияшылдарға сол кезде ешкім көңіл бөлмеген еді, бірақ олардың айтқан болжаулардың көбі шындыққа айналуда. Өйткені ХХ ғасыр соғында жаңа қырынан көріне бастаған қазақстандық еуразияшылдық идеясы Еуразия территориясын мекендейтін халықтардың өзара түсіністікпен үнқатысып, ынтымақтастықтың артуына өз үлесін тигізіп отыр.

1.2 Еуразия идеясы мәселесінің категориялық қорлары

1917 ж. большевиктер төңкерісінен кейін бірқатар орыс ақсүйектері мен ғалымдар батыс елдеріне зорлықпен қоныс аударуға мәжбүр болған. Олар батыста топтасып түрлі семинарлар мен лекциялар ұйымдастыра бастады, қаржы қорын құрып, Берлинде, Парижде және Брюссельде баспа органдарын құрып, баста Ресей империясының тарихына байланысты, сонан соң еуразиялық концепцияларын ұсынып, нәтижеде «Еуразияшылдық» идеясын дәріптеуді жөн көрді. Осылайша олар «еуразияшылдық» мектебін құрып, арнайы ғылым саласының негізін қалаған болды. Осы бағыт бойынша жұмыс істеген әрбір эмигранттың өзінің концепциясы мен саяси ұстанымы болғандықтан, «Еуразиялық идеяның» категориялық қорлары пайда болды. Осының негізінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары орыс эмигранттарының арасында кеңінен таралған қоғамдық-саяси және идеялық «Еуразиялық» қозғалыс басталған-ды. Орыс еуразиялығы идеяларының негізіне қарап, оның қажетті және қажетсіз тұстарын ой елегінен өткізе сараптап, бүгінгі ахуалмен екішелеп, қайсыбір идеялық жағынан зиянды ой пікірлерге баға беру өзекті мәселелердің қатарына жатады. Сондықтан бұл бөлімде нақты орыс эмигранттары мен бүгінде осы тақырып бойынша жұмыс жасаған ғалымдардың еңбектері және материалдары негізінде «Еуразия» идеясының негізгі критерийлер мен категориялық қорларын ашуды жөн көрдік.

Мемлекеттің болашағы мен оның дауында жаңа жол табуды көздеген орыс эмиграциясының өмірге келтірген еуразияшылдық идеясы бүгінде тарихқа айналып отыр. Соңғы уақытта президенттер, саясаткерлер «еуразиялық кеңістік» жайлы жиі-жиі мәселе қозғап, көптеген жерлерде еуразиялық орталықтар мен комитеттер ашылып, Еуразия институттары, оның баспасөз органдары құрылып, еуразиялық көзқарасты насихаттау жолға қойылып отыр.

Әрбір идеялық ағымның негізі оның идеялық-теориялық бастау мен әлеуметтік-тарихи себептері өзара тығыз байланысып жататындығы белгілі. Орыс еуразиялығының қалыптасуына себеп болған 1904-1905 ж.ж. орыс-жапон соғысы мен 1905-1907 ж.ж. алғашқы орыс төңкерісі деуге негіз бар. Оған қоса, бірінші дүние жүзілік соғыс орыс зиялы қауымының батысқа деген көзқарасын өзгертіп, олардың шығысқа бұл жолы басқа көзбен бет бұруына тікелей әсерін тигізді. Еуразияшылдар тобының басым көпшілігі негізінен 1917 ж. Ақпан және Қазан төңкерістерін қабылдаудан бас тартқан орыс зиялылары еді [44, 36 б.].

Азамат соғысындағы жеңілістен кейін Ақ Армия құрамындағы едәуір шығармашыл және ойшылдардың бір бөлігі арасында 1917 жылғы революцияның себебі мен салдарының мәнін түсіну мәселесі туындады.

Эмигранттық ойшылдар кездейсоқ төңкерістің куәгерлеріне айналды, бұл әрекет қорқынышты түс сияқты өтіп кетеді деп болжаса, ал басқалары монархияның құлайтындығы сөзсіз екендігі, бірақ құрып біткен құрылыстың орнын басатын Батыс еуропалық демократияны көшіретін капиталисті экономикалық құрылыс негізімен парламенттік республика орнайды деп санады, ал үшінші шағын топтағылар Ресейде орын алған терең тарихи себептерді анықтауға ұмтылып, экономикалық, саяси, идеологиялық аспектілерде әдеттен тыс қорытындыға келіп, үзілді-кесілді монархист, реакционер, либералды конституцияшылардан бөлініп кетті. Дін мәселесіне ерекше, большевизмге жақын үшінші бағытты дұрыс деп шешті. Жаңа бағыт «еуразияшылдық» деген атауға ие болды [69, 31 б.].

Жаңаша ойлау мен өмірдегі жаңаша бастаманың өкілдері ретінде қалыптасқан еуразияшылдар соңғы онжылдықта бастан кешкендерді, өмірдің мәнін айқындайтын мәселе мен қарым-қатынастарға жаңа көзқарас негізінде жұмыс істейтін қайраткерлер тобы еді. Олар өздеріне дейін үстемдік еткен көзқарастар мен өмір құбылысын түбірімен қайта құруға да жаңа бір қырынан келіп, өзінше дүние таным қалыптастырды. Сонымен бірге еуразияшылдар бүкіл әлем жайлы жаңа географиялық және тарихи түсінік қалыптастырып, өздері оған «еуразиялық» деп атау берді. Оның мәні, көне әлемнің құрамдас бөліктері- «Еуропа» мен «Азиянының» шекаралық аймақтарын шартты түрде «Еуразия» деп қарастыра отырып өз аттарын осыдан шығарды. Еуразия идеясы олардың еңбегінде ғылыми және философиялық негіздеуге ие болды, белгілі бір дәрежеде нақты ғылыми материалмен бекітілген ережемен байланысты теориялар, жүйелер мәртебесін қалыптастырды. Еуразияшылдықты дүниеге жаңа көзқарас, доктрина, жаңа тарихи-философия және мәдениеттің жаңа антологиясын дүниеге әкелген қоғамдық-саяси қозғалыс деуге болады. Еуразияшылдық - идеологиялық ағым ретінде қалыптасқны анық. Дегенмен, еуразиялық доктринаның мәні мен шынайы мағынасын анықтауда көптеген зерттеушілер қиыншылықтарға тап болды. Бұл ағымның өкілдері өз заманының салауатты ойшылдары, өте білімді болғанымен, осы бір үдемелі идеяны дүниеге келтірушілердің көпшілігі большевиктер билігіндегі туған жерінен шеткері жерге кетуге мәжбүр болған, бірақ туған мәдениетінен қол үзбеген эмигранттар еді [60, 52 б.].

София еуразиялық қатысушылардың әңгімелері мен пікірталастарының нәтижесі болған «Исход к Востоку» жинағы белгілі лингвист, Прага лингвистік үйірмесін ұйымдастырушыларының бірі Н.С. Трубецкой, сондай-ақ П.Б. Струвенің шәкірті әрі аспиранты географ, экономист П.Н. Савицкий, діндар Г.В. Флоровский, музыканттанушы П.П. Сувчинскийлерді бір арнаға тоғыстырды. Еуразиялық қозғалыстың бастау алуына негіз болған «Исход к Востоку» жинағы оған қатысушылар пікірлерінің әртүрлі екенін байқатады. Бұл жинақта еуразияшылдар Ресейді қалай «емдей» аламыз, мемлекеттік құрылыста ма, жоқ әлде православиелік рухты жандандыру керек пе, Шығысқа бет бұрудың қажеттілігі неде деген мәселелер қозғады. Еуразияшылдарды үнемі толғандырып отырған негізгі мәселе еуразияда бір орталыққа бағынған күшті идеократиялық мемлекет құру және Шығысқа жөнелу идеясы еді [70, 30 б.].

Еуразияшылдар Ресейдің батыстың бір бөлігіне жатқызбай, керісінше оның батысқа қарсы болғанын алға тартқан. Ал православие «Еуразияшылдық» пен «орыстың» болмысына айналған. Оның дәлелі ретінде Ресей империясының отарлаған аймақтардағы жаппай шоқындыру саясатын келтіре аламыз. Мәселен, И.Н. Ильмискийдің мұсылман халықтарын шоқындыру саясаты аясында мұсылман халықтарының болмысын зерттейтін арнайы комитеттің құрылуы. Осының нәтижесінде бастапқы кезде «Еуразияшылдық» отар әкімшіліктің өзге ұлттырды өзіне кіріптар етумен шектелген. Сонан соң тұтас идеяға айналған. Өз ілімдерінің атауын түсіндіре келіп, еуразияшылдар оның «Еуропа» және «Азия» сияқты географиялық атау сөздердің жәй ғана үндесуінен шықпағанын орыс халқы мен «Ресей әлемі» халықтарының, еуропалықтар да емес, азиялықтар да емес, нақ еуразиялықтардың айрықша өркениетті, табиғи және әлеуметтік байланыстарының бір-біріне кірігу өрісі ретінде түсіну қажеттігін айтады. Географиялық тұрғыдан жер бетінің бұл бөлігі «континент-мұхит» шамамен Ресей империясының соңғы жылдарындағы шекараларымен үйлесе келеді. Еуразияшылдардың пайымдауынша, сапалық тұрғыда еуропалық және азиялық өркениеттен ерекше, өзіндік қайталанбас тарихы мен мәдениеті, осынау ұлан-байтақ өңірді мекендеген халықтарға тән ділі бар бірегей өркениет дәл осында қалыптасқан болатын.

Еуразияшылдыққа әсер еткен ғылыми және саяси бағыттағы ғалымдар Вл. Соловьев, А.П. Щапов, В.О. Ключевский, П.Б. Струбе, Н.А. Бердяевтар өз еңбектерінде осы идеяның сан салалы мәселелерін жан-жақты талдап қарастырды. Еуразияшылдардың негізгі еңбектері Батыста жарық көрді. Еуразияшылдықтың алғашқы зерттеулері деп Н.С. Трубецкойдың 1920 жылы Софиядан шыққан «Еуропа және адамзат» атты кітабын атауға болады. Кейіннен еуразиялық доктринаның: «Исход к Востоку», «Предчувствия и свершения» (София, 1921 ж. 1 кітап), «Евразийство. Опыт систематического изложения» (Париж 1926 ж.) атты еңбектері мен зерттеулері дүниеге келді. Еуразиялықтың белгілі өкілдерінің қатарында жоғарыда аталған Н.С.Трубецкойдан өзге П.П. Сувчинский, Г.В. Вернадский, В.Н. Ильин, Н.Н. Алексеев пен Л.П. Карсавин бар. Еуразияшылдарға Ф.М. Достоевский, Н.Я. Данилевский, Вл. Соловьев және К.Н. Леонтьевтің идеялары өз әсерін тигізді [44, 376.]. Сонымен қатар, оларға белгілі бір мағынада Батыс ойшылдары, оның ішінде Батыс өркениетін сынап, Еуропаның әлемнен географиялық бөлінуі еш ақылға қонбайтындығын О. Шпенглер өз еңбегінде көрсеткен [71, 146-147 бб.].

Еуразияшылдардың алғашқы еңбектері Кеңес Одағында да назардан тыс қалған жоқ. 1929 жылы Қызыл профессура институты «Марксизмнің ең жаңа сынына қарсы» дейтін жалпы тақырыппен шыққан еңбектердің жинағында жарияланған «Орыс эмигранттарының марксизмді сынауы» атты көлемді мақала еуразияшылдыққа арналып, ол «Еуропада болысып жүрген қалың тобыр ақ эмиграцияның неғұрлым оңшыл бөлігінің, сондай-ақ КСРО-дан қуылған неғұрлым кертартпа профессура бөлігінің» ағымы ретінде сипатталды [8, 6 б.].

Белгілі зерттеуші Л. Люкс: «Еуразияшылдық ілімнің аса тартымдылығы оның авторларының кәсіби деңгейінің жоғарылығына, олардың күмәнсіз

ғылыми адалдығына, шығармашылық ой-ниетінің кеңдігіне байланысты. Еуразияшылдық байыптамасын жасауға этнологтар, жағырапияшылар, тіл зерттеушілер, тарихшылар, құқықтанушылар және басқалар қатысты. Еуразияшылдықты дүниежүзілік екі соғыс аралығында Еуропада пайда болған өзге идеологиялардың басым көпшілігінен алабөтен ерекшелендіретін осы» - деп атап көрсетті [72, 59 б.].

Еуразиялықтың алғашқы көтерген басты мәселелерінің бірі - Батыс пен Шығыс және онымен тығыз байланыстағы православие мен католицизм. Батыстың ең ұлы жетістігі - ғылым мен техника. Алайда, еуразияшылдардың ойынша, бұл жетістік дін мен ізгіліктің жұтандығына алып келді. Ізгілік пен дінді экономика қанауда. Гуманизм де экономизммен қатар орнында тұр, себебі ол адамды құдайдан бездіріп, тек күйкі тіршіліктің бұғауымен шырмалап тастады. Сонымен қатар рационализм (парасаттылық) да Батыстың күнәсі. «Батыс Еуропалық әлемді Шығыстық әлемнің ауыстыратынына ешбір күмәніміз жоқ» дейді олар [44, 38 б.]. Дін жөнінде мәселе қозғай отырып, еуразияшылдар, Батыс роман мәдениетінің негізгі католицизм екендігін және осы діннің орталық идеясы күнә мен қылмыс маңына шоғырланғандығын атайды. Ал, «Еуразия» мәселесі еуразияшылдардың көтерген екінші өзекті мәселесі болып табылады. Олардың пікірінше, Батыс Еуропа, Шығыс Азия деген бөлулер шындыққа жанаспайды. Еуропа мұхитқа шығар жолы бар - Батыс Еуропа. Азия - Азияның Оңтүстігі мен Шығысы (Қытай, Үндістан, Шығыс Сібір т.б.). Ал Еуразия болса, ол Еуропаның континенталды бөлігі мен Азия. Дала, Еуразиялықтардың ойынша Еуразияның жүрегі де, басты тірегі де. Даланы кім билесе - бүкіл Еуразияны сол билейді. Мұны кезінде Шыңғысхан қандай сәтті шешкен болса, Ресей империясы да осы бағытта, КСРО-да осы бірігу миссиясының жемісі болып табылады [44, 38 б.].

Большевизм орыс-еуразия халықтарының болмысына жат атеизммен бірге Батыстан келген. Осыған қарамастан еуразиялық геосаяси сана Кеңес өкіметі жалдарында да көрініс тапқан. Себебі коммунистік тарихнамаға назар аударсақ, КСРО құрамындағы халықтардың санасына сатылы түрде тұтастық идеологиясы сіңіріліп тұрған. Ол тұтастықтың астарында орыстық рухқа малынған коммунистік идеология жатты. Алайда географиялық аймақты тұтастай алатын болсақ, халықтар ешбір кедергісіз осынау территорияда өзара ынтымақта өмір сүрген. М.Қ. Әбусейітова тұтас империяның ыдырау үрдісі мен төл тарихымызға тигізер кері әсерін былай келтірген: «Тәуелсіз мемлекеттердің егемендігі Орталық Азияның тұтас тарихын бір-бірінен ажыратып жіберді. Бұл жағдай мәдени-тарихи мұраны мистификациялау мен этностарға бөлшектеуге мұрындық болды» [28, 3 б.]. Бұл жағдайдың дәлелі ретінде жуырда болып өткен Қырғызстандағы қырғыз-өзбек қақтығыстарын айта аламыз.

Еуразияшылдық 1920-шы ж. орыс эмигранттарының арасында идеялық бағыт ретінде қалыптасқан болатын. Бірінші дүниежүзілік соғыс пен Ресейдегі революциядан туындаған шиеленісті де апатты жағдайдағы өзгерістерге байланысты отанынан қол үзіп қалғандардың тағдырында қуғындалушылар үшін оның мәнін сезіну мен түсінудің қуатты күші болды. Большевизмді қарудың күшімен қиратудың мүмкін еместігі 1920 жылдың ақиқатына

айналғандықтан, оны рухани жағынан жеңу міндетін қою айқындала түсті. Мұндай жағдайда ескі идеялық көзқарастар жеткіліксіз еді, оны түбегейлі жаңарту қажет болды. Мұндай жаңарудың ұмтылысын еуразияшылдар жасаған еді. Олар революция фактілерін мойындай отырып, оның себептерін түсінуге ұмтылыс жасап, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын қарастырды. Жаңа бағыттың алғашқы жарияланымы 1921 жылы Софияда «Исход к Востоку. Предчувствия и свершения. Утверждение евразийцев» деп аталатын мақалалар жинағы болатын. Оның авторлары экономист әрі географ П.Н. Савицкий, лингвист әрі этнограф Н.С. Трубецкой, философ әрі дінтанушы Г.В. Флоровский, өнертанушы П.П. Сувчинский еді. Бұдан соң «На путях» деп аталатын екінші кітап шықты. Содан соң «Евразийский временник» деп аталған мерзімді емес басылым жалғасты. Басылымға қатысушылар құрамы өзгерді. Бағыттың негізін қалаушылар қатарына тарихшы Г.В. Вернадский, тарихшы және философ Л.П. Карсавин, құқықтанушы Н.Н. Алексеев, әдебиеттанушы Д.П. Святополк-Мирский және тағы басқалар қосылды. Еуразияшылдық басылымдарға қатысқан кейбір авторлардың (П.М. Бицилли, А.В. Карташева, М.В. Шахматова) бұл әрекеті кездейсоқ немесе уақытша сипат алды. Дегенмен, тұтас алғанда, жаңа дүниетанымдық көзқарасқа орыс эмигранттары үн қосып отырды. Еуразияшылдыққа қатысты өткізілген лекциялар мен семинарлар, «Евразийская хроника» мен «Евразийские тетрады» басылымдарында жарияланған мақалалар оларға әсер етпей қалған жоқ. С.С. Аверинцев дәл аңғарғанындай, 20-жылдардың ортасында олар философиямен және саясатпен шұғылданудың қауіпті шегіне дейін барып, содан белгілі бір деңгейдегі саяси мақсаты бар және ұйымдастырушылыққа әрекеттенуден туындаған қозғалыстық сипатқа қол жеткізді [73, 225 б.]. Сонымен қатар қозғалыс құрамының үнемі кеңейіп және өзгеріп отыруы оның бөлінуіне де әкеліп соқты. Және сондай-ақ, еуразияшылдардың арасына ОГПУ агенттерінің енуі олардың арасындағы шиеленісті ушықтыра түсті. «Евразия» газеті де осы бағытқа қатысушылардың арасындағы бұрыннан жинақталған пікір қайшылықтарын ашуға түрткі болды. Мұны 1928 жылдың аяғында париждік топтың өкілдері ұйымдастырған еді. Редакциялық коллегия құрамына Л.П. Карсавин, П.П. Сувчинский, П.Н. Малевский-Малевич, Д.П. Святополк-Мирский, С.Я. Эфрон, П.С. Арапов, В.П. Никитин, А.С. Лурье кірді. Ашық большевиктік реңк алған газетке наразылық білдірген Алексеев, Савицкий, Ильин о баста өздері араласқан басылымнан қол үзетіндерін мәлімдеді. Қозғалыстың бар жүгін көтеріскен Н.С. Трубецкой да 1930 ж. одан кетуге мәжбүр болды.

1930-шы ж. басында қозғалысқа жаңа күш беруге ұмтылған еуразияшылдық идеологияны жақтаушылардың ұйымдастырған съезі мен белсенді жарияланымдық қызметтері өзінің күткен жемісін бере алмады. Біртіндеп, соғыс алдындағы онжылдықтың соңында ол өзінің өмір сүруін мүлдем тоқтатқан еді.

Еуразиялық концепцияны қалыптастырудың басталған тұсы о баста еуропалық мәдениеттің әмбебаптық сипатына қарсы пікір айтушыларға бағытталған еді. Н.С. Трубецкой «Исход к Востоку» шықпай тұрғаннан бұрын, «Европа и человечество» атты шағын кітапшасында еуразияшылдардың

жұмысының одан әрі дамуына септігі тиген бірқатар идеяларды айтқан болатын. Бәрінен бұрын ол бөтен еуропалық емес халықтардың олардың еуропалық мәдениетке жақындауы автохтон (байырғы) мәдениетіне қауіпті екенін, оларды шығармашылық күш-қуатынан айыратынын атап көрсеткен еді. Роман-германдық халықтардың дамыған мәдениетінің әмбебаптығына наразылығын білдірген Н.С. Трубецкой оны негізінен айырылған деп есептеді. Әрбір мәдениет өзіндік құндылығын көрсетеді және ол басқалармен салыстырғанда төмен немесе биік болып қарастырылмайды. Сондықтан да міндетті дұрыс қоя білу әлдебір озық саналған халықтармен емес, өзін-өзі танумен өлшенеді. Еуразияшылдар Еуразия кеңістігіндегі нәсілді өздерінше былай түсіндірді: «Біз славян да, тұрандық та емес екеніміз даусыз, біз орыстармыз», - деген болатын [58, 357 б.]. Бұл жөнінде Н.С. Трубецкой орыстарды Ресей әлеміндегі басқа халықтар тағдырынан бөлек немесе жеке алып қарауға болмайтындығын ескертеді. Ол: «Бізді жаратқан және қоршаған мәдениетпен, өмірмен біте қайнаса отырып, біз өзімізді еуразиялық деуден тайынбаймыз» - деп мақтанышпен айтқан [58, 316 б.].

Ресей империясы өз шекарасын Шығысқа қарай кеңейтіп, ол жердегі көршілес мемлекеттердің жерін бірінен соң бірін басып алып жатқанда еуразияшылдар мұны империалистік жаулап алу соғыстары емес деп түсіндірді. Бірақ бұл жерде еуразияшылдар қателік жіберген болатын. Еуразияшылдар үшін Шығыстың мәні өте зор болды. Роман-германдық Батыспен бүкіл байланысты үзіп, өздеріне тән «Шығысқа» бауыр басқаны шындық, бұл орыс тарихындағы «тұран-татар» тұжырымдамасында көрініс тапқан болатын. Шығысқа бет бұруға А. Кизевет, П. Милуков, П. Рысс, П. Струбелер қарсы болғанымен, оны жақтаушыларда жеткілікті еді. Шығысқа қарай бет бұруға күмән келтірген еуразияшылдар әрдайым ұлыдержавалық орыс мемлекеттігі мәселесін ойдан шығармай, ескі Ресей империясының шекарасында эстетикалық Еуразия бірлігін құруға тырысты, сондай-ақ оның шекарасын Моңғолия мен қытайлық Түркістанды қосу арқылы ұлғайтуды көздеді [70, 31 б.]. Шын мәнінде осы тұжырымдамаға сәйкес мына дәлелді келтіре аламыз: «өздерін орыс деп санайтын шығыс славяндар, батыс славяндарға қарағанда, яғни чехтер мен поляктарға қарағанда түркі-мұсылман башқұрт халқына ұқсайды. Ал еуразияшылдар «тұран» сөзін Евразия халықтарына пайдаланған. Тұран тілдері өзара тығыз лингвистикалық ұқсас болып келеді. Орыс тілі болса серб-хорваттарға қарағанда чуваш тіліне жақынрақ» [3, 56].

Еуразияшылдардың Шығысқа алғашқы қарым-қатынасын Г.В. Вернадскийдің: «Біз Азиядағы жауласушы емеспіз, Еуразиядағы өз үйіміздеміз», - деген сөзінен аңғаруға болады [74, 21 б.]. Еуразияшылдардың Шығыс халықтармен тума-туыстық жайлы батыл ойлар айтқанымен, олар бүкіл азиаттық Ресей халқы орыстанып, православиелік болып қалмай ма деп қауіптенді.

Шығысқа қатысты мәселде еуразияшылдардың көзқарастары әртүрлі еді. Бірі Шығысқа қарай бет бұруға ынта-жігерімен қарсы болса, екіншілері оны қолдап отырды. Шығысқа байланысты еуразияшылдардың қарым-қатынасы ерекше болатын. Олар орыс қоғамының көз алдында, Ресейдің шеткері азиат

халқының жаңа көкжиектерін ашып, жаңаша көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік туғызды. Алғаш рет «Тұран» көшпелі әлемін Ресей тарихына енгізгендер қатарына қосылды. Олар осы тарихқа Ресей мен шығыс қарым-қатынастары, шығыс славян мен «тұрандықтар», «орман» мен «дала» призмасы арқылы қарағандар еді. Ендігі жерде Ресейдің азиаттық бөлімінің халықтары Ресей игерген кең-байтақ даланың тарихындағы белсенді, қозғалыстағы күшіне айналды. Еуропа мен Азияның қарым-қатынастары жайлы, Ресейдің өзіне тән ерекше жолы жайлы ойлап, жазып жүрген славянофильдер өздерінің Батысқа қарсы көзқарастырының болуына қарамастан, Шығысқа деген еуропацентристер болып қала берді. Еуразияшылдардың еңбектерінде әрдайым көшпелі әлеміне жақын тартып, сағынған сезімінің барлығы, Шығыс тілі, фольклоры, діні, көшпелілердің тарихына шынайы қызығушылығы болғандығы айқын байқалып тұрады. Шығыс Ресеймен біте қайнасып кеткен болатын, ол орыс рухани өмірінің ажырамас бөлігі десек те болады. Ресейдің ерекшелігін басқа еуропалық мемлекеттерге ұқсамайтындығын еуразияшылдар көрсетіп береді. Бұл Еуропа да, Азия да емес, өз алдына жеке, біртұтас, органикалық әлем. Ол славяндық пен Еуропадан шекара арқылы бөлінген, сондай-ақ Азиядан, жекелей алғанда, Қытай мен Үндістаннан да айрықша көрінеді [70, 31 б.]. Ресей мен Шығыстың арасындағы қарым қатынастың тарихи тамырының негізін ерте тайпалық мемлекетердің байланысынан бастау алатын П.Н. Савицкийдің «Поворот к Востоку» атты мақаласында Ресейдің Шығыспен тығыз байланысы туралы ойын былай жеткізген: «Русьтен тамырында хазар немесе қыпшақ, татар немесе башқұрт, мордова немесе чуваш қаны араласпаған адамды таба аласыз ба? Қарапайым орыс бұқарасы «Шығыстың жай халқын өзіне жақын тартатынын байқаймыз, православиеліктің көшпенділермен ағайындасуы Ресейді шындығында православиелік-мұсылмандық, православиелік-буддистік елге айналдырды» [70, 31 б.]. Ресей қоғамының дамуы мен сипаты жайлы мәсемен айналысушы орыс тирихи ғылымының классиктері уақыт өте келе азиаттық тенденциясы бел ала бастағанын байқаған болатын. Ключевскийдің сөзімен айтқанда, Ресейді Еуропа мен Азияның арасындағы жалғастырушы көпір мемлекет ретінде қарастырды [74, 18 б.].

Ресейдің Шығысқа қарай аяқ басуын П.Н. Савицкий Ресейдің болашақтағы империя ретінде дамуы ретінде болжаған болатын. Бірінші дүниежүзілік соғыс орыс зиялы қауымының батысқа деген көзқарасын түбірімен өзгертіп, олардың Шығысқа бұл жолы басқаша көзқарас қалыптастыру қажет екендігін түсіндірді. П.Н. Савицкий Ресейдің шығысқа қарай қозғалуында орыс этносының ерекше ролі болғанын, оның жоғары мәдениет мысалын көрсете отырып, басқа халықтар үшін ұлттық бірлік пен ұлттық қауіпсіздік негізін қалағанын ерекше атап көрсеткен [75, 90 б.]. Н.А. Бердияевтің ойларының П.Н. Савицкийдің кейбір ой-пікірлеріне жақын келетіндігін оның Ресей империализмінің ұлттық дінгегі ретінде Великоруси тайпасын алуынан білуге болады [76, 114 б.].

Еуразияшылдардың концептуальдық тұрғыдан жасалуы үшін оны мекендеген жергілікті халықтың «даму орны» ретіндегі Еуразия түсінігі қалыптасты, демек, осы бағыттың негізін салушы да сол болып табылды. Жеке Еуропа мен Азия арасындағы орта жағдайын алып жатқан Еуразия құрлығы

мұнда тұратын халықтардың тұтас шаруашылығын, мәдени және саяси дамуын қамтамасыз ететін, оны «мұхит-континентке» айналдырған табиғи-климаттық ерекшеліктерге өте бай. Еуразияның ұланғайырлығы мен кең байтақ далаға ұласуы олардың этнопсихологиялық ортасының ерекшеліктері ықпалымен діни көзқарастары, таным-түсінігі, тілі арқылы қалыптасқан тарихи тағдырларының ортақтығын білдіріп, айқындайды. «Еуразияның жазық табиғи жаратылысы, - деп жазылған еуразияшылардың бағдарламалық мәлімдемесінде, - оның топырағы және, әсіресе, орыс ұлысы мол тараған кең алқапты даласы еуразия мәдениетінің шаруашылық-әлеуметтік процесін айқындайды. Мұның бәрі - еуразиялық психологиялық әдет-ғұрыптың негізгі белгілері - әлеуметтік-саяси өмірдің негізгілігін ұғынуға және табиғатпен, «құрлықтық» пәрмені, «орыстың кеңдігі», тарихи құламайтын формасының белгілі шарттылығы, шексіздіктегі «құрлықтық» ұлттық өзіндік таным-түсінігі, патриотизмнің жетіспейтіндігі мүмкін сияқты көрінетін еуропалық көзқарастар үшін, яғни еуропалық патриотизм - бізді кері қайтарады. Еуропалық дәстүрлілік өзінің негізгі стихиясы мен тенденциясына адалдығы және оның күшінің беріктігі мен алаңсыз салтанат құратындығына сенімділігі болып табылады» [58, 34-35 бб.].

Еуразияшылдардың ұйғарымы бойынша Ресейді Еуразия сияқты орасан үлкен деп түсіну оның тарихындағы ерекше көріністермен сәйкестенеді. Олардың тарихи концепциясы тұтас еуразиялық мемлекет құруға әрекеттенуге рұқсат етілген «орман» мен «дала» күресінен тұрады. Оның үстіне Вернадский, Савицкий, Трубецкий Ресей-Еуразия бірлігін құру кезеңін Киев Русімен емес, Батыстың идеялық және әскери қауіп-қатері жағдайында православиелік дінін сақтау арқылы мемлекеттік құрылысы жағынан маңызды орын алған Шыңғысхан империясымен байланыстыру керектігі туралы ойды айтқан болатын. Оның тікелей мұрагері Мәскеу мемлекеті болды. «Бұл, Солтүстік-шығыс Русінен табиғи өсіп шыққан және өзінің тұтас аяғынан тік тұрғанына дейінгі қалыптасуын Александр Невскийдің кезінде татар езгісінен қорыққандықтан өзінің католиктендіретін ежелгі Православие дініне адалдығы арқылы шешкен Мәскеу мемлекеті болатын. Енді моңғолдардың орнын басып, өздеріне олардың мәдени-саяси мұрасын қабылдаған» [58, 38 б.]. Осылайша, еуразияшылдар көшпелі халықтарды орыстың тарихи процесінің көрнекті субъектісі ретінде қарастырды, ал татар езгісінің бұл мәселеге қатысты маңызы бар екендігі де мойындалды.

Еуразия территориясында мекен еткен славяндар мен тұран халықтары арасындағы қарым қатынас ежелден қалыптасып, олар бір-бірімен аралас-құралас тіршілік еткен. Еуразияшылдардың ойынша славяндықтар Батысқа қарағанда Шығысқа өте жақын деп біледі. Олардың пікірі бойынша XIII ғасырда орыстарды моңғолдардың жаулап алғаны дұрыс болған. Себебі татарлар олардың діндеріне түсіністікпен қарап, қолдарын сұқпаған, ең бастысы, бұған дейін өзара қырқысып жатқан орыстардың болашақ мемлекеттілігінің іргесін қалауға елеулі үлес қосты. Орыстар татарлардан мемлекеттік құрылыстың әкімшілік, әскери іс, қаржы жүйесінен бастап, хат-хабар жеткізу тәсілдеріне дейін қабылдап алды, өз керегіне жаратты. Ал, осылардың ішіндегі ең құндысы болған ол мықты мемлекеттік идеясы еді [44, 38-39 бб.].

Еуразияшылдар татар-монғолдармен бірге орыс ұлтының тарихында жаңа дәуір басталды деген пайымды алға тартады. Шындығына келгенде, Куликова шайқасынан нәтижесінде татар үстемдігі жойылған жоқ, бар болғаны Орда ханының билігі бейбіт жолмен Мәскеуге көшті. Мәскеу патшасы - сол ханның өзі, өйткені билік түрі татар-монғолша. Осы тұрғыдан қарастырғанда еуразиялықтар Ресей тарихын екіге бөліп қарастырады. Ол «Петрге дейінгі» және «Петрден соң» деп бөлінген болатын. Әрине Петр Ресейді Батыс үлгілік әскери державаға айналдырды. Дегенмен, ол оны орыс қоғамының «жоғарыдағыларының» орыс мәдениетінен қол үзуі арқылы жүзеге асырды. Осы кезеңнен бастап «жоғарыдағылар» мен «төмендегілер» арасындағы қайшылықтар тарих сахынасына шығып, мұның өзі кейіннен болашақ түрлі төңкерістерге ұйытқы болды. Шынында да «төмендегілер», негізінен, Шығысқа бұра тартса, «жоғарыдағылар» Батысқа тамсана көзін тігеді [44, 39 б.]. Ресей моңғол үстемдігін дінін сақтау арқылы ғана төтеп бере алды деген түсінікті орыс ғалымдары бірқатар еңбектерінде ағақтаған. Әрине, мұнымен келісуге болады. Себебі моңғолдар жаулап алған жерлерінде діни дербестік жариялайтын. Моңғолдардың діни саясаты орыстарға мүлдем қауіп төндірмеген, керісінше христиан дінінің католиктік тевтон және ливон рыцарьлары минсионерлік фанатизм арқылы Ресейге үлкен қатер тігеді. Мәселен, Даниил Галицко-Волынский моңғол билігіне төтеп беру мақсатында Рим папасының көмегіне сеніп, орыстарға қауіп төндірген. Оның мұндай стратегиялық ұстанымы Еуразиялық құрлықта католиктік ағымның таралуына мұрындық бола жаздады деп орыс ғалымдары еңбектерінде жазады [77]. Осыған қарамастан ХҮІ ғ. Мәскеу княздігі сатылы түрде жаулап алған Еділ-Орал төңірегіндегі татарларды православие дініне кіріптар ету саясатын жүзеге асырды. Православие дінін қабылдамаған татарларды зорлықпен шоқындырды. Сонан соң өз әскерлер құрамына қабылдаған татар бірліктеріне Ливонияға қарсы соғыста пайдаланды. Ал ІҮ Иван тұсында отарланған Қазан мен Астрахан хандықтарынан соң, Ресейдің еуразиялық геосаяси ұстанымы күшейіп, батыс пен шығысқа бағытталды. Осы тұстағы Ресей империясының отарлық саясатын орыс ғалымдары басқыншылық немесе империалистік мақсатта жүзеге асты деген пікірді жоққа шығарып, оның заңды үрдіс екендігін дәріптеуді жөн көреді. Әрине, мұнымен келісуге мүлдем болмайды. Себебі, ХҮІ-ХІХ ғ. екінші жартысы аралығында Далалық өлкедегі геосаяси жағдай екі үлкен күштер, яғни Қытай мен Ресейдің арасында қалып, батыстық даму жолына ере алмаған. Ал Ресей империясының айла тәсілдері саясатының арқасында империалистік мақсаттар толықтай жүзеге асқан. Бүгінгі таңда тарихи құбылыстарды сараптау немесе оған ғылыми баға берілу қажет. Дегенмен, өткен тарихи сабақтастықа үніле отырып, келешекті болжамдаған жөн. Бұл Еуразияшылдықтың отарлық категориясына жатады.

Қазіргі католиктік батыстық эмигранттық интеллектуалдар «Еуразияшылдық» концепцияны өз тұрғыларынан зерделеп, оның әлсіз жақтарын іздестіреді. Бұл, әрине, батыстық және кеңестік консенсус болып табылады [78]. Олар еуразияшылдықтың географиясын, этнографиясын, лингвистикасын, саясаты мен тарихын жоққа шығаруға тырысады. Міне, осы

тұста «Еуразияшылдықтың» салыстырмалы категориясын, яғни тұтастық экономикалық идеясын атаған абзал. Себебі, қазіргі кезде отарлық саясаттың жүзеге асыру мазмұны мен өзегі тікелей жаһандық ұстаныммен байланысты. Ең бастысы идеяның әлсіз мемлекеттерге қарсы кері әсерін болдырмау маңыздырақ болып табылатын сынды.

Л.П. Карсавин Еуразия халықтарының мәдени бірлігінің теоретикалық негіздемесінде осы кезеңге сай «симфониялық тұлға» түсінігін қалыптастырған теоретикалық негіздемесінен шыққан «бәрібірлікте» концепциясы маңызды орын алды. «Жеке адамның тұлғалығы туралы көріністі қалыптастыратын батыстың рационалистік дәстүрінің айырмашылығы, - деп атап көрсетеді Л.П. Карсавин, - адамның шынайылығы оның қызметінің көптүрлілігімен және басқа адамдармен байланысынан ғана туындайды. Сондықтан жеке адам көптіктің симфониясы ретінде қарастырылады, ол мейлінше күрделі симфониялық тұлғалардың - әлеуметтік топтың, халықтың, мәдениеттің тұтас иерархиясынан шығады. Симфониялық тұлға өзінің жетілуін тек шіркеуде ғана жүзеге асыра алады. «Православиелік орыс шіркеуі эмпирикалық және шіркеу болып тұрған орыс мәдениеті болып табылады. Осы мақсат пен одан шығатын міндеттер орыс мәдениетінің бар екенін дәлелдейді. Орыс шіркеуі орыс мәдениетінің бар екендігін танытса, бұл барлық мәдениеттің мақсаты да осы» деген қараңғы ойын білдіреді [79, 136-143 бб.].

Эмигранттар арасында еуразияшылдық әртүрлі мағынада қабылданады. Эмигранттардың бір бөлігі жаңа идеялармен айналысты. Бірақ, олардың көпшілігі еуразияшылдықтың негізгі ережесіне сын көзбен қарады. Сынды өрістетудің өзі Ресейдегі қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын қарастырғандары еді. Мұның соңы олардың оппоненттерінің саяси күрестегі мәнін жоққа шығаруға әкеліп соқты. Монархистер революцияға дейінгі тәртіпті қайта жаратандыруға қарсы шығып, еуразияшылдарды мойындамаса, ал батыстық бағыт-бағдарды сынаған либералдар олардың көзқарастарынан өздерінің жеке идеалдарына қауіп төнетінін байқады. Еуразияшылдар батыстық үлгіде дайындалған парламенттік модельді Ресейге ұсынған либералдардың әрекетін сәтсіздік деп бағалады. Сондықтан да еуразияшылдарды сынағандардың арасында П.Н. Милюков пен А.А. Кизеветтер болды. Ресей-Еуразияның Батысқа қарсы қойылған тарихи дамудың мойындалған әмбебап заңдарын Милюков қабылдай алмаған еді [80, 56-57 бб.]. Кизеветтер де еуразиялық концепцияға осы позиция тұрғысынан келген болатын. Ол еуразияшылдықты «өзін жүйе деп елестеткен көңіл-күй» ретінде айқындап, оның психологиялық дәлелдерінің де, ғылыми мүмкіншілігінің де жоқ екендігін атап көрсетті. Ол жалпыадамзаттық құндылықтардың жоқ екендігі туралы сенімсіз пайымдауларымен анықталып, оның ақыры бірқатар тұтас дәлсіздіктер мен құрылысындағы қателіктерге ұрындырды. Шынын айтқанда, мұнымен бірге Кизеветтер ұлттық ерекшеліктердің негізінде әртүрлі мәдени көзқарас пен дүниетанымнан бастау алған өзара-дұшпандылықтардың жатқандығын еуразияшылдардың есіне сала отырып, жазған болатын. Мұның дәлелі ретінде Кизеветтер славяншылдықты жақтаушылар мен

еуразияшылдықты жақтаушылар арасындағы айырмашылықтарға арнайы назар аудартты.

Еуразияшылдықтың басында оған жақындасқандар үшін ХХ ғасырда қайта өрлей түскен діни кезеңнің өкілдері арасындағы қарым-қатынас мейлінше күрделі болды. Егер С.Н. Булгаков еуразияшылдықпен бірге олар православизм деп дәл атаған халықшылдықты жек көрушілік пен дінге прагматикалық көзқарастың қайта келгенін бірден көре білген еді [81, 41-43 бб.]. Ал Н.А. Бердяев бастапқы кезінде қозғалыстың даму сатысының жағымды жақтарын атап өтіп, өздеріне тән кейбір ортақтығына баға берді. Мұндай жағымды жақтары деп -олардың тұрпайылықты қалпына келтірулерді қабылдамауы, орыс мәселесін мәдени-рухани жағынан түсінуі, Еуропадағы мәдени монополияны жоғалтып аламыз ба деген сезімде болуы, Азия халықтарының тарихтың әлемдік ағымына келуіне сенгенін, және ең соңында, оның революциялық жолдағы сипатын айтуға болады. Алайда ол да еуразияшылдықтың оның жақтаушыларының дүниетанымына тамырын жайған зиянды да улы жақтарын көре білді. «Еуразияшылдар ұлтшылдықты түсінгенде реалистер де, ал адамзаттықты түсінгенде номиналистер, - деп жазады Н.А. Бердяев олардың көзқарастарындағы дүниетанымдық негіздерін анықтай отырып, бірақ шынайы бірлікті номиналистік ажырату арқылы өзің қалаған жерінде өз бетіңше тоқтата салуға болмайды. Егер адамзаттық немесе ғарыш шын нәрсе болса, сол сияқты басқалардың бәрі де рас нәрсе». Номиналистік көзқарастағы ең қауіпті нәрсе тілдік партикуляризмнің (азаматтықтың) пайдасы үшін христандықтан бас тартуға болмайтындығында деп саралайды ол. Кейіннен Н.А. Бердяев оны мемлекетті шіркеудің функциясы және органы деп түсіндіретін натурлаистік монизм деп анықтап, адам өмірінің барлық жақтарын ұйымдастыра отырып, бәрін тегіс қамтитын маңызын тауып алады. Адам рухының бостандығы мен шығармашылығы үшін кеңістікті қалдырмайтын мұндай «жетілген» мемлекеттік құрылымды құрастыруды Н.А. Бердяев «еуразияшылдардың этатистикалық утопизмі» деп сипаттады [82, 58-62 бб.]. Ол еуразияшылдардың эмоциональдық бағытының «шығармашылық ұлттық және діни түйсіктерде болатын апатқа» қарсы реакциясын орыс фашиміне айналуы мүмкін екенін байқады [82, 58-62 бб].

Қозғалыстың негізін салушылардың бірі болып табылатын Г.В. Флоровский алдында еуразияшылдардың оппоненттеріне сын айтқан болатын, бірақ мұнымен бірге соңғыларды қорғайтын міндеттерді қойған жоқ. Кейіннен ол еуразияшылдықтың маңызын өзінше түсіндіріп, оны «сұрақтары шын, жауаптары шын емес, шешімдері емес, проблемасы рас» - деп түйіндеді [51, 37 б.]. Революция фактілерін мойындай отырып және оларды тек рухани жағынан жеңудің қажеттілігінен пайда болған еуразияшылдарды енді ол ақтай бастады. Г.В. Флоровский мұндағы басты себеп тарихи қажеттілікке бағынудың әсерінен деп тұжырымдап, еуразияшылдардың әлеуметтік стихия алдындағы иілгенін көре білді. Еуразиялық санадағы тарихи процестің мұндай елесі бірігіп, билікке құмарланудың арманы болғанымен, сұмдық қорқынышты еді. Революцияның әлеуметтік жетістіктерін құтқарып қалуға жасалған

ұмтылыс соңы еуразияшылдарды жаңа бағыт, партия құру идеясына алып келген еді.

Орыс мәдениетінің өзіндік ерекшелігін еуразияшылдардың негіздемесінен қарастырған Флоровский олардың мәселеге морфологиялық жағынан келуінің өзіне тән атап көрсетті. Бәрінің бірігуінің түбіне жететін даму процесінің халықтың тарихына иілуге мойындауға алып келді. Ресей мен Еуропаны бөлуге әрекет жасау негізсіз, өйткені олар ішкі тұтас мәдени-тарихи циклдан табылып отыр. Еуразияландыру идеясы ұлттық мәдениеттің даму маңыздылығын, әрбір ұлт пен халықтың бірегей және ерекшелігін халық өміріндегі жеке жоғарғы ұлттық идеяның және дербес тамаша теңдесі жоқ дамудың ролін атап көрсетеді.

Өзінің пайда болу тарихынан бастап сол халықтың жасап шығарған мәдени меңгерілген байлық бұл ортада жеке ұлттық мәдениет дамуы қажет. Бұл маңызды өйткені ұлттық мәдениет негізгі әлеуметтік функцияны толықтырады: мәдениет салт-дәстүрі негізінде бірегей жалпылықты нығайтыла түскен ұрпақаралық уақытша байланысты қамтамасыз етті. Рухани саласындағы мәдениет арасындағы айырмашылық материалдық саламен салыстырғанда өте тереңде жатыр. Материалдық қажеттілік адамдарға жалпылама сондықтан егер бірегей жалпы адами мәдениеттің өмір сүру мүмкіндігін болжайтын болсақ онда ол елемеу кезінде шынайы материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру немесе рухани қарапайым қажеттілік жаппай мәдениеттің стереотиптері мен әр түрлі стандарттарының барлық этно-мәдени алуандылығын түсіндіруге негізделген әр ұлттың мәдениеті басқаша, әр халық өзінің ұлттық мәдениетінде өзінің өзіндік қасиеттерін айрықша бейнеленді. Бүкіл мәдениеттің бүкіл элементтерін жалғыз жалпы ұлттық түспен көркемдейді. Әртүрлі ұлттық мәдениеттің бір-бірінен айырмашылығы оларды таратушы жеке халықтық этникалық, психологиясымен осы халықтардың өміріндей әлеуметтік-тарихи ерекшеленген айрықша тарихи-ландшафты өзгешеліктеріне қарағанда тым ерекше бір-біріне өзінің ұлттық сипаты мен «даму жері»-бойынша ұқсас халықтардың мәдениеті жақын немесе үйлесімді болады. Басқа құндылықтар мен бұйрықтарды сіңірген басқа жағдайда қалыптасқан жәй мәдениеттің енуі ұлттық мәдениетті құлдыратуға қабілетті. Егер жалпы жүйелі теория көзқарасымен мәдениеттің дамуына назар аударса оларға өмірге қабілетті және сәтті функцияланған тезисті қолдану тек жеткілікті күрделі жүйе екендігін атауға болады. «Жалпы адами мәдениет» және оның базасында «Жалпы адами өркениет» тек ұлттық мәдениетті жою есебінен жүзеге асатын жүйенің ең ақырғы жеңілдеуі кезінде мүмкін. Жүйенің жеңілдеу шегі-оның күйреуі, жойылуы. Керісінше бірегей функциялары бар едәуір мөлшерлі элементтік ие және өзінің дамуында өмірге бейімді. Маңызды шарты адамдардың сана сезіміндей өзінің органикалық, табиғи тұтастық Еуразия дүниесіндегі тарихи айрықша функциялар жағын түсіну Еуразиялық ұқсастықтың қалыптасу өзгерісін ұғыну болып табылады.

Жалпы Еуразиялық ұқсастыққа тек тарих пен мәдениетті зерттеу өзін-өзі тану арқылы жетуге болады. Өзін-өзі тану адам не халыққа оның өмірдегі шынайы орнын көрсетіп қана қоймайды. Сонымен бірге оған әлем ортасы еместігін тек өзін субъект ретінде тану емес аталғандардың ешбірі орта не

жоғары саты еместігін аңғартады. Еуразиялық ұқсастық не жалпы Еуразиялық ұлтшылдық әлеуметтік, психологиялық деңгейде Еуразия халқының бірлігін нығайта түсуге мүмкіндік береді. 20-жылдың өзінде Н.С. Трубецкой осындай қорытындыға келді. Оның ойынша «факторлар және олардың бірігуіне қызмет ететін олардың ықпалымен туындаған идеялар дерексіз (абстарктылы) уақытсыз болмайды» деп көрсетеді. Олар әр кез деректі әлеуметтік-тарихи контексте және уақыттың нақтылы бөлігіне байланысты. Н.С. Трубецкой «өткен бірлік үшін орыс мемлекеттілігінің идеясы алға қойылды» деп саналды. Ал қазіргі таңда Еуразия КСРО біріктіруші фактор идеологиясы болып табылады. КСРО-дағы барлық халықтардың пролетариат диктатурасы идеясы жүзеге асты. Ол 70 жылдан астам өмір сүрген Еуразия болашағы туралы ой тұжырымдары ерекше оның перспективаларын елестетіп көру қызықты. Ол Еуразия - КСРО тұтастығын қолдауға үндеген пролетариат диктатурасының идеясы пролетариаттардың ынтымақтастық саналы түсінігі және жалпы өшпенділікті қоздыру КСРО халқының ұлттық дамуы мен сеператтық мақсатына қарсы негізсіз әрекет екендігін айтады. Демек болашақ үшін «біріктіруші фактор»-бұл идея бола алмайды. Н.С. Трубецкой болашақ үшін біріктіруші идеяны Еуразиядағы әрбір дара халықтың ұлтшылдығын жалпы Еуразиялық ұлтшылдықпен ұштастыру керек деп санайды. Еуразия халқы тарихи тағдырдың ортақтастығымен байланысты. Н.С. Трубецкой еуразиялық ынтымақтастығы бір халықтың күшпен тартып алуы тек табиғатқа шебер зорлық-зомбылық жасау жолымен, жүзеге асатындығын және мұның соңы қайғы-қасіретке әкелуі мүмкін деп жазды [83, 97-98].

Еуразиялық жинақтардың біріне қатысқан П.М. Бицилли «Два лика евразийства» атты сын мақаласында өзінің еуразияшылдыққа екі жақты көзқарасы бар екенін анықтады [84, 6-21 бб.]. Орыс ұлты мен мемлекеттігі бірлігінің артта қалуының ашық бір жағы деп ол бұл - федерализм принципін жариялаумен байланысты «халықшылдықтың өзін-өзі анықтауы» пайдасына жасанды түрде мүше етудің қажеті жоқ деп есептейді. Екінші жағы - «азғырушы, бірақ өте жаман, жексұрын» -еуразияшылдықтар диктатураға алып келетіні сөзсіз жалғыз партия құруға әрекет жасайды деп санайды Бицилли. Еуразиялық правослвиелік идеология көмектесетініне сүйене отырып, бұған көзі жетпейтінін алға тартады. Керісінше, мұндай жағдай шіркеудің мемлекетке бағынуын сақтауға ғана алып келеді.

Г. Струвенің орыс эмигранттарының әдебиеті туралы зерттеулерінде еуразияшылдарға арналған шағын ғана бөлім бар. Автор олардың антиеуропалық және антисоциалистік бағыттағы еуразиялық жұмыстарын, «апатты дүниетаным жөніндегі түсінігін» көрсеткен және сонымен бірге әдебиеттік публицистикасының жетістіктерін, әсіресе, идеологиялық-ұйымдастыру қызметтерін атап өткен.

Неміс зерттеушісі Отто Босстың еуразияшылдық туралы монографиясы және американдық тарихшы Н.В. Рязановскийдің бірқатар мақалалары 60-жылдары жарық көргеннен кейін барып, бұл мәселе жөніндегі сараптамалық зерттеулер басталды.

Неміс тарихшысы О. Босстың зерттеулері оның негізгі жағдайларына сын тұрғысынан тұтас жасаған сараптамалар секілді еуразиялық идеологияны қайта жаратқандырылғанын көрсетеді. Автор орыс революциясының мәні туралы мәселенің теоретиктері үшін негізгісі болып саналған еуразияшылдықтың пайда болуының тарихи шарттарының басталған сәтін зерттеу үшін таңдаған. Ресейдегі революцияның феномологиясын қарастыру, ол еуразияшылдықтардың түсініктерін келтіре отырып, О. Босс еуразиялық мемлекеттің пайда болуына жол ашатын, осы оқиғаға жетелейтін қажеттіліктерге сай тарихтың детерминистік және messiанистік көріністері туралы тұжырымға келеді. Сонымен қатар, қатты детерминизм олардың жеке адам бостандығы мен тарихты «жанынан шығарылған бостандық» деп түсінуді мойындаудың қарама-қайшылықтарына әкеліп соқты.

Босстың жасаған тағы бір тұжырымы ұзақ тарихи болашақтың контексіндегі оның қарастырған жолын ашуға мүмкіндік жасаған «1917 жылғы революцияның маңызы еуразияшылдар үшін әлеуметтік-саяси саладан ұлттық-метафизикалық салаға ауыстырылғанымен» қорытындыланады [85, 91 б.]. Бұл контекстегі революциялық катаклизм ұғымы оны жеңудің құралдарын табуға мүмкіндік берді.

Еуразияшылдардың марксизм мен коммунизмге деген көзқарастарын зерттеген автор олардың бұл екі құбылысқа деген алданыштан шыққанын айтады. О. Босс еуразияшылдардың орыс коммунизмін большевизмнің интернационалистік емес, ұлттық сипатын дәлелдеуге қызмет еткен марксизмнің шығыстық варианты секілді деп бағалағанымен келіседі. Еуразияшылдықтар өздерінің большевизмді еуразияшылдықпен ауыстыруға шақырғанын көрсете отырып, орыс мәдениетінің ақиқаттық мән-мағынасын ыдыратып отырған еуропалық шабуылдың орысшылдық пен «діншілдіктің» жетіспеушілігінен деп есептейді. Оның пікірінше, орыс революциясының топырағында марксизмнің деформациясының қатысы бар екендігін еуразияшылдардың бақылап отырғаны анық. О. Босс большевизмнің бағалай алмаған еуразияшылдардың кемшіліктерін көріп отыр. «Дегенмен, - деп жазды ол, большевизм - еуразияшылдар айтқандай, мұндай қарапайым рольмен шектелмейді, нәтижесінде әлемдік деңгейдегі рухани қарсы тұруға шақырды. Еуразияшылдықтардың мұндай көзқарасы теориялық жағынан да, практикалық жағынан да терең зерттеуді қажет етеді» [85, 96 б.].

О. Босстың кітабының екінші тарауы «Географическое, историческое и культурное единство Евразии» деп аталады. Автордың пікірінше, Еуразия түсінігі лексикалық жағынан сәтсіз және географиялық жағынан жеткіліксіз негізделген. «Даму орны» еуразиялық түсінігі мен неміс зерттеушілері қолданған «мәдени ландшафт» түсінігінің жақындығын атап көрсеткен ол белгілі айырмашылықтарын да атап өтеді. Егер соңғы түсінікпен адамзат қоғамының табиғатпен өзара қарым-қатынасындағы жетекші рөлі атап көрсетілсе, онда еуразияшылдардың екпіні елдімекендер ортасына жылжиды. «Сезім пайда болады, - деп жазады О. Босс, - адам өсімдік пен жануарлар сияқты табиғатқа тәуелді» [86, 89 б.]. Мұндай қатты географиялық детерменизм геосаясатқа және географияны басқа барлық ғылымдардың негізі деп

мойындауға алып келді: «Еуразияның географиялық бірлігі тарихи, мәдени тілдік және саяси бірліктің үлгісі болды» [86, 93 б.]. Оның үстіне, Босс Еуразияны бөлудің ең маңызды екі кемшілігі деп даму орны - географиялық детерменизм мен изоляционизмді атап көрсетті.

Еуразияшылдардың еуропалық мәдениетке келеңсіз көзқарастары мен тіпті христиандыққа негізделгеннің өзінде олардың адамзаттық мәдениеттің бірлігін мойындау мүмкін емес етіп қойғанын анықтаған Босс еуразиялық мәдениеттануды сараптай келе, оның негізін Трубецкойдің қалыптастырған «тілдік одақ», «мәдени аймақ» түсініктері мен «ұлттық мәдениеттің көп түрлілігі» заңы қалағанын атап өтті. Керісінше, христиандық әрбір халыққа оның, яғни христиандықтың ерекшеліктеріне сәйкес шешуі қажет деген міндеттерді қойған еді. Оның пікірінше, мейлінше жылы климатты аймақтан мейлінше төмен температурадағы аймаққа қарай деген Савицкий жасаған «мәдениет миграциясы» концепциясы гипотетикалық сипаты мен климаттық жағдайдың тарихи өзгерістерін ескермеген. Ол Ресейдегі мәдени миссианизмді мойындауды жүргізген болатын. Ал еуразияшылдар Вл. Соловьевтің көзқарастарымен жүрген еді. Мұның сыртынан Еуразияның мәдени бірлігінің негізі болатын православиелік діннің ақиқаттығы туралы ойдың ашық қылаң бергені анық.

Кітаптың соңғы тарауы олардың отанын қайта өрлетуге негіз болатын Ресей-Еуразияның жүйелік теориясын қарастыруға арналған. Еуразиялықтар мойындаған қазіргі дамудың жалпы тенденциясы саналы жоспарлаудың негізінде мемлекеттердің жоғары ұлттық бірліктерге бірігуінде болатын. Мемлекеттің басты функциясы бейбітшілік пен әділеттілікті қолдау болып табылады. Ол жоғары таптық болуы керек, және партияның құралы бола алмайды. Босс зерттеулерінің маңыздылығын бағалай отырып, оның еуразиялықтардың ішкі көзқарастарындағы қарама-қайшылықтарды ашқанын мойындау керек. Мұнда автордың жеке бақылаулары немесе басқа зерттеушілердің тұжырымдары бір-біріне қарсы қойылады. Себебі уақыт өткен сайын олардың бұл пікірлері немесе тұжырымдары ескіретіні анық немесе еуразиялықтардың қазіргі жақтаушыларының қарсы пікірін тудыруы да ғажап емес. Еуразиялықтар Ресейді Еуропаға қарсы қойып, Еуразия етіп көрсетуге әрекеттенеді, Ресейдің құрамына кірген азиялық халықтарды орыстармен бірдей деп санайды.

Марк Бассин өзінің «Россия между Европой и Азией: идеологическое построение географического пространства» атты мақаласында осы мәселені қарастырғысы келеді. Бірақ оның тұжырымдарының Рязановскийдің еуразиялықтардың көзқарастарының империалистік сипаты туралы тұжырымдарынан бірқатар айырмашылықтары бар. Оның пікірінше, еуразияшылдықтар панславистердің концептуалдық идеяларын логикалық жағынан қорытындылайды. Демек, олар Еуразия ұғымында империялық идеологияның негізі болып табылатын Ресейді еуропалық және азиялық бөліктерге немесе метрополия және колониальді шектерге бөлуге қарсы пікірлерін жалғастырып отыр. Неміс тарихшысы Л. Люкстің бірқатар мақалаларында еуразияшылдықтың бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі

кезеңде еуропалық идеологиялық ағымның жалпы контексіне кедергілер жасады. Ол антипарламентизм мен мәдени пессимизмді иеленген өкілдердің әрекетін ресейлік емес, еуропалық құбылыс деп санайды. Автор сонымен қатар, еуразияшылдық пен жас ұрпақтың әкелерінің идеялары мен мақсаттарына қарсы наралызығы ретіндегі «консервативті революция» идеологиясы қатар жүргенін ашық тауып алды [87, 112 б.]. Сондықтан мақалада эмиграция мен еуразияшылдықтың аға ұрпақ өкілдерінің көзқарастарының әртүрлілігіне көп көңіл бөлінген.

Л. Люкс еуразияшылдықтың күйреуінің бірқатар себептерін атайды. Бәрінен бұрын, еуразияшылдықтар Кеңестік Ресейдегі тоталитарлық тәртіптің орнығуы идеократиялық қозғалыстың көмегімен басқарылатын қоғамды жетілдіру үмітінің бос қиял екенін көрсетті. Ендігі бір себеп еуразияшылдықтар халықтардың ынтымақтастығын насихаттап жатқан кездегі еуропалық елдердегі шовинистік көңіл-күйдің өсуінен туындап отыр. Тағы бір себеп - идеологияның элитарлығында көрініс тапты: Еуропада идеологиялық қарапайымдылық тұжырымдалып жатқанда, оны қабылдау үшін ақыл-ойдың орасан зор күші қажет етілді.

Жалпы айтқанда еуразияшылдардың көзқарастары бойынша Ресей туралы ой топшалғанда оның киевтік-мәскеулік тамырын қарастырғанша, заманында құрлықтың ең шалғай түкпірлеріндегі көптеген этностар мен мәдениеттерді тоғыстырған - Еуразия туралы айтқан. Еуразияшылдық орыс мәдениетін еуропалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде емес, Батыстың да, Шығыстың да ықпалына бірдей түскен мүлдем дербес мәдениет терінде қарастырады. Еуразияшылдардың пікірі бойынша, Ресей үшін мәдениеттің шешуші факторы әуелі татар-маңғол шапқыншылығы, ал содан соң орыстардың Сібірге, қырық рулы Азияға өктемпаздығы, тіпті Америка жеріне дейін сұғынуы болған. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда орыс халқын еуропалықтарға да, азиялықтарға да жатқызуға болмайды, өйткені ол мүлдем жаңа этностық қоғамдастыққа - Еуразияға жатады. Еуразияшылдар славянофилдердің идеялық қорынан көп нәрсе алды, әсіресе әдістемелік, батысшылдықты батыл мансұқтау тұрғысынан көп алып: «біз батысшылдықтың мәнін, яғни біздің мәдениетіміздің ерекшелігін және оның өмір сүруінің өзін теріске шығарушылықты үзілді-кесілді қабылдаймыз» - дейді [8, 13-19 бб.].

Еуразиялық қозғалыстың өмір сүруін екінші дүниежүзілік соғыс басталуымен тоқтатқан. Еуропадағы және бүкіл дүниежүзіндегі қаһарлы оқиғалар баршаның, соның ішінде шетелдердегі орыстардың алдына басқа міндеттерді қойды, ал олар бұл міндеттерді тіпті де біржақты қабылдай қойған жоқ еді. Дегенмен орыс эмиграциясының бөлінуіне басты себеп болған нәрсе фашистік Германияның КСРО-мен соғысына деген көзқарас еді. Бұл ретте еуразияшылдар, өзара солшылдар мен оңшылдарға бөлінетініне қарамастан, орыс эмиграциясының басым бөлігі сияқтанып жеңімпаздыққа бой алдырмай, табанды қорғанымпаздық бағыт ұстанды. Еуразияшылдардың бірде-біреуі КСРО-ға қарсы күресте фашизммен ауыз жаласып, арына дақ түсірген жоқ. Еуразияшылдардың басты адамгершілік қасиеті ол өз отанына деген шексіз сүйіспеншілігі еді.

Тарихи тұрғыдан бүгінде Еуразия идеясының салтанат құруы үшін белгілі-ау дейтіндей концепиялардың ішінен өзінің бар ішкі болмысымен оны игілікке жетелейтіндердің бірі Л.Н. Гумилевтің «Еуразия ырғақтары» атты, өкінішке қарай, аяқталмай қалған ғылыми зерттеуі. Магнитофон таспасында ғана қалған нақ осы еңбекте Еуразияның жергілікті көне тұрғындары ішіндегі ең көнесі түркілер екендігі айрықша айтылады. Л.Н. Гумилев ХХ ғасырдың 80 жылдарының соңында ұмыт қалуға айналған еуразияшылдықтың қайта жандануына өз үлесін қосты. Л.Н. Гумилев өзінің этнос, комплиментарлық, еуразиялық суперэтностың қалыптасуы, еуразиялық халықтардың даму жерінің айрықша жағдайлары туралы ілімінде бірсыпыра еуразияшылдық идеялардың теориялық негіздемесін жасады. Ол Ұлы Даланы мекендеуші түрік-моңғол мен православиелі Русь арасында комплиментарлық байланыс бар екенін дәлелдеп шықты [64, 7 б.].

Л.Н. Гумилев еуразияшылдар туралы алғаш 1937 жылы естіді. Еуразияшылдардың кейбір жағдайы туралы пікірлескені үшін әріптесінің сатқындығы арқасында тұтқынға алынған болатын. Гумилев тұтқыннан босап шыққаннан кейін еуразияшылдар туралы бірқатар мәліметтер жинап, тіпті 1956 жылдан бастап сол кезде Прагада өмір сүріп жатқан еуразияшылдық қозғалыстың қолдаушыларының бірі П.Н. Савицкиймен хат алысып тұрды. Ал 1966 жылы онымен жеке танысу мүмкіндігіне ие болды [88, 30 б.]. О.Б. Лавров «П. Савицкий мен Г.В. Вернадский Л.Н. Гумилевтің жұмыстарын мұқият бақылып оның концепциясын жоғары бағалады және Еуразия концепциясы Л.Н. Гумилевтің бүкіл шығармашылық ғұмырымен ілесіп жүрді» -деп жазған [89, 15 б.].

Л.Н. Гумилев 80 жылдардың ортасында ашық түрде өзін еуразияшылмын деп жариялады. Л.Н. Гумилев бір сұхбатында өзін еуразияшыл деп атағанда, бұл атаудан бастартпайтындығын және бұдан бас тартпауының бірнеше себептерін атап көрсеткен. Біріншіден, бұл мықты тарихи мектептердің бірі екендігін және егер өзін солардың қатарына жатқызса, керісінше бұл мақтаныш. Екіншіден, бұл адамдардың еңбегін өзі мұқият зерттеп шыққан. Үшіншіден, Еуразияшылдардың негізгі тарихи-әдістемелік қорытындысымен толықтай келісіп, бірақ бұл жерде маңызды қайшылықтар бар деген еді [90, 28 б.].

Л.Н. Гумилев тоталитарлық режим кезінде өмір сүрген, еуразиялық ілімінің бірден-бір жақтаушысы болғаны мәлім. Еуразияшылдар Ресейді қайта құрудың арнайы бағдарламасын жасауға тырысты. Ал Л.Н. Гумилевте мұндай мүмкіндік болмаған еді. Әрине оның өзінің этногенез концепциясына сүйене отырып, Ресейдің болашағы туралы өзінің көзқарасы болды. Гумилев бір сұхбатында: «Менің бір нәрсе білетінім анық және сіздерге құпия түрде айтайын. Ресейді аман алып қалудың бір жолы бар, ол еуразияшылдық держава және еуразияшылдық арқылы ғана» [90, 31 б.]. Алайда Л.Н. Гумилевтің еуразияшылдық арқыл құртқару бағдарламасы болған жоқ еді. Оның теориялық мұрасында орыс еуразияшылдығына тән тақырып пен түсініктер кездеспейді. Оның еуразияшылдығының мәнін этнос пен этногенез концепциясының кейбір аспектілерінде және Еуразия феноменінің түсінігімен келісімінде, сонымен

қатар Ресей тарихында дәстүрлі түрде аталып кеткен «моңғол шапқыншылығы немесе моңғол езгісі» кезеңін талдаудан байқауымызға болады. Еуразияшылдық концепциясында және Л.Н. Гумилевтің этнос пен этногенез концепцияларында халықтың бет-бейнесін танытатын, қай талдауды алсақта, барлығында ландшафт туралы ой кездестіреміз. Оның шығармаларында еуразиялық кезеңнің ең маңыздысы ол Русьтің және моңғол-татарлардың өзара қарым-қатынас концепциясы болып табылады.

Л.Н. Гумилев мұрасы 1960-1980 жылдары өзінің еуразияшылдығын жарнамаламаған, бірақ еуразияшылық идеясының ғылыми негіздемесіне қомақты үлес қосқан еуразияшыл-ғалымның көзқарасы. Бүгінде еуразияшылдардың ілімі қайта жаңғырып келеді, сондықтан біз Л.Н. Гумилевті жаңа толқын еуразияшылдардың басы деп айта аламыз. Біздің пікірімізше, Л.Н. Гумилев еңбектері ол туралы тек шығыстанушы-тарихшы деп емес, нақты еуразиятанушы-тарихшы ретінде айтуымызға мүмкіндік береді. Сонымен айтарымыз, оның мұрасы тарихи, қоғамдық-саяси ойлаудың тиімді бағыты ретінде терең негізделген еуразиятанушылық болып табылады.

Біз бүгін түрік-славян диалогы тарихта шынайы еуразиялық мәдениетті, өнегелі рухани қатынасты құрған және де Еуропа мен Қытайды, Үндістан мен Парсыны байланыстырушы екендігін анық айта аламыз. Вл.Соловьевтің айтуымен байланыстырушы халықты методологиялық принцип тұрғысынан алатын болсақ, онда уақыттың өзгеруі, халықаралық қатынастардың шиеленісуі және қоғамдық инфраструктураның өзгеруі бұл сұраққа байланыстырушы бір емес бірнеше мемлекет, одақ немес бірлестіктер ене алады.

Жалпы еуразиялық ұлтшылдық, еуразиялық ұқсастық өзінен-өзі пайда болмайды. Еуразияландыру шеңбері өзара әрі де жалпы мәселелерді талқылайтын бірегей ортақ мемлекеттік құру кезінде бірте-бірте қалыптасты. Мысал ретінде Еуропалық интеграциялық тәжірибесіне байқап назар аударуға болады. Онда бірте-бірте Еуропалық рыноктың қалыптасуы нәтижесінде шекараларды ашу туралы «Шенген» келісімінің принциптерінің іске асуы Еуропалық парламенттің жұмыстары ОБСЕ, ЕС түрінің жалпы құрылымы және т.б. тек ұлттық деңгейден бірқатар өктемдіктің берілуі тек, жоғарғы ұлттық заңдарды жасап қана қоймайды. Сонымен бірге жоғарғы ұлттық саналы түсінікті қамтиды. Ұлттық саналы түсініктің қалыптасуының белгілері әлеуметтанушылар белгілеп көрсеткен. Жалпы Еуропалық ұқсастық және жалпы еуропалық жоғарғы ұлтшылдық, Батыс Еуропа шеңберіндегі елдердің арасындағы өзара сенімділіктің өсуі, елдер арасындағы әрбір жеке мемлекеттің ішкі өзіндік өзгешеліктерінің бар болуында. Барлық өзгерістерден, жалпы еуропалық ұқсастықтың пайда болуына әсер ететін, әрбір батыс еуропалық елдерге ықпал етуші факторлардың бірі - білім екендігі көрсетілді. Білім жүйесі жоғары болса, ұлттық саналы түсініктің деңгейі жоғары болады [91, 95-96 бб.]. Білім әрине, өзін-өзі тану процессін, өз халқының мәдениетін түсінуге және бірегей өркениетті тұтастықты қалыптастыратын халықтар арасындағы өзара байланысты түсінуді жеңілдетеді. Батыс еуропалық мәдени-тарихи жүйесінде, көріп отырғанымыздай, өркениеттік ұқсастықтар эмпирикалық зерттеулерде байқалады.

Еуразиялық ұқсастықтың қалыптасуы, әрине, ұзақ уақыт алады, бірақ бұл үшін терең тарихи және әлеуметтік-мәдени алғы шарттар, көпғасырлық халықтардың өзара әрекет етуі қажет. Еуразияның экономикалық, әлеуметтік мәдени дамуы үшін бүкіл еуразиялық халықтар бірдей тең жауапкершілік міндеті болғанда ғана еуразиялық ұлттық ынтымақтастық мықты әрі берік болады.

Бүкіл кеңестік кезең ағымында, еуразиялық кеңістікте ұлттық саясаттың концепциясы жүзеге асты. Оның негізгі мақсаты-жаңа тарихи тұтастық-кеңістік халықты қалыптастыру болды. Соған сәйкес, барлық халықтардың өзгешелігін ескермей, өмір салтын өзгертті. Этно-мәдени әр алуандылық жоққа шығарылды, елдегі өмір сүріп жатқан түрлі этностардың өз салт-дәстүрі, мінез-құлық негіздері ескерусіз қалды, бұл жағдай осы халықтардың бөлініп шығуына түрткі болды. Егер барлық этникалық қауымға, өз салт-дәстүрімен, өз алдына өмір сүруіне мүмкіндік беріліп, республикалардың құқықтары кеңейе түспегенде, елдің бүтіндігі құлдырамас еді, алпауыт мемлекет, мүмкін, тез арада құрымас еді.

Жергілікті ұлттық элитамен коммунистер саясатының дезинтеграциялық тенденциясы енгізіле отырып, бұл орыстың ұлттық саясаты ретінде түсіндіріліп қабылданды. Мұндай ауытқу үлкен адасушылықты туғыздып, өзінің ұлттық саясатын жүргізу мүмкіндігінен айырылды.

Коммунистерді орыстармен теңдестіру негізінен дұрыс емес: коммунистер бастапқыдан-ақ айрықша бірлестіктің негізін қалады, олар әр түрлі этностардан шығып бірлестікке бірікті. Орыстарға лениндік, сталиндік және кейінгі ұлттық саясат үшін жауапкершілікті жүктеу, теориялық, шынайылық тұрғысынан да заңсыз. Дегенмен, дәл осы алмастырылған ұғым бұрынғы кеңестік республикалардан орыс халқының жаппай қуып шығарылуына себепкер болды, әсіресе алғаш рет интенсивті түрде КСРО-ның ыдыраған жылдарынан кейін іске асты.

Қазіргі таңда реформалау кезінде посткеңестік кеңістіктегі қазіргі интеграциялық тенденцияларды есепке алу қажет. Жеке серіктестердің жалпы еуразиялық ынтымақтастықтың дамуы мен жүзеге асуына біріккен мүддесі үшін, әрбір мүше-мемлекеттердің бірдей экономикалық, әлеуметтік және т.б. тұрғыда қосқан үлесі еуразиялық бірлестіктің алға қарай ұмтылуын қастамасыз етеді.

КСРО ыдырағаннан кейінгі бір тірі ағза сияқты, мемлекеттердің бірте-бірте ыдырап кету салдарына әкеп соқтырды. Тарихи еуразиялық императив өмірде өте баяу азапты күйде пайда болады: интеграцияның қажеттілігі, мәдени-тарихи, өркениетті қарым-қатынастармен байланысты халықтардың өзара әрекеті. Алайда өзара әрекеттілік жаңа саяси, экономикалық, идеялық негізде, жаңа қазіргі еуразиялық идеяда, XIX ғ. II жартысындағы Н.Я. Данилевскийдің еуразиялық идеясынан, XX ғ. 20-30 ж.ж. шетелдік орыстардың еуразиялық идеясынан өзгеше, негізін қалаушылардың жүзеге асырған барлық құндылықтарын өз бойына сіңіріп, қазіргі таңда қолданылып келеді.

Мұндай идея Еуразия халықтарының көпғасырлық әлеуметтік-тарихи өзара байланыс түсінігіне негізделеді, әлемдегі өркениеттер арасындағы бәсекелестік тартыс болатын, жаңа онжылдыққа қадам басып келе жатқан мазмұнды шынайылық сөзсіз есепке алынады. Бұл жағдайда тек еуразиялық халықтардың еуразиялық ұғымы айналасына бірігуі, еуразиялық ұқсастық қана маңызды саяси және экономикалық мәселелерді қабылдауға әрекет ететін, еуразиялық мәдени-тарихи жүйенің діни тірегін ажырататын, Еуразияның түрлі аймақтарын өзінің өмірлік мүдделі сфера деп жариялаған батыс өркениеттің гегомониялық ұмтылысына қарсы тұруға қабілетті болады: көп ұлтты тұтастық, халықтардың бір-біріне тартылуы, жеке құнды нормативті механизмдер, приоритеттер, ұлттық салт-дәстүрлер.

XX ғасыр соңында пайда болған Еуразиялық одақ идеясы осылайша үкіметтік ойдан шығарылған қиял емес, ол жалпы «даму орны», жалпы тарихи тағдырға ие еуразиялық халықтардың өзара байланысының көпғасырлық тәжірибе жиыны, ол объективті әлеуметтік тарихи сөзсіз ұғым болып табылады. Еуразияшылдықты дүниеге жаңа көзқарас, доктрина, жаңа тарихи-философия және мәдениеттің жаңа онтологиясын дүниеге әкелген қоғамдық-саяси қозғалыс деуге болады.

Қорыта айтқанда қазіргі таңда басты мәселе ұлттық татулық, ал ескі жараның аузын қайта ашпақшы болған: мұсылмандар мен христиандар, ақтар мен қызылдардың тарихи соғыс әрекеттерін қайта тұтануды көздеушілерге қарсы тұру керек. Еуразияшылдар және Вл.Соловьев ұлтаралық татулық, оны меңгеру үшін және адамзат санасына ұялату жолында мықты базис қалдырды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Еуразиялық одақ» құру идеясының негізі осы еуразияшылдардың жолын ұстануы мүмкін. Қазақстан өзінің көп ұлттылығымен күшті. Бұл саяси этникалық қоғамның құрылуы тарихтан белгілі. Бұл жерде рухани бірлік негізінде саяси мәдениет кеңістігі қалыптасқан. Н.Ә. Назарбаев «Біз осы бірлікті сақтауға және дамытуға тиістіміз, ал бұл бірліктің арасына іріткі салуға тырысқандарға қарсы қандайда болмасын көп күш жұмсауымыз керек» дейді [92, 437 б.]. Еуразияшылдардың бір тақырыбы болған осы идея бүгін біздің көз алдымызда іске асуда. Қазақстан Республикасы Еуразия континентінің орталық бөлігінде орналасқан бірден-бір байланыстырушы мемлекет. Біздің мемлекетіміздің еуразиялық маңызы ол ең алдымен Батыс пен Шығыстың мөтоисториялық диалогы. Қазақстан Республикасы жерінде Менделеев элементтерінің барлығы кездеседі және жер асты қойнауындағы байлығы бойынша әлемде бірінші орын алады. Сонымен қатар мемлекетіміз екі әлемдік дін ислам мен христиан сенімінің тоғысқан жері мен оның еурзиялық және жалпы адамзат өмірінде маңызы зор бай мәдениеті орналасқан. Қазақстан Республикасы Еуропа мен Азияның сауда және транспорттық жолдарының қиылысы және де Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстырушы маңызды жол болып табылады. Бұл жерде жалғыз Қазақстан мен Ресей тағдыры емес бүкіл әлем тағдыры қолға алынуда. Осы мәселені шешуде біз еуразияшылдардың жетік идеяларынан таба аламыз. Еуразияшылдардың еңбегі осы идеяны шынайы өмірмен байланыстыруға әрекет жасау болып табылады. Еуразияшылдар бұл идеяның шынайылығымен

оның өрісі жайлы айтқан болатын. Бірақ еуразияшылдардың идеялары өз уақытында болмады. Оның себебін жоғарыда айтып өттік. Біздің көзқарасымыз бойынша дәл қазір еуразиялық идеяны қалыптастырудың уақыты келді. Ал бұл үшін орыс және қазақ еуразияшылдарының теориялық анализдері мен жемісті ойлары керек.

Бүгінде еуразияшылдықтың Еуразиялық одақ турасында бастама көтерген Қазақстан үшін өзектілігі мен қажеттілігі ешбір күмән тудырмайды. Өмірдің өзі тарихты жан-жақты зерттеп, өткендегі тарихи процестерді теориялық ой елегінен өткізіп, бізге дейінгілердің асыл қазынасын, кеңес-тұжырымдарын жүйелі түде зерттеуді талап етіп отыр. Еуразияшылдық идеялардың негізіне қарай отырып, бұл идеяның керекті тұстарын сараптап, бүгінгі жағдаймен салыстырып, оған баға беру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

2 ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

2.1 Президент Н.Ә.Назарбаевтың Еуразиялық Одақ жөніндегі идеясы

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, олардың жетекшілері мен идеологтарының халық санасын оятып, адамзаттың ұлы көшінен қалмай алға жылжуына сіңірген еңбегін ғылыми тұрғыдан сараптап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызы арта түсуде. Осыған байланысты Президент Н.Ә. Назарбаевтың бүгінгі таңдағы ұстанып отырған саясатын, «Еуразиялық одақ» жөніндегі идеясы мен жалпы халықаралық деңгейдегі беделін ғылыми тұрғыдан зерттеудің сәті келді десек қателеспейміз. Бұл бөлімде Н.Ә. Назарбаевтің «Еуразияшылдық» жолындағы қызмет-жігері мен тұтас саяси ұстанымы жан-жақты фактілік материалдар негізінде сараланып, зерделенеді.

Қазақстан Республикасының ТМД-на мүше елдеріне бағытталған бейбіт сыртқы саясаты мен стратегиялық серіктестік жайлы Н.Ә. Назарбаев 2007 ж. 28 ақпанындағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жасаған жолдауында нақты дәріптеп, бұл жайлы бірнеше рет әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2009 ж. 13 қазанында 75-жылдық мерейтойына арналған актілік лекциясында қайталаған [93]. Бұл халықаралық дәрежеде еліміздің беделін одан сайын арттырды. Осының негізінде бүгінгі таңда Қазақстанның әлемдік деңгейдегі саясаты тек бейбітшілік пен экономикалық дамуға, халықтың әлеуметтік дәрежесін жоғарлатуға бағытталған дей аламыз.

Жер шарының Еуразия деп аталатын бір бөлігінің жағрафиялық орналасуы ұтымды, алайда онда тіршілік етіп жатқан адамдардың әл-ауқаты да, дүбірлі ғаламға деген көзқарасы да, әртүрлі аймақта орналасқан мемлекеттерде де қарама-қайшылықтар жеткілікті. Посткеңестік ауқымдағы қарама-қайшылықтарды саралайтын болсақ, оның қатарына бірінші кезекте Қырғызстандағы этносаралық соғыс келеді, сонан соң Грузияның Кавказдағы саясатын атауға болады. Сонымен қатар Ауғанстандағы әлі күнге дейін шешілмей келе жатқан саяси тұрақсыздық, Кашмир үшін қырық-пышақ болып, бір-біріне дойырларын сілтеп қалуға жақын отырған Үндістан мен Пәкістан, Палестина мен Израиль арасындағы доғарылмай келе жатқан қанды соғыс, амбициясы басым Иран, әлемдік көшбасшыға айнала бастаған Қытай, мазасыз Корей түбегі, экономикалық қуатты тасқындаған Шығыс елдері мен Орталық Азиялық бес республика. Аталған осы мәселелердің барлығы қайткен күнде де елімізге әсерін тигізбей қоймайды.

Еуразияда жатқан даму жолы сан-қилы, мемлекеттерді береке-бірлікке, татулыққа шақырар, өзара сенім уялататын, осы құрлықта саяси тұрақтылықтың кепілі бола алатын құрал-тетік қажет еді. Өйткені бүгінгі дүбірлі ғалам осындай бір орталықтың қажет екендігін дәлелдеп тұр. Осының барлығын ой елегінен өткізіп, сезінген Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде посткеңестік ауқымдағы елдерді ашық пікірге шықырып, түйткілді мәселелерді шешетін еуразия құрлығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйым құруды мақсат етіп, осы «Еуразияшылдық» идеясын ұсынған-ды. Баста

1992 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында жоғарғы мінберден Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнінде кеңес құру керек идеясын көтерді. Оны барлық мемлекеттердің елбасылары қолдады [94]. Сонан соң жоғарыда атап өтілгендей 1994 ж. осы «Еуразияшылдық» идеясын алға тартты. Осылайша ТМД елдерімен ынтымақтастықты дамыту мен тереңдету бағытын Қазақстан Республикасы дәйекті ұстап келеді. Бұл саясаттан бір мезгілде екі деңгейде іске асырылды: біріншіден, екі жақты негізге сүйенген байланыстар дамыса, екіншіден, ТМД-ны оған кіретін елдердің экономикалық және басқа салалардағы ықпалдастығының пәрменділігін арттыру жөніндегі ауқымды міндеттерді шеше алатындай тегеурінді ұйымға айналдыру жолындағы белсенділік төмендемейді [95, 259 б.]. Қазақстан Достастықтың жарлық органдарын жетілдіруді және оны құрылымдық жағынан ұтымды етуді жақтайды. Өмірдің өзі ТМД жарлық органдарының жедел шешім қабылдауына мүмкіндік беретін тетіктерді және сол шешімдердің орындалуын бақылау жүйесін құруды талап етеді. Бүгінде ТМД шеңберінде мемлекетаралық, үкіметаралық және салааралық 30 шақты құрылымдар жұмыс істейді. Жалпы алғанда ТМД-ға қосылған бірқатар тетіктер белсенділікпен жұмыс істейтінін тәжірибе көрсетіп отыр. 1994 жылы және 1995 жылдың соңына қарай кірігу процестері жандана бастады және бұл ең әуелі Мемлекетаралық экономикалық комитет пен Кеден одағы құрылып, жұмыс істей бастауынан аймақтық кірігуден, валюта-қаржы қатынастарының ойдағыдай болуынан байқалды. ТМД-ның мәні мен маңызын неғұрлым толық және жете түсіну үшін осынау мемлекетаралық бірлестіктердің қаз тұрып қалыптасу жолдары өзіне назар аудартады.

Еуразия қос құрлығының жапсарына қанатын кере жайып, жүздеген ұлттың еркін дамуына төрт-бес ғасыр бойы тосқауыл болып келген алып империя ХХ ғасырдың соңғы он жылдығы басталар-басталмастан күйреп түсті. 70 жылдай үстемдік еткен Кеңес Одағының қабырғасы қаусап түскен кезде бұрын одақтас деп аталған елдер бас-басына жеке тәуелсіз мемлекетке айналып, тәуелсіздігін жариялады. Дегенмен де 70 жылдам астам бір одақ ішінде болған республикалар туыстық жағына да, экономикалық жағына да бір-бірімен бірігіп кеткен елдер бірден араларындағы қалыптасқан байланысты үзе қоймады.

Достастықтың құрылуы алдында бұрынғы КСРО-да күрделі процестер жүрді. Бірнеше жылдар бойы ел мемлекеттіліктің терең дағдарысына ұшыраған болатын. Бұрынғы Одақтас Республикалардың бірқатары 1990 жылы қабылдаған тәуелсіздік жайлы декларациялар жағдайды түбірінен өзгертті. Бұл жағдай барлық автономиялы құрылымдар келіп қосылған ұзақ әрі өнімсіз әрекет - Одақтың шартты әзірлеу процесі жүріп жатты. Тамыз төңкерісінің зардаптары біртұтас мемлекеттің ыдырауын айқындап берді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назрбаев осы кезең туралы былай дейді: «1991 жыл, шынында да, дәуірлік сипат алған айтулы оқиғалар өткен жыл болды. Ресей, Украина, Беларусь басшыларының Беловежьедегі мәлімдемесіне сан қилы бағалар берілуде. Мен 1991 жыл оқиғаларын одан бұрынғы тарихтан бөле-жара қарауға болмайтындығын айтқанмын. Беловежье,

әріне, таза стратегиялық тұрғыдан келгенде, анау айтқандай, атымен күтпеген оқиға емес еді. КСРО-ның құламай қоймайтынын жұртың бәріде білді. Тек оны алдын ала біліп болмайтын арналармен жүзеге асып, саяси күштердің шиеленіскен теке тірестеріне айналып кетуіде мүмкін еді» [2, 93-94 бб.].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісім-шарттың бастамасында былай делінген: «Біз, Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы (РСФСР), Украина 1922 жылғы Одақтың шартқа қол қоюшы, КСР Одағын құрушы мемлекеттер ретінде КСР Одағының халықаралық құқық субъектісі және геосаяси шындық ретінде өзінің өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдейміз» [95, 260 б.]. Белгілі заңгерлер В. Кудрянцев, Ю. Калмыков, В. Яковлев осы оқиғаға байланысты Одақты тарату, жою туралы шешімді тек оның барлық халқы, республикаларға біріккен азаматтары ғана шеше алады, тіпті болмаған күнде, мұны олардың осы мәселені шешу үшін сайланған өкілдері ғана істей алады деген балатын [95, 261 б.]. ТМД-ны құру туралы келісім-шартта, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрған үш мемлекеттің басшылары халықтардың тарихи ортақтастығына және олардың арасында қалыптасқан байланыстарға сүйене отырып, демократиялық құқықтық мемлекеттер құруға және өздерінің қарым-қатынастарын дамыта беруге құлшына отырып осы қадамды жасады делінген.

Құжатта КСР Одағына мүше болған барлық мемлекеттерге, сондай-ақ келісім-шарттағы мақсаттар мен қағидаттарды мақұлдайтын өзге мемлекеттерге де ТМД-ның есігі ашық екендігі мәлімделген. Мәлімдеменің қорытынды бөлімінде ТМД-ға мүше мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағыт ұстайтын, бұрынғы КСР Одағының шарттары мен келісімдерінен шығатын өздеріне қатысты халықаралық міндеттемелерді орындауға кепілдік беретіні, ядролық қаруға және оны таратпауға ортақ бақылауды қамтамасыз ететіні атап көрсетілген [95, 261 б.]. КСРО-ның ыдырауы туралы хабар шетелде абыраушылық пен алаңдаушылық туғызды. Франция президенті Ф.Миттеранның айтуынша, күн тәртібінде: «Енді не болмақ?» дейтін мәселені алып шықты. Әлбетте, батыстың толғандырған ең басты мәселе -КСРО-дан мұраға қалған аса қуатты ядролық қарудың тағдыры болатын [95, 261 б.].

Н.Ә. Назарбаев үшін дипломатиялық істегі ең бірінші күрделі сынақ америкалық саясаткерлермен Қазақстанның ядролық мұрасы мәселесіне қатысты болды. Бұл жағдай АҚШ-ты шынымен алаңдатты, өйткені Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы декларацияда шешімін таппады. Бұл құжатқа тек Ресей КСРО-ның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі орнын ядролық держава ретінде иеленуі делінген, бірақ бұл басқа үш республика - Қазақстан, Украина, Беларусь жөнінде ештеңе айтылмады, із жүзінде олар ядролық мемлекеттерге айналды.

1992 жылы наурыз айында Мәскеуде жоғарыда аталған үш жаңа тәуелсіз мемлекетті ядролық мәртебеден айыру туралы мәселе қозғалды дейді сол кездегі сыртқы істер министрінің орынбасары ретінде Мәскеудегі консультацияға қатысқан Қ. Тоқаев. Қазақстан КСРО ыдыраған сәтте ірі ядролық арсеналға ие болатын, ол әлемдегі төртінші саналды. Батыста

«шайтан» деп аталған СС-18 зымырандарының елеулі бөлігі АҚШ-қа қарсы бағытталды. Сондықтан американдықтардың бұл қарудың келешегіне алаңдаушылығы және оған қатысты мәселені тезірек шешуге ұмтылысы түсінікті болатын. Ядролық мәселе бойынша келіссөздер көп кідірмей басталып, 1992 жылдың наурызда Н.Ә. Назарбаев АҚШ-қа ресми сапармен шақырылды. Онда ол АҚШ президенті Дж. Бушпен өте маңызды сұхбат жүргізді. Күн тәртібінде ядролық проблематика келіссөздері тұрды, алайда ең бастысы, осы жаһандық державамен ынтымақтастықтың барлық жайттар туралы принципті уағдаластыққа қол жеткізді.

1992 жылы мамырда Қазақстан Лиссабон хаттамасына қол қойып, ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосылды, ресми түрде ядролық қарусыз мемлекетке айналды [96, 213 б.]. АҚШ президенті Дж. Буш 2007 мынандай мәлімдеме жасаған болатын: «АҚШ-тың тарихында ядролық қарусыздану ісінде Қазақстаннан артық әріптес болған жоқ» [96, 215 б.].

Бұрынғы кеңестік үш республиканың КСРО-ны түбегейлі ыдыратуға соқтырған әрекеті соның алдында ғана өздерінің тәуелсіздігін жариялаған өзге республикаларды қайран қалдырды. Бұл жөнінде Н.Ә. Назарбаев былай деп жазды: «1991 жылғы 8 -желтоқсанда мен Мәскеуге ұшып бардым. Күтпеген жерден Вонуковада Б. Ельциннің өкілі қарсы алып, құжатқа қол қою үшін тездетіп Белорусияға ұшу керек екенін айтты. Әрине мен ондай аяқ асты сапардан бас тарттым. Ертеңіне М. Горбачев, Б. Ельцин және мен үшеуміз ғана бас қостық. Б.Ельцин Беловожьеде қабылданған шешімді егжей-тегжейлі баяндап берді. Мен олардың әңгімелерін тындап отырдым. Ел үшін және бір қазанға бастарын сыйғыза алмаған екі лидер үшін өкініш сезімі билейтін. Бірақ әңгімелері жараспайтын. Мұндай жағдайда мен өз елімнің мүдесін ойлауға тиісті болдым. Өйткені Беловожьеден кейін жағдай құқықтық тұрғысынан да, саяси тұрғыдан да атымен өзгеріп кетіп еді. Мен тездетіп елге оралдым» [2, 94 б.].

Бір кезде біртұтас мемлекеттің ыдырау кезеңіндегі сын сағатта Н.Ә. Назарбаев КСРО аумағында ауқымды саяси жан-жалдарға жол бермеуге бастайтын сындарлы позиция ұстанған еді. Қазақстан Кеңестер Одағы аумағында эволюциялық даму жолын, мемлекеттік құрылысты бірте-бірте өзгертуді жақтады. 1990 жылы жарияланған Қазақстанның егемендігі жалаң сипаттағы емес, шынайы тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы қадам ретінде қаралды, тәуелсіздік нарықтық экономиканың әлемдік шаруашылық байланыстарына кіріккен саяси және қоғамдық институттарын талап етті.

КСРО-ның тарауына байланысты желік пайда болғаны да түсінікті. Өзін өзі басқару мен ұлттық идеялар бірінші кезекке шыққанда экономикалық проблемаларға назар аударудың қажеті жоқ сияқты көрінді. Бірақ кейінгі оқиғалар сауық-сайранмен қатар нанның да қажет екенін көрсетті. Осы негізде интеграция мен өзара іс-қимыл идеялары туындай бастады [16, 52 б.]. Мемлекет басшыларының Беловожьедегі және оған жалғас болған Ашхабадтағы кездесулер кешегі кеңестік кеңістікте саяси жағдайды асқындырып жіберді: республикалар екі одақ -славян және түркі одағын құрудың табалдырығында тұрды. Қазақстан Республикасының президентінің

геосаясаттық қырағылығының арқасында Қазақстан егемендік алғаннан бері саяси, діни приоритеттерге және ұлттық белгілерге карамастан аймақтық интеграцияны табандылықпен жақтайды.

Н.Ә. Назарбаевтың Тұрғыт Өзалға бұрынғы КСРО территориясында «ұлы түрік мемлекетін», ал бес Орта Азия республикаларының басшыларына түрік одағын құру әрекетінің қауіпті екенін дәлелдеп бергенін айту жеткілікті. «Мен бұрынғы КСРО территориясында түрік немесе славян одағы құрудың сценарийін қақпайлауға бар күшімді салдым» -деп Н.Ә.Назарбаев КСРО ыдырағаннан кейінгі жағдайды есіне алады [97, 100 б.]. Елбасы бұл оқиғаларды «... 13 желтоқсанда Түркіменстан астанасында Кіндік Азия мемлекеттерінің басшылары - С. Ниязов, И. Кәрімов, А. Ақаев, Р. Нәбиев және мен бас қостық. Келіссөз столына отырысымен, түркімен жағы Беловожье шешіміне жауап ретінде, кіндік Азия мемлекеттері конфедерациясын құру туралы дайындалған жобаны қарауды ұсынды. Славян басшыларының әрекетін айыптау ұсынылыпты. Арада 5 күн өтті. 8 -желтоқсаннан бері М. Горбачев та, Жоғарғы Кеңесте тым-тырыс. Соған қарап, бәріде болған іске риза екен деп қалатындайсың. Ашхабат кездесуінің ахуалы қандай болғанын осыдан-ақ аңғара беруге болатын еді. Бірақ «славяндар» да абыржулы еді. Сағат сайын маған Ашхабатқа Б. Ельцин, Л. Кравчук, М. Горбачевтың өкілдері телефон соғып тұрды. ТМД жобасын қолдаудан бас тартсақ, оқиғаның қайда бұрылып кетуінің неғайбыл екенін олар да жақсы түсінетін еді.

Ұзақ келіссөздердің барысында менің бағытымды И. Кәрімовтің қостағаны іс тағдырын бір жолата шешті. Ол да жағдайды мейлінше салқынқандылықпен бағалап отыр еді. Біздің күш салуымызбен келген шешіміміз: славян республикаларымен диалогты бастап, КСРО-ның Еуропа-Азия кіндіктері бойынша ыдырауына жол бермеу. Қойған шартымыз: ТМД-ға жай қосылушылар емес, толыққанды құрылтайшылар болып кіреміз. Біздің әрқайсымызды Минскіге жеке келіп, Беловежье құжаттарына қол қоюға шақырды. Ыдыраушылықты бетімен жіберіп, республикалар арасындағы қарым-қатынаста қойыртпаққа жол беріп, болашақ бірлесудің тағдырын тәркі етпеу үшін, мен мүдделі мемлекеттердің қатысуымен өтетін келесі кездесуді Қазақстанда өткізуді ұсындым. Бұл біздің қойған шартымыз еді. 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы декларациясының астына 9 республика қол қойды. Кейін басқа мемлекеттерде қол қойды. Сонымен, Кіндік Азия республикалары әлгіндей қиын кезде біздің халықтарымызды түркі-славян тайталасынан сақтау үшін бәрін де істеп бақты» - деп бағалайды [2, 95-96 бб.].

1991 жылы 21-желтоқсанда бұрынғы 15 одақтық республикадан 11 республика басшысы Алматыда бас қосып, Келіссөздің хаттамасына қол қойды. Онда былай делінген: «Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы (РСФСР), Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Украина тең құқықты негізде және Мәртебелі уағдаласушы тараптар ретінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрайды» [98, 324 б.]. Кездесуге қатысушылар сондай-ақ Декларацияға қол қойды, онда ТМД-ның негізгі

мақсаттары мен принциптерін мақұлдап қана қойған жоқ, сонымен қоса өзіндік мәні бар өзгертулер енгізді. Атап айтқанда, декларацияда былай делінген: «Достастыққа қатысушылардың өзара ықпалдастығы тең құқықтылық принципі бойынша үйлестіруші институттар арқылы жүзеге асырылатын болады, ал бұл институттар теңдік негізде қалыптасады және мемлекет емес, не мемлекетүстілік құрылғы да емес болып саналатын Достастыққа қатысушылар арасындағы келісімдер арқылы айқындалатын тәртіппен жұмыс істейді» [95, 264 б.].

Біздің ойымызша Алматыда бас қосқан 11 мемлекет ТМД-ның құрылтайшысы болып, Достастықтың негізі қаланған күндер деп 1991 жылғы 8-желтоқсан мен 21-желтоқсанды атауға болады. Сондай-ақ тірлік үшін бірлік керек екенін түсінген тәуелсіз мемлекеттер басшылары одақ болмағанымен Достастық қажет екенін түсінді. Осы түсіністік нәтижесінде дүниеге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы келді. Осындай саяси шешімнің орнығуына Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельцин мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ұйытқы болды. Мұндай Достастықтың түпкі идеясы ортақ мақсаттан туындаған болатын. Олар, Достастық елдері бір-бірінің шекарасына қол сұқпайды; Сыртқы шабуылдан бірігіп қорғанады; Достастық елдері арасында экономикалық ынтымақтастық күшейіп, тауар рыноктарына жол ашылады; Мәдениеттің, ғылым мен білімнің қазынасына ортақ мүддеге пайдаланылады, - деген келісімге келді [99].

Тиісті органдар болмайынша бірде-бір халықаралық құрылым қалыпты жұмыс істей алмайтынын белгілі. Достастық мемлекеттерінің ортақ мүдделер қызметін үйлестіруге қатысты мәселелерді шешу үшін Достастықтың жоғарғы органы; мемлекет басшыларының кеңесі, сондай-ақ Үкімет басшыларының кеңесі құрылды. Бұл жөніндегі келісімді 11 мемлекеттің басшысы 1991 ж. 21 желтоқсанда Алматыда қабылдады [98, 329 б.]. 1991 ж. 30 желтоқсанда Минскіде жоғары деңгейдегі кездесу өтіп, оның барысында ТМД шеңберіндегі маңызды құжаттар қабылданды. Қабылданған құжаттардың негізгі мазмұны ТМД Мемлекет басшыларының кеңесі мен Үкімет басшылары кеңесі қарулы күштер жөнінде бірқатар құжаттар қабылдады [100, 8-10 бб.]. 1992 жылы 8 ақпанда Мәскеуде ТМД-ға мүше Мемлекет басшыларының кеңесі өтіп, онда қол қойылған құжаттардың ішінде экология және қоршаған орта саласындағы ықпалдастық туралы келісім, Транзит тәртібі туралы келісім және электр қуаты саласындағы мемлекетаралық қатынастарды үйлестіру туралы хаттама бар. Сондай-ақ ТМД шеңберіндегі ынтымақтастық қағидаларын сақтау туралы декларация, ТМД мемлекеттері басшыларының күш көрсетуге немесе күш көрсету жөніндегі қоқан-лоқыға жол бермеу және даулы мәселелерді келіссөз арқылы шешу туралы мәлімдемесі, Стратегиялық күштердің мәртебесі туралы келісім, краусыздану жөніндегі шарттарды бекіту мен орындау барысы туралы хаттама, Мемлекет басшыларының экономикалық реформаны жүргізудегі іс-әрекеттерді үйлестіру туралы мәлімдемесі қабылданды.

8 ақпандағы Мәскеуде қабылданған Транзиттік тәртібі туралы келісімде Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы,

Ресей Федерациясы (РСФСР), Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Украина үкіметтері ары қарай «Келісуші тараптар» делінген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1991 жылы 8 - желтоқсан және 21 -желтоқсан Алматы Декларациясы негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрамына кіретін елдердің сыртқы экономикасын тиімді ету мақсатында, экономикалық тәуелсіздігін сақтау, еркін транзиттік бұлжымастық қағидасын сақтай отырып 12 баптан тұратын келісімге қол қойған. Бұл келісімнің 3 - бабында келісімге қол қойған тараптарлар бір-бірінің штамптарын мойындап, бір-біріне кедендік көмек көрсетілсін делінген. Ал 4 -бабында Достастық елдері арасында алып өтілетін тауарлардан кедендік баж салығынан босатылады. 11 - бабында бұл келісімнің бес жылға жасалынып, қол қойған күннен бастап күшіне енеді делінген [101].

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Үкімет басшылары кеңесінің 1992 ж. 13 наурызында Мәскеуде болған мәжілісінде 19 құжатқа қол қойылды. 1992 ж. 13 наурызындағы кедендік саясаттың принциптері туралы мемлекетаралық Келісім ережесінің жүзеге асырылуы мақсатында, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы қабылдап, қаулының ережесі былай көрсетілген:

- Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, өз қызметін жүзеге асыру барысында, кедендік саясаттың принциптері туралы мемлекетаралық Келісім ережесін басшылыққа алатын болсын;

- Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің төрағасы, мемлекетаралық Кеден кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі деп белгіленсін;

- Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі, республикалық қордың жобасын жасау барысында Қазақстан Республикасы жарна шығындары тармағында Кеден кеңесі қызметін қаржыландыру алдын-ала ескерілсін;

- Кедендік одаққа кірмейтін мемлекеттердің Қазақстан Республикасымен өзара қарым-қатынастарында кедендік саясаттың жүзеге асырылуы, мемлекетаралық келісім (уәделестік, шарттар) негізінде құрылады деп белгіленсін [102].

ТМД елдерінің ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы қабылданған келісінде ғылыми-техниканың жоғары әлеуетін ескере отырып, қалыптасқан ғылыми-техникалық байланыстардың күйреуіне жол бермеу; ғылыми-техникалық салада халықаралық кооперацияны мойындауды басшылыққа ала отырып 23 баптан тұратын келісімге Достастық елдерінің Үкімет басшылары қол қойған [102]. Мемлекет басшылары кеңесінің 1992 ж. 15 мамырда Ташкентте болған келесі кездесуінде ұжымдық қауіпсіздік туралы, бұрынғы КСРО-ның қарулы күштерін қысқарту туралы, шекараларды күзету туралы, әуе кеңістігін пайдалану таралы және т.б. барлығы 13 құжатқа қол қойды. Қол қойылған ұжымдық келісім-шарттың 4 бабында егерде тараптар мемлекеттердің біріне басқа бір мемлекеттің тарапынан агрессия жасалынса онда бұл осы құжатқа қол қойған мемлекеттерге қарсы жасалынды деп қаралады делінген [103]. 1992 ж. 6 шілдеде ТМД елдері бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік мұрағатына байланысты құқық мұрагерлерінің, сондай-ақ бұрынғы КСРО-ның шетелдердегі меншігін бөлудің кейбір мәселелерін

реттеуге қатысты екі құжат қабылданды [104]. Осы аталған құжаттардың өздері-ақ ТМД әуел бастан байсалды шарттық-құқықтық тиянаққа негізделді дейтін қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күнін құттықтау сөзінде: «Үстіміздегі жылы Россиямен, Украинамен, Белорусьпен, Эстониямен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Түркіменстанмен және Әзірбайжанмен шарттар мен келісімдер жасалғанын сіздер жақсы білесіздер. Олар өзара міндеттемелердің орындалуын, аймақтық проблемаларды шешудегі біздің дербестігімізді бекіте түсуге үлкен ықпал етеді. Алматыда өткен 13 егеменді республика басшыларының кездесуі экономикалық байланыстарды нығайтуға айтарлықтай үлес қосары даусыз. Қауырт жұмыс нәтижелерінде сегіз республика -РКФСР, Украина, Белорусь, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан өздерінің қазанның 15-іне дейін экономикалық қоғамдастық туралы шатқа қол қоюға әзір екендігін білдірсе, Молдова, Грузия, Армения және Әзірбайжан кейінірек қосылатын болады. Бұл оқиғаның орасан зор болашағы бар десем, асыра айтқандық болмас деймін.

Декларацияға сәйкес, Қазақстан халықаралық қатынастарға дербес субъект ретінде қатысып отыр. Республикамызды енді ғана тани бастаған өркениетті дүниеге біз тереземізді кеңінен ашып отырмыз. Сыртқы жұрт біздің саяси және экономикалық қатардағы орнымызды, іскерлік ынтымақтастықтағы шексіз мүмкіндіктерді, шынында да, енді ғана біле бастады. Қазақстанның Америка Құрама Шаттарымен, Франциямен, Австриямен, Ұлыбританиямен, Германиямен, Жапониямен, Сингапурмен, Италиямен мемлекетаралық және іскер байланыстары кеңейе түсуде. Әсіресе біздің Түрік Республикасымен, Қытай Халық Республикасындағы Шыңжан-Ұйғыр автономиялы ауданымен, Корей Республикасымен ардағы байланысымыз нығая түсуде. Менің АҚШ президенті Джордж Бушпен, АҚШ мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкермен, Ұлыбританияның премьер-министрі Джон Мейджермен және бұрынғы премьер-министр Маргарет Тетчермен, Сингапур Республикасының аға министрі Ли Куан Ю мен, басқа да көрнекті саяси қайраткерлермен кездесуім Қазақстанның халықаралық аренадағы ролінің арта түскенін аңғартса керек.

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына айрықша көңіл бөлдік. Маңызды оқиға - егеменді республикалар басшыларының Алматыдағы кездесуі, оның нәтижесінде ұзақ мерзімді жемісті ынтымақтастықтың іргесі экономикалық қоғамдастық шарттары жөнінен келісімге жету бағытында ілгері үлкен қадам жасалынды. Ел басына түскен осындай ауыр кезеңде дәл біздің Қазақстанның ішкі саясатының қуатты сындарлы факторы болып отырғаны, бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтауға, қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бастамалардың баяншысы болғаны көңілге медет» - дейді [105]. Кеңес Одағының ыдырауымен нарықтық демократия мен интеграцияны бір арнаға біріктіретін ыңғайлы бір үлгіні таңдап алудың маңызы ерекше болды [106, 42-44 бб.].

1992 жылдың басында жасалған «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» біздің мемлекетіміздің орташа мерзімдегі тұғыш тәжірибесі болды. Бұл өткен жылдардың барлығынан даму

жолын айқындап алып ойластыруға бағытталған алғашқы талпыныс еді, сондықтан оны бірінші үшжылдық жалпы мемлекеттік жоспар деп сенімді түрде айтуымызға болады. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы жөнінде: «Тәуелсіздік алысымен алғашқы кезекте маңызды мәселелерді шешуіміз талап етілді. Бірінші кезекте мемлекет ретінде қалыптасуымыз қажет болды. Бұл дегеніңіз биліктің мемлекеттік институттарын құрып, жалпы халықарлық аренада танылуға жетудің, әртүрлі дүниежүзілік ұйымдарға кірігудің қажеттігін көрсетті. Қазір, өткенге қарай отырып, бұл жоспар көбіне-көп тірі қалудың стратегиясы ретінде өз мақсатын орындап шықты деп нақты айта аламыз. Атап айтқанда, ол біздің кім екенімізді, таяу және алыс болашақта кім болатынымызды айқындап берді» - дейді өз сөзінде [107, 16 б.]. Бұл стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі танып білу жөніндегі мәселенің идеологиялық іргетасын қалаған республиканың тұңғыш ресми құжаттарының бірі болды. Стратегия, өткенге қысқаша тарихи шолу жасай келе, Қазақстанның қазіргі замандағы шекарасы алғашында тайпалардың этникалық мекен еткен ата қонысы, кейінірек қазақ ұлтын құрған және қазіргі Қазақстанның барлық жеріне бақылауын жүргізген халықтың тарихи жері болғанын айтып түсіндіреді. Біз тәуелсіз мемлекет өзінің қазіргі көрінісімен сақталып келгенін - ол әлде біреудің қазақтарға берген сыйы емес, біздің тарихи отанымыз, қазақтың ежелден бергі жері екені ресми түрде мәлімделді. Сондай-ақ, мемлекеттің уинтарлық тұтастығын, оның жерінің бірлігі мен мызғымастығын қамтамасыз ету үшін билік барлық конституциялық амалдарды пайдалана алатынын ашық айтты. Бұл аумалы-төкпелі кезең үшін маңызды мәлімдеме болды.

Күшті президенттік билікке құрылған егемен мемлекеттің даму стратегиялық мақсат ретінде айқындалды. Жас республикаға мемлекеттілік жобасын айқын белгілеп алу қажет болды. Уақыттан ұтылып қалмауды және дағдарыстың әрі қарай тереңдей түсу қауіпін ескере келіп, президенттік билік кезек күттірмейтін мәселелерді шешу үшін топтасуға және ымырашыл-жартыкештердің ақыл кеңестері мен ізденулеріне көңіл аудармай, қысқа мерзімде алғашқы кезектегі реформаларды жүргізуге мүмкіндік берді. Сол кезеңде негізгі міндеттерді шешуді көздеген жаңа министрліктер құрылды. Сондай-ақ, тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет қарулы күштер, дипломатиялық және кедендік қызметтер секілді мемлекеттік институттар құрылды. Мемлекеттік шекараны айқындап, нығайту жөнінде шаралар қабылданды. Мұның бәрі қаржы ресурстары мен батыл әрекеттерді талап етті.

Бұл құжаттар арқылы шаруашылық практикасындағы орнығып қалған косерватизмді, жекелеген басшылар мен тұтастай алғанда тұрғындардың ойлау жүйесіндегі енжарлықты жеңе отырып, меншікке көзқарасты өзгерту жөнінде тұңғыш рет ең күрделі қадамдар жасалынды.

Стратегия негізінен екі экономикалық принципті жария етті. Біріншіден, бәсекелестікке негізделген әлеуметтік нарықтық экономиканы құру. Екіншіден, адамның экономикалық тұрғыдан өзін-өзі пайымдауы принципін жүзеге асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар жасау. Мемлекет болашақта мемлекеттік

меншік үлесінің 30-40 пайызға дейін қысқартатыны туралы ресми түрде мәлімдеді [107, 17 б.]. Алға қойған экономикалық мақсаттарға жету үшін тиісті бюджеттік, салықтық, қаржы-несиелік және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру кезінде экономиканы реттеудің жанама тәсілдерін қолдану ойластырылды.

Н.Ә. Назарбаев «1992 жылдың аяғында менің бұл стратегия тек үлкен жолдың басы ғана деп мәлімдеуіме сенетіндер аз болды. Дағдарыстың нағыз қызған шағында стратегия әрбір адамның тең мүмкіндіктерді өз еркімен таңдауына және өздерінің экономикалық, әлеуметтік және саяси мүддесін жүзеге асыру үшін экономикалық тұрғыдан өзін-өзі пайымдауына жол ашатын көп укладты нарықтық экономикасы бар кәдімгі демократиялық қоғамды құруға арналған бағытын айқындады. Біз заң, халық еркі мен таза ақыл-парасат билік ететін қоғамды құруға ұмтылды. Ол іскер де ақылды адамдардан тұратын ауқатты және табысты азаматтардың қоғамы еді» - дейді [107, 17].

1993 ж. 22 қаңтарда Минскіде ТМД Мемлекет басшыларының кеңесінің мәжлісінде Достастық жарғысы бекітілді [95, 266 б.]. Оған 7 ТМД мемлекеттерінің: Арменияның, Беларусьтың, Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресей Федерациясының, Тәжікстан мен Өзбекстанның басшылары қол қойды. ТМД Жарғысы Достастықтың қызметі үшін құқықтық негіз болып табылды. Бұл құжат бұрынғы КСРО аумағындағы экономикалық, гуманитарлық және басқа да салалардағы тұрақтылық пен пәрменді ықпалдастықтың аймағын құру тенденциясын нығайтуға бағытталған. Жарғы Достастықтың өркениетті кірігуге бағыт алып келе жатқанын тағыда дәлелдеп берді. Жарғының қабылдануы кешегі кеңестік республикалардың саяси тәуелсіздігі олардың арасындағы тығыз ынтымақтастықты жоққа шығармайтыны өз алдына, тіпті соны барған сайын қажетсіне түскенін бейнелеп берді.

1993 ж. 14 мамырда Мәскеуде ТМД-ға қатысушы елдер басшыларының шешімімен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығы құрылды. Бұл Мемлекет басшылары кеңесі мен Үкімет басшылары кеңесінің мәжілістерінің ұйымдық-техникалық жағынан әзірлеу және өткізу, қаралатын құжаттардың жобаларын дайындау жөніндегі орган. Өз қызметінде Хатшылық Мемлекет басшылары кеңесі мен Үкімет басшылары кеңесіне бағынышты әрі олардың шешімдерін және ТМД атқарушы хатшылығы туралы ережені басшылыққа алады. Достастықтың ендігі бір институты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясы. Ол 1992 жылы 27-наурызда Алматыда Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы (РСФСР), Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңестерінің басшылары қол қойған келісім негізінде өзара мүдделі заң құжаттарының жобаларын әзірлеуші консультациялық орган есебінде құрылған болатын.

1993-1995 ж.ж. Парламентаралық ассамблеяның мүшелігіне Әзірбайжан Республикасының, Грузия Республикасының, Молдова Республикасының парламенттері кірді. Украинаның парламент делегациясы Ассамблеяның жұмысына байқаушы ретінде қатысады.

1995 ж. 26 мамырда Минскіде Әзірбайжан Республикасының, Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Грузия Республикасының,

Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының мемлекет басшылары ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясы туралы конвенцияға қол қойды, ол бекітіліп, 1996 жылғы 16-қаңтардан бастап күшіне кірді. Осы Конвенция бойынша Парламентаралық ассамблея мемлекетаралық орган деп танылды және ол ТМД органдары жүйесіндегі жетекші орынға ие болды [95, 271 б.]. ТМД елдерінің экономикалық жағдайы тұрақты болмады. Достастық елдерінің көпшілігінде олардың арасындағы сауда операцияларының көлемі кеміп кетті, мемлекеттік бюджеттердің тапшылығы артты, инфляция өсуінің баяулығына қарамастан халықтың тұрмыс деңгейі төмендеді, еңбек рыногындағы жағдай ушыға түсті. Дағдарысқа қарсы қолданған әрекеттер айтарлықтай ықпалды бола қоймады. Достастықтың барлық елдерінде жалпы ішкі өнімнің көлемі кеми берді. Достастықтың барлық елдеріндегі экономикалық ахуал елеулі дәрежеде мемлекеттердің өз өндірісі есебінен де, сырттан әкелінетін жеткізілімдер есебінен де қуат ресурстарымен қаншалықты қамтамасыз етілуіне байланысты болды. Отын-энергетика ресурстарына бағаның артуы оларды импорттаушы елдердің экономикасы үшін аса маңызды болды. Бұл жағдай бірталай мемлекеттер «энергетикалық тәуелсіздікті» қамтамасыз етудің ұлтық бағдарламасын орындауға және отынды бөгде мемлекеттерден әкелуді арттыруға көшті. Газ бен мұнайдың едәуір қорына ие болып отырған Қазақстан, Түркіменстан, Әзірбайжан шетелдік инвестициялар мен жаңа технологиялар негізінде әлемдік мұнай-газ рыногына шығу жөніндегі халықаралық жобаларды іске асыра бастады.

ТМД елдерінде 1992-1997 ж.ж. экономикалық құлдырау шыңы орын алды, бұл кезеңде Достастық елдеріндегі жиынтық жалпы өнім-өндіріс көлемі шамамен 1,7 есе төмендеді. Бұл кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктер, ғылыми кешенде және иновациялық фирмалар, шикізатты тұтынушылар мен жеткізушілер және т.б. мыңдағын шаруашылық субъектілері арасындағы кооперациялық байланыстардың үзілуімен бұзылған әсердің салдары болды. ТМД елдеріндегі қиыншылықтар тәуелсіз жас мемлекеттердің жеке әрекет ете алмайтындықтарын байқатты. Бұл елдердің бір-бірімен өте тығыз экономикалық байланыста екендігін көптеген шаруашылық және қаржылық салаларынан айқындалған болатын. Интеграциялық топтарға қарағанда ТМД терең экономикалық дағдарыс жағдайында қалыптасты. Достастықтағы интеграция кедергілерінің тағы бір көлемдісі - шикізат және өңдеу салаларындағы мүдделердің қарама-қайшылығы. Мұнай, газ және басқа да тапшы ресурстар экспортерлері ТМД-дағы кедендік тосқауылдардың алынып тасталуына, қосылған құн салығының өндірілген елде салуын жою сияқты мәселелерге аса қызығушылық танытпайды. Себебі, олардың өнімдері онсызда бәсекелестік қабілетке ие. Мұны әлемдік тәжірибе дәлелдейді. Мысалы, Норвегияның Еуропалық одаққа кірмеуінің де себебі, оның мұнай және газы интеграциясыз да өтімділік қасиетке ие. ТМД-ның қай жолмен дамуына интеграция перспективасы тәуелді болмақ.

ТМД-ның қалыптасқан уақытынан бергі аралықта жалпы сыртқы сауда көлемінің өзара тауар айналым үлесі бірте-бірте қысқарды. Оған мына

көрсеткіштерді мысал ретінде көрсетуімізге болады. 1992 ж. -73,2%, 1994 ж. - 52,5% [108, 11 б.]. Бұған әртүрлі себептер әсер етті. Солардың ішінде өндіріс көлемінің қысқаруы болатын. Достастық мемлекеттерінің өзара қарыздарының өсуі және төлем қабілетсіздігі сияқтыларды қосуға болады. Қаржы жүйесінің тұрақсыздығы экономикалық ахуалды ушықтыра түсті. 1994 жылы Достастық елдерінің бәріне ортақ көрініс мемлекеттік бюджет тапшылығының ұлғаюы, олардың инфляция көздері арқылы толтыру болды. Достастық мемлекеттерінің қазіргі және жақын болашақтағы түйінді проблемасы ол инфляция еді. Оның орташа айлық қарқыны жоғары болды. Бірқатар мемлекеттерде оның тұрақтау немесе кему ыңғайы байқалды, ал басқа елдерде алдыңғы жылдың деңгейінен асып түсті.

ТМД елдері арасында жасалған ең маңызды экономикалық келісімдердің бірі деп 1993 жылғы 24 -қыркүйектегі Экономикалық одақ құру туралы шартты айтуымызға болады. Экономикалық одақ құру қажеттігі туралы мәселені Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ТМД мемлекет басшыларының 1992 жылы қазанда Бішкекте өткен кездесуінде айтқан болатын [95, 276 б.]. Бұл Достастық дамуының бұрынғы барлық кезеңдеріндегі кезек күттірмес міндеттердің бірі ретінде ұсынылған болатын. Бірінен бірі алшақтаудан, өз бетіне тұйықтаудан, дәстүрлі шаруашылық байланыстарын үзуден барлық елдердің экономикасы елеулі зардап шегетінін өткен жылдар көрсеткен болатын. Экономикалық одақ құру туралы шартқа 9 мемлекет Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан қол қойды. Украина мен Түркіменстан Одаққа оның ассоциацияланған мүшесі ретінде кіреді. Бұл құжат нарықтық қатынастар негізінде экономиканы кіріктіру мен ортақ кеден және валюта кеңістігін құру мақсатында Одақты кезең-кезеңімен қалыптастыруды көздейді. Алғашқы кезеңде кеден бажын өзгертіп, тауарларды іркіліксіз өтуіне бағытталған мемлекетаралық еркін сауда ассоциациясы құрылады. Екінші кезеңде Кеден одағы құрылады да, соның шеңберінде өзге елдерге қатысты ортақ кеден тарифы белгіленген, үйлестірілген сыртқы сауда саясаты жүргізіледі. Үшінші кезеңде капиталдр мен жұмысшы күшінің ортақ рыногы қалыптасады. Ал соңғы кезеңде бюджет, салық, несие-ақша және валюта саясатының келісімін білдіретін Валюта одағы құрылады. Сонымен қатар Экономикалық одаққа кіретін елдердің азаматтары үшін рұқсатнамасыз барыс-келіс режимі, ұлттық және басқа да кез-келген белгісі бойынша кемітуге жол бермеу кепілдігі белгіленген, білім мен біліктілік туралы құжаттарды мойындау енгізілген, зейнетақымен қамтамасыз ету және көші-қонды реттеу саласындағы міндеттемелер де алынған болатын. Осылайша КСРО ыдырағаннан беріде өткен жылдар ондаған мың кәсіпорындар арасындағы байланысты жаңаша жүргізу қажеттігін тағы бір дәлелдеп берді. Осыған орай сыртқы рыноктағы кәсіпорындарға қолдау көрсету, меншік кепілдіктерін қамтамасыз ету, тиімді жұмыс істеуін ынталандыру аса маңызды міндеттер қатарына саналады. Ортақ рынок инфрақұрылымын: сауда үйлерін, биржаларды, банктерді, сақтандыру компанияларын ұқыптылықпен қалыптастыра беру қажет. 1992 жылғы желтоқсанда ТМД-ның мемлекетаралық банкін құру туралы келісімге қол қойылған болатын [109].

1994 ж. 15 сәуірде ТМД елдерінің басшылары Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қол қойды, ал бұл келісім Экономикалық одақ құру туралы шарттың тетігін іске қосуы тиіс болды [110, 40-46 бб.]. Экономикалық одақ - өткенге қайта оралу емес, ықпалдастықтың жаңа түрлеріне қадам жасау, ал бұл жаңа қадамдар ТМД мемлекеттерінде жүргізіліп жатқан реформаларға толық сәйкес еді [111]. 1994 ж. 21 қазанда Мәскеуде ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің мәжілісінде Мемлекетаралық экономикалық комитет құрылды, сондай-ақ «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының кіріге дамуының негізгі бағыттары» меморандумына қол қойылды. Бұл құжаттарда кезең-кезеңімен Кеден одағын қалыптастыру, сондай-ақ елдердің Экономикалық одақ шеңберінде ортақ экономикалық кеңістікке қарай әртүрлі жылдамдықпен қадам басу мүмкіндігі көзделген болатын. ТМД-да қалыптасқан жағдай Достастыққа кірген елдердің экономикалық қарым-қатынастағы кірігу процестерін жеделдету қажеттігін жаппай мойындаумен сипатталды. Атап өтер жай неғұрлым қарқынды экономикалық қатынастар Ресей, Қазақстан, Белорусь және Украина арасында қалыптасты. ТМД шеңберіндегі тауар айналымның 80%-ға жуығы солардың үлесіне тиген еді [95, 204 б.].

Экономикалық кірігудің негізгі құжаттарының бірі - Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының және Белорусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы келісімі болып табылады. 1995 жылы 20-қаңтарда Қазақстан мен Ресейдің президенттері Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельцин Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету жөніндегі бірлескен декларацияда өз елдерінің үкіметтеріне Кеден одағы туралы келісімге қол қою жөнінде тапсырма берді. Бұл құжатқа Қазақстан, Ресей және Белоруссия үкіметтерінің басшылары қол қойды. Кеден одағын құру жөніндегі келісім Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ортақ кеден аумағы мен экономикаларды реттеудің бір үлгідегі тетіктері болуы туралы қағидаларға сүйенеді. Кеден одағын екі кезеңде қалыптастыру көзделген болатын. Бірінші кезеңде өзара сауданың тарифтік және сандық шектеулері алып тасталады, бұл шектеулер 1994 ж. 12 сәуірдегі Сыртқы экономикалық қызметтерді реттеудің біртұтас тәртібі туралы келісімге және сыртқы экономикалық байланыстарды реттеудің толық дәлме-дәл жүйелерін, біркелкі сауда тәртібін, ортақ кеден трифтері мен үшінші бір елдерге қатысты бейтарифтік реттеу шараларын құруға негізделіп келген болатын. Бұл кезеңде сыртқы сауда, кеден, валюта-қаржы, салық және сыртқы экономикалық қызметке қатысты басқа да заңдарды бір ізге салу жөнінде жұмыс атқару көзделген болатын. Екінші кезең кеден аумақтарын біріктіруді, Кеден одағының халықаралық құқық субъектілігі туралы мәселені шешуді көздейді. Бұл ретте келісуші тараптар ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдары негіздерін, Достастық мемлекеттері Үкімет басшыларының кеңесі 1994 жылғы 10-желтоқсанда бекіткен ТМД сыртқы саудасы кеден санағының бірегей әдістемелігін, Үкімет басшыларының кеңесі 1993 жылғы 24-қыркүйекте бекіткен тауарды өндірген елді анықтау ережелерін кейінгі өзгертулермен және қосымшалармен қоса, тауарды кері экспорттау және кері экспорттауға рұқсат беру тәртібі туралы 1994 жылғы 15 сәуірде қол қойылған келісімді қолданады.

Жоғарыда келтірген талдаудан көрінгендей, Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қаз басып қалыптасуына ұдайы үлес қосумен келеді әрі оның іс-әрекеті өзара тиімді де тең құқықты негіздегі сенімділік, тату көршілік және экономикалық кірігу жағдайын қалыптастыруға бағытталған. Атап айтар болсақ, Мемлекет басшылары кеңесінің мәжілістерінде Қазақстан жағы бастамашы болған бірқатар мәселелер қаралған болатын. Мәселен, Қазақстан азаматтық алуды жеңілдету мәселелері бойынша Достастық шеңберінде конвенция қабылдау туралы ұсыныс енгізді. Қазақстан осы мәселе бойынша Ресей Федерациясымен және Беларусь пен келісім жасаған еді. Оны жүзеге асыру қоғамдағы белгілі бір шиеленістің түйінін шешіп, Достастық елдеріне көшуде мемлекеттеріміздің азамттарына сенімділік ұялатқан болар еді.

Тұтастай алғанда, Достастық қызметіне Қазақстан Республикасының қосқан үлесін сипаттай келіп, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ идеясының элементтері мен қағидаларын жүзеге асыру ТМД шеңберіндегі кірігу процесіне елеулі ықпал еткенін айтуымызға болады. Еуразиялық идеяның маңыздылығы мемлекеттердің тарихи жақындығын, геосаяси және геомәдени кеңістіктің ерекшелігін ескереді, белгілі бір деңгейде еуразиялық кеңістіктегі ішкі және сыртқы саяси тұрақтылық міндетін атқарады және оны қамтамасыз етеді [112, 4 б.]. ТМД шеңберіндегі интеграциялық процестердің жүруін тежейтін себептерін бірнеше мысалдармен келтіруімізге болады. Біріншіден, ұлттық мемлекеттердің жетекшілері интеграцияның осы түрін өзінен өзі демократиялық емес империялық орталыққа айналып кетпейме деп сақтанады. Екіншіден, ұлттық республикалардағы тәуелсіздік идеясымен ұзақ уақыт айналысу және басқаларға тым асыра еліктеушілік оларға бөлшектеніп, өз алдына жеке кету оңайға түспейтінін байқатады. Үшіншіден, мықты бәсекелес ірі мемлекеттердің пайда болуынан қорыққан сыртқы күштер мен мемлекеттердің жағымсыз әсері. Төртіншіден, ұлттық мемлекеттердегі билеуші зиялыларда әлі де біртұтас саяси ерік-жігердің болмауы. Сонымен қатар саяси жүйедегі этникалық принциптердің үстем болуы да кедергі келтіреді [47, 71 б.].

Интеграция процесі негізінен ішкі саяси процестерден туындайды. Оған мысал ретінде Еуропалық Одақтың қалыптасу жағдайы мен табысты жұмысын айтуға болады. Мұндағы интеграцияның еріктілік сипаты экономиканың үстем болуы, оған қатысушылардың экономикалық бытыраңқылықтың зардаптары болатынын түсінуі, халықаралық күшті органдардың болуы, заң, қабылданған келісім және шешімдердің орындалуының қатаң қадағалауы, сот билігінің тиімділігі, интеграцияланатын экономиканың бірегейлігі, интеграциялық процестердің бірнеше нұсқаларының болуы [113, 18-19 бб.]. Кеден Одағы Интеграциялық комитетінің төрағасы Н. Исингарин былай деп жазды: «Н.Ә. Назарбаев ұсынған жобасы Мәскеу саммитінде мемлекет басшыларынан қолдау таппады, шешімде жобаны енгізу фактісін анықтаумен шектелді. Президенттердің басты дәлелдері мынандай еді: Достастық бар кезде тағы бір ұйымның қажеті не, соның шеңберінде интеграциялық жүргізуге болады. Бірақ, өкінішке орай, ол жобаның идеялары тиісті дәрежеде пайдаланылмады»

[114, 289 б.]. Тәуелсіздік алған жас елдердің мемлекеттілігін қалыптастырумен қатар олардың өзара қарым-қатынасының оңтайлы үлгісін іздестіру процесі де жүріп жатқан болатын. Қазақстан ТМД құрылған кезден бастап Достастықтың тағдыры үшін айрықша жауапкершілік танытты. ТМД елдерімен тең құқықты, өзара тиімді қарым-қатынастарды орнату және дамыту қазақстандық сыртқы саясаттың маңызды міндеттерінің болғанын айтуымызға болады.

Күрделі экономикалық кезең жағдайында іс жүзінде барлық кеңестен кейінгі мемлекеттерде олардың келісілген іс-қимылын, сындарлы ынтымақтастығын, өзара қолайлы ымыраға келу шешімдерін іздестіру айрықша маңызды болды. Көптеген тәуелсіз мемлекеттер ынтымақтастық және түсіністік болмаса, тұрақтылықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканы реформалау, әлемдік қоғамдастыққа кірігу мүмкін емес екенін түсінді. Осы жағдайларды ескергенде ғана интеграцияға балама жол жоқ деп айтуымызға болады. Кеңестен кейінгі кеңістіктегі интеграция бірегей болып табылады және көп жағдайда Батыс Еуропада болып жатқан процестерден ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктерді салыстырмалы түрде мынадай сипатта көруге болады:

- Еуропалық Қоғамдастыққа интеграцияны тәуелсіз өмір сүруінің ұзақ мерзімді тарихы бар егеменді мемлекеттер жүзеге асырды. Достастықты бастапқы кезеңде біртұтас тоталитарлық мемлекеттен бөлінген және егемендігін құқықтық тұрғыдан рәсімдеуді мақсат еткен мемлекеттер қалыптастырады;

- Еуропалық қоғамдастықта интеграция нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттердің интеграциясы ретінде жүзеге асырылды. Достастықта ашық нарықтық экономикаға өтпелі кезеңдегі мемлекеттердің интеграциясы жүзеге асырылды;

- Еуропалық Қауымдастықтағы интеграция бірнеше онжылдықтардың ішінде, негізінен мемлекеттердің саяси шешімдерінен айқындалатын көлбеу экономикалық байланыстарға қарқын беру арқылы эволюциялық жолмен дамыды. Достастықтағы интеграцияның мәні жаңа нарықтық жағдайлардағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытудан, оларды егеменді мемлекеттердің интеграциялық қатынастарының деңгейіне дейін жеткізуден көрінеді.

Осыған байланысты бірқатар объективті факторлардың интеграциялық процестердің қиындатуына тоқталатын болсақ, біріншіден, ТМД шеңберіндегі интеграцияға экономикалық әлеуеті, шаруашылық құрылымы, экономикалық дамуы деңгейі жөнінен бір бірінен елеулі түрде ерекшеленетін елдерге қатысты. Жиынтық жалпы өнімнің 80% Ресей өндірісе, 8% - Украина, 3,7% - Қазақстан, 2,3% - Бельорус, 2,6% - Өзбекстан өндіреді. ТМД-ның 7 мүшесіне ЖІӨ-ң шамамен 3%-ы тиесілі [108, 9 б.]. Әрине мұндай айырмашылық олардың ұлттық мемлекеттік мүдделерін келісу міндетін елеулі түрде қиындатты. Екіншіден, достастықтағы интеграция күрделі экономикалық жағдайларда, материалдық және қаржылық ресурстардың тапшылығы халықтың дамуы мен тұрмыс деңгейіне қатысты елдер арасындағы айырмашылықтың ұлғаюы жағдайында басталды. Бұл ұлттық экономикалық үлгілердің түрлі сипатын туындатып, мұның өзі ортақ нарықтық кеңістікті қалыптастыруға кедергі

келтіреді. Үшіншіден, дамыған мемлекеттер Достастық елдер шикізат өнімін өндірушілер және өз тауарларының өткізу рыноктары ретінде қарауға объективті түрде мүдделі болуында.

Дүние жүзі елдерінің мақсаты интеграция, ортақ мақсатқа жету үшін, мемлекетаралық қарым-қатынастарды барынша үйлестіруге және үндестіруге ұмтылған әртүрлі елдердің күш біріктіруі. Бұған көз жеткізу үшін шетелдердің тәжірибелеріне көңіл аударсақ жеткілікті. Осы құрылымдардың бәрі де қарым-қатынастарды жан-жақты тереңдету, күрделі саяси және экономикалық мәселелерді шешудің ең үйлесімді жолдарын табу мақсатында құрылған. Ең жексұрын саясатшы, Ливияның басшысы, полковник Муамар Каддафидың өзі жыл өткен сайын күш алып келе жатқан интеграциялық процеске қошемет білдірген [17, 238 б.]. ТМД елдерінің кейбір өздерін білімдар санайтын басшылардың жеке дара өркендеу бағытын ұстануы таңдандырады. Бұл ұлт көсемдері адамзаттың жинақтаған мол тәжірибесінен сабақ алуы керек еді, жеке отырып тек өз күшіне ғана сүйеніп, дүниежүзілік қоғамдастық пен дүниежүзілік шаруашылық қызметінен өз орнын табуға, ешбір мемлекеттің шамасы келмейтінін ұғулары керек. Жақсы болсын, жаман балсын бүгінгі дүние өзінің жан-жақты заңдылығымен өмір сүріп, өркендеу үстінде және оған ешкімнің де өз бетінше түсінік беріп дәлел айтуға әсіресе елеп ескермеуге қақы жоқ деп санаймыз. Дүние жүзінде мемлекетаралық қарым-қатынастың әртүрлі бағыттарынан интеграциялық жақындасуды көруімізге болады.

Н.Ә. Назарбаев интеграция мәселесі жөнінде былай дейді: «Дүние жүзінде мемлекетаралық қарым-қатынастың әртүрлі бағыттарын көріп отырмыз. Мысалы, Батыс еуропалық интеграция, немесе Солтүстік Америка елдерінің интеграциясы, Араб мемлекеттерінің, немесе Қиыр Шығыс, Тынық мұхит елдерінің интеграциясы. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың мәнісі неде? Оның мәнісі - қандай да бір мемлекеттің халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, өз мемлекеттілігін қалыптастыру туралы әңгіме қозғауы сөз болып қалатындығында. Қазіргі заманда кіші мемлекеттер интеграциясыз өмір сүре алмайды. Жалпы айтқанда, алыс-беріс, әсіресе, сауда айналымы үшін керек. Мысалы, Америкада ең сапалы ұшақ «Бойнг» шығарылады. Ал Қазақстан бірден осы ұшақты жасап шығарамын деп талпынуына бола ма? Әрине, талпынған жақсы. Бірақ мүмкіндік жоқ. Ұшақ жасайтын ұлттық мамандар жағынан да тапшымыз. Сол себепті бізде бар затты оларға сатып, оларда бар дүниені өз елімізде пайдаға жаратуға қадам жасау қажеттілігі туындайды. Бүгінге дейін республикамыз бен АҚШ-тың арасында сауда келісіміне қол қойылды. Бұрын Қазақстанның шетелге шығатын жолы тек Ресей арқылы өтетін, қазір Иранға дейін жол салдық. Енді Қазақстанның ғана тауары емес, Сібірдің де, Орта Азияның да тауарлары Үнді мұхитына сол жол арқылы шығырылады. Қытай арқылы Тынық мұхитқа шығу мүмкіндігіне ие болдық. Міне, бұл дегеніміз өрісті қадам. Интеграциясыз даму жоқ. Өркениетке жетем деген ел интеграцияның тізгінінен мықтап ұстағаны жөн» [115, 10 б.].

ТМД-ның біртұтас халық шаруашылығы жүйесі қирағаннан кейін орасан зор шығындарсыз экономикалық межелеуді жүргізуге қабілетсіз болып шыққандығы сыналды. Мұндай сынның көп жағдайда әділетті екенімен келісуіміз керек. Достастық халықтардың түбірлі мүдделеріне жауап беретін жаңа негіздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік қоғамдастықты құрып, ілгері дамыта алмады. Орталықтан шетке тарту бағытындағы үрдістер үстемдік сипат алмаса да аса тұрақты болды. Саяси және экономикалық салалардағы интеграциялық міндеттер екінші кезекке ығыстырылып, жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін ең бастысы өзінің егемендігі болды. ТМД-ның он бір елі арасында Экономикалық Одақты құру туралы Шарт экономикадағы интеграциялық процестерді практикалық іс-қимылға көшіруге негіз болды. Ортақ экономикалық кеңістікті, жалпы еуропалық және еуразиялық рыноктарды қалыптастыру мен дамытудағы жан-жақты ынтымақтастық саясатында Қазақстан Республикасы Достастықтағы интеграциялық процестердің қозғаушы күші болды. Мұндай саясат кеңестен кейінгі елдердің ортақ күш-жігерімен тәуелсіз мемлекеттердің жаңа өркениетті қоғамдастығын құру мүмкіндігін елеулі түрде күшейткен болатын. Дегенмен, интеграция процесі ТМД елдері арасында баяу жүрді. ТМД институттары жеткілікті түрде тиімді жұмыс істемеді [117, 307 б.]. Оған мысал ретінде Н.Ә. Назарбаевтың мына сөзін айта кетуімізге болады. «ТМД бар, дегенмен біз бір-бірімізден алшақ кетіп барамыз. 400-ге жуық құжатқа қол қойылды, алайда олар іс жүзінде жұмыс істемейді» [18, 238 б.]. Дамыған Батыс және Шығыс мемлекеттерінің көмегіне сүйену де оң нәтиже бермеді. Егемен мемлекеттердің тек қана ТМД шеңберінде дамуы оларды көптеген бағыттар бойынша, экономиканы былай қойғанда, саясат, ғылым, мәдениет, халыққа білім беру салалары бойынша да бір-бірімен алшақтады. Мұндай жағдай ТМД халықтарының ойынан шығады деп айтуға бола қоймайды. Ал олар экономикалық дағдарыстың негізгі ауыртпалығын өз иықтарымен көтеріп келе жатқаны анық. Адамдардың неғұрлым тығыз ынтымақтастықты қолдайтындықтарын мейлінше айқын білінді. Олар ТМД елдерін түгел қамтып отырған қазіргі аса ауыр экономикалық дағдарысты өзара күш-жігер біріктіру арқылы ортақ тіршілік кеңістігін «жақсартпай тұрып» жеңіп шығу мүмкін емес екендігін, әйтеуір егемендік туы астында өз еркімен томаға-тұйық тіршілік ету дегеніміз, жалпы алғанда, ілгері жылжу емес, кері кету және тоталитарлық дағдарысқа ұшырау болып табылатынын жақсы түсіне бастады. Мұның өзі интеграцияға деген шақыруды егемендікке қарсы әрекет деп қарастыратын, саяси басқарудың кешегі күні өткен, орталықтандырылған жүйесін қайта қалпына келтіруді көксейтін билеуші саяси топтың, өз халықтарының мүдделерін «білдіруші», оны «бірден-бір қорғаушы» ретінде көрсетуге тырысатын ұлтшыл-радикалдардың да мақсаттарына қарама-қайшы келетіні әбден табиғи нәрсе [46, 436 б.].

Осы тұрғыда Ресейге тұңғыш ресми сапары барысында Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы 29 наурыздағы Ломоносов атындағы ММУ-дің профессорлық-оқытушылық құрамы алдында сөйлеген сөзі интеграциялық саясатты қисынды түрде дамытуға арнаған болатын. «Біздер, бұрынғы одақтас республикалар бір

қоғамдастыққа бірігуге тарихымыз да, бейімдеп, даярланған елдерміз. Бізге байланыстар мен басқарудың бірыңғай нысандары мен тетіктері де, ортақ менталитет және басқа да көптеген нәрселер тән. Биік тау алыстан көрінеді. Достастыққа қатысушы мүше елдердің соңғы кездесуі осыны дәлелдейді. Біздер бір-бірімізден қаншалықты алшақтап кетсек те бірігу қажеттігін де соғұрлым айқынырақ сезіне түсіппіз» -деген ойларын ашық айта отырып, Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде ТМД-ға қатысушы елдердің жана бірлестігін - Еуразиялық одақты құрудың ықтимал жолдарын қарауды ұсынған болатын [4, 32-38 бб.]. Еуразиялық одақтың ТМД-ның өз ішінде және онымен қатар қалыптасуы, бір жағынан, кешегі кеңестік дәуірден кейінгі тәуелсіз мемлекеттерге қажет болып отырған тарихи келісім, екінші жағынан елдер мен халықтардың болашақтағы бірлестігінің қазірден әлдеқайда жоғары дәрежедегі үлгі-өнегесі болып табылады. Еуразиялық одақ тең құқылы Тәуелсіз Мемлекеттердің одағы. Ол ортақ бірлескен әлеуеті бар әрбір қатысушы елдердің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. Еуразиялық одақ егемен мемлекеттердің кеңестік заманнан кейінгі кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды нығайту мақсатымен бірлесу нысаны болып табылады. Экономикалық мүдделер тәуелсіз мемлекеттердің жақындасу жөніндегі негіздерін айқындайды. Еуразиялық одақтың саяси институттары осы мүдделерді бара-бар бейнелеуге және экономикалық бірігуге жәрдемдесуге тиіс.

Бірлесу принциптері бойынша Еуразия одағын құрудың төмендегідей принциптері мен механизмдері ұсынылады:

- Мемлекеттердің Еуразиялық одаққа кіруі туралы ұлттық референдумдар өткізу немесе парламенттердің шешімдерін шығару;

- Шартқа қатысушы мемлекеттердің Еуразиялық одақты теңдік, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралардың бұлжымастығын құрметтеу негізінде құру туралы шартқа қол қою. Шарт экономикалық, валюталық және саяси одақты құру бағытындағы бірлесу ісін тереңдету жөніндегі заңдық және ұйымдық алғышарттарының негізін қалауға тиіс;

- Еуразиялық одаққа қауымдастық мүшелігіне жол берілмейді;

- Еуразиялық одаққа қабылдау жөніндегі шешім қатысушы елдердің жалпы санының: білікті көпшілігі -бестен төрті дауыс беру принципі негізінде жүзеге асырылады.

Еуразиялық одаққа Тәуелсіз мемлекеттер төмендегідей алғышарттарды орындаған жағдайда ғана ене алады:

- Мемлекетаралық қабылданған келісімдерді міндетті түрде орындау;

- Еуразиялық одаққа қатысушы елдердің қалыптасқан мемлекеттік-саяси институттарын өзара мойындау;

- Мемлекетаралық қарым-қатынастарда экономикалық, саяси және басқа нысандағы қысым көрсетуден бас тарту;

- Өздерінің арасындағы соғыс іс-қимылдарын тоқтату.

Еуразиялық одақ құрамына жаңа елдердің кіруі олардың Еуразиялық одаққа кірігу жөніндегі әзірлігі туралы сараптық қорытындылар жасалғаннан

кейін, Еуразиялық одақтың барлық мүшелерінің бір ауыздан дауыс бергеннен кейін жүзеге асырылады. Сараптық қорытындыны Еуразиялық одаққа мүше болуға ниет білдірген мемлекеттердің тепе-тең негізде тұратын органы береді. Еуразиялық одақ мемлекеттері басқа да бірлескен бірлестіктерде, соның ішінде, ТМД-да қауымдастық немесе тұрақты мүшелік негізінде қатыса алады немесе бақылаушы мәртебесіне ие бола алады. Әрбір қатысушы басқа мемлекеттерді кем дегенде шешім қабылдағанға дейін алты айдан қалдырмай алдын ала хабардар еткеннен кейін Еуразиялық одақтан шыға алады.

Ұлттан тыс төмендегідей органдарды қалыптастыру ұсынылады:

- Еуразиялық одақ мемлекет басшыларының және үкімет басшыларының кеңесі Еуразиялық одақ саяси басшылығының жоғарғы органы болып табылады. Әрбір қатысушы мемлекет Еуразиялық одаққа орыс әліппесіне сәйкес алты ай бойы төрағалық етеді;

- Жоғарғы консультациялық-кеңесші орган Еуразиялық одақтың Парламенті болып табылады. Парламент әрбір қатысушы елдің тең өкілдігі немесе тікелей сайлау негізінде қатысушы мемлекеттер парламенттерінің депутаттарын ұсыну жолымен құрылады. Еуразиялық одақ парламентінің шешімі Еуразиялық одақ мемлекеттері парламенттерінің мұны бекіткеннен кейін күшіне енеді. Бекіту жөніндегі мәселе бір ай ішінде қаралуға тиіс;

Еуразиялық одақ Парламенті қызметінің негізгі бағыттары біртұтас экономикалық кеңістікті дамытуды қамтамасыз ететін қатысушы елдердің заң шығару қызметін үйлестіру, адамның әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді шешу, мемлекеттік егемендікті және Еуразиялық одақ мемлекеттеріндегі азаматтардың құқықтарын өзара құрметтеу болып табылады:

- Еуразиялық одақ Парламенті арқылы қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара қарым-қатынастарын реттейтін ортақ құқықтық базаны;

- Сыртқы саяси қызметті үйлестіру мақсатымен Еуразиялық одақ сыртқы министрлерінің кеңесін;

- Тұрақты жұмыс істейтін атқару-бақылаушы орган - Еуразиялық одақтың мемлекетаралық атқару комитетін құрады.

Атқару комитетінің басшысы қатысушы елдер өкілдерінің ішінен Еуразиялық одақ мемлекеттері басшыларының ұсынысымен белгілі мерзімге кезектесіп тағайындалады. Атқару комитетінің құрылымы барлық қатысушы елдердің өкілдері ішінен құрылады.

Еуразиялық одақ өзінің атқару комитеті арқылы бірқатар ірі халықаралық ұйымдарға бақылау мәртебесіне ие бола алады.

Еуразиялық одақ атқару комитетінің ақпарат бюросы. Шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа нұқсан келтіру мүмкін осы елдер атына қаскөй пікірлердің орын алуына жол бермеу туралы қатысушы елдердің арнайы міндеттемелерін немесе заңдарын қабылдау.

Білім беру, мәдениет, ғылым мәселелері бойынша кеңес. Келісімге білім беру саясатын, мәдени, ғылыми ынтымақтастық пен алмасу саясатын қалыптастыру, оқулықтар, құралдар жасау жөніндегі бірлескен қызмет.

Еуразиялық одақ елдерінің қызметін неғұрлым терең үйлестіру және тиімді ету мақсатында осы елдерде Еуразиялық одақтың істері жөніндегі мемлекеттік комитет (министрлік) құру.

Еуразиялық одақ елдері министрлерінің деңгейінде денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және жұмыспен қамтамасыз ету, экология, мәдениет, қылмыспен күрес және т.б. мәселелер бойынша тұрақты кездесулер мен консультациялар өткізу.

Еуразиялық одаққа қатысушы елдердің ұлттық заңдарына сәйкес ынтымақтастықтың түрлі салаларындағы үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ынталандыру. Тіл жөніндегі ұлттық заңдардың қызмет атқаруымен бірге Еуразиялық одақтың ресми тілі орыс тілі болып табылады.

Азаматтық. Еуразиялық одақтың шекарасында азаматтардың еркін барыс-келісі үшінші елдерге қатысты ішкі үйлестіруді, виза саясатын талап етеді. Еуразиялық одақ аймағында тұру жөніндегі елді ауыстыру кезінде әрбір адам өзінің қалауынша басқа елдің азаматтығын бірден ала алады.

Еуразиялық одақтың астанасы ретінде Еуропа мен Азияның түйіскен жеріндегі қалалардың бірін, мәселен, Қазан, Самара қалаларын ұсынуға болады.

Еуразиялық одақ ауқымында біртұтас экономикалық кеңістікті құру мақсатымен ұлттан тыс бірқатар үйлестіруші құрылымдарды құру ұсынылады:

- Еуразиялық одақ мемлекеттері басшыларының кеңесі жанындағы экономика жөніндегі комиссия. Ол Еуразиялық одақ ауқымында экономикалық реформалардың негізгі бағыттарын ұлттық мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, талдау жасайды және оларды Еуразиялық одақ мемлекеттері басшылары кеңесінің бекітуіне ұсынады;

- Еуразиялық одақтың сыртқа шығарушы шикізат ресурстары жөніндегі елдерінің комиссиясы. Бұл сыртқа шығарылатын шикізат тауарлары мен энергия көздеріне деген бағалар мен квоталарды келісу және бекіту, тиісті мемлекетаралық келісімдерге қол қою мақсатында құрылады. Алтын және басқа да бағалы металдарды қазып алу, сату саласындағы саясатты үйлестіру;

- Экономикалық және техникалық ынтымақтастық істері жөніндегі қор. Бұл Еуразиялық одақ елдерінің үлестері есебінен құрылады. Қор ғылымды көп қажет ететін келешегі зор экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландырады, міндеттердің кең тобын, соның ішінде, құқықтық, салықтық, қаржылық, экология және т.б. мәселелерді шешуге көмек көрсетеді;

- Мемлекетаралық қаржы - өнеркәсіптік топтар және бірлескен кәсіпорындар бойынша комиссия.

- Еуразиялық одақтың халықаралық инвестициялық банкісі;

- Еуразиялық одақтың экономикалық мәселелері жөніндегі мемлекетаралық арбитражы; ол даулы мәселелерді құқықтық жолмен шешеді және айыптық санкциялар салады;

- Есеп айырысу жөніндегі ақшалай бірлікті (аудармалы рубль) енгізу жөніндегі комиссия.

Ғылым, мәдениет, білім беру принциптері бойынша ондаған жылдар ішінде қол жеткізген әлеуетті сақтау және осы саладағы бірлесуді күшейту жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

- қазіргі заманғы білім саласындағы іргелі зерттеулер жөніндегі Еуразиялық одақтың ортақ зерттеу орталықтарын құру;

- түрлі елдерің ғылыми ұжымдарын біріктіретін Еуразиялық одақтың ғылыми-зерттеулерді дамыту жөніндегі қорын құру;

- еуразиялық одақ үкімет басшыларының кеңесі жанындағы мәдениет, ғылым, білім беру саласындағы байланыстар мәселелері жөніндегі комитетті құру;

- мәдени-білім беру және ғылыми саладағы үкіметтік емес қауымдастықтар мен бірлестіктерді құрауға жәрдемдесу;

- Еуразиялық одақтың атқару комитеті жанындағы стипендиялық қорды тағайындау.

Қорғаныс принципі бойынша Еуразиялық одақ ауқымында төмендегідей келісімдерді жасау ұсынылады:

- Еуразиялық одаққа мүше елдердің ұлттық қарулы күштерін нығайту және Еуразиялық одақтың сыртқы шекараларын қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдары туралы шарт.

Еуразиялық одақ қорғаныс қызметін үйлестіру мақсатымен біртұтас қорғаныс кеңістігін құруды көздейді:

- Еуразиялық одақ ұжымдық бітімгер күштерін оған қатысушы елдер мен олардың арасындағы тұрақтылықты қолдау және жанжалдарды тыюға тарту. Еуразиялық одаққа қатысушы мемлекеттердің келісімімен халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес Еуразиялық одақ ауқымында жанжалды аймақтарға бітімгер күштерді жіберу;

- Еуразиялық одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға, соның ішінде, БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесіне, бітімгершіл күштердің бірлескен контингенті мәртебесін беру туралы ұжымдық өтінішті енгізу;

- халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен ядролық қарусыздану проблемалары жөніндегі мемлекетаралық орталықты құру.

Еуразиялық одақтың барлық мемлекеттері, Ресейден басқа, ядролық қарусыз мәртебесін сақтайды.

Экология принципі бойынша таяудағы уақыттың ішінде төмендегідей тұтқаларды құру қажет:

- Еуразиялық одақ ауқымында экологиялық бағдарламаларды және қатысушы мемлекеттердің барлығы қаржыландырылатын экологиялық бағдарламаны жүзеге асыратын Еуразиялық одақ мемлекеттері басшылары кеңесінің жанындағы экология жөніндегі қор;

- экологиялық ластану деңгейін төмендету жөніндегі халықаралық ұйымдар мен іс-қимылдарды үйлестіру;

- қоршаған ортаны қалпына келтірудің ірі проблемалары және экологиялық апаттардың салдарын жою жөніндегі (Арал, Чернобыль, Семей ядролық полигоны) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын қабылдау;

- Еуразиялық одақтың ядролық қалдықтарды көму жөніндегі мемлекетаралық шарттар қабылдау.

Тарих ХХІ ғасыр өркениетті жолмен еруге мүмкіндік беріп отыр. Кеңестік заманнан кейінгі дамудың қисынын және бұрынғы КСРО халықтарының бірігуге деген ниетін білдіретін Еуразиялық қоғамды құру жөніндегі бастаманың біріктіруші әлеуетін жүзеге асыру, біздің ойымызша, осындай мүмкіндіктің бірі болмақ [117, 141-147 бб.]. Н.Ә. Назарбаевтың ұсынып отырған мемлекеттердің Еуразиялық идеясының мақсаты осы одақ аясында тек қана сыртқы сауда-экономикалық одақпен шектелмей, Еуразия халықтарының этномәдени, тарихи және діл жақындығының бірлігіне негізделген [118, 43-44 бб.]. Жалпы айтқанда Елбасы тарихқа сүйенеді, тарихқа жүгінеді. Бүгінгі күнді, болашақты өткен тарихи сабақтарға үңіліп барып болжайды, стратегиялық мәні бар - ел тағдыры, халық тағдыры туралы тұжырымдамалар пайымдайды [119, 308 б.].

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия континенті мемлекеттерінің дүниеге деген қатынасы мен интеграциясы іспетті аса тарихи қажеттілікке айналуда. Егер алғашқы еуразияшылдық Ресей империясының күйреуіне жауап ретінде болса, қазіргі еуразияшылдық КСРО-ның ыдырауы, сондай-ақ болашақта орын алуы мүмкін әлеуметтік-саяси күйреуге деген әсері болуы мүмкін. Жаһандану заманында адам мен табиғат, техника мен адамгершілік, ислам мен христиандық, ұлттық пен жалпыадамзаттық арасындағы теңсіздік аса зор әлемдік күйреуге, барлық адамзаттың жойылуына апарып соқтыруы ықтимал. Еуразияшылдықты дүниеге айрықша қатынас түрінде мәдени-философиялық доктрина ретінде жүзеге асыру осы теңсіздікті жеңудің басты жолы, адам тіршілігінің әр түрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі болар еді. ХХІ ғасырда Еуразиялық идеяның кең де терең мәнге ие болуы сондықтан.

2.2 Еуразиялық идеядан - еуразиялық интеграцияға

XX ғ. басында орыс эмигранттарының негіздеген «Еуразияшылдық» идеясы Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін сатылы түрде іс жүзіне аса бастады. Бұл идеяны қайтадан күн тәртібіне енгізген Н.Ә. Назарбаев 1990 ж. посткеңестік ауқымдағы саяси үрдістерді сезіне отырып, еуразиялық құрлықтағы тұрақтылық пен жаңа құрылған мемлекеттер арасындағы ынтымақты күшейту мақсатында күш жігерін аямады. Бүгінде идеяның алғышарттарын құрайтын ТМД, ШЫҰ, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық одағы, ЕурАзЭҚ т.б. одақтар мен қауымдастықтар заңды түрде жұмыстарын атқаруда. Сондықтан бұл бөлімде құрайтын еуразиялық интеграциялық үрдістердің кемшіліктері мен жетістіктері нақты деректер негізінде сараланып, ғылыми тұрғыдан зерделену мақсат етілді.

1990 ж. Еуразия кеңістігінде құрылған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің дамуы 1994 жылға қарай өзінің бастапқы қадамдарын жасап, әлем деңгейінде таныла бастады. Әрбір мемлекет өзінің ұлттық валютасын, шекарасын,

мемлекеттік басқару жүйесі мен стратегиялық даму жолын таңдаған-ды. Сол жылдардағы саяси үрдістерге шолу жасайтын болсақ, тәй-тәй басып келген жас тәуелсіз елдердің арасындағы байланыстардың қалыптасуы көптеген қиыншылықтарға тап болғанын көреміз. Бұл қиыншылықтардың арасында миграциялық толқынның артуын, территориялық делимитация мәселесін, ұлтаралық қатынастар мен құлдыраған экономикалық қатынастарды т.б. жатқызуға болады. Міне, осы аталған мәселелерді мемлекетаралық қатынастарға нұқсан келтірмеуі үшін ымыра қажет болған. Мемлекеттің тәуелсіздігін қалыптастырғаннан кейін интеграциялық сипаттағы процестерді ескере отырып, тарихи, геосаяси және мәдени алғышарттарға баса көңіл аударылды. Кеңестік дәуірден кейін тәуелсіз мемлекеттердің тоталитарлық тәртіппен соңғы дамудың ерекшелігі тек қана жеке мемлекеттердің саяси тәртіп пен мемлекет құрлымын таңдауында ғана емес, сонымен қатар бұл мемлекеттердегі саяси жүйенің қалыптастыру, жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі ұлттық-мемлекеттік құрылыстың өзара әсер ету ерекшелігін де ескерген жөн. Осыған байланысты, Кеңес дәуірінен кейінгі елдердің басқарушы қауымының дамуындағы дағдарыстарды шеше білу үшін, мемлекетаралық өзара әрекет ету деңгейін ұйымдастыра білу қабілеттерін дамыту өзекті мәселеге айналды [120, 47 б.].

Еуразиялық кеңістіктегі мемлекетаралық қатынастар мен интеграциялық процестерді алсақ, олар еуразияшылдықтың табиғи терең мәнін көрсетеді. Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ идеясы саяси немесе жалаң сыртқары ойларға емес, Еуразия халықтарының мәдениеті мен болмысының іштей жақындығы, славяндар мен тұрандықтардың іс жүзіндегі ішкі менталитеттік бірлігіне негізделген. Еуразиялық одақ мақсаты сырттап өмір сүру мен басымшылдықты жоққа шығарады, өйткені еуразиялық «жинақтаушылық» әртүрлі тектер, мәдениеттер мен елдер арасындағы окшау қатынасты емес, достық, яғни үйлесімді қатынасты білдіреді [57]. Кеңес өкіметі дәуірінде Еуразия халықтарының рухани саласын социализм құру процесіне зорлап идеологияландыру жүрген болатын. Барлық халықтар үшін біркелкі көзқарас қалыптастыруға күш салынды. Бұл идеология қоғамдық-экономикалық өмірдің барлық құбылыстарында мақсатқа сәйкестіліктің кепілі ретінде қарастырылады. Еуразия территориясындағы интеграция процесі еуразиялық социалистік лагердің зорлықпен орнағанын 1980-1990 жылдардың арлығында болып өткен оқиғалар көрсетіп берді. Кеңес кезеңіндегі қоғамдық дамудың табыссыз тәжірибесі еуразиялық идеяның көп түрлілігін көрсетіп және оның қолайлы балама моделін іздеуді қажетсінетінін айғақтады [121, 212-213 бб.].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына біріккен кешегі кеңестік мемлекеттер дүниежүзілік құқық тәртібінің терезесі тең субъектілері ретінде жаңа саяси шындық жағдайында дами бастады. Дегенмен тәуелсіз жаңа мемлекеттердің, ашық демократиялық қоғамдық жүйелердің жасампаздық процесі енді басталған болатын. Алғашқы кезеңде, 1991-1992 жылдары бұрынғы бір орталықтан басқарылатын біртұтас одақтың мемлекеттің қойнауында жинақталған шеткері тебуші пиғылдар әлі күшті болып тұрған шақта дәл осы Достастық өзінің барлық институттарымен - Мемлекет басшыларының

кеңесімен, Үкімет басшыларының, министрлердің кеңесімен бірге бір-бірінен алшақтаудан белгілі бір дәрежеде аман өтуге жағдай жасады.

Өткен жылдар өзінің жақын көршілерімен сапалық және қарым-қатынасқа көшу тіпті де онай емес екенін көрсетті. Бұрынғы геосаясаттың қалыптары ойлағандағыдан әлдеқайда қиын болып шықты. Сонымен бірге тәуелсіз жаңа мемлекеттердің дербес даму жылдары да егемендікке деген саналы құлшыныстарды қанағаттандырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүрген елдер мен халықтардың бір-бірінен тәуелсіздігінің шекараларын да көрсетіп берді. Бір-бірімен өзара байланыс дәрежесі де, бір-бірінен экономикадағы, қорғаныс мәселелеріндегі, ғылым мен мәдениет әлеміндегі, алуан қырлы адами қатынастар саласындағы өзара тәуелділік дәрежесі айқын көрінді. Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, ескі тәртіптің қирауымен бір мезетте тез арада-ақ жер-жердің бәрінде батыс демократияларындағы сияқты азаматтық қоғам да, демократиялық мемлекет те орныға қалды дейтін әуелгі кездегі үміт жәй қиял болып шықты [95, 204 б.]. Елбасы аптықпалы Беловежье процесін мақұлдай қоймағаны белгілі, ал біртұтас одақтас мемлекет іс жүзінде ыдырап тынғаннан кейін ол екі жақты негізде болсын, ТМД шеңберінде немесе басқадай бір кірігу үлгісінде болсын бұрынғы бауырлас республикалар арасындағы байланысты барынша сақтап, жаңа байланыс орнатуды әрдайым дәйекті жақтады. 1993-1995 жылдары оқиғалардың дамуы ТМД-ның ауқымды және әмбебап міндеттер жүктейтіндей кірігу институты ретінде құқықтық, саяси және практикалық мүмкіндігі жеткіліксіз екеніндігін көрсеткен болатын [122, 97 б.].

ТМД-ның барлық қызметі, оған кіретін мемлекеттердің барлық екі жақты және көпжақты әрекеті мүдделі елдердің бұдан гөрі тиімді, әлдеқайда терең, алуан қырлы кірігуінің заманы туғанын көрсетеді. Бұл кірігу ең әуелі экономикадағы жағдайды тұрақтандырып, оны жаңа сапалық негізде дамытуға мүмкіндік бере еді. Біздің ойымызша, бұл ең алдымен кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі бұдан арғы кірігу процестерінің өзіндік қозғаушы күші бола аларлық Қазақстан мен Ресейдің экономикасына қатысты болса керек. Сондай-ақ әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және басқа салалардағы ынтымақтастыққа қатысты, неғұрлым пәрменді кірігу шеңберінде шешімін күтіп тұрған басқа да көптеген мәселелер бар болатын. Қалыптасқан жағдайларды да, бүгінгі және ертеңгі күннің объективті қажеттерін де ескеретін осындай үлгі Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одағын қалыптастыру идеясы болса керек.

Тәуелсіздік алуымен байланысты Қазақстанның алдынан, шын мәнінде, болашақтағы өркениетті дамудың үш жолы, үш мүмкіндігі тұрған еді. Біріншісі - батыстану, біртіндеп батыстық үлгіге бой ұруға деген құлшыныс. Екіншісі - шығысқа, мұсылман әлеміне бағыт ұстау. Ал үшіншісі - Батыс пен Шығыстың жетістіктерін және сонымен қоса тарихи тәжірибесі мен тарихи-мәдени дәстүрлерін, сондай-ақ қазіргі геосаяси шындықты ескеретін өзіндік үлгі қалыптастыру болатын [123, 395 б.].

Американдық саясаттанушы З. Бжезинский екі мәселеге назар аударған. Алдымен ол КСРО-ның құлау себебі, ондағы қордаланған мәселелердің

барлығы догматикалық түрде жоққа шығарылғандығымен түсіндіріп, бүкіл жүйе ұйымдасқан түрде өзін-өзі алдау негізінде құрылғандығын атайды. Екінші, Кеңестік империяның құлауымен тәуелсіздігін алған мемлекеттердің ішінде Қазақстан беделі жоғары елдердің бірі ретінде қарастырады [124, 47 б.].

Қазақстан -2030 Стратегиясында «Қазақстан Еуропаның кішкентай болса да бір бөлігі, тарихи тұрғыдан да біз Батыс өркениетіне ұмтыламыз дейді біреулер. Біз көбінше азиялық елміз, сондықтан «жолбарыстардың», Жапонияның, Кореяның тәжірибесін ұстануға тиіспіз дейді екінші біреулер. Біз ресейлік менталитет пен ұжымшылдық принциптерін бойымызға терең сіңірдік, сондықтан біздің таңдауымыз Ресейдің таңадауына сай болуға тиіс дейді үшіншілер. Төртінші біреулер біздегі халықтың басым көпшілігі мұсылмандар, сондықтан біз жаңа түркі моделін негізге алуға тиіспіз деп дауласады. Ғажабы, бұлардың барлығының айтқаны ақиқат және сонымен бір мезгілде олардың барлығы қателеседі. Біз - өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді» - деп атап көрсетілген [125, 46-49 бб.].

Н.Ә. Назарбаев біздің бірінші мүмкіндігіміз Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды дейді. Әлемдік экономикалық және саяси процестердің ауқымдану процесі осы факторды түйінділерінің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді. Атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылған болатын. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі.

Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлары туралы айтпағанның өзінде, осы себептен, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Еуразия идеясын ұсынып және оны дамыта беретіндігін, әрі оның стратегиялық болашағына сенетіндігін білдіреді. Елімізбен шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де тиімді транзиттік әуелетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастықпен жасау керектігін ескерген жөн [126, 19 б.]. «Қазақстан Еуразия одағын құру жөнінде үлгілі бастама көтеріп, ұсыныс жасады. Бұл Достастықты бір сілкінткендей жәй болды. Бұл үлгілік жобада көзделген идеялардың көпшілігі кейіннен екі жақты, көп жақты шарттар түрінде жүзеге асты. Мұның өзі экономикалық салада, кеден одағын құруда, азаматтық мәселелерін шешуде нақты нәтижелерге қол жеткізді. Ғасырдың соңында «интеграция» ұғымның мәнін салиқалы түрде қайта пайымдайтын болсақ біріншіден, біз ешқандай идеологиялық, діни немесе өркениеттік аңыздар мен өлшемдерге артықшылық атаулыны қабылдамаймыз. Басты өлшем тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік мүддесі. Екіншіден, біз қай істе де прагматизмді ұстанамыз. Иә, тарихтың ұлы ұстаз екені рас, дегенмен мәңгі бақи оның аясында қалып қалуға болмайды. Біз өткенді көксей

бермей, Еуразия кеңістігіндегі тарихи байланыстарымызды жаңаша сипатқа көшіруіміз керек. Үшіншіден, әртүрлі интеграция құрылымдарында болып көргендегі тәжірибеміз бүгінгі таңдағы интеграцияның әмбебап принциптерінің артықшылықтары мол екенін дәлелдеп отыр. Бұл принциптер - тендік пен еріктілік. Күштеп бірікіру деген «империялардың қаңқасын құрап» жүретіндердің сандырағында ғана қалған. Төртіншіден, интеграция эволюциялық жолмен дамыса ғана сенімді болмақ. Революциялық оқыс сілкіністер, аяқ астынан біріге қалу, байыбына бармай жатып конфедерация құра салу сияқты қадамдар қалыпты және табиғи дамып келе жатқан процеске тек залал келтіруі мүмкін. Ақыр аяғында, бір бағыттағы интеграция қадамдары басқа бір бағыттағы қадамдардан бас тартуға соқтырмауға тиіс. Бүгінгі әлемде аймақтық орталықтардың неше түрі бар, олар сонысымен де мықты болып отыр. Мұның өзі Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделерімен әбден орынды қабылдасады» - деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев [127, 40-42 бб.].

Елбасы өзінің Еуразия одағы байыптамасы үстіндегі жұмыс жоғарыда келтіргендей жағдайларға байланысты басталды. Алайда мұндай бастаманы түсіне қою саясаткерлерге, мемлекет басшыларына, халықтарға оңайға түспеді. Дүниені ақ пен қараға бөліп, атыстырып-шабыстырып қарайтын көзқарастан бас тартуға тура келді. Ол кездегі таластар ондай көзқарастың әлі мансұқталып болмағанын көрсетті. Не егемендік, не интеграция - екеуінің бірі. Мәселені бұлай түсінушілік те дүниеге деген әлгіндей көзқарастан туындап жатқанды. Бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырады деген ешкімнің ойында болған жоқ. Екеуі екі қиын құбылыс саналған болатын. 1994 жылы ТМД мен оның ұйымдары қолда бар ықпалдастық мүмкіндігін толығымен іске асыра алмады. Қалыптасу үстіндегі ұйымның ондай өрелі міндетті оңай жүзеге асыра алмайтыны түсінікті болатын. Алайда қалыптасу кезеңі эконмиканың әуелден өзектесіп кеткендегінен, халықтардың саяси-әлеуметтік құлқы мен қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымының бірдейлігіне, елдердің көп ұлттылығына, тарихи дәстүрлердің тамырластығына қарамастан, тым ұзақ уақытқа созылған болатын. Бұның бәрі ұлттық-мемлекеттік құрылыс процесін мемлекетаралық ықпалдастық процестерді сақтап, дамыта отырып жүргізу керектігін көрсетеді. Тарихтың айтқанына жүгінер болсақ, әлемдік қауымдастыққа XX ғасырда қалыптасқан ықпалдастық негізі сүйене отырып, күллі Достастықтың бірлескен қимыл - әрекетімен ат салысу тиімді болар еді.

Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын ұсынудан бұрын халықаралық бірлестіктер тәжірибесін ұзақ зерттеп, ТМД елдеріндегі жағдайды жете талдап, ықпалдасу процесін тездету керек деген қорытындыға келген. Жаңа ықпалдастық қалыптастыру жөніндегі ойын алғаш рет 1994 жыл көктемде Ұлыбританияға барған сапарында білдірген еді. Королеваның халықаралық проблемалар институтында сөйлеген сөзінде: «бұрынғы кеңестік кеңістік дамуында екі пиғыл бой көрсетіп отыр: бір жағынан ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру, екінші жағынан ұлттық ТМД елдерін одан әрі ықпалдастыра түсу. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының өзін реформалаудың қажеттігі туып отыр. Ол бұл аймақты орнықтылық пен қауіпсіздік белдеуіне айналдырып, саяси жетілудің болашағын алдын ала біліп отыру дәрежесін көтере түсер еді»

[2, 93 б.]. Мұндай аса құрметті жиынға Н.Ә. Назарбаевтың шақырылуының себебі Лондонда бір кездегі премьер-министрлер «темір леди» атанған Маргарет Тэтчердің біздің президентіміз туралы айтқан сөзіне байқауға болады. «Бүгінде әлем бес-алты ғана беделді саясаткерлерді біледі, - деген еді Маргарет Тэтчер, - Н.Ә. Назарбаев солардың ішінде» [17, 234 б.].

Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы 29 наурызда Мәскеуге арнайы сапары кезінде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы және студенттермен кездесуі болды. Осы интеллектуальды аудиторияның алдында кеңестен кейінгі аймақтағы мемлекеттердің даму перспективасы туралы лекция оқығанда, ТМД-ға мүше елдердің мүлдем жаңа бірлестігін құру идеясын және оны Еуразия одағы (ЕАО) деп атауды ұсынды [2, 93 б.]. Еуразия одағы идеясы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамының жиналысында әлдеқайда кеңірек әңгіме болған еді. Өзінің аса маңызды хабары үшін Мәскеу университетінің мәртебесін неліктен таңдап алған себебін Н.Ә. Назарбаев былай түсіндірген болатын. Ол жерде мұның тыңдаушылары бұрынғы КСРО ғылымның мақтанышы болған нағыз ірі ғалымдар еді. Империя қалдығының үстінен жаңа интеграциялық құрылымды ұсына отырып Н.Ә. Назарбаев өзі үшін есімдері әлемге әйгіл адамдардың қолдау көрсетуін өте қажет деп білген болатын.

Еуразия одағының қажеттігі жөнінде: «біз бір-бірімізге сенуге мәжбүрміз. Қараңыздар көпжылдық мемлекеттік Еуропа елдері бірігуге бастайды, ол жақта жаңа «конфедерация» сөзі жиі айтылады. Олар әлемдік рыноктың қатал поляризацияланатынын өте жақсы түсінеді» деп мәлімдеген болатын Н.Ә. Назарбаев [128]. Бұл бұрынғы Одақтың республикалар тарихымен және тағдырымызбен бірыңғай бірлестікке дайын. Байланыстың және басқарудың бір формасы және механизмі, ортақ менталитет, т.б. тән. Мәселе мынада, кейбір саяси лидерлер империяның қайта тууынан сақтанатын саяси қорқыныш бар. Бірақ оған енді ешкімде бармайды. Қазақстан Президенті сол кезде және одан кейінгі көпшілік алдындағы сөздерінде Кеңес Одағын қайта жасау туралы мәселе қойылып жатқан жоқ деп әрдайым атап көрсетті. Ол ұлттық егемендікке қауіп туғызып ТМД елдерін бір-бірінен алшақтатар еді. Н.Ә. Назарбаев пікірі бойынша, күш беретін интеграция біздің мемлекеттеріміздің ішкі саяси бағытын шұғыл өзгертіп интеграциялық күш векторын ТМД аймағынан сыртқа бағыттайды. Мұнымен келіспеуге болмайды, мәдениетті, үнемі дамушы интеграция процессі қатарласа жүруі керек және мемлекеттердің ұлттық егемендігін нығайтуға тиіс. Бұл туралы Еуропаның, Солтүстік Американың тәжірибесінен білуге болады. Одақ сөзінен қорқудың керегі жоқ, екендігін Н.Ә. Назарбаев М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де сөйлеген сөзінде атап көрсеткен. Мысалы Еуропа Одағы. Біз бәріміз тең екенімізді және де Ресейге келу сапары - сол теңдікті мойындау деп білдіреді. Осы тақырыпты қарастыруды жалғастыру үшін, Қазақстан Президентінің Мәскеудегі сапарынан тағы бір сөзін мысалға келтірудің маңызы зор. Еуразия одағын құру бастамасының дәлелдері туралы журналистер сұрағына ол былай деп жауап берді: «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы бар, бірақ біз бір-бірімізден

алшақтап бара жатырмыз. 400 құжатқа қол қойылған, бірақ олар іске асырылған жоқ. Ең бірінші Еуразия одағына Қазақстан мен Ресей біріге алар еді» [129, 27-28 бб.].

Н.Ә. Назарбаевтың әр кездерде айтқан сөздеріне қарап оның Еуразия одағының жобасын жасауға бірнеше ай уақыт кеткенін аңғаруға болады. Ынтымақтастықты күшейту жоспары тақыр жерде пайда болған жоқ еді. Н.Ә. Назарбаевты бұл идеясына Еуропа елдерінің тәжірибесі үлгі болса керек. Осыдан жарты ғасыр бұрын көмір және металл Одағын құрған таза салалық бірлестіктен бастаған қадам ынтымақтастықтың шығар шыңы -Еуропа Одағына жеткізген. Ал осы нысанаға жетер жолда көптеген кедергілер мен асулардан өтуіне тура келді, олардың ішінде Еуропаның экономикалық қоғамдастығы тәрізді кезінде көптеген саясатшылар ең соңғы станция осы болар деп есептеген.

Еуразиялық одақ жобасын дайындау үсінде Достастық елдеріндегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму сатыларына асқан дәлдікпен жасалған талдаулар, тәуелсіз жас мемлекеттердің заң шығарушы негіздерін мұхият зерттеу, сондай-ақ ТМД мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары қабылдаған, бірақ заңдық күшіне енбей қалған құжаттардың юристік сараптары пайдаланылған. Осының бәрі Н.Ә. Назарбаев ұсынған мемлекеттердің жаңа құрылымын әлеуметтік-экономикалық жаңғырту, олардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін жаңа сапалы интеграциялық бағытта күшейту бағдарламасы нақтылы саяси, экономикалық, тарихи және географиялық жағдайларға нық байланыстырған болатын.

Еуразиялық одағының мүмкіндігі туралы мысал ретінде немістер мен ағылшындарды соғыстан кейін тілдік тосқауыл ғана бөліп қойған жоқ, оларды тағыда бір-бірлерінен жеккөрушілік, тіпті майдан шебінде қарама-қарсы окоптарда отырғанда қалыптасқан ашықтан ашық жауласу бөліп қойған, деп мән бере айтады Н.Ә. Назарбаев. Алайда кешегі жаулар бір-бірімен тіл табысып ерлік жасады. Ал біздер ондаған жылдар бойы бір елде бірге тұрып, бір-бірімізге сый-құрметпен қарап, орыс тілі арқылы еркін араласа отырып, Германия мен Ұлыбритания азаматтарынан біздің интеграциялық мүмкіндігіміз қалайша кем болады деген еді [17, 239 б.]. Осындай бірден-бір нақты дәлелдердің зор күш-қуатымен ойланып-толғанып, есептелініп барып замандастарының талқысына Еуразия одағын құрудың егжей тегжейлі жоспары ұсынылған болаты.

Еуразиялық идеяны іске асыру дегеніміздің өзі Ресеймен және осы өңірдегі басқа да елдермен бірге еуразиялық өркениет құру жолы. Ол қатып қалған мағындағы мұсылмандық та, православиелік те, түріктілік те, славяндық та, азиялық та, еуропалық та емес, мәдениеттердің, тілдер мен діндердің алуандығымен ерекшеленетін әрі сонымен бірге этностық мүдделерден жоғары тұратын қуатты қисындары мен мүдделері бар өркениетті жаңа тұрпатта біріншісін де, екіншісін де, үшіншісін де бойына сіңіреді. Әрі бұл жерде әңгіме қысқа мерзімді немесе жағдаяттық қисындар яки мүдделер туралы емес. Мұнда геосаяси шешімдерге қарсы тұра алатын, шын мәніндегі тағдырлы сипаты бар, уақыттың тезінде, өмірдің өзінде сыналған, ұзақ мерзімді көздейтін мақсаттар

мен шешімдер туралы сөз болады. Демек, тарихтың терең қатпарлы қисындарын және Қазақстанның, Ресей мен осы өңірдегі басқа да елдер халықтарының мәдени-тарихи жақындығын ескеретін шешімдер туралы сөз болуда.

Н.Ә. Назарбаевтың осы заманғы еуразиялық жобаның өз көкейіндегі бейнесін былайша анықтайды: «Өзінің шындық тұрғысында тұрып, ортақ мәдени және рухани ықпалдастықтың ғасырлар бойы жинақталған игіліктерінен бас тартқысы келмейтін миллиондаған адамдардың көңіл күйін ескермеуге болмайды. Тарихта біздің ортақ мекенімізде руханилығымыздың, түйсіну-сезінуіміздің, діліміздің, тәжірибеміздің ұқсастығымен ажарланған айрықша өркениет үлгісі қалыптасқанын тектен-тек мансұқтай салуға болмайды» [130].

Еуразиялық одақ құру жобасының кіріспесінде былай делінген: - «Дүниежүзілік практика көрсетіп отырғандай, өтпелі қоғамдар тек ұжымдасқан күш-жігер арқылы ғана ойдағыдай жаңғырту ісін жүзеге асыра алады. Сонымен бірге біз кейбір ТМД елдерінің осы міндетті жеке-дара шешпекші болған әрекеттері бұрынғысынша сәтсіз болып келе жатқанын көріп отырмыз. Жаңа жағдайдағы экономикалық интеграцияны іске асырғанға дейін, солай болып қала бермекші. Елдердің арасындағы нарықтық экономиканың дамуы, саяси процестердің демократиялануы деңгейінің айырмашылықтарын ескере отырып, біз қосымша кірігу құрлымын -ТМД қызметімен үйлесетін Еуразиялық одақ қалыптастыруды ұсынамыз. Бұл орайда кірігудің көп нұсқалығы, әрекеттілігі мен әр векторлығы еске алынады. Бұл ТМД-да жаңа экономикалық тәртіп қалыптастырудың өте-мөте қажеттілігі туралы айтуға негіз болады.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыс ТМД мемлекеттерінің бәріндегі дерлік көпұлтты халықтардың көз алдында өтіп жатыр. Осының салдарынан этностық қатынастар ширығып, ол мемлекеттердің өз ішіндегі шиеленіске ғана емес, кейде тіпті мемлекетаралық жанжалдарға соқтырып жүр. Мұндай жағдай Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы институтының беделін түсіреді. Демек, бірлескен күш-жігер арқылы әртүрлі жанжалдарды тежеу, тұмшалау және өшіру тетіктерін жасау қажет. Экономикалық кірігу мәселелерін шешу жеткілікті мөлшердегі күзіреті бар саяси институттар құруға мәжбүр етеді. Олар мемлекеттердің экономикалық, саяси, құқықтық, экологиялық, мәдени, білім салалардағы қарым-қатынастарын реттеу міндетін атқару тиіс» [95, 301-302 бб.]. Жобадағы болжау бойынша Еуразиялық одаққа бұрынғы кеңестік республикалардың барлығы болмаса да белгілі бір бөліктері енуі тиіс. Ынтымақтасу ТМД елдерінің азаматтарын олардың сеніміне, саяси және құқықтық көзқарастарына қарамастан қызықтыруы тиіс деп күтілген болатын. Оның кепілі барлығына ортақ жағдай, мемлекеттердің өзара жақындасуы және олардың ең бірінші кезекте экономикалық ауыр дағдарысты жеңіп шығу үшін күш біріктіріп шоғырлану, әлеуметтік және қоғамдық реформаларды батыл үйлестіріп жүргізу болып табылады.

Бұрынғы кеңес мемлекеттерінің көпшілігінің үнемі сүрініп, таяқ жеп жүрген келелі мәселелерін тегіс жинақтап, мұқият талдау жасай келе Н.Ә. Назарбаев өзі ойластырған төрт бағытта бірлесіп атқарар жұмыстарды

ұсынған болатын. Ол жұмыстарды атап өтер болсақ шаруашылық-экономикалық, гуманитарлық, қорғаныс және экология салалары. «Біз неғұрлым осы мәселелерді әрқайсымыз: өзіміз» шешеміз деген сайын, соғұрлым ара жіктеріміз ашыла береді, демек, біздің республикаларымыз да алға қойған мақсаттарына соғұрлым баяу жылжыды» - деп атап көрсеткен болатын Н.Ә. Назарбаев [17, 239 б.]. Кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте екі негізгі бағыты қалыптасты. Біріншіден - экономика саласындағы интеграцияға ұмтылу. Екіншіден - мемлекеттіліктің дамуы мен тәуелсіздігін нығайту [131, 75 б.].

2003 жылы 14-мамырда Мәскеу қаласында «Ресей-Қазақстан ынтымақтастығы ХХІ ғасырда. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және лаңкестік қатерлеріне қарсы тұру проблемалары» атты конференцияда профессор Марат Тәжиннің жасаған баяндамасында «Қауіпсіздікті әскери-саяси шаралар жүйесі ретінде пайымдау да кешегі көнерген көзқарас. Еуразияның орталық бөлігінің қауіпсіздігі ескі идеологиялық пайымдарға немесе әскери бақылауға емес, экономикалық нақты өлшемдерге негізделуге тиіс екенін қарапайым түсінуінің өзі біздің болашақтың құрылуы торынан құтылуымызаға мүмкіндік береді. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразия одағының үлгісін ұсынғанда, міне, нақ осы пайымдау ескерілген еді. Толғағы көп тоқсаныншы жылдар артта қалып, бүгінгі күні сонда айтылған басты үлгілік идеялар қайта өзекті бола түсуде. Мұндағы үш сара идея уақыт сынынан мүдірмей өтіт. Біріншісі, тараптардың айқын әрі бүкпесіз экономикалық мүдделері ғана ынтымақ негізі бола алады. Қандай да бір идеология мен даулы дәлелдердің қажеті шамалы. Екіншісі, интеграцияның кез келген нысанының таза еріктілігі. Тамұққа апаратын жолдың да игі ниетпен төселгені белгілі. Бүгінгі күні күштеуге негізделген интеграциялық пиғылды ешкімнің қабылдамасы аян. Үшіншісі, кең ауқымда түсінілетін қауіпсіздік қана интеграциялануға деген ниеттің қауатты қайнары бола алды» [132].

Экономикалық мәселелерді экономикалық жалпы кеңістік жағдайында өте табысты шешуге болады. Оның пайда болуы үшін алдын ала нақтылы жағдай жасалуы керек. Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ жобасына экономика бойынша, шикі зат қоры бойынша, мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіп топтары және бірлескен кәсіпорындар бойынша комиссиялар, экономикалық мәселелер мен ғылыми-техникалық қарым-қатынастар бойынша қор және мемлекетаралық арбитраж құрылымдар енгізілген. Осы механизмдерді тегіс іске қосқанда ғана, Еуразиялық одаққа қатысушы елдердің экономикалық құбылыстарға нәтижелі әсер етуінің тетігіне ие бола алады.

Тәуелсіздік алғанан кейін қоғамдық мұраларды сақтау және көбейту қажеттігі жас республикалардың назарынан шет қалғандай болған. Бірлесіп жасалған ғылым, мәдениет және білім де сол байырғы халық шаруашылығы комплексі сияқты аянышты халге ұшыраған болатын. Еуразия одағының айтулы бір қызметі ретінде жобада одаққа қатысушы елдер үшін бәріне ортақ хабарлар тарату, ғылыми-білім беретін және мәдени өріс құру, болашақ одақтың барлық субъектілері арасында барлық гуманитарлық орталардың өзара қарым-қатынастарын қалпына келтіру ұсынылған. ТМД мүшелерінің бірінші

кезектегі мәселесі, жобада айтылғандай олардың ұлттық қауіпсіздігін нығайту және территориялық тұтастығын сақтау. Еуразия одағының мүшелері өздерін және көршілерін қауіпсіздендіру үшін, өзара бірнеше келісімдер жасалуы керек. Жанжалды аймақтарда шекараны қорғауды және жағдайды тұрақтандыруды қамтамасыз етуді, барлық мүдделі мемлекеттердің қорғаныс мәселелеріне келісушілік тауып келуі арқылы шешілуіне әбден болатындығы жобада көрсетілген.

Достастықтағы елдер үшін эколлогиялық қауіпсіздік мәселесі өте маңызды болып отыр. Ол ТМД елдеріндегі бүгінгі күнге дейін шешімін таппай өткірлене түсуде. Ондай өзекті мәселені де еркін өз бетінше шеше алмайды. Гуманитарлық ықпалдастықтың да тиімді тетіктері ұсынылды [2, 101-102 бб.]. Бұрында жүргізілген ядролық сынаулардың зардаптары, сондай-ақ, ядросыз соғыс полигондарының жұмыс істеуі, АЭС-ның дамылсыз жұмыстары, қоршаған ортаның өнеркәсіп қалдықтарымен ластауы, су шаруашылығындағы және жерді суландырудағы жөнсіз әрекеттер - осының бәрі бұрынғы КСРО-ның әртүрі аймақтарында табиғаттың тепе-теңдігін бұзуға әкеп соқтырды. Экологиялық тазалықты сақтау және адам өмір сүретін ортаны түрлі ласықтардан қорғау жалғыз жарым ешкімнің де қолынан келмейді, оған миллиондаған инвестиция қажет. Алайда Н.Ә. Назарбаев жаңа интеграциялық құрылым болуы тиіс Еуразия одағы шеңберінде бұл мәселелерді ойдағыдай нәтижелі шешуге болатындығын көрсеткен.

Еуразиялық одақ жобасында әскери салада қорғаныс министрлігінің Кеңесі басқаратын әскери қорғаныс кешенін құру көзделіп, сыртқы саяси қызметті реттеу сыртқы істер министрлігі Кеңесіне жүктеледі. Күнделікті тұрмыстарды атқару үшін Еуразиялық одақтың мемлекетаралық атқарушы секретариаты құрылуы мүмкін, ол тұрақты негізде жұмыс істемек, оның құрамын мемлекет басшылары айқындайтын болады. Бұл орган БҰҰ мен ЕҚЫҰ-да бақылаушы мәртебесін иемденуі қажет. Атқарушы секретариаттың құрамы ақпаратты бюроға маңызды орын беруі мүмкін. Ұлттық азшылықтардың құқықтарын қорғау мен жүзеге асыру және келісілген білім саясатын қалыптастыру мақсатында білім, мәдениет және ғылым кеңесін құру келелі істердің бірі. Еуразиялық одақтың құрылуы осы Одақтың барлық мүшелері үшін жалпы құжатпен азаматтықты кіргізуді, сондай-ақ экономикалық реформалардың келісілген міндетті бағдарламаларын жасайды, халықаралық валютаны қабылдауды көздейді. Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, жаңа интеграциялық құрылым болса Еуразия одағы шеңберінде бұл мәселелерді ойдағыдай нәтижелі шешуге болады [60, 55 б.].

Н.Ә. Назарбаев осы жобаны ұсыну кезінде сөйлеген сөздерінің бірінде: «мемлекет басшылығында отырғандардың басты міндеттерінің бірі азаматтардың тілек-талаптарын қамтамасыз ету болуға тиіс. Олардың ТМД территориясында емін-еркін жүріп-тұруына, туыстарымен және жақындарымен еш кедергісіз қатынасып тұруына және сөз жүзінде емес, іс жүзінде қай жерде тұрғысы және жұмыс істегісі келетінін өз еркімен таңдауына мүмкіндік жасау керек. Бір сөзбен айтқанда - қоғамда психологиялық комфорттық жағдай жасалуы тиіс. Мен үшін бұл саяси конъюктурадан да мемлекет басшыларының

мен менсінгендерінен де немесе электортқа ықпалды болуы үшін саясатшылар жүргізетін үздіксіз күрестен де әлдеқайда маңызды» - дейді [133]. Елбасы ұсынған жобадан мемлекеттердің Еуразиялық одаққа кезең-кезең боп кіруінің әбден заңды екенін және ынтымақтасу көпжақты ғана емес, сондай-ақ екі және үшжақты негізде болуы да заң әдебіне жататынын алдын ала еске салады. Онан әрі ол құжатта бұрынғы КСРО көлемінде болашақта Достастықтың негізге алатын қатынастарда ешқандай қайшылығы жоқ, интерациялық бірнеше тоғысу топтары пайда болуы әбден мүмкін екенін де ашық айтылған еді. Мысалы Бенилюкс сияқты ынтымақ құрылымына Белгия, Голландия және Люксембургтің кіретіні белгілі, алайда бұл осы үш мемлекет те мүшелері боп отырған Еуропа одағына тіптен кедергі емес, сол сияқты өкілдік құрылымдар - ЕҚЫҰ немесе Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясына да мүше.

Осылайша кеңестік кеңістіктегі мемлекеттер Еуразиялық одақтың «Жобалау-смета құжаттары» талап еткендей тікелей бірден емес, біртіндеп, аралық ынтымақтастық құрылымдарын құру жолымен салып келеді. Н.Ә. Назарбаев өз идеясын бүгінгі күннің биігінен қалай бағалайтындығын «Российская Федерация» газетіне берген сұхбатында «Әрбір бірлесудің өміршеңдігі ең әуелі оның пайдалылығында болса керек. Онда өркендеудің терең ойластырылған ұзақ мерзімді алғы шарттары жинақталуы керек. Еуразиялық одақ идеясының мәні шарасыз жалғыздықтан бірлесіп қорғану дәрежесіне өтуде, ерікті түрде, әркімнің жекеше дәл салыстырылған жасампаз мақсатында жатыр. Еуразиялық Одақ ТМД-ны ауыстырмайды. Бұлардың дәрежелері де әртүрлі. Ал мына жағдайда сөз онан гөрі жоғары бағдарланған, тарихи, ауқымды өркениетті, геосаясатты, ғылыми-техникалық құбылыстарды есепке алып негізделген, бұл жаңа ғасырдың үрдісіне жауап екенін айтқан болатын.

Жалпы алғанда Еуразиялық Одақ идеясы кеңестік кеңістіктегі тарихи құбылыстың дамуының болуға тиіс көп варианттарының бірінің көрінісі деуге болады. Мен үшін осы вариант тиімді көрінеді, ал басқаларға ұнамауы мүмкін, ал Еуразиялық Одақ идеясының өнімділігі сол, ол ой-сахналарда пісуі жетіп, ғылыми және саяси рефлексиялардың қозғаушы күшіне айналып отыр. Көптеген ұсыныстардың Достастық көлемінде іске асып жатқаны да кездейсоқ болмаса керек» - дейді [17, 243 б.].

Н.Ә. Назарбаев интеграция идеяларын айрықша ұстанып, ұдайы алға қарай қадам жасайды. ТМД-да гуманитарлық кеңістікті нығайту үшін, экономикалық интеграцияны ілгерілету үшін қажетті жағдайлар жасау керек деген пікірді ұсынады. Еуразия одағы жобасында ТМД механизмдерін жетілдіру, оны бірігудің бірден-бір түрі деп қарамау керектігі айтылды. Тәжірибе көрсеткендей, ТМД елдерінің одан арғы дамуы олардың әрқайсысының ішкі мүмкіндіктерінің жетімсіздігінен тұралап отыр. Ол мүмкіндіктер бұрынғы кеңестік кеңістік елдерінің экономикалық ықпалдастығын жаңа нарықтық негізінде жүзеге асырғанда ғана дами алады. Мұраға қалған бірыңғай халық шаруашылығы комплексі құрылымдары, дәурені өткен экономикалық байланыстар да өз-өзінен күйрей бастады. Сонымен бірге біздің елдеріміздің жақын және алыс келешектегі экономикалық мүдделеріне жауап беруге тиісті

калыптасқан технологиялық байланыс та бұзылды. ТМД елдерінің бәрі де нарық экономикасына көшуге бет бұрғандықтан, бұрынғы Одақ елдері экономикасын реформалауда күш біріктіру керек деп санаймыз. Нарық реформасын ойдағыдай өткізудің маңызды кепілінің бірі ТМД елдері ұлттық заңгерлерін жетілдіру болып табылады. Осыған байланысты шаруашылық қызметтерінің заңдық негіздерін бір-біріне жақындата ұсыныс жасалынды. Өйткені олардың арасындағы айырмашылық экономикалық ықпалдасу процесіне елеулі кедергі келтірді.

Қазақстан Республикасы халықтардың тарихи тағдырының бір екенін, оның дамуы әлемдік қауымдастық интеграциясының артуы жағдайында өтетінін түсініп, ТМД шеңберіндегі жан-жақты, сан-салалы интеграцияны қолдайды. Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын ұсынғаннан кейін, ол ТМД елдері көлеміндегі интеграциялық процестің қарқынды түрде жүруінің негізі болды [134, 46 б.]. Еуразия идеясы жайлы алғашқы бастамадан кейін көптеген пікірталастар, конференциялар, сондай-ақ жарық көрген қаншама кітап, мақалаларда әрбір ғалым немесе саясаткер посткеңестік кезеңдегі алғашқы интеграциялық бастамалар, Еуразиялық одақ, еуразияшылдық терминдерінің мазмұнына өздерінің одақ пен егемендікке мүдделігіне сай, оған қаншалықты дәрежеде екендігіне байланысты толықтырулар енгізген болатын [47, 70 б.].

Мемлекетердің Еуразия одағын қалыптастыру туралы жобасы үстінде қызу жұмыстар жүргізіліп, ол 1994 жылы 3-маусымда ТМД мемлекеттерінің басшыларына жолдады. 6-маусымда бұл құжатпен қазақстандықтар танысты. Ал 8 маусымда Еуразиялық одақ жобасының толық мәтіні «Независимая газетінде» басылып, басқа ресейлік БАҚ-тар оған түсініктемелер жарияланған болатын. Еуразиялық одақ идеясының таралған күнінен бастап одақ төңірегіндегі пікірталастар сапалық жаңа үнге ие болды. Пікірталастар барысында ТМД-ның алдағы болашағына одан әрі құлдырау немесе жаңа негізде кірігу дейтін екі көзқарас бой көтерді. Еуразияшыл орыс ойшылдарының шығармашылығына да, идеяларына да қызығушылық қайта жанданды. Саяси және парламенттік топтарда, ғылыми жұртшылықтың арасында ТМД-ның ендігі даму жолы қай бағытпен жүруі тиіс, кірігудің еуразиялық немесе жалпыславяндық, жалпытүркілік және т.б. нұсқаларының қайсысы дұрыс дескен қызу айтыстар жүрді.

Мемлекеттердің Еуразия одағын қалыптастыру туралы жоба 1994 жылы ТМД елдерінің баспасөзінде ең көп назар аударылған бастама болды. Шолушылардың көбі оны «ең тосын», «ең күшті әсер туғызған» жоба деп бағалады. Біздің ойымызша бұл идея әрқилы ортада күшті қолдау тапты деп айтуымызға болады. Еуразиялық одақ жөнінде алғаш айтылып, оның мақсат, міндеттері анықталған Одақ жобасы ТМД елдерінің басшыларына ұсынылған кезде бұл мәселе көптеген саясаткерлер мен ғалымдардың қызығушылығын арттырып, ТМД елдерінің басылымдарында алғашқы уақытта-ақ 500-ге жуық мақалалар жарияланды [17, 139 б.]. Ресей сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық академиясы және Ресей бірлігі партиясының парламенті фракциясының ұйымдастыруымен 1994 жылы 14-маусымда өткен «Еуразиялық

кірігудің келешегі» атты дөңгелек үстел мәжілісінде мәселе нақ осылай қойылған болатын.

1994 ж. 18 маусымдағы Еуразиялық одақ жобасының төңірегінде «Еуразиялық қоғамдастық: әралуандықтағы біралуандық» тақырыбына арналып өткен «Жаңа бәтуаларға ұмтылу» форумының мәжілісінде де қызғылықты әрі мүдделі әңгіме болды. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікті саяси жағынан жайластырудың келешегін түрліше байыптайтынына қарамастан, мәскеулік саясаткерлердің осынау өзіндік бір клубына қатысушылар Еуразиялық одақ құру туралы құжат мейлінше шынайы кірігушілік сипаттағы жоба екенін бірауыздан мойындаған болатын.

Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Мемлекеттік Думасында да Еуразиялық одақ идеясына ықылас білдірілді. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының пайда болуы, оның қазіргі жай-күйі және даму келешегі туралы» 1994 жылғы 5-шілде де болған парламент тыңдауларына ресейлік парламентшілер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, ғалымдар, КСРО және РКФСР халық депутаттары, Украина мен Белоруссия парламенттерінің өкілдері, бірсыпыра ТМД елдерінің дипломаттары қатысты. Қатысушылар көптеген жылдар бойы іргелес өмір сүрген халық тұңғыш рет бір-бірінен ажырап қалғаны, мемлекеттік ыдырауы игі нәтиже бере қоймайтындығын ортаға салды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ жобасы ТМД-ның болашақ тағдыры туралы көптеген сұрақтарға жауап бере алатын неғұрлым пысықталған және тиянақталған кірігушілік идея ретінде тағыда көпшіліктің жіті назарында болды. Парламентшілердің өтініші бойынша осы зертеудің авторы жиналғандарды жобаның негізгі қағидаларымен егжей-тегжейлі таныстырып, олардың көптеген сұрақтарына жауап берген болатын [123, 405 б.].

Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ жобасының мәнін ТМД-ның кешегі кеңестік кеңістіктегі ықпалдастықтың бірден-бір түрі болып қала алмайтындығын, сондықтан аймақтық және салалық бірлестіктер қалыптастыру керек екендігін ашық айтып, түсіндіреді. Уақыт ол пікірдің дұрыстығын дәлелдеп, Үш мемлекетік Кеден одағы, Орталық-Азиялық одақ ықпалдастық түрлерінің дүниеге келгені мәлім. Еуразиялық одақ жобасы жақын уақытта ТМД елдерінің дамыған экономикалық одақтарға тең құқылы ықпалдас боп кіре алмайтындықтарын жақсы сезінгендіктен туындаған. Мұны уақыттың өзі көрсетіп отыр. Басқа технологиялық және басқа да құрылымды экономикалық аймақтарға дендеп енудің әншейін құрғақ қиял екендігіне көз жете бастады. Дегенмен де біздің мемлекеттеріміз Батыс пен Шығыстың аса ірі халықаралық ұйымдарына белсене атсалысып келеді. Алайда Н.Ә. Назарбаев мұның біздің кешегі кеңестік кеңістіктегі ықпалдастықты жақтауға және оны басым міндет санауға еш кедергі келтірмейдігін атап көрсетеді.

1994 жылы қыркүйек айында Алматы қаласында «Еуразия кеңістігі: ықпалдастық мүмкіндіктері және олардың жүзеге асуы» деген тақырыбында өткен ғылыми-практикалық конференцияға Достастық елдерінің барлығынан мемлекет, қоғам, саяси қайраткерлері, ғалымдар, ақпарат өкілдері қатысқан болатын. Конференцияға қатысушылар өздері қабылдаған қорытынды құжатта

мемлекеттердің Еуразия одағы идеясын және басқа ықпалдастық жобаларын пайдалана отырып, ТМД ықпалдастық мүмкіндіктерін бекіте түсу жолында қадам жасауы ұсынылды. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысы ТМД мемлекеттері басшыларының Мәскеудегі кездесуінде «Еуразия одағы болуы керек» деген үндеу жолданды. Онда тәуелсіз мемлекеттердегі алпыстан астам ұжымдық қатысушылар атынан Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасын қолдау қажеттілігі айтылды: «Бүгін ТМД бұл қалпында өмір сүре алмайтыны анықталып отыр. Ынтымақтастықтың жаңа түрлері, экономикалық, қорғаныстық, дипломатиялық, экологиялық жаңа шарттар жасауы қажет» [2, 94 б.]. Олардың қызметін жүргізетін бірлескен құрылымдар құру керек. Ол ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп, бір-біріне қолдау көрсетіп келе жатқан халықтарға қажет. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының бастамасымен ұйымдасқан «Жаңа келісімге» атты форум Еуразия одағын құруды толығымен қолдады. 1994 жылы 18 маусымда өткен «Еуразия қауымдастығы: әр алуандықтан туындайтын тұтастық» атты конференцияға бұрынғы кеңестік кеңістіктегі 30 партия мен 60 қоғамдық қозғалыстың өкілдері қатысты. Олар халықтарға, парламенттерге, мемлекет басшыларына үндеу жолдап: «Біз Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев жасақтаған Еуразия одағы жобасын қолдаймыз және мемлекет басшыларын оған өз халықтары мүддесі тұрғысынан қарауға шақырымыз» - деп мәлімдеген еді [2, 94-95 бб.].

Н.Ә. Назарбаев 1994 жылдың қазанында Мәскеу саммитінде «Еуразиялық одақ» деген шартты атаумен жаңа мемлекетаралық бірлестік құрудың жобасын ұсынды. Еуразиялық Одақ - әрбір мүше елдердің ұлттық мемлекеттік мүдделерін іске асыруға бағытталған тең тәуелсіз мемлекеттер одағы. Еуразиялық Одақ - кеңестен қалған аймақтағы әлеуметтік-экономикалық дамуды, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мақсатындағы егемен мемлекеттердің интеграциясының формасы деп саналады. Еуразиялық одақ жобасы бойынша, ұлттық референдум өткізу нәтижесінде немесе мемлекеттердің Еуразиялық одағына кіруі туралы парламенттердің шешімімен құрылуы мүмкін. Н.Ә. Назарбаев сол кездегі саяси жағдайды жақсы түсінгендіктен Еуразиялық одақ жобасының барлық мәселелері Еуразия одағының шеңберінде бәрі бірдей іске асырылады деп сендірген жоқ. Ресейдің әлеуметтік ғылымдар Академиясының сессиясында ол былай дейді: «Менде екі түсінік болды. Біріншісі, кеңестен қалған аймақтағы елдерде интеграцияның әрі қарай дамуы мақсатындағы нақты ұсыныстарды бір тұтас етіп тарату, екіншісі, ТМД институттары қызметінің ұзаққа созылған үзілісін тоқтату. Меніңше, екі мақсатымды іске асырдым,-деп ойлаймын. Еуразия одағын құру жобасының ұсынылуы көпшілік ақпарат құралдарында үлкен толқын тудырды, Достастық елдерінің, сондай-ақ алыс шетелдердің ғылыми топтарында пікіралысулар және конференциялар көп болды» [135, 430 б.].

Алғашқы пікірлер айтылып оларға талдау жасалғаннан кейін Еуразиялық одақ құрудың жобасының соңғы нұсқасы дайындалды. Ол Достастық мемлекеттерінің басшыларына жіберілді, БҰҰ таратылды, 1994 жылы қазанда Мәскеудегі ТМД мемлекеттерінің басшыларының саммитінің күн тәртібіне

енгізілді. Саммиттің қаулысында: «Мемлекеттердің Еуразиялық одағын құру туралы Н.Ә. Назарбаев ұсынысын терең зерттеп, Достастық тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Кеңесі шешімі: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру туралы жобасы назарға алынсын, Тәуелсіз Мемлекеттерінің Достастығында интеграциялық процесті тереңдету үшін Қазақстан Республикасының ұсынысында көрсетілген негізгі идеялары пайдаланылсын» - деп жарияланған [97, 107 б.].

Қазақстан Республикасының президенті өзінің Еуразиялық одақ идеясының байыптамасын Қазақстанның жаңа елдордасы Астандағы мемлекеттік университетке өзін «соңғы еуразияшылмын» деп атаған Л.Н. Гумилевтың атын берумен бастады. Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын 1994 жылы Мәскеудегі М. Ломоносов атындағы университеттегі оқыған лекциясында егжей-тегжейлі баяндағаннан кейін, бұл ұсынысты бір топ ғалымдар қолдаған болатын. Бұл идеяның бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқылауға да ғалымдар мұрындық болды. Бұл идеяның ұсынылуымен осы идея төңрегінде қызу жұмыстар жүргізілді. Ресейдің Табиғат ғылымдары академиясында Еуразия бөлімі жұмыс істеді. Мәскеуде «Евразия. Народы. Культуры. Религии» журналы шығарылды. Достастықтан тысқары жерлерде де еуразиялық идеяларға деген ықылас арта түсті. Мәселен, Будапешт университетінде еуразияшылдық мәселелерімен бірсыпыра байыпты әрі атақты ғалымдар шұғылданды. Сонда өткізілген «Ресей және еуразия» атты ғылыми конференцияларға қатысушылар Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық одақ: идеялар, практика, перспектива. 1994-1997 ж.ж.» дейтін кітабын ынтамен қабыл алды. Уақыт өткен сайын Еуразиялық одақ идеясы төңірегінде үкімет кабинетрінде болсын, дипломаттар ортасында болсын оны жақтаушылардың саны арта түсті. Атап айтқанда, Ресей өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағының президенті А.И. Вольский, Мәскеудің және күллі Русьтің Қасиетті патриархы Алексий II, Ресейдің Орталық-еуропалық аймағындағы мұсылмандар Діни басқармасының муфтиі шейх Р.Файнутдин, ТМД Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің бас хатшысы Г.И. Шабанников, КСРО халық артисі И.К. Архипова, Мәскеу парасаттылар клубының төрағасы Н.И. Рыжков.

Ресейлік автор В.Балытников, кеңестік дәуірден кейінгі қайта кірігудің ең ұтымды институты ретінде Еуразиялық одақ идеясына етене жақын келеді. Одақтық мемлекет құрудың ресей-белорус шартын іске асырудың алғашқы қорытындыларына сүйене отырып, ол бұл одақтың бұрынғы КСРО аумағында өмір сүретін мемлекеттердің саяси және экономикалық бірлігін қалыпына келтіруге қабілетті әмбебап кірігушілік бірлестікке қажетті әлеуеті жоқ екенін айтады. Сонымен бірге ТМД елдерінің көпшілігі үшін Одақтың мемлекеттің шеңбері тым тар көрінетіндігін ескермеуге болмайтындығын түсіндірді. Демек, дейді автор кірігу пішімін кеңейте беру қажет. Осыған байланысты ол Н.Ә. Назарбаев алға тартқан Еуразиялық одақ жобасы өзінің астанасы, азаматтығы, билік органдарының жүйесі, ортақ экономикалық, мәдени және қорғаныс кеңістігі бар және, сонымен қоса біртұтас одақтық мемлекетке қарағанда еркін, ТМД мемлекеттерінің бәрін біріктіре алатын Одақ құруды

ұсынған болатын дейді. Бұл ұсыныс іске аспай қалды, оның негізгі себебі, В.Балытниковтың пікірінше, «Ресейдің сол кездегі енжарлығы болды, ал оның белсене араласуынсыз бұрынғы КСРО аумағында ешқандай берекелі кірігу үрдістерінің жүзеге асуы мүмкін емес». Дегенмен де Еуразиялық одақ жобасында ұсынылған бірқатар шаралар сол кездің өзінде-ақ, 1996 жыл құрылып, Белорусьті, Ресейді, Қазақстанды, Қырғызстанды және оларға кейін келіп қосылған Тәжікстанды біріктірген Кеден Одағы шеңберінде жүзеге асырылды [136].

Еуразиялық идеясының Ресейдегі бүкіл өмір тұрпатына баламалығын негіздеуге белгілі ресейлік шығыстанушы М.Титаренко ресейлік мәдениетінің еуразиялық мәнін қапысыз ашып көрсетіп, еуразиялық өркениет туралы лайықты ой топшалайды. Бүгінде еуразиялық идеясының орыс халқына қаншалықты маңызды екенін дауға салып жүрген К.Мяломен және басқа да ресейлік көркемсөзшілермен пікір таластыра келіп, ол былай деп жазған болатын: «Бізге ұнасын не ұнамасын, әйтеуір орыс мәдениетінің еуразияшылдығы нақты шындық. Шығыс пен Батыс табиғаты жағынан сапалық әралуан мәдениеттердің өркениеті ашықтығының, симфониялық диалогы мен синтезінің принципі ретінде еуразияшылдық тек таза орыстық немесе ресейлік сипаттамаларымен шектелмейді. Оның, осы принциптің, ғаламдық сипаты бар. Еуразияшылдық -бір мәдениеттерді, өркениеттер мен этностарды екіншілерінің жұтып қоюына қарсы қойылатын балама. Еуразияшылдық мәдениеттер мен өркениеттердің экологиясын қамтамасыз ететін, этностық және өркениетті алуан түрлілікті сақтайтын жаржаһандық өркениетаралық қатынастардың болашақтағы жаңа тәртібінің жаршысы» [13, 24 б.].

Еуразия мәселесі жөніндегі сарапшы Мерлин Ларюэль еуразиялық идеясының мүмкіндіктері тура пікірін білдіре отырып, қазақстандық еуразия идеясы - бұл Н.Ә. Назарбаев ұсынған мемлекеттік идеология екендігін атап көрсетеді [41, 21 б.]. Ресейлік «Еуразия» саяси партиясы кеңесінің төрағасы Александр Дугин Еуразиялық одақ туралы өзінің ойын былайша білдірген болатын. «Еуразия одағының бірігу және құрылу процесі - бұл біз өз өмірімізде, біздің ұрпақтың тұсында көрінетін нәрсе деп білемін. Қандай да бір саяси процестер Еуразия аймағында, Ресей, ТМД аумағында жоғары қарқын алып, өте тез жүреді. Сонымен бірге көп мәселе жеке тұлғаларға байланысты болмақ деп білемін. Қазір біз үшін оңтайлы фаза туып отыр. Ресей президенті мемлекет пен халықтың тағдырына шын мәнінде жанашырлық танытып отырған патриот. Шүкіршілік, Қазақстанда да Президент еуразияшыл және осы үрдістің әу бастағы негізін қалаушы. Мұның өзі аз емес. ТМД-ның көптеген басшылары, атап айтқанда, Қырғызстанда Асқар Ақаев та еуразиялық интеграцияны жақтаушы. Осынау тарихи сәт жағдайды объективті мүдделерге және, айталық, біздің елдеріміздегі әлеуметтік-саяси процестерге көбейтер болсақ, олар интеграциялық процестердің жедел жүруі үшін қолайлы жағдай туғызады. Мұның өзіне шамамен елу жыл керек. Алайда, кеңестен кейінгі кеңістікте бүгінде қалыптасып отырған қолайлы еуразиялық конъюктураны ескерер болсақ, шынында да он жылдың ішінде жүзеге асуы мүмкін. Мен еуразиялық одақ, әлеуметтік тұрғыда бағдарланған, одақ деген идеямен толық келісемін. Ол

тіпті делибералдық емес, жалпыға ортақ ізгілік конфедерациясы болуы тиіс. Бұл ретте халықаралық аренада қатаң ұстанымда болу үшін күш салудың қажеті жоқ. Еуразия бірлестігіндегі халықтар құқының принципі, сондай-ақ экономикалық тиімділік біздің гуманитарлық миссиямыздың алдына қойылуы тиіс. Біздің гуманитарлық миссия, біздің тағдырымыз өзімізден ешқайда кетпейді. Біз осынау еуразиялық одақтың аясында демократияның бәзібір үлгісін, адамдар құқығының сақталу үлгісін, барлық құқықтық рәсімдер инабатын көрсетуге тиіспіз. Қазір бізсіз де Америкаға шақыру тастағысы келетін үміткерлер толып жатыр. Мен бұл шақыруды әбден әділ деп есептеймін. Алайда Еуразиялық одақ, тіпті ол мұнымен үнсіз келіскеннің өзінде, ол өзінің үнсіздік ұстанымымен баррикаданың алдыңғы шебінде тұрғанымызға қарағанда әлдеқайда көбірек пайда әкеледі. Қазір Еуропа, Араб әлемі, Қытай, Солтүстік Корея, Иран, Ирак осынау жаһандыққа қарсы күресте алдыңғы шептерде тұр. Тұра берсін. Ал бізге осындай жағдайда прагматик бола білу керек. Еуразиялық одақ құрайық, біздің экономикалық, әскери, мәдени, әлеуметтік қуатымызды нығайтайық, ізгілік мемлекетін құрайық, өркендейік, сонда барып бұл мәселедегі өзіміздің салмақты, бәлкім ең шешуші сөзімізді айтамыз» [137]. Еуразия идеясын қазақстандық ғалымдарда қызу қолдады. Олар бұл идеяның іске асырылуы республикамыздың қарқынды дамуына оң ықпал етеді және ұлтаралық мәдени ынтымақтастық өрісінің кеңеюіне тікелей әсер ететін өте маңызды фактор деп санайды. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, Елбасы ұсынған бұл идеяны тек саяси, экономикалық және мәдени бағдар ретінде ғана қабылдауға болмас, себебі, бұл идеяның астарында қазақтар мен қатар Қазақстанды мекендейтін түрлі этностардың мүдделері жатыр. Қазақстандық еуразия идеясы - жалпыұлттық бірліктің, әлеуметтік әділеттіліктің идеясы, ол -жаңа рухани-адамгершілік кеңістігі қалыптасуының белгісі. Осы идеяның аясында әр халықтың ұлттық сана-сезімі жаңғырып, бейбітшілік пен молшылықтың кепілі бола алатын қуатты мемлекет құрылатындығын атап көрсеткен болатын [138, 135 б.].

Еуразиялық одақ құру идеясы тек қазақстандық және ресейлік саясаткерлердің арасында талқыланып қана қойған жоқ еді. Еуразиялық одақ туралы идеяға байыпты назар аударып жүргендердің арасынан, мәселен, Мәскеуде тіркелген АҚШ, Ұлыбритания, ГФР, Швеция, Чили, Словения, Болгария және Чехия елшілері Т. Пикерингті, Б. Фоллды, О. Габленцті, С. Хирманды, Д. Холгерді, С. Гержинаны, Х. Милодиновты, Р. Саланскиді көруге болады. Бұлар жобаның экономикалық және саяси тұрғыдан да, мәдени-рухани тұрғыдан да тиімді әрі пайдалы екенін атап көрсеткен. Бір ғасырдан астам уақыт бойы еуразияшылдық идеясының жөніндегі пікірталастар тоқтайтын емес. Бұл жөнінде ертедегі славянофилдер мен батысшылдар, белгілі ойышылдар мен қазіргі кездегі теоретиктер өз көзқарастарын білдіруде. Барлық еуразиялық тұжырымдамалар Еуропа мен Азия, Шығыс пен Батыс халықтарының өмір сүру ыңғайы мен діл, мәдениет пен құндылықтар жүйесінің бір-біріне қарама-қарсы тұруына негізделген. Еуразияшылдық - бұл тек географиялық емес, мәдени әлеуметтік түсінік. Сол себепті, еуразияшылдықтың

біріктіруші интеграциялық құндылықтары мен мүмкіншіліктерінің берер пайдасы зор [139, 28 б.].

Қорыта келе Еуразиялық одақ орталықтанудан қашу және жаппай ыдырау белең алып жатқан шақта посткеңестік аумақты қайта байланыстыруға бағытталған негізді және ілгері жылжуды көздеген жоба. Бұл жобаның төңірегінде пайда болған айтыс-тартыстар мен пікірталастар кейінгі жылдары осындай ынтымақтастыққа, әріптестік пен одақтастыққа мүделі елдерді іріктеп шығарды. Еуразиялық одақ жобасы ХХІ ғасырға өркениетті жолмен еруге шынайы мүмкіндік береді. Бүгінде тәуелсіз егеменді мемлекеттередің қарқынды дамуына кедергі болып отырған күрмеулі жайлардың бәрін Еуразиялық одақ жобасының шеңберінде шешуге әбден болады. Әлеуметтанушылық сауалнамалардың мәліметтері бойынша, кеңестік дәуірден кейінгі өмір сүрудің түрлі кезеңдерінде бытыраңқы тірлік кешуді қаламайтынын бұрынғы кеңес адамдарының ойынан байқаған.

Қоғамның ең қалың ортасында мұндай түсінушілік пен мақұлдаушылық Қазақстан басшысы ұсынған кірігу нақты іске асыру жаппай қолдау табатынынан сенім ұялатты. Оның үстіне, ғылыми пікірталастар барысында болсын, көптеген жарияланымдар болсын Еуразиялық одақ идеясы толып жатқан жаңа қырларымен жарқырай түсіп, өзінің сарқылмас өміршеңдік әлеуетін танытты. Сондықтан ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің 1994 жылғы қазандағы мәжілісінде Еуразиялық одақ жобасын тиісті зерделеуден өткізгенен кейін Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ құру туралы хабарламасын ескеруге қабылдап, осы ұсыныста баяндалған негізгі идеяларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы кірігу үрдістерін тереңдету үшін пайдалануға ұйғарым жасалды.

Көптеген саясаткерлер нақ осы Еуразиялық одақ құру идеясы Достастық шеңберіндегі өзара ықпалдастықтың құрылымдары мен тетіктерін неғұрлым серпінді дамытуға, Мемлекетаралық экономикалық комитет құру туралы шұғыл түрде шешім қабылдауға мүмкіндік берді дегенге тоқтайды. Қазақстан Президенті бұл ұсынысты сонау 1992 жылғы қаңтарда Бішкекте айтқан болатын, бірақ оны құрудың егжей-тегжейлі екі жылдан аса уақыт бойы пысықталды. Еуразиялық одақ идеясы берген серпін тапжылмай тұрған іске қозғау салды да, сол жылғы кездесудің өзінде-ақ мемлекет басшылары іс-қимылды үйлестіру мен бірлесе қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылау үшін мемлекетаралық экономикалық орган құру қажеттігімен келіскен еді.

Еуразиялық одақ идеясын ұсынғаннан кейін Н.Ә. Назарбаев өзінің екі мақсатының жүзеге асқанын айтады. Жұртшылық назарына ұсынылған еуразия одағын қалыптастыру жобасы алыс елдердің де, жақын елдердің де бұқаралық ақпарат құралдарының аузына ілігіп, ғылыми ортада қызу айтыстар туғызып, әлденеше конференциялар шақырылды. Соңғы екі жылдың ішінде ТМД елдері талай мәселені қолға алды. Халықаралық экономикалық комитет құрылды. Кеден одағына келісім шарт жасалды. Жобада оң пиғыл, теріс пиғыл ретінде атап өтілген талай құбылыстар іс жүзінде дәленденді дейді. Сондай-ақ, өзгелердің тек қатесінен ғана емес, жетістіктерінен де үйрене отырып, теңдік қағидасына негізделген ықпалдастықтан ештеңе шықпайды, теңдікке,

еріктілікке және өз мүдесіне ойлаушылыққа негізделген ықпалдастық тек Еуразияның лайықты болашағын қамтамасыз етіп қана қоймай, ХХІ ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың ең басты, ең зор сипатына айналады деп атап көрсетілген еді.

3 ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ - БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТЫҢ ДИАЛОГЫ

3.1 Еуразиялық идеяның қазіргі заманғы күрделі үрдістермен астасуы

2002 ж. он алты Азиялық мемлекеттер басын қосып Алматыда АСШӨҚ-нің алғашқы саммитін өткізген еді. Бұл саммит батыс пен шығыс елдерін таң қалдырды. Өйткені қирғи-қабак болып жүрген Үндістан мен Пәкістанның, Палестина мен Израильдың басшылары бір араға келіп, күрделі мәселелерді шешуге бет бұрды. Бұл қарсылас елдерді бітімге шақырудағы Н.Ә. Назарбаевтің үлкен жеңісі еді. Аталмыш келісімнің екінші саммиті де 2006 ж. Алматы қаласында өтті. Жерорта теңізінен Тынық мұхитқа дейінгі аралықта жатқан алпауыт елдердің барлығы дерлік ұйымға мүше болды. Осылайша АСШӨҚ Азияның ЕҚЫҰ деген қосалқы атқа ие болды. Бұл жерде тағы бір айта кетер жәйт, ЕҚЫҰ-ның құрылуына ширек ғасыр кетсе, АСШӨҚ небәрі он жыл ішінде қалыптасты. Сондай-ақ оның атқарар жұмысы әлдеқайда ауыр десек қателеспейміз. Себебі, Таяу шығыс пен Кавказдағы, Қиыр шығыс пен Орталық Азиядағы шешуді қажет ететін мәселелер молшылық. Бұл әрине Еуразияшылдық идеясының жүзеге асырылуының бір бөлігі ғана болып табылады.

Сонымен қатар жуырда, яғни Астана қаласының мерекелік тойының қарсаңында ел жұртышылығының басын қосқан Экономикалық форум болып өтті. Оған БҰҰ-ның Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Ян Кубиш, ЕҚЫҰ-ның Бас хатшысы Марк Перрен де Бишамбо, канаданың бұрынғы Премьер-министрі Жан Кретъен, Еуропа инвестициялық банкі президенті Филипп Майстатт т.б. қатысты. Форумда 17 отырыс өткізіліп, әлемдік экономикалық мәселелер қозғалды. Н.Ә. Назарбаев осы форумда Еуразияшылдықты қайта қозғап, оның интеграциялық қағидаттары мен бағыттарын негіздейтін біріңғай құжаттың қажет болатындығын атап көрсетті [140]. Олар - сауда мен шекаралардың ашықтығын дамыта түсу, көлік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, өзара инвестициялар мен технологиялар алмасуын ынталандыру, капиталдың жалпы рыногы, тұрақты және жаңа энергия көздері, таза энергетика, адам ресурстарын дамыту мен алмасу, сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы өмір деңгейін теңестіру мәселелері. Міне, осы аталған мәселелердің барлығын тұтастай қарастыратын болсақ, қазіргі кезде «Еуразияшылдықтың» алдында күрделі, әрі күттермейтін мәселелерді шешуде үлкен роль ойнайтыны анық. Осылайша бұл тараудың ішінде бір жақтан Шығыста, екінші жақтан Батыста болып жатқан күрделі үрдістердің Еуразияшылдыққа әсерін қарастыру мақсат етілді.

Кеңестік жүйеден шыққан тәуелсіз мемлекеттерге ендігі жерде бір-біріне қалай көмектесу керектігін ойлау қажет болды. Егер де экономикалық салада, адами қатынастарда интеграцияға жол ашылғанда ғана ілгері жылжиды, ілгері дамиды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты бағыты посткеңестік елдермен ең алдымен Ресеймен және Орталық Азия елдерімен интеграциялық байланыс құру болып табылады. «Қазақстан үшін - деп атап

айтты Н.Ә. Назарбаев - Ресей Федерациясымен қатынастарды дамытудың аса зор мәні бар. Бұл оның әлемдік қоғамдастықтағы саяси және экономикалық салмағына, біздің ортақ шекараларымыздың ұзындығына байланысты. Ресей - республикамыздың аса ірі сауда әріптесі. Өртүрлі халықаралық мәселелер бойынша позициямыз көбіне дәл келеді. Ақырында, біздің елдердің азаматтарын миллиондаған туысқандық байланыстар ұштастырады. Бұл Ресейдің біздің мемлекеттің табиғи одақтасы етеді» [141].

Үш ғасыр бойы қазақтар мен орыстар қоян-қолтық өмір сүрді. Сырттан келген шапқыншылықтарға тойтарыс беру үшін талай рет күш біріктіріп, өзара жақындықтарын төгілген қандарымен бекітіп отырды. Алайда, өмір болған соң бәрі болады, біздің халықтарымыздың да бір-біріне ренішті кездері де болған «История межэтнических отношений» атты кітапта, өкінішке қарай ондай беттер де кездеседі [17, 235 б.]. Бір ғажабы ол реніштер қазақ және орыс халықтарының өзара қарым-қатынастарына еш уақытта көлеңкесін түсірген емес. Керісінше, бұл екі этностардың арасында үнемі мәдени, рухани және өнегелі құндылықтармен алмасқан өзара танымдық, пайымдық молығулар болып отырды. Бірге тұрып, бір-біріне ілтипатты болуды қазақ халқының озық ойлы ұлдары жақсы ұққан болатын. Ұлы Абай өзінің «Ғақылия» қара сөздерінде орыс халқына деген өзінің жүрекжарды ыстық ықыласын білдіре отырып, халқын орыстан үлгі алуға, достық қарым-қатынаста болуға шақырды, сол үмітпен уағызды Ш. Уәлиханов та, Ы.Алтынсарин де, Ж.Жабаев та, І.Жансүгіров те және қазақ халқының ой-арманын, мақсат-мұратын көкसेген даланың басқа ұлы перзенттері де талай-талай қайталады [17, 235 б.].

Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ жобасының жүзеге асуына, ТМД-ның өзге де мемлекеттері, атап айтқанда, ең алдымен Ресей сияқты, мүдделі болуына бірнеше себептерін көрсетеді. Кеңестік Одақтың ыдырауымен тәуелсіздік алған елдерде экономика құрылымы қайта жасалып, жұмыссыздық, халықтың әл-ауқат дәрежесінің төмендеуі, әлеуметтік шиеленіс арта түсті. Өнім өткізетін дәстүрлі рыноктар, ең алдымен Ресейдегі рынокты, толық көлемінде қалпына келтіріп, қайтадан құру арқылы - әзірше бұл көп жылдар бойғы әріптестерімізбен арада үзіліп қалған байланыстарды қайта орнату саласында ғана мүмкін болатын еді. Тәуелсіздік алған кезден бастап-ақ Президент Н.Ә. Назарбаев Ресеймен тату көршілік қатынастарды орнату қажеттігі туралы қорытындыға келген еді. Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясында Ресеймен ынтымақтастыққа бірінші дәрежелі назар аударылған болатын. Сондай-ақ, Қазақстан мен Ресейдің көп қырлы ынтымақтастығына жол ашатын көптеген факторлар бар. Бұл ортақ тарих 7 мың шақырымға жуық ортақ шекара, ортақ тіл және ұқсас діл. Сондықтан да тату көршілік пен тең құқықты ынтымақтастықтан басқа қандай да бір өзге саясат екі мемлекеттің түбірлі мүдделеріне қайшы келеді. Н.Ә. Назарбаев екі ел арасындағы қарым-қатынасты былайша түсіндіреді: «Қазақстан Ресеймен түрлі салаларда стратегиялық әріптестікті тереңдетуге мүдделі. Біз, сондай-ақ, Ресей тарапынан да осындай мүдделікті көріп отырмыз. Бізде ынтымақтастықтың барлық салаларында - қауіпсіздік, өнеркәсіп және энергетика, ғылым, мәдениет салаларында өзара

ықпалдастықтың зор әлеуеті бар, мұның өзі екі ел экономикаларының серпінді дамуы арқылы қуатталып отыр» [142].

Қазақстан өзін 1991 жылы 16-желтоқсанда тәуелсіз егемен мемлекет деп жариялады. Қазақстан мен Ресейдің тәуелсіз мемлекеттер мен әріптестер ретінде екі жақты қарым-қатынасындағы жаңа үлгінің қалыптасуы мен дамуы сол кезден басталды деп есептеуге болады. Ресей мен Қазақстан өз қатынастарын аясына түзіп, дамытқан сондай алғашқы интеграциялық бірлестік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы болып табылады. 1992 жылдың 17-қаңтарында Қазақстан мен Ресей арасындағы шаруашылық қызметіне шектеулерді алып тастау туралы келісімге қол қоюы, екі елдің арасындағы маңызды құжаттардың ең алғашқы қадамы болып табылады. Бұл құжаттың маңыздылығы екі елдің де экономикалық өміріндегі сол бір қиын-қыстау кезде тек өзара шаруашылық қарым-қатынастарды қалпына келтіру мен экономикалық кірігу ғана экономикалық қарқындылықты ынталандыру мүмкіндігі еді.

1992 жылы 25 мамырда президенттер Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельцин қол қойған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт Қазақстан мен Ресей өзара қарым-қатынастардың жаңа сатысына жаңа қадам бастаған еді. Бұл шарт екі елдің мемлекетаралық экономикалық және саяси ынтымақтастығының оңтайлы үлгісін іздеу кезеңінің бастамасы болды. Шартта Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы БҰҰ Жарғысын басшылыққа алып, мемлекеттердің өзара қатынасын халықаралық құқықтарды мойындай отырып, түсінушілік, әділеттілік, теңдік негізінде, Еуро-Азия континентінде бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтай отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы тарихи қалыптасқан берік байланыстарына, өз халықтарының ізгі қарым-қатынас, достық және өзара ықпалдастық дәстүрлеріне сүйене отырып, екі ел арасындағы достық, тату көршілік, ынтымақтастық және өзара көмек қатынастар екі елдің де халықтарының түбегейлі ұлттық мүдделеріне сай келеді деп көрсетілген. Достық қатынастарын одақтас мемлекеттер ретінде құруға, мемлекеттік егемендігі мен аумақтық тұтастығын өзара сыйлау, дауларды бейбіт шешу және күш қолданбау, қоқан-лоқы жасамау, бопсалаудың экономикалық және басқа да түрлеріне жол бермеу, теңдік және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, адам құқығын және негізгі бостандықтарын сақтау, міндеттемелерін адал орындау принциптері қарастырылған. Сонымен қатар халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған басқа да нормаларын дәйекті түрде басшылыққа ағдаласқан 32 баптан тұратын шартқа қол қойылған. Шарттың 32 бабында бұл келісім жиырма бес жылға жасалғаны айтылған [143].

Қазақстан мен Ресей арасындағы Достастық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың негізгі қағидалары екі ел арасындағы өзара ықпалдастықтың барлық саласындағы қарым-қатынастың түбегейлі принциптері айқындалған. Бұл құжат екі ел тарихының осы заманғы сапалық жаңа қатынастарының негізіне айналып, Қазақстан мен Ресейдің ресми мемлекетаралық құқықтық қарым-қатынасының алғашқы бетін ашып берген болатын. Бұл құжаттың маңызы өте зор болды. Екі жақты қатынастардың

көптеген қырлары кейін жасалған мемлекетаралық шарттармен және келісімдермен нақтыланып, біздің халықтарымыздың игілігіне жұмыс істеп жатқан күні бүгінге дейін Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының көбі 1992 жылғы 25-мамырда президенттер қол қойған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың арқасында мүмкін болды деп сеніммен айтуымызға болады.

1994 жылғы наурызда болған Қазақстан Президентінің Ресей Федерациясына жасаған тұңғыш мемлекеттік сапары екі жақты қарым қатынасты кеңейту мен тереңдетуде елеулі рөл ойнады. Бұл сапар барысында екі ел арасында ірі ауқымды жиырма екі құжатқа қол қойылды [16, 74 б.]. Олардың ішінде экономикалық ынтымақтастық пен интеграция одан әрі тереңдету туралы шарты маңызды. Осы құжатқа сәйкес тараптар экономикалық интеграцияны қамтамасыз етуде, ортақ рынок қалыптастыруда, шаруашылық заңнамаларын жақындастыруда өзара үйлестіру ісін жүзеге асыру туралы келісімге қол жеткізді. Сондай-ақ, бір-бірінің аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан мен Ресей азаматтарының азаматтығы мен құқықтық мәртебесіне байланысты мәселелерді шешудің негізгі принциптері туралы меморандумға, Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы келісімге қол қойылды [144, 140-141 бб.].

1994 жылғы наурыздағы жоғары деңгейдегі Қазақстан мен Ресей кездесуі мемлекетаралық қатынастардың серпінді дамуына қатысты берік шарттық базаны құруға жол ашты. Мемлекет басшыларының келіссөздері экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы тығыз интеграцияның жаңа кезеңіне қадам басты. Бұдан бөлінбейтін еуразиялық кеңістікте ғасырлар бойы тұрып жатқан екі ел халықтарының достық пен өзара тиімді іс-қимылдың әлеуетін сақтауға және еселеуге деген ұмтылысын көруге болады. Қазақстан мен Ресей арасындағы маңызды келіссөздердің бірі ретінде 1995 жылғы 20 қаңтарда екі елдің Президенттері аса маңызды үш құжатқа қол қойған кездесуін атап айтуға болады. Бұл кездесуде олар: Ресей-Қазақстан ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы декларация; Ресей Федерациясының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Ресей Федерациясы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы шарт; Ресей Федерациясында тұрақты тұру үшін келген Қазақстан азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін келген Ресей Федерациясы азаматтарының азаматтық алуының жеңілдетілген тәртібі туралы келісімге қол қойды. Еуразиялық одақ жобасының бірлесу принципінде азаматқа байланысты Еуразиялық одақ шекарасында азаматтардың еркін барыс-келісі үшін елдерге қатысты ішкі үйлестіруді, виза саясаты талап етеді. Еуразиялық одақ аймағында тұру жөніндегі елді ауыстыру кезінде әрбір адам өзінің қалауынша басқа елдің азаматтығын бірден ала алады деп көрсетілген болатын. Міне, осы одақта ұсынылған ұсыныстардың орындалуын Қазақстан мен Ресей арасында жасалған келісім-шарттардан көре отырып, бұл идеяның сөз жүзіне емес, іс жүзіне тәй-тәйлап ілгері қадам басып келе жатқандығын көруімізге болады. Қазақстан мен

Ресейдің 1995 жылы қол жеткізген жетістіктері екі мемлекеттік қарым-қатынасының барлық салаларындағы кірігуі кеңейе әрі тереңдей түсті. Өздерінің байланыстарында, әр деңгейдегі делегациялар алмасуында Қазақстан мен Ресей екі президенттің қаңтардағы кездесуінен бастау алған Қазақстан-Ресей диалогының жоғары нәтижелілігін қолдауға тырысты.

Қазақстан мен Ресей диалогының дамуына 1996 жылғы 27-сәуірдегі екі ел басшыларының кездесуі жанаша қарқын берді. Бұл кездесу Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарында қол жеткізген сапалы жаңа деңгейдің жарқын айғағына айналды. Кездесудің қорытындылары бойынша, Каспий теңізін пайдалану жөніндегі ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Ол құжатта жаңа саяси жағдайларда Каспий проблемаларын әділетті түрде шешудің аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде шешуші маңызы бар болатындығы атап көрсетілді [145, 248-249 бб.]. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған Мәңгілік достастық пен одақтастық туралы декларацияның қабылдануы екі ел арасындағы қарым-қатынастың одан әрі нығаюына жаңа серпін берген болатын. Бұл келісім 1998 жылы 6-шілдеде Мәскеу қаласында жасалған болатын. Декларацияда: «Біз Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті, ХХІ ғасыр қарсаңындағы кең ауқымды халықаралық тұрғыда екі ел арасындағы қарым-қатынастардың жай-күйі мен даму перспективаларын жан-жақты талқылай келіп, Қазақстан мен Ресей халықтарының тығыз достық байланыстарының тарихи қалыптасқан дәстүрлері мен игі құндылықтарына сүйене отырып, Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік қатынастарды, көп қырлы өзара іс-қимылдарды нығайту екі мемлекет халықтарының түбірлі мүдделеріне жауап беретініне, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қызмет ететініне кәміл сене отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының, Хельсинки Қорытынды актісінің және Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да құжаттарының, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларының, сондай-ақ, адам құқығы саласындағы халықаралық өлшемдердің мақсаттары мен принциптеріне адалдықтарын қуаттай отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде кең ауқымды ынтымақтастыққа ниеттеніп және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Достастыққа қатысуынан туындайтын міндеттемелерін сақтауға бекем бел буып, осы Декларацияны қабылдаймыз және салтанатты түрде мәлімдейміз» делінген [146].

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастарды былайша бағалайды: «1998 жылы шілде айында біз, Ельцин екеуіміз ХХІ ғасырға бағытталған Мәңгі Достастық және одақтастық туралы декларацияға қол қойған болатынбыз. Қазақстан мен Ресей қарым-қатынастарында мұның өзі бұрын-соңды болып көрмеген, сапалық қасиеті күшті жаңа кезең болып табылады. Еске салып өтейін, біздің қарым-қатынастарымыз бұған дейін Қазақстан мен Ресей арасындағы достық пен ынтымақтатық туралы келісім-шартқа қол қою арқылы да реттелген болатын. Оның ТМД шеңберінде осы тұрғыда қабылдаған кең көлемді алғашқы құжаттардың бірі болғанын атап айтқым келеді» [147]. Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдениет, ғылым, білім

салалары бойынша екі жақты келісім-шарттар бар. Осының нәтижесінде, екі елде де мәдениет бір-бірін байыта отырып, дамып келеді. Әр ұлттың өзіне тән қасиеттері сақталады, сөз және ождан еркіндігіне қол жеткізген, тіл дамуына кедергі жоқ. Сауда экономикалық байланыстар да даму үстінде. Оған 1995 жылы қол қойылған Кеден Одағы шартының әсері мол. Егер, 1994 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымы 2,37 миллиард долларды құраса, ол 1995 жылы 3,96 миллиард долларға, ал 1996 жылы 4,8 миллиард долларға жеткен [148].

Ресейдің сыртқы сауда айналымында Қазақстанның үлес салмағы едәуір. Мәселен, 1997 жылы Ресейдің экспорт-импорт айналымында Қазақстанның экспорты 2,9 %, импорт бойынша 5,2 % болды. Салыстырып көрелік, Германияның үлес салмағы экспортта 7,7 %, импортта 12,5 %, Италия - 4,2 % және 5,0 %, Украина - 8,4 % және 7,4 %, Беларусь - 5,4 % және 8,7 %, Қырғызстан - 0,2 % және 0,3 %. Ал, Ресей Қазақстанның басты сауда әріптесі болып отыр. 1997 жылғы Қазақстанның жалпы тауар айналымының 38,7 % Ресейдің үлесіне тиеді. Ресейдің Қазақстансыз одағай дамуы мүмкін емес. 6,5 мың шақырымнан астам шекара тұр. Каспий теңізінің мұнай көздерін орталық сызықпен бөліп, оның жер асты байлықтарын бірге игеру де өз алдына үлкен жұмыс болып табылады. Оның үстіне Ресей Байқоңыр ғарыш айлағын, сондай-ақ, әскери полигондарды көптеген жылға жалға алып, пайдаланып келеді. 1992 жыл мен 1998 жылдың 20 мамыры аралығында Байқоңырдан ғарышқа 148 рет ұшу жүзеге асырылған. Ал, Ресейдің 4 полигонының Қазақстандағы көлемі 104492 шаршы шақырымды алып жатыр. Бұл Қазақстан аумағының 3,8 % [148].

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мәңгілік достастықпен біріккен. Олар ХХІ ғасыр қарсаңында ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімнің және екі мемлекеттің де гүлденуінің кепілі болып табылатын осы достықты сақтауға және нығайтуға міндеттенеді. Міне, осындай құжаттар достас екі елдің саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми байланыстарын нығайтудың қайнар көзіне айналды. Тәуелсіздік тұғырын нығайтып отырып, Қазақстан Ресеймен тең құқықтық негізде байланыса отырып, экономикалық және гуманитарлық салаларда көп қырлы интеграциялық процестер жүзеге асырылды. Бұл екі елдің стратегиялық әріптестер ретіндегі жұмысының өзегіне айналды. Ресеймен ынтымақтастықты одан әрі өрістетуге тұтастай алғанда Қазақстанның сыртқы саясатының басты да басым бағыттарының бірі екендігі даусыз.

Еуразиялық интеграция ынтымақтасудың қажеттігін түсінуге және ТМД-ға өтпелі кезеңді ауыздықтап, әрбір мемлекеттің өркендеуіне қол жеткізуге ықпал етеді. Қазіргі халықаралық қатынастарда интеграция көп қырлы, жан-жақты және кешенді процесс. Кеңестік жүйе күйрегенімен Орталық Азиядағы интеграциялық процестер дезинтеграция процестерімен ұштасып жатыр. Бұл аймақты тарихи жағынан алып қарастыратын болсақ, аймақ үшін аумақтық қауымдастық пен ерекше еңбек бөлінісіне негізделген белгілі бір жүйелік бірлік бар.

ХҮ ғасырдың аяғына дейін Орталық Азия өңірі әлемдік экономиканың қайнаған ортасы болды. Жергілікті халық ұлтқа, жерге бөлінбеген. Алайда, ұлы

Жібек Жолының ұмытыла бастауымен, бұл өңір, әлемдік саясаттан алыстай берді. Орта Азия елдерінің егемендік алуы - тұтас аймақтың дамуына жаңа серпін берді. Бүгінде Орта Азия - әлемдік экономиканың даму көшіне ілесті. Орталық Азия мемлекеттерінің тағдырын, болашағын шешетін нақты екі жол бар. Олар, біріншісі, әлемдік экономиканың шикізат көзі ғана боп қалу; екіншісі, өзара интеграциялану жолы.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев осы екінші бағытпен жүруді ұсынып отыр. Әлемдік ғаламдастыру үрдісі де Орталық Азия елдерін осы жолды таңдауға мәжбүрлеп отыр. Тек қуатты, аймақтық ұйым құру арқылы ғана, біз әлемдік нарықта басқа елдермен тең түсе аламыз. Аймақтағы тұрақтылыққа, экономикалық өркендеуге, саяси және әскери тәуелсіздікке қол жеткізе аламыз. Енді, Орталық Азия елдерінің интеграциялануына әкелетін саяси аспектілерге біріншіден, Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құрудың басты тиімділігі аймақтағы қауіпсіздіктің күшеюі. Яғни, сыртқы шекараларымыздың да, әр мемлекеттің ішкі қауіпсіздігінің де күшеюі.

Бүгінгі таңда халықаралық терроризм кең етек жаюда. Терроризммен күресте Қазақстан нақты шаралар жүргізіп жатыр. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризмді ауыздықтауға бағытталған барлық конвенцияларға қосылдық. Терроризмге қарсы Ұлттық орталық құрылды. Сондықтан да, аймақтың қауіпсіздігі - басты мәселе болып отыр. Бүгінде Қазақстан аймақтағы «тұрақтылық пен қауіпсіздіктің» орталығы бола отырып, Орталық Азияны, осындай тұрақтылық пен қауіпсіздік орталығына айналдыруды мақсат етеді. Сонда ғана, біз, есірткі мен қару-жарақ саудасының өршуіне, діни экстремизм секілді ішкі қатерлерге, бірлесіп қарсы тұра аламыз. Екіншіден, Орталық Азия елдерінің одағын құру - осы елдердің экономика және мәдениет салаларындағы ынтымақты одан әрі дамыту болып табылады. Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциялануының объективті алғышарттары дайын. Олай дейтініміз Орталық Азия елдерінің мыңжылдық ынтымақтастық тарихы бар. Шекаралары ортақ, шаруашылық байланыстарының деңгейі жоғары. Мәдениеттер, салт-дәстүрлері, менталитеті жақын. Және бір тілдік топқа енеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл аймақтағы халықтар тағдыры тұтасып кеткен.

Шығыстың Ұлы ғұламалары әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығы да - біздің рухани қазығымыздың түп-төркіні бір екендігін растайды. Сондай-ақ бұрынғы Одақтан, осы елдер экономикасының одан әрі дамуына негіз болатын - ортақ экономикалық инфрақұрылым, мұрагерлікке қалды. Орталық Азия аймағында интеграциялануға табиғи факторлар әсер етеді. Себебі, өзара бірікпесек шешілмейтін мәселелер жеткілікті. Соның бірі - аймақтың су ресурсы. Бірақ, осы объективті факторларға қарамастан, 90 жылдардың бірінші жартысынан бастап, интеграция мәселелері іс жүзінде толық жүзеге аспады. Өйткені, сол кезеңдегі экономикалық дағдарыс - нарық жағдайында, ұлттық экономикалар арасындағы байланыстардың үзілуіне әкеп соқты [149].

Кеңес Одағының құлауымен тәуелсіздікке қол жеткізген Орталық Азия мемлекеттері жаңа геосаяси жағдайда бұрынғы одақтық республикалардың арасындағы мемлекеттік шекараларды, ал сыртқы шекаралардан Ресей

империясы кезіндегі шекараларды сақтап қалуға күш салды. Орталық Азиядағы айрықша бір әлеуметтік-лингвистикалық интеграция ретінде орыс тілі қызмет етеді, ол барлық жерде кеңінен таралған. Орыс тілі Орталық Азияның әртүрлі интеграциялық институттарының жұмыс тілі болып табылады. Осы аймақтағы барлық ғылыми-техникалық, саяси зиялылары орыс тілінде кәсіп меңгерген, білім алғандар. Орталық Азияның көптеген тұрғындары үшін орыс тілі бұрын да, бүгінгі күнде білім алуда, ғылым мен техниканың, әлемдік коммуникациялардың әліппесін үйреніп, меңгеруде ақпараттық құрал болып отыр. КСРО кезінде қалыптасқан ғылыми-білімдік, діл бірлігі жаңа тәуелсіз мемлекеттердің сақталынып қалған әлеуметтік институттарында діл де өзінің қуат-күшін жоғалта қойған жоқ болатын. Тұрғындардың білім деңгейі айтарлықтай жоғары болғандықтан, Орталық Азия өзінің шығыс және оңтүстік көршілерінен қарағанда ұтымды жағдайда [60, 56 б.].

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан -2030» жолдауында: «Ұлттық мүдделерді қорғауды, сондай-ақ, таяудағы және алыс перспективадағы күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудегі біздің озық қаруымыз -интеграция саясаты, бірінші кезекте Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасындағы Орталық Азиялық Одақты нығайту, қарсы тұру емес, басқа мемлекеттердің істеріне араласпау, келісімге келу актілері үстем болуы тиіс. 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін. Ол өзінің талпыныс-ұмтылыстарында, жеңістері мен сәтсіздіктерінде бір ананың сүтін бірге емген өзінің бауырлары -өзбек, қырғыз және басқа да Орталық Азия барыстарымен дәйім бірлікте болып, олардың өрлеуі мен жетістіктерін мақтаныш тұтатын болады» - деп атап көрсетеді [150].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достастық туралы шарттар осының айғағы болып табылатындай көрінеді. Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының Мемлекет басшылары 1992 жылы 4 мамырда Достық, ынтымақтастық және өзара көмек беру келісіміне қол қойған болатын. Бұл келісім халықаралық құқықтық нормаларды сақтай отырып, Азиядағы бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында 32 баптан тұратын жиырма бес жыл мерзімге жасалған келісімге қол қойған еді [151]. Өңір елдерінің экономикалық ықпалдастығының қайнар көзі 1993 жылғы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық интеграцияны тереңдетудің 1994-2000 жылдарға арналған шаралары туралы келісім мен 1994 жылғы қаңтарда қол қойылған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдері арасында Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнен бастау алады [152]. Аталған құжаттарда елдер арасында өзара тиімді сауда-экономикалық және өндірістік қарым-қатынастарды дамыту қажеттілігі туып отырғандығы, аймақты мекендеген халықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында ортақ экономикалық әлеуетті тиімді пайдалану, соған сәйкес тауарлар, қызмет түрлері, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысына жағдай туғызуға баса назар аударылатыны айтылған болтын. Бұл келісімдер шеңберінде өзара тиімді бірлескен жобаларды іске асыру жұмыстары атқарылған болатын. Атап айтқанда, электротехника,

мәшине жасау, фармацевтика, тау-кен өнеркәсіптерінде маңызды нәтижелерге қол жеткізілген. Келісімге қатысушылардың негізгі мақсаты еркін сауда айналымы мен жеке өндірістен шыққан тауарлардың кедергісіз айналымын қамтамасыз ету екенін ескерсек, 1996 жыл Қазақстан мен Қырғызстан арасында еркін сауда айналымы туралы келісімге қол жеткізіліп, 1997 жылы Қырғызстан мен Өзбекстан арасында нақ осындай келісімге қол қойылған еді.

Қазіргі кезде интеграцияланудың субъективті алғышарттары дайын деуге болады. Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттерінің дербес дамуының нәтижесінде интеграциялық процестің тереңдеуіне, мүдделі топтар қалыптасты. Кәсіпкерлік топтардың өкілдері, бірлескен кәсіпорындар, экономикалық қатынастардың кеңеюіне, барынша мүдделі. Екіншіден, Қазіргі кезде, Қазақстанның қаржы институттары, көрші елдердің экономикасына инвестиция сала алатындай деңгейге көтерілді. Қазақ қаржыгерлерінің инвестиция салу себебінің бірі - көрші елдердің шикізатына сұраныстың артуы. Осы субъективті себептердің, негізгі саяси факторға айналуына, және Орталық Азиядағы интеграциялану процесіне жана серпін беруге - тек, Қазақстанның, ғана экономикалық әлеуеті жеткілікті.

Британдық геосаясаттың негізін қалаушы Хальфорд Маккиндердің пікірі бойынша, «Кім Хэртлэндті (Орталық Азия) билесе, сол Еуразияны билейді, ал кім Еуразияны билей алса, сол әлемге билік жүргізеді» [150]. Орталық Азия өңірі Еуразияның кіндігінде орналасуы арқылы алып құрлықтың едәуір бөлігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікке ықпал ететін стратегиялық маңызға ие. Тарихи тұрғыдан алғанда Орталық Азия аймағы үшін белгілі бір жүйелік, бірлік тән болып, территориялық ортақтық пен өзіндік бір еңбек бөлінісіне негізделеді [153, 181 б.]. Өңірдегі әрбір мемлекеттің дамытуға бағытталған сыртқы ықпалы құрлық кеңістігіндегі күштер арасалмағында айырмашылықтар қалыптастыруы ықтимал. Осы өңірде әлемдік маңызы зор минералдық ресурстар қорының көп шоғырлануы және оларды игеруге әлемдік державалар -АҚШ, Қытай, Ресей, Еуропалық Одақпен қатар ірі мемлекеттер тізіміндегі Түркия, Жапония, Пәкістан қызығушылық танытып отыр. Өңірдің еуразиялық көлік жолдарының түйісер тұсында орналасуы және осында кеңейтілген көлік-коммуникациялық желінің қалыптасуы бұл елдердің шынайы қызығушылығын арттыра түсуде.

Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «Біздің алдымызда таңдау тұр: бірі - әлемдік экономиканың мәңгілік шикізаттық қоржыны болып қалу, екіншісі - тағы бір империяның келуін күту немесе Орталық Азияның барынша интеграциялануына қарай қадам жасау. Мен осының соңғысын ұсынамын. Бұдан былайғы интеграциялануымызды - біздің өңіріміздің тұрақтылығына, прогреске, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол. Тек осындай жағдайда ғана біздің өңірді әлем құрметтейтін болады. Тек сонда ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, лаңкестік пен экстремизмге қарсы пәрменді күрес жүргізетін боламыз. Мұндай бірлестік, сайып келгенде, біздің өңірде өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың мүдделеріне толық сай келеді. Мен, Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынамын. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған

мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз бола алады. Біз, осылай жасағанда ғана әрқашан бірге болуымызды аңсаған арғы ұлы бабаларымызға лайық бола аламыз», дей келе өңірлік ықпалдастықты орнықтырудың тиімділігін талдап көрсеткен болатын [154, 46-48 бб.]. Бұл мақсатқа жетудің жолы «Орталық Азия елдері Одағын құру» екендігін көрсетті. Елбасының бұл ұсынысы заман сұранысынан туындаған қажеттілік. Ал осы одақты құруға негіз бола алатын біздің тарихи алғышарттарымыз бар.

М. Ломаносов атындағы ММУ Азия және Африка институтының директоры, профессор Михаил Мейер «азиаттық елдердің альянсы ақылға қонымды, оның негізінде көптеген ғасырлық ортақ тарих және мәдениет жатыр. Мұндай одақ Қазақстанның осы аймақта және әлемде ықпалын күшейтіп, Еуразия тіпті шығыс елдерінің мәселесін шешуге көмектесері сөзсіз» - деп атап көрсеткен [155, 13 б.]. Орталық Азия елдерінің тұтастығы бұл көне замандарда өмірлік зәруліктен туып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған идея, осы өңірде түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүріп, еңбек еткен саяси қайраткерлер мен шығармашылық иелері жан-жақты негіздеп кеткен ғылыми концепция. Кеңестер Одағы ыдыраған мезгілден бергі уақытта Орталық Азия кеңістігінде тәуелсіз мемлекеттердің өмірге келуі бұл идеяның өміршеңдігін тағы да байқатып отыр. Сонымен бірге өңір елдерінің тұтастығы мәселесінің бұл жолы өз ерекшелігі бар. Нақтырақ айтқанда, Орталық Азия елдерінің бұл жылғы одаққа бірігуі немесе біріге алмауы аймақты өз тарихи мекеніне айналдырған халықтардың болашақ тағдырына шешуші ықпал жасауы әбден ықтимал [156, 232 б.]. Орта Азиялық интеграция үшін ортақ тарихы, мәдениеті, тілі, діні бар халықтар ретінде біздің мемлекеттерімізді болашақта жақындастыру үшін Қазақстанның Қырғызстанның, Өзбекстанның қазақ, қырғыз және өзбек халықтарының өзара қатынастары өте маңызды болмақ дейміз. Орталық Азия аймағы үшін интеграцияланудың күшті алғы шарттарын Н.Ә. Назарбаев былай атап көрсетті: «Еуропа елдеріне қарғанда біздің аймақты интеграциялау үшін күштірек алғышарттар бар. Ондай алғышарттарға мынадай факторлардың: сыртқы қатерлердің, мәдени-тарихи тамырлардың, діннің, экономикалық проблемалардың ортақтығын жатқызуға болады. Оның сыртында Кеңес Одағынан бізге ортақ экономикалық, қаржы-қаражаттық, білім-біліктік және экономикалық стандарттар қалды. Интеграцияға қажетті мұндай алғы шарттар Еуропалық одақты құрушы мемлекеттер үшін тек арман ғана болатын.

Экономика саласында біз атқаруға тиісті шаралар мынадай: қазіргі қолданылып жүрген экономикалық аймақты нығайту; Ортаазиялық даму банкінің рөлі мен мәртебесін көтеру; көпсалалық кедендік одақ жасау; бірыңғай сыртқы экономикалық саясат жүргізу; бірыңғай транспорт жүйесін жасау; үш жақты ұлтаралық компанияларды нығайту; ортақ нарық жасау және ең соңында, болашақта бірыңғай валюта жүйесін құру» [157, 269-270 бб.].

Орталық Азия елдерінің бірлігі идеясы бұл тарих қойнауынан бастау алатын, өмірлік қажеттіліктен туындаған және өңір халықтарының қоғамдық өмірінде бүгінде өз орны бар шынайы құбылыс. Ол әсіресе өтпелі, күрделі қоғамдық өзгерістер кезеңінде өзінің өзектілігін ылғи да танытып отырады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың

Орталық Азия елдерінің одағын құру жөніндегі ұсынысы тарихи-мәдени негізі анық, өңір халықтарының тарихи тағдырына тікелей қатысы бар өзекті мәселе болып табылады.

Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ жобасында мемлекеттердің Еуразиялық одаққа кезең-кезең боп кіруінің әбден заңды екенін және ынтымақтасу көпжақты ғана емес, сондай-ақ, екі және үшжақты негізде болуы да заң әдебіне жататындығы көрсетілген. Онан әрі ол құжатта бұрынғы КСРО көлемінде болашақта Достастықтың негізге алатын үзірлеріне ешқандай қайшылығы жоқ, интеграциялық бірнеше тоғысу топтары пайда болуы әбден мүмкін екенін де ашық айтылған еді. Жобаға негіз болған идеялар мен принциптер және теориялық қисындату мен жасанды саясаткерлік үйлестіру емес, кірігу үдерісінің өмірдің өзі дәлелдеген нақты тиянақ тірегі. Еуразиялық одақ жобасын құраған қағидалардың нақты іске асуының бір дәлелі екі жақты Қазақстан-Ресей қатынастарының 90-шы жылдардың екінші жартысындағы даму үрдісі.

Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельцин 1995 жылғы 20-қаңтардағы жұмыс бабындағы кездесуінің барысында-ақ кірігу сипатындағы аса маңызды құжаттарға қол қойылған болатын. Олардың арасында Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы декларация мен Белорусия басшысы қол қойған Кеден одағы туралы келісім бар еді. Кеден одағы Мемлекеттердің Еуразия одағы жобасында көзделгендей, біртұтас кеден кеңістігін, ал содан кейін біртұтас экономикалық кеңістік құруға тікелей жол ашқан еді.

Кеден одағын құрудың бастаулары Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы ұсынған Еуразиялық одақ құру идеясымен тығыз сабақтас болып табылады. «Еуразиялық одақ -тәуелсіз мемлекеттердің кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, әлеуметтік-экономикалық жаңғыру мақсатымен кірігудің пошымы» [4, 44 б.]. Нақты осы идея күллі ТМД кеңістігіндегі кірігу үдерістерін дамытудың айқындаушы факторына айналды. Кеден одағын құру өзіндік дара мақсат емес, одаққа қатысушы мемлекеттер экономикасының барлық ауқымдарын неғұрлым терең кіріктіру үшін жағдай туғызу мақсатын көздейді.

Кеден одағының құрылуы интеграция саласындағы қол жеткізген зор жетістік болды. Еуразиялық одақ туралы тұжырымдамада айтылған Н.Ә. Назарбаевтың идеялары, қысқартылған түрде болса да, біртіндеп жүзеге аса бастады [158, 490 б.]. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі Кеден одағы 1995 жылы 6-қаңтарда Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы, кейін 20-қаңтарда Қазақстан Республикасы елдері арасында Кеден одағы туралы келісімге қол қоюы арқылы құрылды [125, 104 б.]. 1996 жылы наурыз айында Кеден одағына Қырғызстан, 1998 жылы қазанда Тәжікстан қосылды. Н.Ә. Назарбаев Кеден одағының маңызы жөнінде: «Кеден одағы бес елдің арасындағы талданып, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық салада қол жеткізген алғашқы халықаралық келісім. Келісімде дүниежүзілік интеграция тәжірибесі, халықаралық принциптер мен нормалар, Еуропа Одағы мен ТМД жетістіктерінің тәжірибесі алынған. Бұл келісім біздің мемлекеттеріміздің

арасындағы маңызды мәселелерді шеше алады. Мұнда біздің мемлекеттеріміздің достық қарым-қатынасы негізінде интеграциялық стратегиясының даму болашағы, тәуелсіздік пен халықаралық құқық нормаларын құрметтеу басты орын алады» - деп атап көрсеткен [154, 75 б.]. Кеден одағының басты мақсаттары - одаққа қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің еркін ықпалдастығына қолайлы жағдайлар туғызу, сандық шектеулерді, кеден бажын, салықтар мен алымдарды жою арқылы өзара саудасаттықты ынталандыру, үшінші бір елдерге қатысты ортақ тәртіптеме орнату, біртұтас кеден аумағын құру, сондай-ақ, экономиканы реттеудің біртұрпатты тетігін енгізу болатын [123, 332 б.]. Кеден одағын құру тауарлардың, көрсетілген қызметтің, капиталдардың, жұмыс күшінің ортақ рыногын құруда маңызды алғышарт болуға тиіс деп көзделген болатын. Осы бірлестіктің тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттер экономикалық реформалардың үйлестірген саясатын жүргізуге, сондай-ақ, нарықтық принциптерге негізделген шаруашылық жүргізудің, экономикалық реттеу тетігінің бір үлгісін құруға келіскен болатын.

Еуропа одағына қарағанда, ТМД-ның үш елінің Кеден одағы неғұрлым қысқа мерзімде құрылғанын атап өткеніміз жөн. 1995 жылдың қараша айында Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20-қаңтардағы келісімді іске асырудың алғашқы кезеңі толық аяқталғанын мәлімдеді [160, 4 б.]. Ресей Федерациясының Кеден одағын қалыптастырудағы алғашқы кезеңінің аяқталуы туралы 1995 жылғы 12 мамырдағы Беларусь Республикасымен және 1995 жылы 19-тамыздағы Қазақстан Республикасымен түзілген хаттамаларына қол қойылды. Қазақстан Республикасының Президенті 1995 жылы 19-қыркүйекте және Ресей Федерациясының Президенті 1995 жылы 31-желтоқсанда Ресей мен Қазақстан арасындағы шекарада кеден бақылауының күшін жою туралы жарлықтарына қол қойылды. Кеден одағын құрудың алғашқы кезеңіне бекітілген шараларды орындау жөніндегі жұмысты қатысушы елдердің бірлесіп, теңдей үлес қосу арқылы жүзеге асыруының принципті маңызы болды. Бұдан гөрі аумақтық экономикалық одақ құруды іске асыруға ынтымақтастықтың нақ осы үлгісі негіз бола алады.

Еркін сауда тәртіптемесін іске асыру - кеден баждарын жою алғашқы кезеңнің ең басты жетістігі болды. Бұл қадам саудаға қуатты серпін беріп, ол Кеден одағына қатысушы мемлекеттердегі шаруашылық жүргізуші субъектілерді өзара ықпалдастығына игі ықпалын тигізген болатын. Өзара сауда саттықтағы шектеулерді жою үш мемлекет арасындағы тауар алмасуды жақсартты. 1995 жыл Қазақстанның Ресеймен сыртқы сауда айналымы 3,96 млрд доллар болды немесе Республиканың күллі сыртқы саудасының 54%-ын құрап, 1994 жылмен салыстырғанда 55,4% өсті. Экспортқа 2,1 млрд доллардың өнімі шығырылып, Қазақстандық экспорттың жалпы көлемінің 42%-ын құрады және 1994 жылғы көрсеткіштен 1,5 есе асып түскен болатын. Импорт 1,8 млрд долларға жетіп, барлық импорт түсімдерінің 49%-ын құрап, 1994 жылғы сатып алу көлемінен 66% артық болды [123, 345 б.].

Қазақстан мен Беларусь арасындағы тауар айналымы 1994 жылмен салыстырғанда 23,1% артып, соның ішінде экспорт -28,7%, импорт 18,7% артты. Үш мемлекеттің біртұтас кеден кеңістігін қалыптастырудың тез қарқынмен жүруі соңғы жылдары олардың экономикалары мен шаруашылық заңнамасын едәуір жақындастырудың нәтижесі болды [123, 345 б.]. Егеменді мемлекеттердің ұлттық экономикалық жүйелерінің қол жеткізген деңгейін ескере отырып, Қазақстан интеграция жолымен одан әрі ілгерілеуді -Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартқа қол қоюды ұсынды. Мұнда ортақ рынокты қалыптастыру және Кеден одағына қатысушылардың экономикалық саясатын жақындастыру арқылы Одаққа мүше мемлекеттердің барлығының экономикалық қызметін үйлесімді дамытуға іс жүзінде көмектесу міндеті назарға алынған болатын.

Жылдамдығы әртүрлі интеграция процесіне тиісті серпін беруге ұмтыла отырып, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының және Ресей Федерациясының Президенттері 1996 жылғы 29 наурызда экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграцияны тереңдету туралы шартқа қол қойды. Оның басты мақсаты тауарлардың, көрсетілген қызметтің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей байланыстарын нығайтуға, ортақ ақпараттық, білім беру және гуманитарлық кеңістік құруға қажетті алғышарттар жасау болып табылатын еді. Н.Ә. Назарбаев бұл шарттың маңыздылығын: «Бұл одақ ТМД шеңберіндегі кірігудің ең биік сатысы болады» - деп атап көрсеткен болатын [123, 345 б.].

ТМД-ның өзге елдері үшін Кеден одағы қызметінің нақты нәтижелері тартымды болды. Одақтың осындай жетістіктерге байланысты 1997 жылы Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахманов осы шартқа және Кеден одағы туралы келісімдерге Тәжікстанды қосу туралы өтініш білдірді. Тәжікстан Республикасының білдірген өтінішінің негізінде Мемлекетаралық кеңестің 1998 жылғы сәуір айындағы мәжілісінде Тәжікстан Республикасын 1996 жылғы 29 наурыздағы Шартқа және Кеден одағы туралы келісімдерге қосу шешімін қабылдады. «Төрттіктің» кеңеюі оның тиімділігі туралы, интеграциялық ұйымның тартымдылығы туралы куәландыратын процесс еді. Кіші аймақтық бірлестіктердің ТМД шеңберінде жұмыс істеуі, егер олар о баста оқшаулықты мақсат тұтпаса, интеграцияға теріс ықпал ететін тенденцияларды туғызбайды, қайта керісінше Достастықтың бүкіл жүйесінің тұтастығын нығайтады. Дегенмен, қосылу шарттарын орындау қыруар жұмыстарды атқаруды талап етеді. Осының негізінде, Тәжікстан Президенті Кеден одағының толық құқықтық мүшесі ретінде Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы Шартқа тек 1999 жылы 26-ақпанда ғана қол қойған болатын. Тәжікстанның Кеден одағына қосылуы Достастықтың жетекші кірігушілік өзегіне айналып, өзінің өмір сүруімен-ақ кірігудің тұрлаулы, болашағы зор әрі бұлтармас сипат алғандығын дәлелдейтін болады.

Кеден одағына қатысушы елдер 1996 және 1997 жылдары экономикалық кірігуді тереңдету жолында елеулі түрде алға баса алмағандығы туралы бірқатар мамандар қорытынды жасаған болатын. Мұның себептерін басқа кеден шекараларының болуы, тариф саясатындағы келіспеушілік, төлем жүйесінің

жетілдірілмеу сияқты толып жатқан қиыншылықтары да бар болатын. Белгілі саясаткерлер мен халықаралық мәселелерді зерттеуші ғалымдар Кеден одағы Достастық елдерінің тауарларды, капиталдарды, қызметтер мен жұмысшы күшін кідіріссіз ауыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі бірлескен және ең бастысы, нақты шаралар қабылдауға бағытталған болашағы жарқын кірігу үлгілерінің біріне айналады деп пайымдаған болатын. Дегенмен, ұзақ мерзімді көздейтін бұл міндеттен басқа дәл бүгінгі күні барлық бес мемлекет халықтарының тұрмыс жағдайын нақты түрде жақсартуды қамтамасыз ете алатындай ынтымақтастық пиғылдарына деген саяси және өмірлік қажеттілік туындауда. КСРО күйрегеннен кейін тәуелсіз жаңа мемлекеттердің пайда болуы бұрынғы одақтың қарапайым адамдары үшін толып жатқан саяси және экономикалық, әлеуметтік проблемалар туындады. Экономикалық, ұлттық, мәдени-гуманитарлық байланыстар үзіліп, ортақ еңбек рыногы өмір сүруін тоқтатып, миграциялық ағын күшейді. Кеден одағына қатысушы елдердің кірігушілік әлеуеті Кеден одағы мемлекеттері азаматтарының жұмыс істеуі мен демалуына, сапар шегуіне, білім мен медициналық көмек алуына, ғылым мен мәдениет жетістіктеріне, барлық мемлекеттердің ақпарат құралдарына ортақтасуына мейлінше қолайлы, тең мүмкіндіктер көзделді. Президент Н.Ә. Назарбаев 1998 жылғы «Қарапайым адамдарға қарапайым он қадам жасайық» атты бағдарламаларының қағидасы осы жолдағы нақты қадам болып табылады.

Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, одақ елдерінің оларды орындауды «өз азаматтарының тұрмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ендігі жерде ортақ шекаралардан өту, жүк алып өту, жаңа азаматтық рәсімдеу, көрші аумақтарда шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдем алу және басқа да жағдайлар оңайға түседі» [161, 3 б.]. Осы бағдарламалық құжатта Достастық халықтарының күнделікті өмірін жеңілдететін, олар бір елден екінші елге өткен жағдайда, азаматтық алғанда, басқа да құқықтарын жүзеге асырған жағдайда проблемалар туғызбайтын шаралар қабылдау туралы қарастырылған. Мемлекет басшысының ұсынысы шын мәнінде ТМД-да біртұтас гуманитарлық және ақпараттық кеңістік құруға бағытталған болатын. Президент Н.Ә. Назарбаевтың бұл мәлімдемесі Кеден одағы үміткерлерінің басшылары қол қойған, келісімдер мен жобалардың 10 жобасын қамтыды. Осы «қарапайым қадамдардың» арқасында Кеден одағының азаматтары өз құқықтарын барынша іске асыруға, өздеріне берілген жеңілдіктер мен артықшалықтарды жете пайдалануына мүмкіндік алды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің әріптестері - президенттерге «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» деп атанатын іс әрекет бағдарламасын ұсынған. Бұл бағдарламаның мәні ТМД аймағында өмір сүріп жатқан қарапайым халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған.

1. Азаматтық алудың қарапайым тәртібін енгізу. Бір мемлекеттің басқа бір мемлекетте тұратын азаматына барынша ыңғайлы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету. Бұл бағытта мемлекет басшылары екі құжатқа қол қойған еді. Оның бірі 1998 жылғы 28-сәуірдегі «Бір мемлекеттің аумағын тұрақты мекендейтін екінші мемлекет азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы

шарты. 1999 жылы 26-ақпанда президенттер «Белорусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы азаматтық алудың жеңілдетілген тәртібі туралы» келісімге қол қойды, ол Кеден одағына қатысушы елдердің Тәжікстаннан басқалары үшін 1999 жылғы 4-қарашадан күшіне енді;

2. Азаматтардың аталмыш төрт мемлекеттің шекара, кеден және басқа да тексеру орындарынан еркін және тең құқылы өтуін қамтамасыз ету. Бұл міндетті іске асыру үшін төрт мемлекеттің үкімет басшылары 1998 жылғы 24-қарашада «Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің шекараларынан еркін және тең құқықты түрде өтуін және тауарлары мен валюталарын кедергісіз өтуін қамтамасыз ету туралы келісімге» қол қойылды да, бұл құжат 2000 жылғы 24-қаңтарда «бестіктің» барлық мемлекеттері үшін күшіне енген болатын;

3. Бір мемлекет азаматының басқа мемлекет аумағында болған жағдайында жедел медициналық көмек алуына мүмкіндік жасау. 1998 жылы 24-қарашада «Белорусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Ресей Федерациясы азаматтарының жедел және шұғыл медициналық көмек алуына өзара тең құқықтар беру туралы» үкімет аралық келісімге қол қойылуы арқылы бір мемлекеттің аумағында тұратын екінші мемлекет азаматтарының шұғыл түрдегі медициналық көмек алуына бірдей жағдай жасауға қол жеткізуді көздеген еді. 2001 жылғы 6-маусымға дейін Ресейден басқа елдердің бәрі бұл құжаттың күшіне енуі жөніндегі қажетті ішкі мемлекеттердің рәсімдері толық орындалған болатын;

4. Төрт мемлекеттің шекарасынан келісімге сәйкес көрсетілген мөлшерде шетел валютасын алып өту мүмкіндігін беру;

5. Азаматтардың өндірістік және коммерциялық қызметке жатпайтын жүктерін үйлестірген келісімге сәйкес бөгеліссіз өту;

6. «Төрттік» одаққа мүше бір мемлекеттің басқа үш мемлекеттің газет-журналын, басқа да басылымдарын жаздырып алуға және тасмалдауын қамтамасыз етуге мүдделік жасау. Бұл «1996 жылғы 29 наурыздағы Шартқа қатысушы мемлекеттер арасында пошта жөнелтілімдерін жеңілдету және мерзімдік басылымдарға еркін жазылу мен оларды жеткізуді қамтамасыз ету туралы» үкіметаралық хаттама арқылы жүзеге асырылған еді;

7. Төрт мемлекеттің бір-бірінің аумағына теледидар мен радио хабарын таратуға оңтайлы жағдай туғызуы. «1996 жылғы 29 наурыздағы Шартқа қатысушы мемлекеттердің аумақтарында телевидение және радио бағдарламаларын таратуға қолайлы жағдайлар жасау келісімімен» қуатталды. Оған бес мемлекеттің үкімет басшылары 1999 жылы 26-ақпанда қол қойды. Ал, 2000 жылы 11-қаңтарда ол Кеден одағы мемлекеттерінің бәрі үшін күшіне ендірілді;

8. Жоғары білім жөніндегі дипломды, жоғары орта және арнаулы орта оқу орындарының аттестаттарын, ғылыми атақтар мен ғылыми дәрежелерді өзара мойындау 1998 жылы 24-қарашада қол қойылған «Беларусь Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қырғызстан Республикасы Үкіметінің және Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы білім, ғылыми

дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды өзара мойындау және олардың баламалылығы туралы келісімге» сәйкес жүзеге асты. Ол Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей үшін 1999 жылы 1-қазанда күшіне енді. Дегенмен, осы Келісімде айтылған құжаттарды мойындау принциптері әзірше барлық елдерде бірдей сақталмаған;

9. Төрттік мемлекеттерінің арасында ақша және пошта айналымын жеңілдетіп жүргізу. 1998 жылғы 24-қарашада «1996 жылғы 29-наурыздағы Шартқа қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларының ақша аударымдарын жүзеге асыру жосығын жеңілдету туралы хаттамаға» қол қойылған кезден бастап «бестік» мемлекеттерінің арасындағы ақша аударымдар мен пошта жөнелтілімдерін жүзеге асыру жосығы ықшамдалды;

10. Төрттік мемлекеттерінің ішінде шағын және орташа бизнеспен айналысуға мейлінше жеңілдік жасауды көздеу. «1996 жылғы 29-наурыздағы Шартқа қатысушы мемлекеттерде шағын кәсіпкерлікпен шұғылданду үшін қолайлы жағдайлар туғызу туралы келісіммен» реттеледі. Оған 1998 жылғы 24 қарашада қол қойылды, ал барлық мемлекеттер қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындап болған соң, 1999 жылғы 6-қазанда құжат күшіне енген болатын [99].

Бір қарағанда бұл өзінше мүлде дербес құжат, ал «рухы бойынша» еуразия ынтымақтасу жоспарының бір тарауы. Еуразиялық одақ жобасына ешқандай сілтемесі болмағандықтан, Достастықтың мүшелері бағдарламаны жылы қабылдады.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қарапайым адамдарға қарай он қадам» атты мәлімдемесі ең сәтті халықаралық бастамалардың бірі болды. Бағдарлама нысанында жеңілдетілген бұл құжаттың бұрынғы кеңес елдеріне әйгілі болғандығы соншалық, сол жылдары президенттің поштасына Достастықтың түкпір-түкпірінен келіп түскен азаматтардың алғыс хаттарына толып кетті [158, 491 б.]. Ол қарапайым адамдар азаматтық алудың оңайлатылған тәртібін, жеке тұлғалардың кеден шекарасына еркін өту құқығын қамтамасыз ету, олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз өткізуін, бұрынғы кеңес республикаларының азаматтарына медициналық көмек көрсету, пошта жөнелтілімдері мен ақшалай аударымдарды рәсімдеуді жеңілдетуді, білім беру туралы құжаттарды өзара тану туралы, оқу орындарына түсуге тең құқықтар беру және КСРО тарағаннан кейін әртүрлі елдерде қалған қарапайым адамдардың күнделікті өмірі осыған тәуелді болып тұрған басқа да маңызды жағдайларды қарапайым адамдардың көп күткені жайында мәлімдеген болатын.

Н.Ә. Назарбаев ұсынған бұл бағдарламаның кейбірінің практикалық тұрғыдан іске асқанын байқаймыз. Атап өтер болсақ, 1998 жылғы 24-қарашада Алматыда Кеден одағына қатысушылардың кезекті кездесуінде «төрттіктің» үкімет басшылары білім, ғылыми дәрежелер және атақтар туралы құжаттардың өзара танылатындығы және бара барлығы туралы, сондай-ақ, мемлекеттердің азаматтарына оқу орындарына түсу үшін тең құқықтар беру туралы келісімге қол қойылған еді. Ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі ұйымдық, техникалық және экономикалық шараларды жүзеге асыруда, телевидение мен радио бағдарламаларын өзара тарату үшін қолайлы жағдайлар туғызуды үкіметтер

өздеріне міндеттемелер алуға келісті. Шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөнінде келісілген саясатты жүргізу туралы уағдаластыққа қол жекізілді. Қабылданған бірлескен бағдарлама салық салу, материалдық өндіріс, ауыл шарушылығы өнімдерін өңдеу салаларында, сондай-ақ, инвестициялық салада шағын бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету жеңілдіктерін орнатуды көздеген болатын. «Қарапайым адамдарға қарапайым он қадам» туралы мәлімдемені ТМД мемлекеттерінің азаматтары жақсы қабылдаған еді. Себебі, осы құжат арқылы интеграциялық процестерге пәрменді сипат беруге Н.Ә. Назарбаевтың ұмтылысы тура жолды көрсетіп берген еді. Мәлімдемеде қарапайым адамдардың зәру мұқтаждықтарын қанағаттандыру туралы әңгіме болған еді.

Ресейлік сарапшылар кеңестік дәуірден кейінгі мемлекеттер экономикасының дамуы аясында кеден бестігі саммитінің қорытындыларын мейлінше жемісті деп есептеуге болады деген пікір білдірген. Қазақстанның премьер-министрі қызметін атқарған Қ.Тоқаев: «Кеден одағы даму үстінде, мәселен, ол мейлінше серпінді дамуда, сондықтан, егер экономикалық үрдістер соншама ойдағыдай жүріп, бұл одақтың елдері ең алдымен экономикалық, содан соң саяси тұрғыдан бір-біріне ешқандай күдік-күмән келтіріп, қауіп сезінбейтін болса, болашақта Кеден одағы өзінің мейлінше атқарымдық атауын неғұрлым кең мағыналы саяси атауға ауыстырып, Еуразиялық одақ атануы мүмкін екеніне менің пәлендей күмәнім жоқ. Бұл Қазақстан Президентінің Еуразиялық одақ туралы байыптамасында жазылғандай, толып жатқан саяси өкілдіктерді ұлтүстілік белгілі бір органға табиғи түрде қосу арқылы болуы мүмкін» [162].

Қазіргі таңда Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің өзара сауда-саттығында тауарлармен еркін сауда жасау тәртіптемесі толық көлемінде жұмыс істеуде, яғни тараптар өзара сауда байланысында кеден бажын, баламалы күші бар салықтар мен алымдарды, сондай-ақ, сандық шектеулерді қолданбайды. Екінші мыңжылдықтың соңы жоғарыда қарастырылған шарттар мен келісімдердің бәрі Белоруссияның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресей мен Тәжікстанның кірігу үдерісінде маңызды белес болғандығы сөзсіз. Ғасырлар тоғысында кеңестік дәуірден кейінгі кеңестік бөлігіндегі бірлесу үрдісінің жарқын көрінісі Кеден одағының шеңберіндегі жаңа ұйымның құрылуы мен 2000 жылғы 10-қазанда Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы Шартқа қол қойылуы еді. Н.Ә. Назарбаев сонау 1994 жылы ұсынған Еуразиялық одақ идеясы тұжырымдамасының практикалық құндылығы мемлекеттердің арасында қол жеткізген шарттар мен одақтар кеңестен кейінгі кеңестікте интеграцияға балама жоқ екенін дәлелдеп берген еді.

Кеден одағының құрылған күннен бастап алты жылдың ішінде Белоруссияның бестік шеңберіндегі өзара сауда-саттық көлемі үш есе, Тәжікстан Республикасында екі есе, Ресейде - 51%, Қазақстан Республикасында -27%-ға ұлғайған болатын. Кеден одағы шеңберінде қабылданған шешімдер, Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, 85% орындалған. Кеден бажы мен басқа салық төлемдерін бәтуаласуда да белгілі бір табыстарға қол жеткен. Бестік

мемлекеттері арасындағы олардың деңгейі 63%-ға жеткен. Еуроодақ елдерінде бұл 80% болғанын ескерер болсақ, бұл жаман көрсеткіш емес [123, 376 б.]. Мемлекетаралық кеңестің оныншы кезендік мәжілісінің барысында егемен бес мемлекеттің барлық басшылары «нақты кірігуге жету мақсатымен көп қырлы өзара ынтымақтастық жолымен жүруге» деген табанды қажеттілік туралы мәлімдеме жасады. Олар әрі «ұлттық заңдарды неғұрлым тығыз жақындастыру мен біріздендіру, Тараптардың экономикалық жиынтық әлуетін бәтуалы түрде қайта құруға бағытталған шараларды жүргізу қажеттігі» туып отырғанын баса айтып, «Кеден одағын қалыптастыру мен біртұтас экономикалық кеңістік құруды аяқтау өзара ықпалдастықтың жаңа түрлері мен теңдіктерін қажет ететінін» атап көрсетті [123, 376]. Мемлекетаралық кеңестік 2000 жылы 10-қазанында өткен саммитінде Н.Ә. Назарбаев самитті ашу барысында сөйлеген сөзінде бұл кездесуді одақтас елдер халықтарының өмірін жақсарту үшін бар мүмкіндікті қарастырып отырған, ізгі ниет біріктірген ортақ мақсаттағы адамдардың кездесуі ретінде бағалады. Ол сондай-ақ, бүгінгі мемлекет басшыларының кездесуінде Кедендік одаққа қатысушы бес елдің тарихында жаңа парақ ашатын айтулы оқиға болатынын атап көрсетті. Өйткені, Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы құжат өмірге жолдама алды.

Н.Ә. Назарбаев Кедендік одақта қалыптасқан жағдайды сараптай келе, тығыз интеграцияның дамуы бестік елдерінің экономикалық жағдайына оң ықпал ететінін айтып өтті. Кедендік одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісімнен туындайтын мақсаттар мен міндеттерді іс жүзіне асыруға бағытталған бірқатар құжаттар қаралып, қабылданған. Шешімдердің қағаз жүзінде қалмай, шындыққа айналуының маңызы зор. Дегенмен, уақыттың өзі жаңа шешімдерді қабылдауды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, Еуразиялық экономикалық қауымдастық -интеграцияға ұмтылыстың жаңа көрінісі болып табылады. Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру және аталған мәселеге орай мемлекет басшыларының Мәлімдемесі бұл кездесудегі ең басты құжат ретінде қабылданады. Белорусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан басшылары бұл жаңа экономикалық ұйымның интеграциялық үрдістерді ілгері жылжытуға тиімді әсер ететініне келісетіндіктерін білдірді.

Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы шешімді Қазақстанның Кедендік одаққа қатысушы елдердің интеграциялық күш-жігерін сапалық жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін тетік ретінде қарастырылатынын атап көрсеткен еді. Бұл Еуропалық одақ, басқа да халықаралық ұйымдарға жақын үлгідегі принципті жаңа құрылым болып табылады. Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық қауымдастықты Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы Еуразиялық одақ туралы бастамасын іс жүзінде іске асыруға бастайтын төте жол ретінде қарастыруға болады. Бұл шешімде ұжымдық саяси ерік, көп қырлы ынтымақтастық, нақты интеграция мәселелері көрініс тапқан.

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың жоғарғы органы Мемлекетаралық кеңес болып табылады. Оған интеграцияны дамытуға бағытталған іс-әрекеттерге бастамашы болу өкілеттігі берілген. Оның

құрамына мемлекет басшыларынан басқа премьер-министрлер кіреді. Жаңа ұйымның іс-қимыл жасайтын органы тұрақты жұмыс істейтін Интеграциялық комитет. Сонымен қатар, қатысушы елдер мемлекет басшылары тағайындайтын Тұрақты өкілдер комиссиясы деп аталатын орган енгізілді. Мемлекетаралық кеңес пен Интеграциялық комитеттің қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру міндеті Интеграциялық комитеттің Хатшылығына жүктелген. Хатшылыққа Бас хатшы жетекшілік жасайды. Мемлекетаралық кеңес мәжілісіне қатысушы Беларусь Президенті А. Лукашенко, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев, Қырғызстан Президенті А. Ақаев, Ресей Президенті В. Путин және Тәжікстан Президенті Э. Рахмонов Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы келісімге және мемлекет басшыларының Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы мәлімдемесіне қол қойылды [163].

Ресей Федерациясының Президенті В. Путин: «Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиядағы экономикалық ынтымақтастық -еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы идеясы тамаша, тиісті құжатқа қол қойылғаннан кейін оның тарихында алғашқы қадамдар жасала бастады. Мұндай қадам дүние жүзінде мемлекеттердің жемісті ынтымақтастығының өнегісі бола алады» - деп атап көрсеткен болатын [164, 14 б.]. Еуразиялық экономикалық қауымдастық - жаңа тұрпатты бірлестік. Ондағы дауыстар оған қатысушы мемлекеттердің ауқымына сәйкес бөлінеді. Бір мемлекеттің келіспеушілігі болған жағдайда өзгелері шешім қабылдай алмайды. Бұл қауымдастыққа қатысу барлығы үшін тиімді болатынының кепілі. Барлық интеграциялық бірлестіктер бүкіл қатысушылар үшін олардың тиімді болуына негізделіп отыр. Егер, бұған қол жеткізілсе, онда Еуразиялық экономикалық қауымдастық мықты болады. Егер, қандайда бір мемлекет оның мүддесі ескерілмейді деп есептейтін болса, ол қауымдастықтан шығып кете алады. Н.Ә. Назарбаев бұл қауымдастық туралы өз ойын «Еуразиялық экономикалық қауымдастығымызға көп үміт артамын. Тіпті қазіргідей тұрпатының өзінде ол орасан пайда келтіре алады. Егер, басқа елдер біздің қалай сәтті интеграцияланғанымызды, өзара тиімді сауда жасап жатқанымызды, бір-бірімізге өз рыноктарымызды ашып бергенімізді көрсе, қауымдастық ішінде адамдардың тұрмысы қалай жақсарғанын көрсе, онда көп елдер бізге қосылғысы келеді. Мен, осыған қол жеткізсем деймін! Еуразиялық экономикалық қауымдастық біздің мемлекеттеріміз үшін ғаламдастыру ауыртпалықтарын жұмсартудың тамаша мүмкіндігі. Біз бірлесіп әрекет етсек, қандайда бір қарсылық көрсете аламыз. Ара-дара жүрсек, оған қауқарымыз келмейді» - деп білдірген [165, 5-6 бб.].

Еуразиялық экономикалық қауымдастық 2000 жылы «интеграциялық бестік» құрған посткеңестік аумақтағы табысты жұмыс істеп келе жатқан мемлекетаралық бірлестік ретінде өзінің бастауын Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одағын құру жөніндегі жобадан бастау алады. Бұл жобада Еуразиялық одақ посткеңестік аумақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту және әлеуметтік-экономикалық жаңарту мақсатындағы егеменді мемлекеттер интеграцияның бір формасы ретінде айқындалған болатын. Елдер жан-жаққа, жапа тармағай ыдырып, бөлініп жатқан тұста, осындай стихиялы балама ретінде Қазақстан басшысының бұл ұсынысы ТМД көлемінде бірлесу

қозғалысының айқындаушы бір факторы еді. Қазіргі заманғы талаптарға сай келетіндей жаңа еуразиялық интеграциялық құрылымды қалыптастыруға Еуропалық одақтың негізгі үлгі модель болғаны анық. Қазақстан Президенті өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықтың өсуіне кедергілерді жою мақсатында біртұтас кедендік территория және келісілген сауда мен кедендік саясатты құру жөніндегі ұсынысты айтқанда соның даму тәжірибесіне сүйенген болатын [166].

Еуразиялық одақ жобасы ХХІ ғасырға өркениеті жолымен еруге шынайы мүмкіндік берді және ол Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру арқылы жүзеге асқан болатын. Тек қауымдаса, күш-жігерді біріктіре отырып, біз өзара пайдалы әріптестіктің тиімді тетіктерін жасап, барлық тап болатын кедергілерді шеше алатындығын Н.Ә.Назарбаев атап айтқан болатын [167]. Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың алдағы болашағы туралы Н.Ә. Назарбаев: «Қауымдастыққа бес мемлекет кіреді және аясында тарифтердің, салықтардың, кеден алымдарының және сол сияқтылардың 65% келісілген бұл альянс ТМД кеңістігіндегі ең алға кеткен бірлестік болып табылды. Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа Украина мен Өзбекстан кірсе, жақсы болар еді, оларға осынау экономикалық одаққа қатысу өте тиімді -бүгінде бұл елдер «бестіктің» тәжірибесін мұқият зерттеуде, сондықтан да мен олар белгілі бір ниетпен зерттеп жатқан шығар деп ойламын. Алайда, Еуразиялық экономикалық қауымдастық қазіргі құрамында осынау альянсқа қатысу барлық мемлекеттер үшін тиімді екенін дәлелдеу тиіс. Егер аяғына дейін ашық болсақ, онда ТМД жұмсақ құрылым болғандықтан да, Еуразиялық экономикалық қауымдастық пайда болғанын айтуға тиіспіз: Достастықтың бір елдері бірлескен құжаттарды қабылдауға қатысты, енді біреулері -қатыспады, содан кейін ТМД аясында қол қойылған декларациялар орындалмай қалуда. Өйткені, Достастыққа қатысушы елдердің арасында экномиканы дамыту деңгейі бойынша да, заңнама бойынша да, ал кейде саяси көзқарастар бойынша да елеулі айырмашылықтар бар. Сондықтан да, бұл тұрғыдан жақын тұрған елдер алдымен Кеден одағын қалыптастырып, содан кейін Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құрды. Бұл бірлестік тәжірибе көрсетіп үлгергендей, бүкіл кеңестен кейінгі кеңістіктегі интеграциялық процестердің өзегіне айналды. «Бестік» елдері арасындағы сауда көрсеткіштерінің өскелеңдігі де, Еуразиялық экономикалық қауымдастық аясында келісімдерді іске асыру тетіктері де, бірлескен ірі жобалар да жоғарыда айтылған пікірдің пайдасына шығады» - деп көрсеткен болатын [168].

Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекетер де бүгінгі күні экономикалық және әлеуметтік салаларда тұрақты жағдай орнығып, шетелдік инвестициялар көлемі артып отыр. Мәселен, Қазақстан 2001 жылы ішкі жалпы өнімі 13 пайызға артқан. 15 миллиардты құрайтын тауар айналымының үштен бірі Еуразиялық экономикалық қауымдастық елдерінің үлесінде. Ал, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа кіретін елдердің барлық тауар айналымы 100 пайыз десек, соның 92 пайызы олардың арасындағы айналымның үлесіне тиеді [169].

Еуразиялық экономикалық қауымдастық Мемлекетаралық кеңесінің үкімет басшыларының 2001 жылғы 14-қыркүйекте Алматыда өткен кездесуінде Н.Ә. Назарбаев бұл мәжіліске қатысушылардың қарауына кеден және шекара ынтымақтастығын дамытуға қатысты бірқатар міндеттерді енгізді. Атап айтқанда, ол Қоғамдастыққа қатысушы елдердің сыртқы саудасында статистиканы жүргізудің бірыңғай әдістемелігін енгізуді, бір елден екінші елге әкетілетін және әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеудің және бақылаудың ережелері мен жоспарларын біріздендіруді ұсынған болатын. Қоғамдастық мемлекеттері кеден қызмет орындарының негізгі міндеті - 2010 жылға дейін басқарудың біртұтас жүйесін құрып, бес мемлекет арасындағы шекараларда кеден бақылауын жою. Тағы бес жылдан кейін Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің шекара қызметтерін басқарудың біртұтас жүйесі құрылуы тиістігі атап көрсетілді.

Экономикалық қауіпсіздік мәселесіне де Қоғамдастық елдерінің үкімет басшылары үлкен мән береді. Еуразиялық экономикалық қауымдастық Мемлекетаралық кеңес төрағасы Н.Ә. Назарбаев ұсынысымен 2004 жылдан бастап «бестік» елдері экономикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралардың келісімді жүйесіне көшу туралы мәселе талқыланды. Мемлекеттер алдында 2005 жылға дейін бәтуалы шекара саясатына ортақ көзқарстарды енгізу, көпжақты шекара ынтымақтастығын дамыту, ал 2006 жылға қарай қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларында өткізу бекеттерін жайластыруды аяқтау сияқты нақты міндеттер қойылды [170].

2002 жылы 8 сәуірде Алматыда «Еуразиялық экономикалық саммит-2002» атты Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше елдердің екінші саммиті болып өтті. Ол «Тұрақсыздық кезеңдерінде тұрақты өсуді қамтамасыз ету» тақырыбына арналды [167]. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев бұл форум Орталық Азия аймағында назар аударарлықтай геосаяси өзгерістер жүріп жатқан кезде өтіп жатқанын атап өтті. «Қазір бір-бірімізді бұрынғыдан жақсырақ түсіне бастадық, өркениетке төнген - халықаралық терроризммен күресте күш-жігерді біріктіру кезек күттірмейтін қажеттілік екенін түсінетін көрсетуде. Сонымен бірге, мемлекеттердің бір-біріне жақындай түсуі Орталық Азия халықтарының әл-ауқатын арттыру мақсатында ынтымақтастықтың бұрынғыдан да ауқымды салаларын қамтуы тиіс. Халықаралық терроризммен күрес деген әскери акциялармен тынып қалмайтын іс. Өкінішке орай, қыруар әлеуметтік проблемалардың қордалануы да терроризм үшін құнарлы топырақ болып отыр. Азияның кіндігі мүдделер қақтығысының майданына айналып кетпеуі үшін, біздің елдеріміздің халықтары геосаяси ойындардың аманатқа алынған адамдар кейпіне түсіп қалмауы үшін айрықша жауапкершілік жүктеледі. Бұл орайда, саясаткерлердің алдында мынандай міндеттер қойылуы керек. Біріншіден Орталық Азияда тұтастай Азия құрлығында қауіпсіздіктің тиімді жүйесін жасау жөнінде күш-жігерді жұмсауды жалғастыра беру керек. Өткен жылы Қазақстанды, Қырғызстанды, Ресейді, Тәжікстан мен Өзбекстанды біріктіретін Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылғандығын жоғарады айтып өттік. ШЫҰ-ның аясында әскери саладағы сенім мен өзара іс қимыл тетіктері сыннан өткізіліп

үлгерілді. Сауда-экономикалық, гуманитарлық салада, терроризм мен экстремизм қатеріне қарсы тұру ісінде ынтымақтастықты дамыта түсу көзделген. Бұл бағытта алдағы кезде де тиімді жұмыс істей беру керек. Бүгінгі таңда Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары процесіне қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының саммитін өткізу бұрынғыдан да көкейтесті сипат алып отыр. Қазіргі геосаяси жағдайда қауіпсіздік проблемаларына, оның ішінде ең алдымен Орталық Азиядағы қауіпсіздікке қатысты пікірлер мен көзқарастарды баяндау үшін Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім жөніндегі кеңестің мінберін пайдалану өте маңызды болып отыр. Екіншіден, Каспий аймағына төнуі мүмкін жойқын апаттардың алдын алу үшін қолдан келетін шаруаның барлығына ерекше назар аудару керек. Каспий - Еуразияның маңызды стратегиялық аймағы, көмірсутектерінің бай қоймасы. Оның мұнай қорын игеру ісіне әлемнің аса іргелі компаниялары қатысуда. Каспий теңізі бүкіләлемдік қауымдастықтың мүддесі үшін бейбіт ықпалдасу мен экономикалық ынтымақтастық аймағына айналуға тиіс.

Саяси лидерлердің алдында тұрған аса маңызды міндет жаһандық және аймақтық ядролық қауіпсіздікті нығайту мәселелерімен байланысты. Орталық Азия бүгінде қаруға ие және соның «табалдырығында тұрған елдер» деп аталатын мемлекеттің қоршауында жатқан ядролық қарусыз алаң болып отыр. Осынау мазасыз геосаяси нақтылық қаруды таратпау режимін одан әрі табанды түрде күшейту қажеттігін алға тартады. Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін стратегиялық мәні бар тағы бір төтенше маңызды саяси міндет Ауғанстанды қазіргі ауыр жағдайынан шығару болып табылады. Ауған халқына көмектесе отырып, біз өзімізге өзіміз көмектесеміз, өйткені, орталық Азия аймағындағы көп нәрсе Ауғанстанды қайта түлету процесінің қаншалықты ойдағыдай жүретініне байланысты болмақ.

Ұлан-байтақ Еуразия континентінде бас бірікпеушілік пен томағатұйықтық интеграция мен ықпалдастыққа орын беруі керек. Орталық Азия мемлекеттері біздің ортақ су, инфрақұрылым, экологиялық проблемаларымызды шешуді қаржыландыру жөнінде әлемдік қаржы институттарының алдына бірлескен ұсыныстарымен шығуы қажет. Бұл ынтымақтастықтың және кедейшілікпен күрестің қуатты ынталандырғышы болады. Алматыда өткен ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуі Достастық шеңберіндегі интеграцияның да болашағы жақсы екенін көрсетіп берді.

Табиғи газды өндіруші мемлекеттердің де, сондай-ақ оны Еуропаға, Азияға, басқа аймақтардың рыноктарына тасмалдау үшін өз аумағы мен инфрақұрылымын беретін мемлекеттердің де мүдделерін біріктіретін «Еуразиялық газ альянсын» құруға ниет білдіріп отыр. Энергетикалық және көлік одақтарының жақсы перспективасы бар. Бұл бірлестіктердің тарихи бастаулары ретінде Еуропалық Одақ бастау алған көмір мен болат жөніндегі альянсты айтуға болады [171].

2002 ж. 13 мамырда Ресей астанасы Мәскеу қаласында Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің кезекті мәжілісі болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев әлемде

жаһандасу үрдісі белең алған тұста жаңа жағдайға қарай негіздеп, елдер мен халықтар арасындағы байланыстың аса маңызды тетігі ретінде ұсынған еуразия идеясы барған сайын өміршеңдік танытып, үстемдік алып келеді. Қауымдастыққа алғаш ұйымдасқан 2000 жылғы қазанда бес мемлекет қауымдасса, енді оларға Молдова Президенті Владимир Ворониннің және Украина Президенті Леонид Кучма экономикалық қауымдастыққа бақылаушы ретінде қатысуға ниет білдірді [172]. Мұның өзі Еуразия экономикалық қауымдастығының шын мәнінде халықаралық деңгейде лайықты орын ала бастағанын көрсетеді. Қазіргі кезде экономикалық қауымдастыққа мүше елдердің ішкі тауар айналымы қарқынды өсіп келеді. Экономикалық қауымдастықтың аса маңызды құжаттары қабылданды. Ең бастысы, қауымдастық мүшелерінің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерге өзара ықпалдастығын жетілдіру және үйлесімді позицияны жасау жөніндегі уағдаластыққа қол жеткен. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық қауымдастық эмблемасы мен жалауын бекіту, оның Парламенттік ассамблеясы жөніндегі ереже жобасын талқылау, қауымдастыққа мүше болғысы келетін елдерді қабылдау тәртібі, сондай-ақ, бақылаушы ретінде қатысу мәртебесін белгілеу сияқты маңызды мәселелер бар. Мүше елдер ұйым жарғысына қатаң бағынуы керек. Соған сәйкес мүшелік жарнаны уақытында төлеп тұру міндеттілік болып табылады. Еуразиялық экономикалық қауымдастығы қазіргі кезде өзіндік құрылымы қалыптасқан беделді халықаралық ұйымға айналуға деп айта аламыз. Экономиканың нақты секторын дамытуға, сондай-ақ, әлеуметтік-гуманитарлық саладағы мәселелерді шешуге мемлекетаралық мақсатты бағдарламалар бағыталуда. ЕурАзЭҚ шеңберінде қазіргі уақытта осы тәріздес ынтымақтастықтың маңызды салаларын қамтитындай және мұнан да тығыз интеграцияға негіз болатындай 10 бағдарлама және 7 тұжырымдама жасалуда.

2007 ж. 6 қазанда Душанбеде ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қауымдастықтың қуат көздеріне деген ішкі сұранысын өтеу, экспорттық мүмкіндікті ұлғайту және экономиканың тұрақты дамуына алғышарттар жасау болып табылады. Қауымдастықтың дамуына бүкіл әлемді жайлаған қаржылық және экономикалық дағдарыс та өзінің кері әсерін тигізіп отыр. Шетел капиталының азаюы және негізгі экспорттық тауарларға әлемдік бағаның төмендеуі - экономиканың өсу қарқынын баяулатып, құнсыздандуды күшейтіп жіберді. Мәселен, 2008 жылы Қауымдастық көлемінде ІЖӨ 1,9 трлн долларды құрап, 2000 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге өскен [166].

Әлемдік экономикалық дағдарыс қиындықтарын жеңуге бағытталған дүниежүзілік қаржылық жүйені реформалау мәселелері жөнінде ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің ортақ ұстанымы жасалынды. Бұл ұстанымды «Топ-20-ның» өткен саммитінде ЕурАзЭҚ-тың атынан Ресей жария еткен еді. 2008 жылғы желтоқсанда Бурабайда болған ЕурАзЭҚ елдері басшыларының бейресми басқосуында Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру жөнінде шешім қабылдады. ЕурАзЭҚ елдері үшін қауіпсіздік ретінде жасалынып отырған бұл Қордың негізгі мақсаты қауымдастыққа мүше

мемлекеттерге қарыз және тұрақтандыру несиелерін беру мен мемлекетарлалық инвестициялық жобаларды қаржыландыру болып саналады. Қордың қаражаты оған мүше елдердің салған ақшалай жарналарынан құралады және эквивалентті түрде 10 млрд. долларды құрайды [166].

Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ жобасында гуманитарлық саладағы ынтымақтастық мәселелеріне және жалпы ғылым, білім, мәдениеттегі мүмкіндіктерді сақтау жайына да ерекше көңіл бөлген. Және бұл бағытта өткен кезеңде әсіресе, 90-шы жылдары да ақпарат, білім және ғылым кеңістігінде өзара әрекеттесе отырып, өзінің маңызын төмендете қойған жоқ. Тіпті, мәселені практикалық тұрғыдан алып қарағанда Қазақстан Президентінің гуманитарлық бастамалары ЕурАзЭҚ шеңберіне көшіріліп, сонда көрініс тапқан. Қауымдастыққа мүше елдерде 206 миллион адам өмір сүреді дейтін болсақ, гуманитарлық және әлеуметтік бағдарламалар осы халықтардың білім, медициналық жәрдем алуына, мерзімдік басылымдарды жаздырып алуда және радио-телехабарларды көруіне де бірдей жағдайды қамтамасыз етіп, солар үшін қызмет етеді. Қауымдастықта сондай-ақ, азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғаудың кешенді механизмін жасауға және адамның даму мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған әлеуметтік келісілген саясат тұжырымдамасы қабылданған. Қауымдастық шеңберіндегі әлеуметтік интеграция мен жақындасу ең озық елдердің стандарттарымен салыстырлған аса жоғары стандарттарға көшу, әлемдік қауымдастықта бар әлеуметтік институттарды пайдалану, тағы сондай-ақ, әлеуметтік даму саясатын ұстанған мемлекетердің және экономикалардың тәжірибесін ескере отырып, іске асырылады.

Қорыта келгенде, Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қоғамдастық мемлекеттері арасында әр алуан ауқымдағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі бастамалары іс жүзіне аса бастады. Осы үрдіске қатысушы мемлекеттердің кірігуіне деген әзірлігі мен мүдделілігінің әртүрлі деңгейін ескеруге мүмкіндік беретін ынтымақтастықтың икемді тетігі қалыптасты. Кеден одағы құрылғалы бері уақытта «кірігу бестігі» мемлекеттерінің экономикалық саясаты жақындаса түсті, сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру және нормативтік-құқықтық тиянақты үйлестіру жөнінде маңызды шаралар жүзеге асырылды.

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы - Еуропалық одаққа және басқа да халықаралық ұйымдарға бейіл, түпкілікті жаңа үлгі жолындағы кезеңдік эволюциялық ұласу. Қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін де, қазіргі бар жиынтық кірігуіне әлеуетін де барынша іске асыруға бағытталған мұраты Еуразиялық экономикалық қауымдастық арқылы жүзеге асып, прагматикалық, экономикалық жағынан негізделген көп деңгейлі кірігуі көп жақты ықпалдастықтың неғұрлым өміршең түрі екенін іс жүзінде дәлелдеп берді. Қазіргі таңда Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық ТМД кеңістігіндегі барынша жақсы дамыған өңірлік бірлестіктердің бірі болып саналады. Сондықтан да, Қазақстанның осынау бірлестіктің жұмысына атсалысуы еліміздің саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы наурызда ұсынған Еуразиялық одақ идеясы 2000 жылы қазанында мәресіне жеткен оқиғалардың бастамасы деуге болады.

3.2 Еуразияшылдық идея және Қазақстанның геосаяси стратегиясының негізгі ұстанымы

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы өзінің ішкі және сыртқы саясатында халықаралық сұранысқа сай саяси-дипломатиялық қатынастарды дамытып, беделін арттырып отыр. Оның дәлелі ретінде еліміздің ЕҚЫҰ-на төрағалық етуін, АӨСШК-ің негізін қалап, Азияда ынтымақты дамытуға амбициялық саясатты ұстануын, ЕурАзЭҚ-тың белсенді мүшесі болып, Еуразиялық құрлықта экономикалық қатынастарды дәріптеуін т.б. жетістіктерін атауға болады. Қазақстан бүгінде барлық салаларда, соның ішінде спорт саласында да жетістіктерге қол жеткізіп, 2011 ж. Азия олимпиадасын өткізеді. Сонымен қатар әлемде Қазақстан Әлемдік діндер мен діни конфессиялар диалогын тұңғыш ел болып, Еуразия кіндігі болып саналатын Астанада өткізді. Бұл оқиғалардың барлығы, әрине, еліміздің еңсесін көтеріп отыр. Дегенмен, атқарылатын жұмыстар әліде мол. Сол жұмыстардың арасында Еуразияшылдықты практикада жан-жақты жүзеге асырып, құрлықтағы саяси тұрақтылықтың негізін қалауы алғашқы міндеттердің бірі болып табылады. Осының негізінде бұл бөлімде Еуразияшылдық пен Қазақстанның геосаяси ұстанымын байланыстырып, атқарылған жұмыстарға шолу мен келешектегі даму бағыттарына болжам жасалады.

Еуразия идеясы Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністікке дәнекер болатын әлеуметтік теңдік пен өркениетаралық ынтықтастық идеясы екендігі ешқандай дау тудырмайды. Өйткені, өзіндік төлтума қасиетімен ерекшеленетін бұл идея жаңа рухани-өнегелік кеңістігінің қалыптасуы және оның негізінде әрбір халықтың ұлттық санасының жаңғыруының, одан қалды бейбітшілік пен молшылық көзі бола алатын қуатты мемлекет құрылуының кепілі болып табылады [173, 15 б.]. 2004 жылы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында былай деп айтты: «Біз шығыс пен батыс елдерімен өзара пайдалы екі жақты қатынастарды дамытуға бейімбіз. Қазақстанның сыртқы саясаты елдің тез арада экономикалық дамуына, оның әлемдегі маңызын көтеруге, жәрдемдесуге бағдарлануы тиіс. Қазақстан өзін ықпалдасу мен көп қырлы ынтымақтастықтың табанды жақтаушысы ретінде көрсетті» [174]. Өз кезеңіндегі елдердің негізін құрған халықтар кезінде, шаруашылықты жүргізу тәсілдері мен әскери өнерін меңгеруде алдына жан салмаған Еуразияның қақ ортасында орналасқан түркілер өзге халықтарға мәдениет жеткізуші, Шығыс пен Батыстың немесе Еуропа мен Азияның мәдениетін, қоғамдық өмірін бір-біріне жалғастырушы ролін атқарған.

Еуразия халықтарының қалыптасуы, даму тарихы, саяси құрылысы, олардың осы аймақтағы алатын орны, маңызы қазіргі ХХІ ғасыр заманында қандай келелі болып отырса, ол сонау ерте уақытта да сол өңірдегі дамуда маңызды рөл атқарған. Ұлан-ғайыр үлкен аймақты алып жатқан бұл өңірде ерте дүние адамдары өздерінің саналы қызметерін бастаған, осы өңірді тұрақты мекен еткен. Еуразия аңғары сонан кейінгі негізі қаланған көптеген рулар мен тайпа бірлестіктерінің, халықтардың бастаушысы болған, арттарына бай мұра,

ескерткіш қалдырған б.з.д. III-II мыңжылдықтардағы Андронов мәдениеті адамдарының көп салалы да күрделі өмірлерінің қалыптасып, дамыған, өркендеген өңірі.

Б.з.д. I мыңжылдықтың басынан осы мыңжылдықтың аяғына дейінгі кезеңде Еуразия аймағының орталық өңірін сақтар қауымдастығына кірген тайпалар мекендеп, өз заманындағы басқа халықтармен саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынас, әскери одақ жасаған. Жауынгер сақ тайпалары Орталық Азия, Қазақстан т.б. жерлерді бағындырғысы келген мемлекеттер әскеріне тойтарыс беріп, олардың одан ары жылжуына тоқтау жасаған. Халқымыздың арғы аталарымыз сақтар осы Еуразия өңірінде тек әскери ғана белсенділігін көрсетіп қана қоймай, олар Еуропа, Орталық және Орталық Азия халықтары, мемлекеттерінің өз заманындағы мәдениеттерінің дамуына да ерекше үлес қосты. Мысалы, «Біздің заманымызға дейін - деп жазады В.О. Ключевский, - Азиядан келген әртүрлі көшпелі халықтар бірінен соң бірі, алдымен киммериліктер, содан кейін Геродоттың кезінде скифтер, кейін рим иелігі кезінде сарматтар билік етті. Жекелеген халықтар, мысалы скифтер бұл жердегі колониялар арқылы антикалық мәдениетпен тығыз байланысты. Грек колониялары айналасында аралас эллин-скиф қоныстары пайда болды. Скиф патшалары грек қалаларында сарайлар салды. Скиф ақсүйектері Грецияға барып білім алды» [175, 118-119 бб.].

Гераклит, Фалес, Герадот, Демокрит, Аристотел т.б. грек мәдениетінің өкілдері шығыс елдеріне саяхат жасап, гректерді бұл елдер халықтарының мәдениетімен таныстырды және өздері де Шығыстың ғылымы мен мәдениетінің дамуында елеулі із қалдырды. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша Демокрит Шығыс мәдениетінің әсерінсіз өзінің әйгілі атомистік ілімін жасауы мүмкін емес еді. Геродот өзі жазған 9 томдық тарихтың едәуір бөлігін Шығысқа арнады. Алдыңғы және Орта Азия мәдениеті Шығысқа жаугершілік мақсатта грек мәдениетіне игілікті ықпал етті. Эллиндік мәдениеттің дамуына Орта Азия халықтары, соның ішінде көпғасырлық тарихы бар көшпелі малшылар мәдениеті әсер етті. Көшпелілердің Еуразия өңіріндегі билікті қамтамасыз етіп, жалпы сол кездегі әлем халықтарының өркендеп дамуына, саяси, әлеуметтік қатынастарының одан ары дамуына осы кезеңде ғұндар бірлестіктері де елеулі ықпал етті.

Ғұндардың орнын белгілі шығыс зерттеушісі А.Н. Бернштам жоғары бағалайды. Оның пікірі бойынша «тарихта прогрессивті рөл атқарды. Олар феодализмнің пайда болуына әсер етті» [176, 576 б.]. Көшпелі ғұндар мемлекеті өз кезінде Шығыс, Батыс Еуропа, Таяу Шығыс, Қара теңіз аймағы мен Орталық Азия, Қытай арасындағы халықаралық сауда, экономикалық, мәдени байланыстардың негізгі буыны болды. Ғұн жері арқылы мемлекеттер, халықтар бір-бірімен қатынас орнатты. Сақ, ғұн, т.б. көшпенді халықтардың ерте қоғамы біздің заманымыздың VI ғасырында осы өңірді тұрақты мекендеп келген қалыптасқан түркі еліне ұласты. Міне, осы дәуірден бастап мөлшермен VII ғасыр бойы Еуразияның ұлан-ғайыр өлкесінде түрік қауымдастығы халықтарының саяси билігі орнап, оның өзіндік әр салалы шаруашылығы,

мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі үстемдік етті. Олар осы өңірдегі қуатты да ықпалды күшке, тұрақтылықтың кепілділігіне айналды.

Түркілердің құрған ұлы империясы батысында Византия, оңтүстігінде Эфталит және Иран, шығысында Қытай сияқты алып мемлекеттермен тығыз экономикалық-саяси қарым-қатынастар орнатты. ҮІІ-ҮІІІ ғасырларда түркілер асқан белсенділік танытып, Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ далалық өлкені түгел өздеріне қаратты. Түрік тілінің, әдет-ғұрпының, дүниетанымының үстемдігі сол кезден басталды. Тұрақты дипломатиялық және сауданың күре тамыры ретінде ертедегі қатынастың бірден бір құралы -Ұлы Жібек жолы болды. Түріктер жері арқылы Батысқа жібек тиеген, ал Қытайға -Орталық Азия, Таяу және Орталық Шығысқа, Қара теңіз жағалаулары арқылы тауарлар тиеген керуендер ағылды. Бұл әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді байланыстырды, ерте дүниедегі дүниетанымдық көзқарастар алмасуының тұрақты жолы болды дей келе Н.Ә. Назарбаев жалпы түрік елінің, оның халықтарының әлемдік тұрғыдағы жоғарғы экономикасы, сауда қарым-қатынастары, мәдениетінің маңызын көрсете келе, былай деп жазды: «Біздің ата-бабаларымыз екі мың жыл көлемінде Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға, Сібірден Үндістанға дейінгі өңірлердегі мемлекеттердің дамуында елеулі рөл атқарды» [177. 81 б.]. Сонан кейінгі тарихи дамудың нәтижесінде Еуропа, Азия құрлығының ортасында олардың экономикасын, мәдениетін байланыстырушылық рөл атқарған, соңғы кездегі зерттеушілер мен тарихшылар оңды бағасын берген моңғолдар мен түріктердің Ұлы Еуразиялық Моңғол және Алтын Орда империялары әлемге бір орталыққа біріккен мемлекеттердің қажеттігін көрсетті. Бұл империялар кезінде оның құрамында болған Еуропалық, Азиялық әртүрлі тайпалар мен халықтар өзара жақындасты. Экономикалары, мәдениеттері, салт-дәстүрлері, тілдері араласты. Нәтижесінде, осы мемлекеттердің аумақтарындағы көптеген ұлттардың бірлескен шаруашылығы қалыптасты.

Моңғол ұлыстарының тарауымен бұл мемлекеттердің құрамына кірген өңірлерде қазіргі халықтар мен ұлттардың негізі қалыптасты. Ал бұл ұлттардың дүниеге келуінде ерте түріктердің де, моңғолдардың да, кавказдықтардың да, орыстардың да үлесі бар екендігі белгілі. Бұл аталған мемлекеттер тек өздері ынтымақтаса өмір сүрген Еуразия көлемін қойып, сол кездегі жалпы әлем экономикасының, мәдениетінің дамуына оңды үлес қосты, осы арқылы тарихта оңды із қалдырды. Оның белгілі бір дәлелі бүкіл әлемнің әр саладағы зерттеушілері, жиһангерлері сол кезден осы уақытқа дейін олардың тарихын, мәдениеті мен мемлекеттік басқару жүйелерін, т.б. үнемі зерттеп, негізінен оңды баға беріп отыр.

Тарихтың келесі даму кезеңінде Еуразиялық осы халықтардың негізі алдымен Ресей, одан ары Кеңес империясының құрамында болып, осы кездегі аталған өңірдегі барша дамуға өзіндік әсер етті. Нәтижесінде, осы жерлерде біртұтас экономикалық-шаруашылық жүйесі қалыптасты. Алайда, ХХ ғасырдың соңындағы Кеңес Одағы тарады, оның құрамындағы бұрынғы одақтас республикалар егемендіктерін алып, тәуелсіз мемлекеттер атанды. Бұл республикалардың осы тәуелсіздігін алу кезеңі олардың барлығының саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлтаралық, мәдени қарым-қатынастарында уақытша

болса да елеулі қиындықтар тудырды. Ондаған тіпті, жүздеген жылдар бойы қалыптасқан экономикалық бірлестік халықтардың, ұлттардың Ресей империясы мен кеңес аумағының барша аудандарында қоныстануы, ал тәуелділік кезеңінің басталуына орай олардың көпшілігінің өздерінің тарихи отандарына қайтуға тілек білдіруі, т.б. жағдайларды шешу негізгі міндет етіп қойылды.

Одақтың ыдырауымен сыртқы қарым-қатынас мәселесі, ядролық қаруды жою, шекараны анықтау, миграция, өзара тиімді шаруашылық мәселелерін шешу кезек күттірмейтін міндеттерге айналды. Жаңадан құрылған тәуелсіз мемлекеттер достастығы мұндай мәселелерді бірлесіп шешуге дәрменсіздіктерін көрсетті. Сондықтан да, өмірдің өзі осы соңғы пайда болған мемлекеттердің арасында жаңа тығыз саяси, экономикалық достастық шарттарын жасауды талап еткендігі белгілі. Бұрынғы орталықтандырылған шаруашылық салаларының үзілуі, шет аймақтардың әсіресе, Қазақстан, Орта Азия, Закавказья республикаларының шикізат өндіруге бағытталуы қалыптасқан жағдайды одан ары қиындатты. Жоспарсыз да кең көлемдегі қоныс аудару, оларды барған жерлерінде жұмысқа орналастыру т.б. қажеттіліктерді қамтамасыз ету бұл мәселелерді жылдам шешуді қажет етті. Осы себептерден, бұрынғы Кеңестер Одағының көптеген аймақтарында халық наразылықтары, қанағаттанбаушылықтар орын алды. Сыртқы саясатта да өзіндік қиындықтар басталды. Осы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев аталған мәселелерді шешуде, сонымен қатар, жаңадан тәуелсіздігін алған мемлекеттердің болашақтағы одағын қамтамасыз ету мақсатында өзінің Еуразиялық одақ құру туралы жобасын ұсынды. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Біздің сыртқы саясатымыз тіпті ең қиын мәселелердің өзінде дұрыс ортақ шешім табуға болатындығы қағидасына негізделген. Біз, Ресей, Қытай, Орталық Азия елдерімен саяси және экономикалық ынтымақтастықтарымызды одан ары нығайта отырып, аймақтың қауіпсіздігі мен өзара ынтымақтастықты арттыру үшін мызғымас негіз жасуымыз керек» - деп айтты [178, 5-6 бб.].

Еуропа мен Азияның орталық белдеуіндегі қазіргі күнгі халықтар мен мемлекеттердің көп салалы ынтымағы мен бірлігі мәселесі Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі олардың өз арасындағы, басқа мемлекеттермен болашақтағы тең дәрежедегі қатынас Н.Ә. Назарбаев тарапынан алғаш рет айтылған болатын [179, 6 б.]. Елбасының Еуразиялық одақ құру жобасының ұсынуы, посткеңестік ыдыраудың салдарынан күйзеліссіз арылу үшін қажет шешуші бағдарларды айқын белгілеп берді және Еуразия елдерінің арасындағы қатынастарды жаңа деңгейге шығарды. Еуразиялық идея жалпыадамзаттық та, сондай-ақ, жеке халықтардың да тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей «Еуразиялық интеграцияның құндылығы мынада, ол халықтардың бірегейлігіне қысым жамастан және ассимиляцияламастан, керісінше олардың саналуандығын сіңіретіндей бірлік пен тұтастықты иеленуі тиіс. Өйткені, этномәдени байлық пен батыс еуропалық славян, ислам және түркі өркениеттерінің элементтерін қосу бүгінгі Еуразия үшін айрықша ерекшелік болып табылады. Өңірімізде, одан да нақтырақ

айтсақ, біздің елімізде, Шығыс пен Батыстың дәстүрлері өзара сабақтасады және өзара кірігеді, мәдениеттер мен өркениеттердің ынтымақтастыққа ұласатын нақты диалогы жүзеге асуда» [180].

Өркениетаралық диалог баламаларының бірі ретінде еуразиялық идеяны практика жүзінде іске асыру аймақтық экономикалық институттар мен аймақтық қауіпсіздік құрылымдары Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесі (АӨСШК) аясында кезек бойынша жүзеге асу арқылы жүрген болатын. Саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени байланыстардың көптеген бағыттары бойынша түрлі халықаралық ұйымдар, интеграциялық құрылымдарды дамыту бағдарламалары жұмыс істеуде. Бұл қазірдің өзінде нәтижесін бере бастады. Гуманитарлық салада осы өңірдегі халықтар мәдениеттері диалогынан мәдени ынтымақтастыққа ауысты, соның ішінде, мәселен, Гуманитарлық ынтымақтастық қоры, ТМД елдерінің мәдени ынтымақтастық Кеңесі, шығармашылық және ғылыми интелегенция Форумы, кітапханаралық ынтымақтастық Ассамблеясы сияқты түрлі үйлестіруші құрылымдардың қызметі. Мәдени ынтымақтастық жөніндегі мемлекетарлық Кеңес гуманитарлық байланыстардың басымдықтарын жасайды, ал оның жобалық жұмысы интелегенцияның қоғамдық форумдары ұсыныстарының негізінде құрылады. Гуманитарлық ынтымақтастық қоры, мәдениет, ғылым, спорт, жастар байланысы саласындағы жобаларға қолдау көрсетеді.

Тұрақтылық пен экономикалық өсіп-өркендеуге мүдделі түрлі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың белсенді үлгісін жасау арқылы біздің өңіріміздегі елдердің жаһандану үдерістерін нақты тұрғыда жұмсартуға болады. Қазіргі кезеңде еуразиялық кеңістіктегі халықтар үшін ұлттық қайта өркендетуге ұмтылуы өзекті мәселе, бұл олардың мәдени сәйкестікті ұғынуынан айқын көрініс табады. Осы мәселе жаһандық мәдени ағындардың алдында айрықша осал етеді, солардың жаппай таралуы қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялар арқыл жеңілдетіледі. Сондықтан жаһандану мен мәдени байланыстың этникалық өзіндік ерекшеліктердің сақталуы тиіс. Еуразия елдерінің өңіріндегі мәдени саналуандылықты сақтауға ұмтылулары қажет, бірақ сонымен қатар өздігінен оқшаулану әрекеттерінің әрқашан мәдени тоқыраумен аяқталғанын естен шығармау керек. Ғасыр бойы Азияда аймақтық проблемаларды тиімді шешу үшін ортақ тұғырнаманы қалыптастырудың көптеген әрекеттері қолға алынды. Азияда ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру туралы 1970 жылдардың басында Л.Брежнев бастама көтерді, мұны Үндістан белсенді түрде қолдайды деп есептеді. Бірақ, Үндістан да, басқа азиялық мемлекеттер де ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру туралы кеңестік ұсынысты қолдаған жоқ [16, 366 б.].

XX ғасырдың соңғы он жылдығының басында бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолында азиялық елдердің күш-жігерін біріктіру үшін нақты алғышарттар пайда болды. Азияда мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тетіктерді жасауға ұмтылыс жасалды, бағдарламалар алмасты. Экономикалық корпорация, коммуникацияны дамыту, қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын пайдалану, қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты

салаларда өзара іс-қимыл әрекеттеріне жол ашыла бастады. Америка (НАФТА, УНАСУР), Африка (Африкалық Одақ) және Еуропадағы (Еуроодақ, ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесі) құрылымдық ұйымдарының пайдалы тәжірибесі, Азияны өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың біртұтас органдарын құруға біртіндеп ынталандырды. Алайда, осындай бірігуге қатысты сын айтушылар Азия елдерінің географиялық, тарихи, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени әрекеттілігінің дәрежесі Еуропа, Америка немесе Африка елдерімен салыстырғанда, әлдеқайда жоғары екендігі жиі айтылды. Сондықтан да, осындай экономикалық және саяси негіздің әрекеттілігі құрлықтық ұжымдық қауіпсіздік құрылымдарды құруға бөгет жасайды. Сонымен бірге, адамдық, мәдени, экономикалық және де, өкінішке орай, қақтығыстық табиғи апаттық, дәстүрлі емес қауіптердің зор әлуеті бар Азия құрлығы дәйекті түрде әлемдік саясат назарының орталығына айналуға. Сол себептен, Азияның саясаткерлері мен халықтары бүгінгі күннің сын-қатерлеріне, жаһанданудың артықшылығы мен теріс әсерін азайтуда және қарсы тұру мақсатында әлемнің осы ең үлкен бөлігіндегі барлық елдердің бірлесіп күш салуын талап ететінін сезініп отыр.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыру туралы Қазақстан Республикасы бастама көтеріп, ол еліміздің сыртқы саясатында басымдықтарға ие болып келеді. Жалпы Азия Кеңесін шақыру туралы идеяны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев алғаш рет 1992 жылғы 5-қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында көтерген болатын [181, 4 б.]. Бұл идея еліміздің алғашқы ғаламдық бастамасы болатын саяси құрылымды ұйымдастыру жөніндегі құнды бастама еліміздің сыртқы саяси қызметінің әлемдік қауымдастық еркін көрсете алатын басты құжаты болып табылады. БҰҰ Бас Ассамблеясының мінбесінен 1992 жылы бірінші рет тәуелсіз жас Қазақстанның басшысы ретінде сөз сөйлей отырып, Президент Н.Ә. Назарбаев Азиядағы қауіпсіздік жүйесінің болашағы туралы өз көзқарасын жеткізді. «Бүгінгі күні әлем, болашақтың анық және күңгірт сын-қатерлері біздің бірлескен жігеріміздің үйлестіру мен ұжымдастырудың жаңа сапалы түріне көшуіне мұқтаж етіп отырған шегіне жетті» - деп айтты өзінің баяндамасында [182, 8 б.]. Сол кездегі қиын жағдайда осы құрлықтың мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін тетіктердің бірі ретінде АӨСШК-ні шақыру туралы бастаманы ұсыну саяси көрегендікті және табандылықты талап етті.

«Қырғи қабақ соғыстың» аяқталуымен және шапшаң өзгеріп отырған геосаяси және геоэкономикалық үрдістердің барысында АӨСШК-ні шақыру туралы пікір құрлықта саяси климаттың қалыптасуында елеулі роль ойнайтын бірнеше елдердің тарапынан қолдау тапты. Қазақстан және АӨСШК үрдісін қолдаған мемлекеттер, қиын құрлықта мұндай құрылымды құру жағдайының ерекше ауыртпалығын нақты түсінген болатын. Сонымен қатар, ұзаққа созылған тарихи қақтығыстарға және қалыптасқан сенімсіздікке байланысты Азияның кейбір аймағындағы шиеленістер дәрежесін атамай өтуге болмайды. Дегенмен, сол уақытта қауіпсіз және тұрақты ортада сұхбат пен ынтымақтастық Азия өңіріндегі жаһанданудың артықшылығын пайдалану мен жаңа сындар мен

қауіп-қатерлерге қарсы күресудің жалғыз жолы екендігі туралы түсінік пайда болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тарихи бастамасының негізі берік, ал ең бастысы, азиялық құрлықта тиімді болып табылатын алдын алу дипломатиясы тетігін құруда болды. Сонымен қатар, бастама азиялық мемлекеттердің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар үдерісін жандандыруды, ал болашақта президенттің айтуы бойынша «еуразиялық құрлықта бірегей қауіпсіздік белбеуін» құруды көздеді [183].

АӨСШК ұйымының географиялық ауқымы өте үлкен. Ол Еуропа құрлығының 72, ал Еуразия құрлығының 89 пайыз аумағын қамтиды. Ұйымға мүше елдерде жер шарының 45 пайызы яғни, 2,8 миллиард адам тұрады [182, 4 б.]. Қазақстан дипломатиясын табысқа жеткізген осы форум Азиядағы мемлекеттер арасында туындауы мүмкін кез келген қарама-қайшылықты сындарлылықпен шешуге барлық атрибуттары сай институттық орган болып табылады. Біздің алдымызда таяу көршілерімізбен мүдделер тоғысында болашаққа бағытталған кезекті күрделі процесс бой көтеріп отыр.

АӨСШК-ның қамту ауқымы өте кең, онда Азияның түрлі мемлекеттері бас қосып отыр. АӨСШК-ның қатысушылары болып табылады: Ауғанстан, Әзірбайжан, Қытай, Моңғолия, Египет, Үндістан, Иран, Израиль, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкістан, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Түркия, Өзбекстан. Ал Индонезия, Жапония, Корея, Ливан, Малайзия, Украина, АҚШ, Вьетнам, Таиланд бақылаушы мемлекеттер болып отыр. Кеңестің жұмысына сондай-ақ, БҰҰ, ЕҚЫҰ, Араб мемлекеттер лигасы, ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің Атқару комитеті секілді халықаралық ұйымдар қатысады [184]. Бұл елдердің бағзы тарихы мен дәстүрлері, ерекше даму жолдары мен айрықша ділі, жан-жақты ұлттық мүдделері, аймақтық және әлемдік саясат проблемаларын шешудің өзіндік танылған жолдары бар. Осының бәрі Азия аймағының ерекшеліктері ескерілетін қауіпсіздік мәселесіне деген жан-жақты көзқарасты іздестіруге негіз болып табылады. АӨСШК идеясын іске асыру біздің мемлекет сыртқы саясатының азиялық векторындағы басым міндеттердің біріне айналды [185, 78 б.]. Форум төрағасы ретінде Қазақстан қарапайым мәселеден күрделісіне қарай алға басудың жолын таңдап алды. Нақ осы формула әзірлік процесіндегі табыстың кепілі болып, қатысушы елдердің ортақ күш-жігерінің арқасында АӨСШК процесінің дәйекті дамуы туралы айтуға болады. Бұл процесті үш кезеңге бөліп қарастырған жөн: бірінші, бастапқы кезеңі; екінші, әзірлік және мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кездесуін өткізу кезеңі; үшінші, мемлекет басшылары мен қатысушы мемлекеттер үкімет басшыларының бас қосуын әзірлеу кезеңі.

Бірінші кезеңді танысу кезеңі ретінде сипаттауға болады. Бұл кезде Азия мемлекеттері идеяның өзіне де, сол секілді жас тәуелсіз мемлекеттің осындай ауқымды бастаманы іске асыру қабілетіне де кейбір күмәнмен қарады. Сонымен бірге, қатысушы мемлекет қандай да бір мемлекетті өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы байыпты ойлауға мәжбүр ететін халықаралық қатынастағы жаңа кезеңнің басталғанын түсіне білді. Қауіпсіздік

жөніндегі жалпы азиялық кооперативтік құрылым құру идеясының өзі тартымды болды. Азия елдеріне АӨСШК аясында барынша мүдделі толғақты мәселелерді талқылаудың, сөйтіп, ынтымақтастық үшін жол табудың, қандай да бір проблемалар бойынша елдердің көзқарастарын жақындастырудың және ең бастысы өзара қақтығыстың белгілі бір нормаларын орнықтырудың тамаша мүмкіндігі берілді.

1993-1994 жылдары Азия елдері Сыртқы істер министрліктері сарапшыларының үш кездесуі өткізілді. Аймақта орын алып отырған келіспеушіліктер мұндағы мемлекеттердің қауіпсіздік пен ынтымақтастық проблемаларына деген ортақ көзқарасын талқылап жасауы үшін кедергіге айналмайтыны туралы уағдаластық бұл кезеңнің негізгі жетістігі болды. Екінші кезеңде 1994-1995 жылдары мүше мемлекеттер Кеңестің негізгі құжаттарын, соның ішінде ең алдымен АӨСШК-ға мүше мемлекеттердің өзара қатынасын реттейтін Принциптер декларациясын әзірлеу жөніндегі қажырлы жұмысқа кірісті, ол бес жыл бойына жалғасқан болатын. Қатысушы мемлекеттердің шешімімен Арнайлы жұмыс тобы құрылды, АӨСШК-ны шақыруға мүдделі мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің кеңесін әзірлеу оның міндеті болып белгіленді.

1996 ж. 7-8 ақпанда Алматыда сыртқы саясат ведомстволарының кеңесі болып, оған Азиядағы 23 елдің өкілдері қатысты. Бұл мәжілісте АӨСШК-ны дамыту процесі ұзақ уақытты және барлық қатысушылардың бірлескен күш-жігерін талап ететіні жөніндегі түсінік орнығуына қол жеткізілді. 1997 ж. 3 желтоқсанда Сыртқы істер министрлері орынбасарларының екінші кездесуінде 27 мемлекет пен халықаралық ұйымдардың өкілдердің қатысып, оның қорытынды мәлімдемесінде Қазақстан бастамасының одан әрі даму барысы қалай болатыны көрініс тапты. 1998 ж. 21-22 қазанда Алматыда «Азиядағы қауіпсіздік АӨСШК-ны шақыру тұрғысынан» атты халықаралық коллоквиум өткізіліп, Азиядағы қауіпсіздіктің барлық мәселелері бойынша пікір алмасылды. 1999 жылғы қаңтар-ақпанда АӨСШК-ға мүше негізгі мемлекеттердің астаналарында екі жақты консультациялар ұйымдастырылды.

Арнаулы жұмысшы тобының 1999 жылғы 26-28 мамырдағы мәжілісінде декларация мәтіні тұтастай алғанда келісіліп, министрлер кездесуінде қол қоюға ұсынылатын болды. Бұл құжатқа халықаралық қауіпсіздікке өзек болатын негізгі принциптер -бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеу принциптері енгізілді. Сарапшылардың өзара қабылданатын шешімдері мен тұжырымдарды табу тіпті де оңай бола қойған жоқ. Декларацияның «Дауларды бейбіт реттеу», «Қарусыздан және қаруға бақылау», «Адам құқығы, мәдени және діни сан алуандықты қорғау» секілді тарауларды талқылау барысында келіспеушіліктер орын алды. Дегенмен, қиындықтарға қарамастан, сенбеушілік ахуалын жойып, Азиядағы барлық елдер шешілуіне мүдделі болып отырған проблемаларға деген ортақ көзқарасты орнықтыруға қол жеткізілген еді.

1999 ж. 14 қыркүйекте Алматы қаласында өткен АӨСШК Сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі АӨСШК-ға мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін Қағидаттар декларациясы қабылданды. Бұл бірінші

ресми құжат Кеңес үдерісін келешекте дамытудың негізін қалады. Декларацияға «...жалпы танылған халықаралық қауіпсіздіктің қағидалары кірді: АӨСШК мүше елдерінің тәуелсіздігін және барлық құқықтарын қадірлеу; аумақтық тұтастығын сақтау және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; дауларды бейбіт жолмен шешу, күш қолданудан бас тарту, қарусыздану мен қарулы күштерді бақылау, сауда-экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық салаларда ынтымақтастықты іске асыру, БҰҰ және халықаралық құқықтың қағидаларына сәйкес адамның негізгі құқықтарын қадірлеу» [158, 368 б.].

2002 жылғы 4-шілдеде Алматы қаласында өткен АӨСШК-ге мүше елдердің мемлекет және үкімет басшыларының бірінші саммиті -Азиядағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ынтымақтастықты тереңдету мақсатындағы көпжақты форумының -Азиядағы өзара сенім мен ынтымақтастық кеңесінің ресми түрде туындауын белгіледі. Бірінші Саммиттегі азиялық елдер басшыларының сұхбат барысында сенім, құрмет пен ынтымақтастық негізінде Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жаңа ұстанымдар жөнінде әңгімелескен еді. Бұл қағидаттар форумының қорытынды құжаттарында - Алматы актісі мен Лаңкестікті жою мен өркениеттер арасындағы сұхбатқа ықпалдасу декларациясында орын тапты. 2004 жылы өткен сыртқы істер министрлерінің кездесуі барысында қабылданған құжат Кеңеске мүше елдердің айқын еңбегі ретінде санауға болады, өйткені ол өз еркімен қандай да бір елге өзіне тиімді экономикалық, экологиялық және гуманитарлық өлшемде нақты сенім шараларын таңдауға мүмкіндік береді. Азиялық құрлықтың тарихында бірінші рет тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселелері бойынша кең спектрде көпжақты ынтымақтастықты қамтитын осындай ауқымды құжат пайда болды.

Сенім шаралары ретінде, мемлекеттердің арасында орын алып отырған қауіп пен сенімсіздікті, соның ішінде соғыс қауіпін азайту бойынша мемлекеттің іске асырып отырған шаралары танылады. Сенім шаралары тұжырымдамасы «қырғи қабақ соғыс» кезеңінде кездейсоқ жағдайда немесе апат салдарынан болып қалуы мүмкін ядролық соғыстың алдын алу мақсатында іске асырылған талаптар барысында пайда болды. Негізінде сенім шаралары мемлекеттер арасындағы шиеленісті азайту мақсатында әскери-саяси саладағы ынтымақтастық ретінде қарастырылған.

АӨСШК сенім шаралары дәстүрлі тұжырымдамалардың шегіне сыймайды. АӨСШК-ге мүше елдердің басшылары ХХ-шы ғасырдағы өзара байланысты және өзара тәуелді әлемде әлеуметтік-экономикалық өлшемдегі сенім шаралары да әскери-саяси саласындағыдай маңызды екенін мойындады. Сондықтан, АӨСШК Сенім шаралары каталогы сенім шаралары іске асырудың бес өлшемін белгілейді: бірінші, әскери-саяси, екінші, жаңа қауіп қатерге және сын қатерлерге қарсы тұру, үшінші, экономикалық, төртінші, экологиялық және бесінші гуманитарлық. Азияда сауда, экономика, қоршаған ортаны қорғау, апатты жағдайлардың салдарын жою, көлік, энергетика, мәдени алмасу, өркениеттер арасындағы диалог және жаңа қауіптер мен қыр көрсетулерге қарсы тұру сияқты салаларда өзара ынтымақтасу үшін зор әлеует бар. Осындай

кең форматтағы сенім шараларының жиынтығы осы күнге дейін тек ЕҚЫҰ құжаттарында, соның ішінде 1990 жылғы Вена құжатында бекітілген [182, 8 б.].

Азиялық өңірде сенім шараларын дамыту әрекеттері Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде жасалған еді. Шанхай бестігі форматында 1996 жылғы 26-сәуірде қол қойылған «Шекара аймағындағы әскери салада сенім шараларын нығайту туралы келісім» ШЫҰ шеңберінде ынтымақтастықты қалыптастырған келісімдердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтық дербес тұлғасы ретінде өмір сүрген алғашқы күннен бастап, елдің басшылығы ұлы көрші Қытай Халық Республикасымен ұзақ мерзімді, тұрақты тату көршілік, достық және өзара ынтымақтастық қатынастарын қуаттап, өрістетіп беру ұлттық мүддемізге сай келетінін айқындады. Қазақстан президенті Н.Назарбаев былай деп атап көрсетті: «Меніңше, адамзаттың ХХІ ғасырдағы дамуы көбіне-көп Қытаймен байланысты болады. Көптеген елдер Қытаймен арақатынасты өз саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осынау болашағы зор, экономикасы қарышты қадаммен дамып келе жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие» [186, 62 б.].

1996 ж. 26 сәуірде Шанхайда Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы арасында «Шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту туралы» келісімге қол қойылды. Бұл рәсімде Н.Ә. Назарбаев бес мемлекет басшылары жаңа ғана қол қойған шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту жөніндегі келісімге қол қойылуы Азия-Тынық мұхит аймағындағы осындай әскери-саяси деңгейдегі және географиялық ауқымдағы алғашқы құжат болып табылатынын мәлімдеді. Осындай бірегей келісімнің әрекет ету аясына орасан зор әскери әулетті өзара бақылау, ал кейіннен оны қысқарту көзделіп отыр. Осындай келісім Азия-Тынық мұхит аймағында және жалпы алғанда Жер шарында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдап, одан әрі нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз. Шанхай бестігіне кіретін мемлекеттер басшыларының кездесуі аймақтық және жаһандық саясаттың айқын факторына айналды. Екі мүшесі (Ресей, Қытай) Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болып табылатын «Шанхай бестігінің» экономикалық және адами әулеті, қатысушылардың ұйым қызметіне жаңа өлшемдер тұрғысынан қарауы оның өміршеңдігіне кепіл болып, келешекте ірі аймақтық ұйымға айналатынын көрсетті.

1997 ж. 24 сәуірде Мәскеуде «Шанхай бестігі» шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімге қол қойды. Тараптар шекараның екі жағы бойынша жүз километрлік аймақта өз әскерін едәуір қысқартуға міндеттенді. Осы аймақта тек шекара әскерлері қалдырылатын болды. Қандай да әскери жаттығулар жөнінде бес мемлекет бір-бірін алдын ала хабардар етіп отыруға міндеттенді. 1998 ж. 3 шілдеде Алматыда Шанхай және Мәскеу келісімдеріне қатысушы бес мемлекет басшыларының кездесуі өтті. Осы кездесуден кейін «Шанхай бестігі» деп аталатын ұйым өмірге келді. Оған қатысушылар осы құжаттардың екі жақты және көп жақты ынтымақтастықты, аймақтағы қауіпсіздікті нығайтуға оң ықпалын тигізетінін атап өтті.

Делегациялар басшылары бес мемлекеттің өзара іс-қимыл әскери-саяси және шекара мәселелерімен шектелмеуі тиіс деген пікір білдірген болатын. Өйткені, қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың проблемалары бойынша тұрақты механизмді қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілген еді.

1999 ж. тамызда болған «Шанхай бестігінің» Бішкек мәжілісі маңызды саяси оқиға болды. Оның қатысушылары сенім білдіру тетіктерін әзірлеп, олар мынаны көздеген болатын: әскери қызметтің транспаренттілігі және оны шекара алабында азайту; шекаралық мәселелерді реттеу және әскери қызмет туралы тұрақты ақпарат алмасу. Бес мемлекеттің басшылары көп тараптылық осы заманғы дамудың ортақ үрдісі болып табылады және халықаралық жағдайдың ұзақ мерзімді тұрақтылығына жәрдемдеседі деген пікір білдірді. Аталған келісімдерді орындау мақсатында 2000 жылы инспекциялар өткізілді. Бұл «Шанхай бестігіне» қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің арасында ашық ой-ниетінің нығаюына және өзара сенім білдірудің өсуіне ықпал етті.

2000 ж. сәуірде Астанада өткен Қорғаныс министрлерінің кездесуі және 2000 жылы Душанбеде өткен «бестіктің» саммиті жаңа қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл жасау жөнінде тиісті елдердің батыл шараға бару дайындығын жария еткен маңызды оқиғалар болды. Саммит қортындылары бойынша қабылданған Душанбе декларациясында «бестікке» қатысушылар өз аумағын барлық қатысушы мемлекеттердің егемендігіне, қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртібіне нұқсан келтіретін қызмет үшін пайдалануға жол бермейтіндігін нақтылап айтқан еді. 2001 ж. 15-маусымда Шанхайда Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан Президенттерінің қатысуымен «Шанхай бестігі» мемлекеттер басшыларының кезекті кездесуі өтіп, бұл кездесуге Өзбекстан Президенті алғаш рет қатысты. Форум жұмысының нәтижесінде, Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы декларация және терроризмге, экстремизмге сондай-ақ, сепаратизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы құжаттарына қол қойылды [16, 381-382 бб.]. Декларацияда Шанхай ынтымақтастық ұйымы басқа мемлекеттермен, тиісті халықаралық және аймақтық ұйымдармен пікір алмасуға, байланыстар жасауға және ынтымақтастықты дамытуға дайын екенін білдіреді. ШЫҰ ұйым шеңберіндегі мақсаттар мен міндеттерді бөлісетін басқа елдер үшін ашық. Алты мемлекеттің басшылары Шанхай ынтымақтастық ұйымы қатысушы мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастығының орасан зор әлеуетін және ауқымы кең мүмкіндіктерін сауда-экономикалық салада пайдалануға, екі жақты және көп жақты негізде аймақта ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жәрдемдесуге ниеттеніп отыр деп мәлімдеген еді. Саммитте сөйлеген сөзінде Президент Н.Ә. Назарбаев «Шанхай бестігі» аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге нақты үлес қосқанын атап өткен болатын [187, 584 б.]. Ал Қытаймен ортақ шекарасы жоқ Өзбекстанның ШЫҰ-ға қосылуымен осы ұйымның алдында жаңа міндеттердің туындайтыны белгілі болды. “Шанхай бестігі” шекара проблемалары мен қауіпсіздік мәселелерін тиімді шешу үшін құрылған болатын. Өзара сенімділік, теңдік, бір-бірінің мүдделері мен пікірлеріне деген құрмет, мәміле арқылы өзара түсіністікке жету және қол жеткізілген

келісімдерді атқарудағы еріктік келісімдері негіз болған “Шанхай бестігінің” арқасында 2001 жылдың маусым айында Шанхай ынтымақтастығы ұйымы құрылды [188, 35-37 бб.]. Бұл ең алдымен, терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жасау. Шанхай ынтымақтастық ұйымына енген елдердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне төнген ортақ қауіп-қатер олардың бірлескен іс-қимылға дайындығының алғышарты болды. Шанхай ынтымақтастық ұйымының қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және аймақтағы гуманитарлық байланыстарды арттырудағы рөлі аса маңызды. Оның әлемдік қоғамдастықта өзін нақты мандаты бар және алдына қойған міндет-мақсаттарды табыспен атқаратын қуатты және перспективалы ұйым ретінде таныта білді. Тағы бір айта кететін жәйт, ШЫҰ -біреулерге қарсы бағытталған әскери блок немесе тұйық альянс емес, ол кең ауқымды халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған ашық ұйым. Бүгінде қатарына әлемнің айтулы елдері кірген ШЫҰ адамзаттың тең жартысын қамтып отыр. ШЫҰ даму үдерісінің сөзсіз жетістіктерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- біріншіден, шекара бойында қауіпсіздік пен сенімділіктің кең аумағы құрылды, бұл өңір елдерінің бейбіт дамуы мен гүлденуі, Ұйымның дамуы үшін аса маңызды мәселе болып табылады.

- екіншіден, Ұйым мақсаттарына қол жеткізу жолында, бұған дейінгі саммиттер мен тұрақты кездесулер барысында берік құқықтық негіздер жасалды.

- үшіншіден, Ұйым органдары-Аймақтық лаңкестікке қарсы құрылымның Хатшылығы мен Атқарушы комитеті құрылды. Экономикалық ынтымақтастық органдарын құру аяқталып келеді.

Қазіргі кезеңде лаңкестікке, сепаратизмге, экстремизмге, есірткінің заңсыз айналымы мен заңсыз көші-қонға қарсы күрес ШЫҰ үшін басымдықты маңызға ие. Оған қоса, Қазақстан сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға да назар аударып келеді. Ұйым аясындағы рыноктың әлеуеті шексіз екені баршаға аян. Шанхай ынтымақтастық ұйымы субаймақтық ынтымақтастықтың түбегейлі жаңа жүйесі ретінде қауіпсіздіктің жаһандық жүйесінің ажырамас бөлігі болу мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ, қатысушы елдердің күннен-күнге өсіп отырған сауда-экономикалық ынтымақтастық әлеуетін ескере отырып, ШЫҰ-ның жаһандық деңгейде «экономикалық серпілістің» кіндігі атану мүмкіндігі тағы бар.

2001 ж. 14 қыркүйекте Алматыда Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы Үкімет басшыларының бірінші кездесуі болды. Онда олар жарияланған мәлімдемесінде былай деп атап көрсетті: «2001 ж. 11 қыркүйекте АҚШ-та жүзеге асырылып, ешқандай кінәсі жоқ мыңдаған адамдардың опат болуына соқтырған бұрын-соңды болмаған террорлық акт біздің қатты ашу-ызамызды туғызуда. Біз, осынау тағылық акцияны адамзат өркениетінің іргелі негіздеріне, қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттердің қауіпсіздігіне, адамның өмір сүру құқығын қоса алғанда негізгі құқықтарына қарсылық ретінде қарастырамыз. Халықаралық терроризм бүкіл адамзат үшін ереулі қатерге айналды. АҚШ-тағы қайғылы оқиғалар олар үшін ұлттық та, ізгілік те

шептер болмайтынын көрсетіп берді. Бұл зұлымдықты барлық мемлекеттердің бірлескен күш-жігері арқылы ғана жеңуге болады. Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізуде. Терроризмге, экстремизм мен сепаратизмге қарсы іс-әрекет - біздің ұйымның аса маңызды міндеттерінің бірі. Оның аясында терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы қабылданды. Аймақтық антитеррорлық құрылым жасақтауды жеделдету жөнінде қадамдар жасалуда. Біз терроризмнен туындайтын ғаламдық қатерді жою жөніндегі ымырасыз күрес жүргізу мақсатында барлық мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен тығыз үйлесімді тиімді шаралар қабылдауға әзірміз» [186, 62 б.]. Сонымен қатар, үкімет басшылары «Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы үкіметтерінің арасындағы аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен бағыттары және сауда мен инвестиция саласында қолайлы жағдай жасау жөніндегі процесті іске қосу туралы меморандум» қабылдады. Онда 2001 жылғы 15 маусымда Шанхай мемлекет басшылары қол қойған «Шанхай ынтымақтастық ұйымын» құру туралы декларацияның қағидалары мен принциптерін басшылыққа ала отырып, үкімет басшылары толық теңдік, өзара құрмет және тиімділік, кезең-кезеңдік, ашықтық принциптерінің негізінде сауда-экономикалық ықпалдастықты қалыптастырып, дамыту ниеттерін білдірді.

Дүниежүзілік сауда ұйымының нормалары мен ережелерін ескере отырып, үкімет басшылары ШЫҰ-на қатысушы мемлекеттердің аймақтық-экономикалық ынтымақтастығын дамытудың негізгі мақсаттарын атап көрсетті. Олар - қатысушы мемлекеттер экономикасын жаппай дамытуға жәрдемдесу; сауда мен инвестиция ауқымын ұлғайту; бірлескен өндірісті дамыту; тауарлардың, технологиялардың еркін қозғалысын жүзеге асыру; көлік және коммуникация саласындағы қазіргі бар инфрақұрылымды тиімді пайдалану; транзиттік әлеуетті одан әрі дамыту; табиғаттың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету; бірлескен экологиялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру; энергетика, көлік, телекоммуникация, ауыл шаруашылығы, туризм, кредит-банк саласы, су шаруашылығы және табиғатты қорғау саласы секілді бағыттарда күш-жігерді шоғырландыру; шағын және орташа бизнес арасындағы тікелей байланыстарға жәрдемдесу.

2002 ж. 7-8 маусымда Санкт-Петербуркте Шанхай ынтымақтастық ұйымының Саммитінде ұйымға мүше алты мемлекеттің басшылары ұйымның қызметін жандандыруға және өзара іс-қимылдың аясын кеңейтуге қатысты мәселелерді талқылауға мүмкіндік алды. Осы заманғы халықаралық жағдайдың өзекті проблемалар төңірегінде тыңғылықты пікір алмасылды. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәселелерімен қатар, экономикалық ынтымақтастықтың, транзиттік-көліктік әлеуеті тиімді түрде іске қосудың перспективаларына мұқият көңіл бөлу форумның ерекше сипатына айналды. Н.Ә. Назарбаев «Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына жолдауында «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» көлемінде ынтымақтастықты кеңейтудің еліміздің қауіпсіздігін нығайтудағы маңызын атап көрсетті [189, 139 б.].

Қазіргі таңда Шанхай ынтымақтастық ұйымы даму үстінде. ШЫҰ-ға мүше елдердің барлығының, ең алдымен олардың басшыларының ұйымға байыппен қарауының арқасында оның беделі өсіп, әлеуеті арта түсуде. Халықаралық қатынастар жүйесінде ШЫҰ-ның ерекше орын алатынына және өңірлік ғана емес, жаһандық проблемаларды шешуде барған сайын салмағы өсе түсеріне күмен жоқ. Ұйымда көп аспектілі және күрделі күн тәртібін орындауға қажетті адамдар, табиғи, инвестициялық және технологиялық әлеует жеткілікті. ШЫҰ-ның түбегейлі табысының кепілі -оған мүше мемлекеттерді ортақ мақсаттар мен міндеттер біріктіретіндігінде, олардың теңқұқылық және өзара құрметке негізделген ынтымақтастығында.

ШЫҰ-ның уақыт өткен сайын тартымдылығы күшейіп келе жатқаны сондай, оған Еуразия өңіріндегі көптеген елдер, тіпті Беларусь та мүше болғысы келеді. Үндістан, Пәкістан және Иранды ШЫҰ-ға қабылдаудың алдында жоғары сараптамалық деңгейде қызу талқылау жүргенін атап өту керек. Әуелде бұл мәселе бойынша бірыңғай пікір болған жоқ: ШЫҰ-дағы әріптестердің бірі ұйымды елдердің өзара қатынастарын анықтайтын алаңына және дау-дамайлы, сөз талас мінберіне айналдырмау үшін олардың ұйымға келер жолын табуды ұсынды. Қазақстан Үндістанды, Пәкістан мен Иранды байқаушылар ретінде қабылдау қажет, содан кейін ШЫҰ-ға байқаушылар және толыққанды мүше ретінде де қабылдауға мораторий жариялау керек деген көзқарасты жақтаған болатын. Шанхай ынтымақтастық ұйымын қазіргі кезде өзінің саяси, қауіпсіздік және экономикалық күш-қуаты жағынан Азияда ғана емес, әлемдегі ең беделді ұйымдардың біріне айналып отыр деген тұжырым жасауға толық негіз бар.

Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы Халыққа арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында сыртқы саясатқа да ерекше маңыз берілген. «Қазақстанның жаңа халықаралық жауапкершілігі, көп бағытта, сыртқы саясатты дамыту және жаһандық қатерлерге қарсы күреске қатысу» деп аталған бөлімінде: «Біз үшін басымдықты болып табылатын Ресеймен және Қытаймен арадағы тату көршілік өзара қарым-қатынастарымыздан, АҚШ-пен стратегиялық серіктестікті, Еуропа Одағы елдерімен көп тарапты ынтымақтастықты дамытуға мүдделілігіміз бен бұл бағыттағы практикалық қадамдарымыздан айқын көрінеді» - деп атап көрсетілген [190, 12 б.].

Еуропалық одақпен және Еуропа елдерімен қарым-қатынас орнату, тұтастай алғанда, Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Еуропалық әріптестерімен өзара тиімді байланыстарды сақтау және одан әрі тереңдету мемлекеттің негізгі сыртқы саяси басымдықтарының қатарынан орын алуда. Қазақстан өңірлік және халықаралық қауіпсіздік, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму саласында Еуропалық одақпен ынтымақтастыққа зор мән беруге мүдделі. Қазақстан еуропалық әріптестеріне инвестициялық қызмет, ірі халықаралық жобаларды іске асыру, елге озық технологиялар мен білім тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылуда. Қазақстан Республикасының Еуропалық одақпен байланысты 1993 жылғы ақпан айында дипломатиялық қатынас орнағаннан кейін дами бастады. Ал ресми саяси қатынас Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылғы наурызда

Еурокомиссиясының делегациясын қабылдаған кезінен басталады. 1995 жылдың 23 қаңтар Президент Н.Ә. Назарбаев Еуроодақ кеңесінің төрағасы А. Жюппе қол қойған «Әріптестік және ынтымақтастық туралы» келісіміне қол қойып, ол 1999 жылы 1-шілдеде күшіне енген болатын.

2006 ж. қарашада Еуроодақ қабылдаған Мәлімдемеде былай делінген: «Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асырудың жеті жылы еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы үнқатысудың деңгейі мен сапасы жоғары екендігін көрсетіп отыр. Біз күшті әріптестігімізді жалпыға ортақ игіліктер негізінде дамытудағы алға басушылыққа, сауда-экономикалық ынтымақтастықтағы қол жеткен жетістіктерімізге, жаңа жаһандық қыр көрсетулерге жауап берудегі, энергетикалық қауіпсіздік пен өркениеттердің тиімді үнқатысуын қамтамасыз етудегі бірлескен әрекеттерімізге қанағаттанғандық білдіреміз. Біздің әріптестігіміз екі жақты экономикалық байланыстардың тұрақты түрде кеңеюіне ықпал етіп отырғандығын, 2002 жылдан бері тауар айналымының үш есе өскендігін қанағаттандықпен атап көрсетеміз» [190, 13-14 бб.].

Қазіргі таңда Орталық Азия аймағы әсіресе, Қазақстан Еуроодақтың көлік саласындағы белді әріптесі ретінде қалыптасып келе жатыр. Біздің аймақтың орналасқан жері Шығыс пен Батысты байланыстыру үшін өте қолайлы. Осы себептен, экономикалық прагматизм тұрғысынан сенімді әріптестер іздеуде. Қазақстан Батыс Еуропа елдерімен егемендікті және аумақтық тұтастықты құрмет тұту, бір-біріне шабуыл жасамау және ішкі істеріне араласпау, күш қолданбау және күш қолдану қаупін болдырмау, теңдік әрі өзара тиімділік принциптерін баяндайтын саяси шарттар жасасқан. Еуроодақ елдерімен сыртқы экономикалық байланыстардың шарттық-құқықтық базасы екі жақты сауда-экономикалық қатынастардың өсіміне ықпал етеді. Біздің еліміздің экономикасын құрылымдық қайта құруға және оның өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға белсенді түрде қатысып жүрген елдермен қол қойылған құжаттар айрықша маңызды. Мәселен, Австрия мен ГФР 1993 жылы кредиттік желілерін ашты. ЕҚДБ, ЕЭҚ сияқты еуропалық құрылымдармен Қазақстанға қаржылық көмек көрсету жөнінде келісімдерге қол қойылды және олар жемісті түрде жүзеге асуда. Еуропалық елдердің ішінде Ұлыбританиямен, Германиямен, Франциямен, Нидерландпен, Швейцариямен ынтымақтастық жемісті түрде дамып келеді.

Қазақстан Республикасы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы, сондай-ақ, қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық келісімдер жасау жолымен өз экономикасына шетелдік капиталды тарту үшін дәйекті түрде құқықтық режим құруда. Мұндай келісім Еуроодақ елдерінің көптеген елдерімен жасалынған болатын. Еуропалық одақ елдері Қазақстан экономикасына 24 миллиард доллардың инвестициясын салып отыр. Бұл - Қазақстанға салынатын шетелдік тікелей инвестицияның шамамен екіден бір бөлігі. Негізгі инвесторлар Ұлыбритания, Италия, Нидерланды, Франция және Германия болып табылады [190, 14 б.].

Еуропалық одақ мемлекеттерінің Қазақстанға, сондай-ақ жалпы аймаққа қызығушылығының артып отырғандығының көрінісі ретінде 2007 жылдың

маусым айында Еуропалық Кеңес отырысында ЕО-ның Орталық Азия жөніндегі 2007-2013 жылдарға арналған стратегиясы қабылдануын айтуға болады. Аймаққа деген қызығушылық еуропалықтардың баламалы энергия көздеріне мұқтаждығынан туындап отыр. Стратегия қысқа мерзімге арналғандығына қарамастан, ол саяси құжат болып табылады. Мұнда еуроодақ аймақтағы өз ұстанымы мен мүдделерін айқындады. Қабылданған стратегияда саяси мәселелер - адам құқықтары, саяси жүйені реформалау бірінші кезекте тұрған жоқ. Басымдық энергетикалық саясат пен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге берілген, яғни ЕО-ның экономикалық мүдделерінің жоғарылығы айқын. Бұған дәлел соңғы уақыттағы уақиғалар -Қазақстанның 2010 жылғы төрағалығы, ЕО Стратегиясы, ЕО энерго жүйесін реформалау жобасы, Транскаспий газқұбырын қолдау. Стратегияны жасаушы Берлин, қатаң талаптар мен сыни көзқарастар Орталық Азия мемлекеттерінің саяси жүйесін ары қарай реформалауға және демократиялық үрдістерге ықпал жасамайтындығына сенімді. Сондықтан, Қазақстанды ЕҚЫҰ төрағасы ретінде бекітуі ЕО сыртқы саясатының құндылық аспектілері қазіргі кезде басты емес екендігінің бір көрінісі.

Қазақстан Еуропалық одақпен аймақтық және халықаралық қауіпсіздік, энергетика, экология, экономиканы диверсификациялау, әлеуметтік-мәдени даму саласындағы ынтымақтастыққа көбірек мазмұндылық беруге мүдделі. Осы орайда, Қазақстанда жасалынып жатқан «еуропаға жол» арнайы бағдарламасы ынтымақтастықты ары қарай дамытуға және тереңдетуге зор ықпал жасауы қажет. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру -мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты кезекті Жолдауы еліміздің алдағы дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындап берді. Жолдауда айтылғандай, Қазақстанның сыртқы саясаттағы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басымдықтары өзгеріссіз қала береді. Қазақстанның бастамасымен құрылған АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты ұйымдар шеңберінде аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру. Ресей, Қытай, Орталық Азия мемлекеттері және АҚШ, ЕО, НАТО-мен өзара сындарлы ықпалдастықты ары қарай дамыту үрдісі өз жалғасын таппақ [191, 4 б.].

Бүгінде Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық мойындаудың жаңа сапалы сатысына көтерілді. Оған дәлел, Қазақстанның 2010 жылы беделді халықаралық ұйым Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі жөніндегі шешімнің қабылдануы. Осы орайда, Елбасы Жолдауының еліміздің ішкі және сыртқы саясатына тікелей қатысы бар мақсат-міндеттердің бірі - еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығын атқаруына байланысты «Еуропаға жол» бағдарламасын әзірлеу болып табылады.

«Еуропаға жол» бағдарламасын қабылдау қажеттілігі елдің ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды әзірлеудің, тарихи қалыптасқан байланыстарды нығайтудың, еуропалық интеграция және институционалдық-құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйенудің, технологиялық, энергетикалық, көлік, сауда, гуманитарлық және

инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығынан туындаған болатын [192, 102 б.]. Елбасының бұл бастамасы бір саяси науқанға немесе оқиғаға байланысты мерзімдік ұран емес. Ол жан-жақты ойластырылған мемлекет дамуының стратегиясымен тығыз астасып жатқан кешенді бағдарлама деп түсінуіміз керек. Бағдарламаның негізгі бағыттары ең дамыған Еуропа елдерінің әлеуметтік тұрмыс дәрежесіне жетуді жоспарлайды. Еуропадағы Швеция, Норвегия, Швейцария, Бельгия, Германия, Англия сияқты елдерде халықтың өмір сүру дәрежесі өте жоғары. Еуроодаққа кіретін көптеген елдерде жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім әлдеқашан 20 мың доллардан жоғары дәрежеге көтерілген. Еуроодаққа соңғы жылдары кірген Чехияда бұл көрсеткіш өткен жылда 12 мың долларға жетті [193]. Қазір жөңкіліп жатқан жаһандық қаржылық дағдарысқа дейін Еуропа елдеріндегі жұмыссыздық үлесі басқа елдермен салыстырғанда, тіпті АҚШ-тан да төмен болған. Еуропада жұмыссыздықты азайту мақсатында қалыптасқан жақсы тәжірибе, мектеп бар. Ол -кәсіпорындарда жаңа технологияны енгізу нәтижесінде жұмыстан босаған мамандарды жаңа кәсіпке қайта оқытып, жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі. Бұл, сөз жоқ, адам құқын сақтаудағы алғышартты әрекет. Сондай-ақ экономиканың да үздіксіз нәтижелі жұмыс істеу шаралары.

Еуропа елдерінде шағын және орта бизнес дамуы тұрақты сипат алған. Ең кереметі -ол елдерде олардың ішкі заңдарына сәйкес құжат дайындай алған кез келген адам, кез келген уақытта өзінің кәсіпкерлігін бастай алады. Әдетте ел экономикасының 60-80 пайызы осы шағын және орта кәсіпкерліктің нәтижелі жұмыс істеуімен алға жылжиды. Негізінен бизнес пен мемлекеттің қарым-қатынасы әділ, таза, салық саясатымен ғана шектеледі. Біздегідей, бизнес адамдарына беталды қоқан-лоқы көрсетумен мемлекеттік органдар, тексерушілер шұғылдана бермейді. Үйренетін-ақ, үлгі алатын-ақ жағдайлар. Жоғарыдағы мысалдар экономика саласы делінгенмен, тікелей адамдардың тұрмысына, көңіл-күйіне, мінез-құлқына, тәртібіне, тәліміне әсер етер, адам құқығымен байланысты факторлар. Экономикалық реформаларды тереңдете түсудің Еуропа елдеріндегі заңдық кеңістігін игеріп, оның бізге тиімді жақтарын пайдалану, әрине, бізге артықшылық етпейді.

«Еуропаға жол» бағдарламасының мақсаты республикадағы экономикалық жетістіктерді Еуропаның стандарттарына сәйкестендіру. Сол арқылы елімізде өндірілетін өнімдердің сұранысқа ие болу мүмкіндігін күшейту, елдің әлеуметтік тұрмысын жақсарту, жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көлемін арттыру көрсеткіштерін өсіріп, ең дамыған, бәсекеге лайықты елу елдің қатарына жақындай түсетін мүмкіндігіміздің көбейері де анық. Еліміздің сыртқы саясаты тұжырымдамасына сәйкес Еуропа елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның стратегиялық мүддесін білдіреді. Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екі жақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық әлеуеті толық іске асырылмауда.

Еуропалық одақ елдері тұтас алғанда Орталық Азия мемлекеттерімен, атап айтқанда, Қазақстанмен ынтымақтастыққа да айрықша назар аударатынын ескеру қажет. Олардың ортақ ұстанымы 2007 жылғы маусымда Еуроодақ

